Great role in mastering a foreign language in the high schools and universities belongs to the drama method. The use of drama in schools is not to teach a new concept. It has been around since ancient times and in many different countries it has been introduced in everyday classrooms. First of all, we have to clarify that by using drama in the classroom the goal is not to teach acting and performance skills, but it is presented as a methodology that can be adapted and integrated to different subject areas. As we have seen in the previous publications, drama can be defined with the expression "let's pretend". Taking into account the famous ancient Chinese proverb "I hear and I forget, I see and I remember, I do and I understand", we can understand the positive effect drama can have in the education and primarily in foreign language teaching as a way to learn through experience and active participation. [2, p.8]

Various professionals, such as Dewey define drama in education as "learning by doing", others, as Bolton, call the way of using drama to teach "dramatic playing". Bolton adds that learning in drama is essentially reframing; that is, the knowledge a pupil already has is placed in a new perspective. Moreover, he finds educational intuitions fail in developing natural understanding, which in his view is urgent. In his

opinion drama could help pupils learn to cope with the complexities of relationships in a modern society.

For a deeper understanding of the process of using drama in English teaching, it is important to consider the history of the emergence and formation of drama as specific mode of fiction represented in performance. Considered as a genre of poetry in general, the dramatic mode has been contrasted with the epic and the lyrical modes ever since Aristotle's Poetics (c. 335 BC)—the earliest work since Aristotle's Poetics (c. 335 BC)—the earliest work of dramatic theory. The term Drama comes from a Greek word meaning "action" (Classical Greek: δρᾶμα, drama), which is derived from the verb meaning "to do" or "to act" (Classical Greek: δράω, draō).Theatre is also in origin a Greek word.

The two famous masks of drama represent the division between comedy and tragedy. They are symbols of the ancient Greek Muses, Thalia and Melpomene. Thalia was the Muse of comedy, while Melpomene was the Muse of tragedy.

All these facts but confirm our idea of employing the different ways of activization of the teaching and learning processes of the English in particular language; here we cannot but mention the great facilities an access to the Internet is providing for optimization of the academic schooling.

It should be noted that last years, the years of the great corona virus pandemic, turned out to be very difficult for all mankind, without exception, especially for our education system. We had to master hitherto unknown forms and methods of distance learning for schoolchildren, students and undergraduates, to get used to working in various computer systems, to exist in a “remote location”, sometimes not to see our students live. Of course, this has left a certain mark on the quality and content of our methodological and educational work, and not always for the better.

The goal of the project undertaken in the English language department is the creation of one of the elements of conscious activity and human behavior. Any activity involves a goal, a motive, means, and result. Pedagogical activity is no exception. The development of the individual and the personality can occur without a pre-set goal, insufficiently conscious and therefore unorganized. Speaking about the goal, philosophers, psychologists and educators anticipate an ideally imagined result of the activity as a desired and expected product. The reason for its formation, researchers consider conscious (sometimes insufficiently conscious) needs and interests. The need, in turn, is a defect, a deficit, a lack of any vital and important means (in a broad sense) for the subject and comfortable conditions. In a similar situation, this subject suffers this deficit of something and uncomfortable conditions as a need (something is required); it is something that must be satisfied.[same, p.9]

But in any phenomenon, event, there is always a place for positive moments: here we mean the undergraduates who entered the specialties for which our department trains specialists in 2022. We can say that our ranks have been joined by people who already have a certain experience in teaching, have undergone various internships, webinars, seminars; many undergraduates participated in the implementation of various grants, contracts, agreements, projects. Many of our undergraduates are distinguished by an inexhaustible thirst for learning new things, a desire to improve the knowledge gained,

and creative energy. In addition, the presence of their own children among undergraduates determines their conscious attitude to such disciplines as Methods and Lingua Didactics of teaching foreign languages, which undoubtedly played a role in their choice of an excellent profession of a teacher. Their professional level of English proficiency is very high: to confirm it, our undergraduates passed the (TOEFL) and (IELS) tests with very high results and points.

One of such daring undertakings of undergraduates of the Department of English was the project "Problems of Learning a Foreign (English) Language Using Classical and Contemporary Musical Works of the 20th Century", the ultimate goal of which was the desire to develop students' skills in speaking, listening, the ability to express their own point of view in a foreign language, replenishment of vocabulary, improvement of musical taste and expansion of intercultural horizons. One of the tasks that the project developers set themselves was to study the works of classical English music of the twentieth century based on the works of the most famous musical groups ABBA, The Beatles, Bee Gees and others in their application to the problem of learning English. The work of famous singers and musicians also did not stand aside: Louis Armstrong, Des Rii and Bruno Marcy, John Lennon, etc.

To implement the project, it was decided to create twelve groups, each of which had to prepare an experimental video tutorial dedicated to a performer or even a single song that has passed the test of time and has become a hit of all times and peoples. The participants in the experiment, being mainly school teachers themselves, actively got down to business and, after the approval of the plans for the event, presented to the audience and viewers twelve excellent videos dedicated to songs and groups from English-speaking countries. All this together constitutes a separate file, which is placed by our computer scientists on the YouTube channel and is the property of the global Internet space.

In the videos, the students were offered an acquaintance with musical works, they conducted a linguistic analysis of the lyrics of songs, disassembled difficult places to understand, and tried to sing their favorite tunes in English themselves. After all, as it is well known, the best foreign language is learned and taught is in songs. And this is confirmed by the confessions of many famous people of our time that, for example, they learned English on the example of the songs of ‘The Beatles’ immortal creations.

A notable feature of this project is the presence of feedback (feedback) with the participants - schoolchildren, who to the question: "What did participation in this experiment give to you?" answered quite unanimously and with great inspiration. They emphasized the idea that they had had an interest in learning English, the motivation to know it better, the joy that they now understand much better what the songs are about, and the pronunciation of difficult to pronounce English words has improved.

For their part, undergraduates note an increase in interest in studying English among their wards and, as a result, a significant improvement in the quality of studies among schoolchildren was mentioned.

Generally, one of the principles of the methodology and Lingua Didactics of learning foreign languages is acquaintance with the culture, literature, art of the country of the target language. Therefore, we can confidently assert that the goal has been

achieved, and the videos created can serve as an excellent modern didactic material, an actual methodological tool for learning English using the high-quality song heritage of the twentieth and twenty-first centuries.

Overall, as practice shows, correctly set goals, objectives, expected results, careful choice of the suitable script and casting, diligent preparation of music and scenery, teacher's scaffolding during rehearsal and positive attitude before the performance that helps to reduce anxiety will guarantee the successful results of the using the materials of the project turned to be a means to improve English language knowledge. [3,4,5,6,7]

Literature :

1. G.A. Kitaygorodskaya fulltext/kitaigorodskay/text.pdf
2. Abramova G.I. and others. Uluslararasi Turk Dunyasi Sosyal Bilimler kongresi/ 04-06 Eylul 2018/ - P.13-55-65
3. https://www.youtube.com/watch?v=KjjIetYYz2I
4. https://www.youtube.com/watch?v=QCt5V0Jx-HA
5. https://www.youtube.com/watch?v=-l15k3px3xI
6. https://www.youtube.com/watch?v=HnzXlIg0eLM
7. https://www.youtube.com/watch?v=mluNTEgg8Es

378.048.2

ТЕОРЕТИКО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПОДГОТОВКИ МАГИСТРОВ ПО НАПРАВЛЕНИЮ 49.04.03 – СПОРТ, ПРОФИЛЬ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ СОРЕВНОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Бабушкин Г.Д., доктор педагогических наук, профессор, Омск, Россия,
Сибирский государственный университет физической культуры и спорта

Резюме

В статье представлена структура магистерской программы по направлению 49.04.03 – Спорт и теоретическое и методическое обеспечение подготовки магистров по профилю «Научно-методическое обеспечение соревновательной деятельности». Обозначены дисциплины обязательной части для всех программ подготовки магистров и дисциплины профильной подготовки. Теоретическое обеспечение подготовки магистров представлено комплексом учебных пособий, изданных руководителем профиля. Методическое обеспечение представлено комплексом психолого-педагогических методик, включенных в учебные пособия.

Summary

The article presents the structure of the master's program in the direction of 49.04.03-sports and theoretical and methodological support of the training of masters in the profile "Scientific and methodological support of competitive activity". The disciplines of the mandatory part for all programs for the training of masters and the discipline of profile training are indicated. Theoretical support for the training of masters is represented by a complex of textbooks published by the head of the profile. Methodological support is represented by a complex of psychological and pedagogical techniques included in the textbooks.

Актуальность. Переход на двухуровневое образование в вузах потребовал серьезных перестроек в системе высшего образования [4, 5, 6, 8], связанных с

теоретическим и методологическим обеспечением образовательного процесса в магистратуре. Ряд исследований посвящен разработки технологии подготовки магистров по конкретным направлениям [1, 2, 3, 7, 9].

Подготовка магистров для спорта осуществляется только в вузах физической культуры и спорта и требует высококлассного теоретического и методического обеспечения. В последнее время интерес специалистов по физической культуре и спорту проявляется к обучению в магистратуре и получению диплома магистра спорта. Необходимость получения диплома магистра спорта обусловлена возросшими требованиями к квалификации тренеров, работающих со спортсменами высокой квалификации. В этой связи в Сибирском государственном университете физической культуры и спорта была организована разработка программ по подготовке магистров спорта, и ведется подготовка магистров, значительную часть (25%) приходится на обучающихся из Казахстана.

Так, на кафедре теории и методики физической культуры и спорта разработаны две программы «Научно-методическое обеспечение соревновательной деятельности» и «Научно-методическое обеспечение подготовки спортивного резерва». В обязательную часть программы входит 9 дисциплин, единых для всех профилей: история и методология науки, информационно-коммуникативные технологии в науке и спортивной практике, философские и социальные проблемы физической культуры и спорта, актуальные проблемы в системе научных знаний о спорте, технология научных исследований, управленческая деятельность в физической культуре и спорте, иностранный язык, общая теория спорта и технологии подготовки спортсменов, психолого-педагогическое сопровождение спортивной подготовки, и три практики (ознакомительная, научно-исследовательская, преддипломная). Обучение по данным дисциплинам осуществляют преподаватели кафедр: Профильные дисциплины ведутся участниками образовательных отношений – кафедрами, набирающими абитуриентов на свой профиль.

Рассмотрим содержание и обеспечение дисциплины конкретного профиля, обозначенного в названии статьи.

1. Дисциплина «Научно-методическое обеспечение интегральной подготовки спортсменов» (5 з/е).

Целью изучения дисциплины является формирование у магистрантов готовности к осуществлению научно-методического обеспечения интегральной подготовки спортсменов к соревнованиям на основе нового знания. Освоение дисциплины способствует глубокому пониманию формирования готовности спортсменов к соревнованиям, ее составляющих и методов ее создания.

В процессе изучения дисциплины формируются следующие компетенции:

ПК-1 – «Способен осуществлять анализ процесса подготовки и соревновательной деятельности и вырабатывать рекомендации по построению тренировочного процесса».

ПК-3 – «Способен осуществлять планирование и выполнение прикладных работ теоретического и экспериментального характера с целью определения методик повышения эффективности тренировочного процесса».

2. Дисциплина «Контроль предсоревновательной подготовки спортсменов», 3з/е.

Целью изучения дисциплины является**:** Усвоение обучающимися определенной суммы знаний по предсоревновательной подготовке спортсменов и формирование необходимых для будущей профессиональной деятельности компетенций по организации тренировочного процесса на этапе предсоревновательной подготовки. Задачи: создать у магистрантов представление о содержании и построении предсоревновательной подготовки спортсменов в системе многолетней спортивной тренировки; сформировать у магистрантов умения проведения предсоревновательной подготовки спортсменов; научить магистрантов использовать методики диагностики и регуляции состояния готовности спортсмена и поведения на тренировках и соревнованиях.

В процессе изучения дисциплины формируется компетенция - ПК-2- «Способен осуществлять анализ подготовленности спортсменов с учетом этапов многолетней подготовки и вырабатывать рекомендации по построению тренировочного процесса».

3. Дисциплина «Современные технологии подготовки спортсменов», 3 з/е.

Целью изучения дисциплины является формирование у магистрантов готовности к осуществлению тренерской деятельности и научно-изыскательских работ в области современных проблем теории и практики спортивной тренировки. Освоение дисциплины способствует глубокому пониманию процессов, происходящих при подготовке спортсменов.

В процессе изучения дисциплины формируется компетенция - ПК-3 - «Способен осуществлять планирование и выполнение прикладных работ теоретического и экспериментального характера с целью определения методик повышения эффективности тренировочного процесса».

4. Дисциплина «Соревновательная деятельность в спорте высших достижений», 3 з/е.

Целью изучения дисциплины является научно-методическое обеспечение формирования у магистров готовности к анализу соревновательной деятельности спортсменов, выявлению факторов, обусловливающих успешность соревновательной деятельности, и обоснованию к применению новых средств и методов концепций при подготовке спортсменов к соревновательной деятельности. Освоение дисциплины способствует глубокому пониманию соревнования как процесса в системе спортивной тренировки и формированию готовности к внедрению новых достижений в систему подготовки спортсменов к соревновательной деятельности.

В процессе изучения дисциплины формируется компетенция - ПК-1 - «Способен осуществлять анализ тренировочного процесса и соревновательной деятельности и вырабатывать рекомендации по построению тренировочного процесса».

5. Дисциплина «Совместимость в спортивной деятельности», 3 з/е.

Целью изучения дисциплины является **у**своение обучающимися определенной суммы знаний по совместимости и срабатываемости в совместно

выполняемой спортивной деятельности, и формирование необходимых для будущей профессиональной деятельности компетенций в области комплектования игровых звеньев, составов спортивных команд. Создать у магистрантов представление о характере совместной деятельности в области спорта и критериях психологической совместимости в различных видах спортивной деятельности.

В процессе изучения дисциплины формируется компетенция - ПК-2 – «Способен осуществлять анализ подготовленности спортсменов с учетом этапов многолетней подготовки и вырабатывать рекомендации по построению тренировочного процесса».

6. Дисциплина «Проблемы спортивной тренировки», 3 з/е.

Целью изучения дисциплины является формирование у магистрантов готовности к анализу проблем в системе подготовки спортсменов (тренировочном и соревновательном процессе), выявлению факторов, способствующих возникновению проблем, и обоснованию к применению новых средств и методов при обучении спортсменов и подготовке их к соревновательной деятельности. Освоение дисциплины способствует глубокому пониманию тренировочного и соревновательного процесса в системе спортивной тренировки, выявлению проблем подготовки спортсменов и формированию готовности к внедрению новых достижений в систему подготовки спортсменов к соревновательной деятельности.

В процессе изучения дисциплины формируется компетенция - ПК-2 – «Способен осуществлять анализ подготовленности спортсменов с учетом этапов многолетней подготовки и вырабатывать рекомендации по построению тренировочного процесса».

Подготовка магистров по данному профилю осуществляется на кафедре Теория и методика физической культуры и спорта под руководством доктора педагогических наук, профессора Г.Д. Бабушкина, являющимся разработчиком программы и ведущим все профильные дисциплины.

Теоретическое обеспечение профильных дисциплин заключается в разработке лекционного курса по каждой дисциплине и учебных пособий, выставляемых на образовательном портале университета. Студенты могут воспользоваться материалами не приезжая в университет, в дистанционном формате, предоставляемом магистрантам из Казахстана и ведущим спортсменам России – членам сборных команд региона, России.

В содружестве с компанией «АйПиАр Медиа» разработаны учебные пособия по всем профильным дисциплинам в электронном формате, хранящиеся в электронной библиотечной системе. Каждый желающий может воспользоваться для изучения дисциплин и приобретения электронных вариантов учебных пособий.

Изданы следующие учебные пособия для магистрантов, обучающихся по профилю «Научно-методическое обеспечение соревновательной деятельности».

1. Психологическое сопровождение физического воспитания и спорта (Электронное учебное пособие). - Саратов: Изд-во «Вузовское образование», 2020. 449 с.

2. Предсоревновательная подготовка высококвалифицированных спортсменов (электронное учебное пособие). - Саратов: Изд-во «Вузовское образование», 2020. 134 с.

3. Психолого-педагогические проблемы подготовки спортсменов (учебное пособие). Алматы. ТОО Лантар Трейд, 2020. 407 с. (в соавт. с И.Ф. Андрушищин (КазАСТ).

4. Интегральная подготовка спортсменов (электронное учебное пособие). - Саратов: Изд-во «Вузовское образование», 2021. 140 с.

5. Психолого-педагогические особенности подготовки спортсменов к соревновательной деятельности (учебное пособие). Санкт-Петербург. Изд-во «Лань», 2021. 348 с.

6. Психология спорта высших достижений (электронное учебное пособие). - Саратов: Изд-во «Вузовское образование», 2020. 358 с.

7. Общая теория спорта: современные концепции подготовки спортсменов (электронный учебник). Саратов: Изд-во «Вузовское образование», 2020. 294 с.

8. Психологическое обеспечение спортивной деятельности (учебное пособие). Саратов. Изд-во Ай Пи Ар Медиа, 2019. 300с. Данное учебное пособие было победителем 2-го Международного конкурса «Университетский учебник» 2018 г.

Методическое обеспечение профильных дисциплин и научно-исследовательской работы в рамках выполнения магистерской диссертации представлено в виде исследовательских методик в содержаниях учебных пособий и учебнике «Психодиагностика в сфере физической культуры и спорта», изданного в содружестве с Казахстанскими учеными: Н.Р. Ромашовым, М.И. Искаковым, К.М. Сулеевой в Карагандинском государственном университете в 2019 году. В учебнике представлен комплекс психолого-педагогических методик для изучения: психических процессов, психических состояний, свойств психики, взаимоотношений.

Литература

1. Везиров Т.Г. Информационные и коммуникационные технологии в формировании проектной компетенции магистров педагогического образования // Вестник университета (ГУУ). Теоретический и научно-методический журнал. - 2012. - №10. - С. 268-271.

2. Григорьев С.Г., Гриншкун В.В. Подготовка магистров по программе «Информационные технологии в образовании» в МГПУ - новое направление, новые возможности // Вестник РУДН, серия Информатизация образования, 2013, №2.

3. Левченко И.В. Совершенствование методической подготовки учителя информатики в контексте фундаментализации образования / И.В. Левченко // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия «Информатика и информатизация образования». - 2009. - № 1 (17). - С. 48-54

4. Матвеев А.П., Барчукова Г.В., Мякинченко Е.Б., Уголькова И.В. Методологические подходы к формированию концептуальных основ стандарта подготовки магистра физической культуры // Теор. и практ. физ. культ. 2000. № 12. С. 5-8.

5. Никулина Е.Г. Исследование изменений в подготовке магистров образования в России с 1992 года по настоящее время // Интернет-журнал «НАУКОВЕДЕНИЕ» Выпуск 3, май - июнь 2014 41PVN314.

6. Пащенко О.И. Технологические основы проектирования электронных образовательных ресурсов // Электронное обучение в ВУЗе и в школе / Материалы сетевой международной научно-практической конференции. - СПб.: Астерион, 2015. - С. 239-243.

7. Смирнова М.Д. Методические аспекты подготовки магистров в физико-математическом образовании к использованию компьютерных технологий в профессиональной деятельности. дис. …канд. пед. наук. М., 2002. – 146 с.

8. Соляников Юрий Владимирович. Обеспечение качества подготовки магистрантов педагогического университета к научно-исследовательской деятельности : Дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08 : Санкт-Петербург, 2003 169 с. РГБ ОД, 61:03-13/1652-8

9. Федоров А.И. Теоретико-методические и организационные аспекты специализированной подготовки магистров по программе "Информационные технологии в физической культуре и спорте //Теория и практика физической культуры. 2009. № 1 С. 23-25.

ӘОЖ:330.16

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байдалиев Д.Д. - п.ғ.к., аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Кабылбекова Л.Б. - тарих ғылымдарының магистрі
Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің» тарих және география пәні мұғалімі, Алматы, Қазақстан

Резюме.

В настоящее время в учебном процессе общеобразовательных средних школ особое внимание уделяется развитию высоких нравственных качеств старшеклассников. Бесспорно, эмоциональный интеллект личности в настоящее время входит в число главных проблем отраслей психологии и педагогической науки. Это связано с тем, что профессиональные достижения личности отражаются в ее знаниях, способностях, навыках, важных качествах и уровне интеллекта. Статья посвящена теоретическим и современным практическим проблемам развития эмоциональной интелектности старшеклассников в образовательном процессе общеобразовательной средней школы.

Summary.

Currently, in the educational process of secondary schools, special attention is paid to the development of high moral qualities of high school students. Undoubtedly, the emotional intelligence of the individual is currently among the main problems of the branches of psychology and pedagogical science. This is due to the fact that a person's professional achievements are reflected in her knowledge, abilities, skills, important qualities and level of intelligence. The article is devoted to theoretical and modern practical problems of the development of emotional intelligence of high school students in the educational process of secondary school.

Еліміз нарықтық экономикаға қадам басып, түрлі өміршең реформаларды жүзеге асырған тұста, жалпы білім беретін орта мектептердегі жастардың білімі мен тәрбиесі назардан тыс қалып отырған жоқ.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Түркістан қаласына арнайы сапары барысында жастарға қатысты, еліміздің кемел келешегі мен ертеңі жас ұрпақтың білімі мен білігіне, іскерлігі мен табандылығына байланысты екендігін атап көрсетіп, қазіргі мектеп оқушыларының сапалық қасиеттерін дамыту үшін елімізде алдағы уақыттары да кең көлемде жағдайлар жасала беретінін сонымен бірге жаһандық сын - қатерлер дендеп еніп отырған тұста олардың бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру, креативті белсенді жастарға қолдау көрсету, интеллектісін дамыту кезек күттірмес мәселелердің қатарында екендігін тұжырымдап берген болатын [1].

Ал, оқу - ағарту министрі А.Аймағамбетов үстіміздегі жылы: «Білім беру ісі еңбек нарығына сәйес болуы қажет. Осы орайда бұрынғы білім беру жүйесі мен мамандар даярлау ісін қайта қарап қоғамның болашағына қажетті жаңа мамандықтар ашу, кәсіби стандарттарға өзгерістер енгізу арқылы үш тілді еркін меңгерген тұлға тәрбиелеу кезек күттірмес мәселе саналатындықтан, бұрын болмаған жасанды инттелект пен IT - медицина, білім беру салалары сөз жоқ, жастардың әлеуетін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді» - деген болатын [2].

Жалпы еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, білім алушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту мәселесі білім туралы заңдар мен нормативтік құжаттарда, ел басшыларының Жолдаулары мен үкіметтің қаулыларында кең көрініс тапқандығын ешкім жоққа шығара алмайды. Мысалыға, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік және жекеменшік оқу орындарындағы оқу - тәрбие жұмысының түпкі мақсаттары адамгершілік қасиеттері жоғары, дарынды, іскер, интеллектуалдық қабілеттері шыңдалдалған тұлғаларды тәрбиелеу екендігіне басты назар аударған [3].

Ал, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, еліміздің білім беру орындары жаңартылған білім беру жағдайында цифрлық технологияның әлеуетін арттыру мен жаңа ақпараттық интеллектуалды ортаны қалыптастыру жүйесіне тоқталған. Осы орайда қазіргі таңда елімізде соның ішінде білім беру салаларында жасанды интеллект ұғымы кең қолданыста [4].

Эмоционалды интеллект ұғымы тұлғаның әлеуметтік ортадағы адамдардың эмоцияларын түсінуі және олардың эмоционалды жағдайына бейімделу арқылы тиімді қарым-қатынас құра білуі сияқты сапалары жатады. Өзін-өзі ұстау және өзара әрекеттесудің сауатты моделін құру қабілеті адамдармен тікелей қарым-қатынасқа түсу қызмет салаларында ең маңызды көрсеткіштер болып саналады. Тұлғаның кәсіби жетістіктері оның білімімен, қабілетімен, шеберлігімен, маңызды сапаларымен және кең көзқарасымен, жалпы интеллект деңгейімен байланысты екені сөзсіз. Алайда, көптеген жағдайларда интеллекттің жоғары деңгейіне ие болу жеткіліксіз болып саналатындығын қазіргі педагог-психолог ғалымдарымыз дәлелдеп отыр.

Ғылым саласында эмоционалды интеллект ұғымының пайда болуы әлеуметтік идея туралы көзқарастардың дамуы нәтижесімен өзара сабақтас.

ХХ ғасырдың соңында «эмоционалды интеллект» ұғымын алғаш рет ғылыми айналымға енгізген американдық психологтар Питер Сэлоуэй мен Джон Мэйер болатын. Олар эмоционалдық интеллектіні көп аспектілі және көп компонентті құбылыс ретінде сипаттай келе, олардың даму тенденциялары мен формаларына түсінік берген. Психолог ғалымдардың еңбектеріндегі эмоционалдық интеллект ұғымының сан қырлы теориялық сипаттамалары, олардың тұлға бойындағы өзін басқару сапасы, өзге адамдардың психологиялық сезімдерін түсіне білуі мен танымы, эмоцияларын бағамдай алуы және соның негізіндегі ақпараттарды іс - әрекетте жүйелілікпен қолдана алу шеберлігін жатқызады [5, 12б.].

Отандық психолог ғалымдар Қ.Жарықбаев пен О.Саңғылбаев эмоцияны франзуц тіліндегі «emation» әсер алу, толғану жеке тұлға мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіш әрекеттерге қорғаныштығы және қоршаған ортамен қарым - қатынаста пайда болатын көңіл-күйі ретінде сипаттап береді. Физиологиялық және психологиялық жағынан эмоция организмнің қажеттіліктеріне байланысты қанағаттануы мен қанағаттанбауымен байланысты жағымды және жағымсыз түрлерге бөлінеді. Жағымды эмоцияларға сүйіспеншілік пен мейірім, қуаныш пен шаттық сияқты көңіл - күйдің ерекшеліктері тән. Сөз жоқ, үнемі жағымды позитивті жағдайда жүру жеке тұлғаның іс - әрекетіне жаңаша серпін беріп, олардың нәтижелі болуына септігін тигізеді. Ал осы отандық ғалымдардың жеке тұлғаның интеллектуалдық сезім туралы пайымдаулары назар аударуға тұрарлық. Интеллектуалдың қасиеттер жеке адамда тек дүниетанымына және іс - әрекетіне ғана байланысты қарастырылмауы керек, олар адамның ақыл - ой процестерін арттыра отырып, ынта мен жігерді, ойлау қабілетінің жылдамдығын күшейтеді сонымен қатар осы сапалар тұлғаның өмірлік ұстанымына айналып, білімді практикада қолдану дағдыларын арттырады [6, 508б.]

Жасөспірімдердің жеке және эмоционалды интеллектілік дамуындағы әсеріне байланысты үш негізгі эмпирикалық белгілерді атап көрсетуімізге болады. Олар: тұлғаның өз эмоциаларын басқара білу қабілеті, күйзеліс пен стресске төзімді болу және жоғары адамгершілік сапалар.

Жоғары сынып оқушыларының іс-әрекетінде көрініс беретін интеллектуалды эмоционалды құбылыстың маңызды белгілері білімге деген қызығушылық, үнемі үздік болуға ұмтылу, сыртқы орта құбылыстарынан әсер алу, қоғамдық - топтық жұмыстардағы белсенділік сияқты қасиеттермен бірге олар өздерінің эмоцияларын басқара алады және тығырықтан шығарудың жолын таба алады, ішкі әлемін, эмоционалды күйін реттей алады. Онымен қоса топ ішінде көшбасшылыққа бейім оқушылар өз ұстанымын дәлдеп, тыңдата білу шеберліктерімен бірге әр түрлі мінез - құлықтағы балалармен тиімді қарым - қатынас орнату, оларды ортақ идеяға жұмылдыра білу сияқты өнерлерімен де ерекшеленеді. Жеке тұлғаның кәсіби жетістіктері оның білімімен, қабілетімен, шеберлігімен, ұстанымдарымен және терең көзқарастарымен жалпы интеллект деңгейімен байланысты екені сөзсіз.

Қазіргі педагогика және психология ғылымында жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллектілерін қалыптастыру заңдылықтары

олардың жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуымен, білім, білік, дағдыларымен, маңызды сапалық ерекшеліктерімен байланыстыра қарастырылады.

Жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін қалыптастыру және оның педагогикалық мәнін жете түсіну үшін баланың қоршаған ортамен, әлеуметтік үдерістермен қарым-қатынас жүйесін негізге алу қажет. Сондай-ақ, жалпы білім беретін орта мектептегі жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздемесінде адамның бір-бірін түсінуі мен қабылдауының психологиялық механизмдерін зерттеу қажеттілігі туындайды. Тұлғаның интеллектуалдылығы олардың психикалық дамуы әсірімен де тығыз байланысты.

Ғалым Л.А.Головейдің жоғары сынып оқушыларына жүргізген эмпирикалық зерттеулерінің нәтижелері арнайы ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеу арқылы олардың эмоционалды интеллектті дамытуға толық мүмкіндіктер бар. Жалпы мақсатты ұйымдастырылған оқу - ағарту жүйесінен басқа, жоғары сынып оқушыларын қоғамдық пайдалы еңбектерге тарту, тәжірибемен байланыстыру, танымдық экскурсиялар ұйымдастыру, әр түрлі жарыстар мен интеллектуалдық ойындарды жүзеге асыру олардың эмоционалды құзыреттілігін кеңейтуге мүмкіндік береді. Тиімді ұйымдастырылатын осындай бағыттағы жұмыстар жасөспірім ұлдарда – басқа адамдардың эмпатиясы мен эмоцияларын тану қабілетін дамытады, қыздарда - нәзіктік, шынайылық, адалдық, махаббат пен сүйіспеншілік сияқты эмоционалды сапаларын дамытатындығы негізделген [7, 58б.].

Жоғары сынып оқушыларын өнер арқылы дамыту мәселесін тұжырымдаған ғалым мектеп өміріндегі өзекті нәрсе - шығармашыл интеллекті жоғары тұлғаны қалыптастыруда әртүрлі театр қойылымдарын қолдану оларды батылдыққа, көпшілік алдында өзін еркін ұстай алатын, өз ойын, пікірін білдіре алатын, өзіне сенімді, топтарда, ұжымдарда жұмыс істей алатын, тез өзгеретін уақытта қоғамға бейімделе алатын тәрбие түрлерін айтады [7, 59б.]. Сөз жоқ, жалпы білім беретін мектепте драма үйірмесін енгізу оқу-тәрбие процесінде тиімді болады, өйткені ұжым бірлесіп жұмыс істейді әрі мұғалім мен оқушы арасында мәдени қарым-қатынас қалптасады. Театр шығармашылығы оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырады, олардың ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін арттырады. Ұжымда жағымды психологиялық атмосфера қалыптастырады.

Ресей ғалымы М.С.Якушинаның тұжырымдауы бойынша қазіргі қоғамда дарынды балалардың тоқсан пайыздан астамы эмоционалды интеллект қызметінде қиындықтарға тап болады екен. Дарынды балаларда кездесетін бұл қиындықтар білім беру ісінде олардың эмоционалды интеллектісіне жеткіліксіз көңіл бөлінбеуінен туындайды.

Ол жоғары сынып оқушыларындағы эмоционалды интеллекттің маңызды 4 ерекшелігін бөліп көрсетеді. Олар:

- Өзін-өзі тану. Оқушы өзінің эмоциялары мен ойларын, мінез-құлқын, күшті және әлсіз жақтарын бағамдайды, өзіне сенеді.

- Өзін-өзі басқару. Оқушы өзінің импульсивті сезімдері мен мінез-құлқын реттей алады, эмоцияларды оң бағытта басқарады және белсенді бола алады, өз

міндеттерін орындай біледі сонымен қатар өзгермелі жағдайларға оңай бейімделеді.

- Қоғамдық сана. Оқушы айналасындағылардың эмоцияларын, қажеттіліктері мен мүдделерін түсінеді, эмоционалды белгілерді қабылдай алады, әлеуметтік қатынастарда өзін жайлы сезінеді.

- Қатынастарды басқару. Басқалармен жақсы, үйлесімді қарым-қатынасты дамыту және сақтау, оларды шабыттандыру және қолдау, қақтығыстарды басқара білу шеберліктері [8, 45б.].

Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірінше, жоғары сыныпта өзін-өзі тану мен өзіндік сана жаңа психологиялық құрылым болып табылады. Сөз жоқ, өзіндік сана эмоционалды интеллект құрылымында маңызды орын алады. Эмоционалды интеллекттің дамуы оқушының өзін - өзі бағалауы мен өзіндік ерекшеліктері, сенімділік, батылдық, тәуекелділік, дербестік сияқты маңызды сапаларын жүзеге асыруымен бірге қақтығыстардың алдын - алу сияқты жеке қасиеттерден тұрады. Жақсы дамыған эмоционалды өрісі бар балалар ұжымда үйлесімді қарым-қатынас жасай алады, көп жағдайда көшбасшы мәртебесіне ие болады, жаңа жағдайларға оңай бейімделеді, ұжымда әлеуметтік-психологиялық ахуал орнатуға мүмкіндік жасайды.

Педагог - психологтардың тұжырымдауынша қазіргі таңда жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытуға бағытталған тренингтер ұйымдастыру оқушылардың тиімді, сапалы тұлғааралық қатынастарына, жанжалдарды азайтуға, ұжым арасында өзара түсіністік пен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға ерекше әсер етеді.

Қазіргі уақытта жалпы білім беретін орта мектеп оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамыту үшін оқыту бағдарламаларын құру және қолдану бойынша белгілі бір тәжірибе жинақталған. Дегенмен алдағы уақыттарда жоғары сынып оқушыларының эмоционалды интеллект деңгейін қалыптастыруда мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған ғылыми- әдістемелік әдебиеттерді шығару, оқу-тәрбие үрдісінде мақсатты, жүйелі түрде енгізу ісі жалғасын табуы керек деп білеміз.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. Жастарға жаңа мүмкіндіктер беруіміз керек.// Ақорданың Twitter - парақшасы. 2019, - 23 наурыз. https://baribar.kz/97566/qasym-zhomart-toqaev-biz-zhastargha-zhanha-mumkindikter-beruimiz-kerek/.

2. Бақберген Б. Еңбек нарығында 60-қа жуық жаңа мамандық пайда болды. //Egemen Qazaqstan. 2022. - 19 сәуір. https://egemen.kz/article/309788-enhbek-naryghynda-60-qa-dguyq-dganha-mamandyq-payda-boldy.

3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007, - 27 шілде. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2019, - 27 шілде. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988.

5. Mayer J. , Salovey P. , Caruso D. Models of emotional intelligence // R. Stenberg (Ed. Handbook of intelligence.: Cambridge University Press . 2000, -420 s.

6. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология энциклопедиялық сөздік. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 624б.

7. Головей Л.А. Интеллектуальный потенциал как фактор профессионального самоопределения личности // Вестник Санкт-Петербургского университета. №12. Психология. Социология. Педагогика. - 2009. - С. 58-66.

8. Якушина М.С. Формирование эмоционального интеллекта у старшеклассников, занимающихся командными видами спорта. - М., 2018. - 287с.

ӘОЖ 37.013

БОЛАШАҚ ТАРИХШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Байдалиев Д.Д. - п.ғ.к., аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Кабылбекова Л.Б. - тарих ғылымдарының магистрі
Алматы қаласы Білім басқармасының «№42 жалпы білім беретін мектебінің» тарих және география пәні мұғалімі, Алматы, Қазақстан

Резюме.

В условиях современного процесса глобализации одновременно с социально - экономическими обновлениями в стране предъявляются большие требования к учебно - воспитательной системе, подготовке будущих специалистов.Применение современных цифровых технологий в подготовке будущих историков в профессиональном образовании является одним из актуальных вопросов развития их компетенций.Проблема цифровой компетентности может стать гарантом современного образования в системе подготовки будущих историков, вместе с тем, что она является одним из ключевых показателей в современных условиях обучения, как определено Еврорелигиозным Союзом 2006 года. В статье на научной основе сформулированы основные особенности использования цифровых технологий в системе подготовки будущих историков вместе с теоретическими проблемами.

Summary.

In the context of the modern process of globalization, along with socio-economic updates in the country, great demands are placed on the educational system, the training of future specialists. The use of modern digital technologies in the training of future historians in professional education is one of the topical issues of developing their competencies. The problem of digital competence can to become a guarantor of modern education in the system of training future historians, at the same time being one of the key indicators in modern conditions of education, as defined by the Euroreligious Union in 2006. The article formulates on a scientific basis the main features of the use of digital technologies in the system of training future historians, along with theoretical problems.

Еліміз нарықтық қоғамға аяқ басып, жаһандану үдерістері қарыштап дамыған сайын әлеуметтік-экномикалық, саяси, индустриялық салалармен бірге білім беру жүйесінде де кең көлемде ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Қазіргі заманауи қоғамда барлық салада дерлік цифрландыру жүйесі іске асырылып отыр. Себебі цифрлық технология әлем елдеріндегі экономикалық әлеуеттік дамудың негізгі көзі болып отыр. Көптеген дамыған елдерде цифрлық технология еңбек өнімділігін арттырып, халықтың тұрмыс - тіршілігіне жаңаша серпін беруде.

2006 жылы Еуроралық Одақтың жарлығымен қазіргі оқыту жағдайында цифрлық технологиялар, осы саладағы оқытушылар мен білім алушылардың құзыреттіліктерін арттыру мәселесі жолға қойылған болатын [1, 187б.].

Қазақстан Ресупбликасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2020 жылғы 4 наурызда үкіметтің кеңейтілген отырысында қазіргі замандағы цифрландыру үрдісінің әлеуметтік - экономикадағы мәселесіне тоқтала келе, елімізде жаңа инновациялар мен аэроғарыш, өнеркәсіп пен оқу - тәрбие ісінің маңыздылығына қарамастан бұл мәселеде кемшін қалып келе жатқан тұстардың көп екендігін атап көрсетті [2].

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы әлемдік бәсекелестікке қабілеттіліктің негізгі механизміне айналған үшінші жаңғыруында адами капитал мәселесін жақсартуда білім беру жүйесін заманауи реформалау барысына тоқталып, оны экономикалық дамудың орталық буынына айналдыру мәселесінде IT - білімді, оқытудағы цифрлық технологияларды дамыту аясына басты назар аударған болатын [3].

Соның негізінде үкімет 2018 - 2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын қабылдады. Аталмыш бағдарламаның негізгі мақсаты көрсетілген мерзімде еліміздің экономика саласын заманауи дамытуда цифрлық технологияларды жүйелілікпен пайдалану арқылы әлеуметтік ортаның өмір сүру сапасын арттыру және дамудың жаңа траекториясына көшу болғандықтан, бұл жерде жалпы білім беретін орта мектептер мен кәсіби даярлау жүйелері де назардан тыс қалмаған болатын.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бүгінгі таңдағы оқу - ағарту саласының алдындағы өзекті әрі бастапқы мәселелердің қатарында цифрлық инфрақұрылымды күшейтуге басты назар аударылды. Жасыратыны жоқ, пандемия жағдайында оқу - ағарту жүйесінің онлайн режимге көшуіне орай, көптеген аймақтарда интернет желісінің сын көтермеуі көптеген қиындықтарға алып келді. Соның әсерінен оқу - ағарту саласында білім сапасы төмендеп, арнайы онлайн платформа әзірлеу қажеттілігі туындаған болатын. 2019 жылдың соңындағы мәліметтерге қарағанда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің 50 % - дан астамы, ал жалпы білім беретін орта мектептердің 15 % - ы, соның ішінде арнайы техникалық және жоғары оқу орындарының 20%-ға жуығында интернет жылдамдығының төмен екендігі анықталған. Онымен бірге кейбір мектептерде компьютер тапшылығы болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Осы орайда сол кездегі Білім және ғылым министрлігі мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірігіп оқушыларды компьютер мен планшеттермен қамтамасыз ету, заманауи оқу кабинеттерін жасақтау, робототехника мен цифрлық білім беру ресурстарын автоматтандыру платформаларын жасақтауға барынша күш салды [4].

Заманауи цифрлық технологиялардың ел өміріне дендеп енуі басқа да білім беру мекемелерімен бірге жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісін дамытудың жаңа құралдарын ұсынады. Бұл жоғары оқу орындарының жұмыс жағдайында, олардың жұмысын ұйымдастыруға, білім беру технологияларында қолданылатын

көптеген дәстүрлі көзқарастарды қайта қарауды және дамытуды талап ететін жаһандық өзгерістерге әкеледі.

Осы орайда мемлекет басшылығы тарапынан жоғары оқу орындарында болашақ мамандар даярлау жүйесінде цифрлық технологияларды кеңінен пайдалануды жүзеге асыруға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Ғалым Д.Жүсіпалиеваның тұжырымдауы бойынша, заманауи және ақпараттық қоғамда цифрлық экономикаға қабілетті тұлғаның басты қасиеттерінің бірі – «цифрлық құзыреттілік», өзінің кәсіби және күнделікті өмірінде цифрлық технологияларды жоғары деңгейде меңгерген тұлғаның қалыптасауы [5, 58б.].

Қазіргі тарих саласында цифрландыру екі процесс арықылы көрініс табуда. Оның біріншісі жалпы қоғамға, көпшілікке арналған тарихи орындар мен мәдени ошақтарға байланысты жүзеге асырылды. Мысалы, қазіргі таңда әрбір өлкеде орналасқан музейлер мен тарихи орындар соның ішінде ежелгі, ортағасырлық қалалардың орнында ақпарат үшін QR-кодтары бар тақталар мен тақтайшалар орналасқан. Сол орынмен танысқысы келген әрбір адам смарт телефонындағы арнайы QR бағдарламасын іске қосу арқылы керекті мәліметтерін ала алады. Бұндай QR-кодтар орнатылған тарихи - мәдени, әдеби, парктік аймақтар еліміздің барлық өңірінде бар. Негізгі ақпарат түсінікті болу үшін бұл жерде мәліметтер үш тілде беріледі.

2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стартегиялық мақаласындағы «Қасиетті Қазақстан», «Туған жер» бағдарламаларының негізінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Жер - жерде мәдениеттанушылар мен әдебиет өкілдері сонымен бірге тарихшылар мен ғалымдар жұмысшы топтарын құрып, киелі жерлердің тізімін жасаған болатын [6]. Нәтижесінде еліміздің әр түрлі аймақтарындағы қасиетті өңірлер құндылығына қарай аумақтық және республикалық маңызды санаттарға топтасытырылды. Мәдениет және спорт министрлігінің басшылығымен қазіргі кезде олар энциклопедиялық жинақ ретінде әрі қазақ және орыс тілдерінде көпшілікке таратылды. Бұл жерде біздің айтпағымыз осы киелі деп танылған жерлерге келген туристтер мен саяхатшылар үшін арнайы QR-кодтары бар тақталар орнатылып, тарихи-цифрлық жүйеге едәуір үлес қосты.

Екіншісі оқу - ағарту саласындағы мультимедиялық цифрлық тақталар. Жасыратыны жоқ қазіргі оқу - ағарту саласында мультимедиялық өнім ұғымы көп қолданыста. Жалпы осы мультимедия ұғымының өзінің көптеген анықтамалары бар екендігі баршамызға белгілі. Дегенмен осыған берілген барлық ұғымдардың ортақ мәніне назар аударсақ, әр түрлі типтегі ақпараттарды жүйелілікпен әрі бірізділікпен тиімді ұсыну, ақпараттарды жеңілдету, қолжетімділік сияқты анықтамалармен үндес.

Қазіргі мультимедиялық тақталар жыл сайын жаңарып, білім алуға қолжетімділігі арта түсуде. 2015 жылдары оқу кабинеттеріндегі интерактивті тақталардың интернет желісіне қосылуы арнайы компьютердің көмегімен жүзеге асырылса, соңғы үлгідегі осындай тақталар ешқандай да арнайы компьютерді қажет етпейді әрі оқу материялардын сапалы 3D жүйесінде көрсете алады.

Сонымен бірге білім алушы арнайы бағдарламаларды осы тақтаның өзінде-ақ жасай беруіне болады.

Сонымен мультимедиа - латынның «multum» және «media» деген сөздерінен құралған. Жалпы мағынасы - ақпаратты ұсынудың әртүрлі формаларын бір уақытта пайдалану және оны бір контейнер объектісінде өңдеу. Мысалы, бір контейнер объектісі мәтінді, дыбысты, графиканы және бейне ақпаратты, сондай-ақ онымен интерактивті әрекеттесу тәсілін қамтуы мүмкін. Мультимедиа термині деректердің үлкен көлемін сақтай алатын және оларға жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ететін сақтау құрылғыларына сілтеме жасау үшін де жиі қолданылады (CD дискілері мұндай тасымалдаушылардың алғашқысы болды). Бұл жағдайда мультимедиа компьютерлік материалдарды түрлі тасымалдаушы арқылы (электрондық почта, USB порттар, флешка, ішкі дисктер) қолжетімділігімен бірге жаңа ақпаратты ұсынудың дәстүрлі тәсілдерінен басқа аудио, бейне, анимация, кескін және басқа да деректер негізінде мәліметтер бере алатындығымен де құнды.

Мультимедиа арқылы хабарламаларды аудиторияға жеткізу үшін мәтін, аудио, бейне сияқты ақпараттың әртүрлі түрлерін пайдалану, білім алушылардың танымын арттыра түсетіні даусыз.

Қазіргі таңда болашақ тарихшыларды даярлау жүйесінде цифрлық - ақпараттық технологияларды қолдануға үйрету олардың білім, білік, дағдыларымен бірге құзыреттілікітерін да арттыратынын атап өтуіміз қажет.

Қазіргі таңда Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан жоғары оқу орындарындағы мамандықтарды қайта классификациялау, болашақ кадрлардың жаһандық бәсекеге қабілеттіліктерін қалыптастыру мәселесіне сай заманауи мамандықтардың тізбесін жасақтау үстінде. Бұл мәселе болашақ тарихшылрады да айналып өте алмағандығын аңғарамыз. Себебі соңғы уақыттары гуманитарлық білім беру жүйесінде тарих ғылыми және педагогикалық бағыттар бойынша қайта жасақталып, оқу бағдарламалары мамандыққа сай қайта реформаланды.

Соңғы жылдары цифрлық тарихты оқыту үрдісі кең етек алып, еліміздегі іргелі оқу орындары осы бағыт бойынша біршама ауқымды істер атқаруға кірісті. Мысалыға Алматы қаласындағы тарихы терең Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық универсиеті мақсатты түрде цифрлы тарих бойынша мамандарды даярлауда көш бастаған болатын. Бұл мамандықты жүзеге асырудың негізгі мақсаты жалпы, тарих саласы бойынша көпмәдениеттілік пен коммуникативті дағдыларды меңгерген, педагогикадағы әлеуметтік маңызды міндеттерді заманауи ғылыми-тәжірибелік деңгейде шығармашылықпен және кәсіби түрде шеше алатын, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, замануи компьютерлік құралдарды пайдалану және меңгеру дағдылары қалыптасқан сонымен бірге цифрлық тарих және олардың кәсіби міндеттерін шешуге қажетті негізгі дағдылары мен құзыреттіліктері бар (ойлау, іздеу, талдау және өткенді түсіну) жоғары білікті педагогикалық кадрларды дайындауды міндеттейді.

Осы мамандықтарда цифрлық технологияларды меңгерту мен дағдыларын қалыптастыру, кәсіби қабілеттерін арттыру мақсатында оқытылатын «Цифрлық практикум: архивтер мен басылымдар» курсы болашақ тарихшыларға электронды

архив мәселелері мен оның қазіргі жағдайын талдау, зерттеу әлеуетін бағалауды меңгертеді. Ал пәннің жалпы мазмұны мәліметтер базасын жинақтау, сақтау бағалау әдістері және электрондық архивтің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелерін қамтиды.

Цифрлы тарих мамандығы білім алушыларының 1 курстарына жүргізілетін «Археология және геоақпараттық жүйелер» курсының мақсаты: Археология ғылымында цифрлық технологияларды геоақпараттық жүйе ретінде пайдалану туралы негізгі білімдерді қалыптастыруды көздейді. Ал курстың жалпы мазмұны бойынша болашақ тарихшылар цифрлық қоғамдағы археология ғылымы мен пәні, негізгі деректерді саралайды. Далалық археологиялық зерттеулерде қолданылатын заманауи цифрлық жабдықтармен бірге археологиялық мәліметтер, картографияны салыстыру үшін геоақпараттық жүйелердің мүмкіндіктеріне мән береді.

Курсты оқу барысында болашақ тарихшылардың бойында геоақпараттық жүйелерде цифрлық технологиялық карта құру және археологиялық орындар мен ландшафттарды талдау дағдылары қалыптасады.

начальных знаний о музыке как части культуры, взаимосвязи музыкального искусства с историей разных стран и народов. Благодаря этнокультурному контексту, дети могут познакомиться на уроках музыки с основами народной культуры, народными играми, фестивалями, с различными видами народного творчества, некоторых других аспектов жизни разных народов и других стран мира. Информационно-логический контекст помогает детям узнать о современных источниках и средствах музыкальной информации, в том числе в Интернете.

Художественно-эстетическое развитие личности через систему дополнительного оброзования обеспечивает ее художественно-эстетический контекст. Она заключается в раскрытии взаимосвязей музыки с другими видами искусства и, в целом, художественной культурой, в направлении уроков музыки на формирование у детей представлений о красоте в искусстве и жизни, эстетических потребностей, интересов и вкусов. Повысить эффективность художественно-эстетического развития дети дошкольного возраста способствуют применению системно-деятельностного подхода в "Мире музыки". Приоритетными видами деятельности в этой системе являются хоровое пение, игра на игрушечных и простых народных музыкальных инструментах в ансамбле, в оркестре, музыкальная и театральная деятельность, ритмическая и пластическая импровизация на основе образов природы, сказок и т.д., а также начальное знакомство с основами музыкальной грамотности[4].

Физическому развитию детей 3-7 лет опять же способствует музыкальное оброзование[1]. Она включает в себя различные упражнения и задания по дыханию, звуку, вокальной арт-терапии, игровой терапии, народной терапии и т.д., адаптированные специалистами для работы с нормальными детьми дошкольного возраста с целью профилактики психосоматических заболеваний. Ритмо-пластическая импровизация под музыку помогает развивать координацию и гибкость, способствует правильному формирование мышечной и костной системы тела, развитие равновесия, игра на музыкальных инструментах помогает развивать мелкую моторику рук. Также физическое развитие детей происходит с помощью средств, предусмотренных в музыкальном мире, с движением под музыку (ходьба, бег, прыжки, повороты и т.д.), подвижными играми с песнями, танцами и т.д. Для перехода к музыке, музыкально-хореографическим и музыкальным импровизациям, имитационным звукам, а также интегрированным музыкальным и изобразительным искусствам предлагаются разнообразные визуально-слуховые и пластические образы. Например, зрительно-слуховые образы: журчащий ручей, шелест листьев, свист ветра, плеск волн, шторм плачет, как ребенок, и т.д.

В ряде исследований изучалась взаимосвязь между музыкальным обучением и пространственными способностями. Некоторые утверждают, что пространственное мышление может быть улучшено музыкальным обучением, потому что нотная запись сама по себе является пространственной, поскольку определенные высоты звука обозначаются их конкретным положением в ряду линий и пробелов. Другие утверждали, что близость областей мозга, отвечающих

за музыку и пространственную обработку, может быть причиной эффектов переноса. Метаанализ 15 экспериментальных исследований, проведенный Хетландом, показал, что обучение музыке улучшает выполнение определенных пространственных задач, но не в стандартных прогрессивных матрицах Равена, тесте невербального мышления с некоторыми визуально-пространственными элементами. Хетланд также сообщил о результатах корреляционных исследований, проверяющих связь между музыкальным обучением и пространственными результатами: из 13 исследований пять сообщили о положительной связи между музыкальным обучением и пространственными результатами, а восемь дали отрицательные, нулевые или смешанные результаты. Таким образом, данные о переносе эффектов от обучения музыке на пространственные навыки остаются неоднозначными. [5], [6].

Все эти плюсы в развитий показывют необходимость в грамотном музыкальном оброзований. Учителям и родителям необходимо выбрать одно направление музыки для ребенка в зависимости от его предрасположенностей и способностей. Параллели между музыкой и языком использовались для подтверждения гипотезы о том, что обучение музыке может укреплять вербальные навыки. И музыка, и письменный язык включают формальные обозначения, читаемые слева направо; нотная запись состоит из символов, которые представляют информацию о звуке (высота звука, гармония, мелодия) и времени (ритм, метр), а прослушивание как музыки, так и речи требует внимания к временному порядку быстро меняющихся акустических событий.[7]

Исходя из вышесказанного, мы можем сделать следующие выводы: в современных условиях требуется отказ от односторонней (художественно - эстетической) направленности дошкольного музыкального образования и его переориентация на участие во всех основных направлениях развития личности ребенка; содержание современного дошкольного музыкального образования должно разрабатываться в нескольких взаимосвязанных контекстах, раскрывающих взаимосвязь музыки с культурой, историей, межкультурной коммуникацией, современными информационными и компьютерными здоровьесберегающими технологиями, другими сферами и средствами личностного развития.

Литература:

1. Т.И. Бакланова, Музыка, которая лечит (Хантымансийск, 2004)
2. Т.И. Бакланова, Музыкальное наследие народных исполнителей: к проблеме преемственности (БГИК, Белгород, 2011)
3. Бакланова Т.И. Инновационная деятельность в образовании материалов (МАНПО, Москва – Пушкино, 2010)
4. Т.И. Бакланова, Г.П. Новикова, Музыкальный мир (ИРОТ, Москва, 201)
5. (2000) Обучение музыке улучшает пространственное мышление. J Aestet Educ 34: 179–238.
6. Раушер Ф.Х., Зупан М.А. (2000) Обучение игре на клавиатуре в классе улучшает пространственно-временные характеристики детей дошкольного возраста: полевой эксперимент. Ранний ребенок Res Q 15: 215–228.
7. Foxton JM, Talcott JB, Witton C, Brace H, McIntyre F, Griffiths TD (2003) Навыки чтения связаны с глобальным, но не локальным восприятием акустических паттернов. Nat Neurosci 6: 343–344.

ӘОЖ 378(075.8)

ТІЛ БҰЗЫЛЫСЫ БАР МЕКТЕПАЛДЫ ТОП БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ-ЗЕРТТЕУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Исманова Р.Ж. – п.ғ.к., аға оқытушы
Ахметова Г.К. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме.

В статье расматривается развитие содержательно-связной речи детей предшкольной группы с нарушениями речи, теоретически обоснованы вопросы связанные с их познавательным интересом и переходом к исследовательской деятельности, формирование у детей с нарушениями речи исследовательских навыков конструирования сюжетных рассказов основанных на личном опыте, приобщения к деятельности, направленной на доказательство.

Summary.

The article examines the development of meaningful and coherent speech of preschool children with speech disorders, theoretically substantiates the issues related to their cognitive interest and transition to research activities, the formation of research skills in children with speech disorders in constructing narrative stories based on personal experience, involvement in activities aimed at proof.

Арнайы педагогика мен практиканың қазіргі даму кезеңінде ерекше блімге қажеттілігі бар оның ішінде мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың тіл бұзылысын түзету мәселесі үлкен ғылыми және практикалық маңызға ие.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл бұзылыстарын түзетудің кешенді логопедиялық жаттығулардың мазмұны мен ұйымдастыру әдістерін анықтау қажеттігі туындап отыр.

Мақалада мүмкіндігі шектеулі балалардың тіл бұзылыстарын түзету көрсеткіштерін жақсарту үшін танымдық-зерттеу қызметін пайдалану мүмкіндігі ғылыми негізделген. Тіл бұзылысы бар мектепалды топ балаларының мазмұнды, үйлесімді сөйлеуін дамыту олардың танымдық қызығушылығының деңгейіне сай зерттеушілік қызметіне ұласуымен байланысты. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға сюжеттік тіркестер мен көрсетілген әрекеттер туралы ұсыныстар, сюжетті сипаттау, жеке тәжірибеге негізделген әңгімелерді презентациялап, дәлелдеуге бағытталған іс-әрекетерге баулу зерттеушілік дағдысын қалыптастыратыны анықталады.

Әлемдік білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балаларды өзінің құрдастары арасында білім алу, жалпы білім беру жүйесіне қосу құқығын тану және тіл бұзылысы бар балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық тәсілдерін жасаудың қажеттілігін негіздейтін инклюзивті оқытудың басты міндеті болып саналады, осыған байланысты тіл бұзылысы бар балаларды мектеп бағдарламасын игеру үшін мектепке дейінгі логопедияны дамытудағы басым мәселелердің бірі болып қала береді.

Тіл бұзылысы бар мектепалды тобындағы балаларда білімді толық игеру дағдысын, танымдық ойлауды, шығармашылық қабілеттерді және ес, зейін, қиял, қабылдау т.б. сияқты аспектілерін дамытуда мағыналы сөйлеуді игерту маңызды.

Осының барлығы (мәтіндік оқу материалдарын қабылдау және жаңғырту, сұрақтарға толық жауап беру, өз пікірін білдіру) және басқа да дағдылар мен оқу іс-әрекетінің түрлері мағыналы сөйлеуді дамытудың жеткілікті деңгейін талап етеді.

Ғылыми зерттеулерде бала қарапайым бір сөзді екінші сөзге байланыстыру арқылы күрделі сөйлемдерді құрастыруға дағдыланатыны [1], тіл бұзылыс балалардың танымдық қабілетінің дамуына кедергі келтіретіні, баланың ойлау белсенділігін төмендететініне және өзіндік жеке басының дамуына әсер ететіні айтыла келіп, балалардың мағыналы сөйлеуін қалыптастыру стихиялық дамуымен қажетті деңгейге жетпейтінін, арнайы ұйымдастырылған оқыту қажет екенін атап өтті [2].

Мектепалды топ балаларының танымдық-зерттеушілік қабілетін дамытуда олардың мағыналы сөйлеуі шығармашылық қабілетін дамытумен тығыз байланысты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында ауызекі байланыстырып сөйлеу, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгертуді, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамытуына ерекше көңіл бөліне отырып дамыту міндеттері [3], тіл бұзылыстарын түзетудің түрлі тәсілдері мен арнайы құралдарын қолдана отырып, мағыналы-үйлесімді сөйлеуді дамытуға бағытталған дәйекті тәсіл мектепке дейінгі мекемедегі түзету-педагогикалық процестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ресей ғалымдары білім беру процесінде балалардың олардың өзінің жүргізген бақылауы мен нәтижелерінен алған білімін қабылдауы мен есте сақтауы арқылы жақсы игеретінін дәлелдейді. Сондықтан тіл бұзылысы бар мектепке дайындық топ балалардың мағыналы-үйлесімді сөйлеуін дамытуда логопедиялық түзету жұмыстың тиімділігін арттыру үшін балаларды танымдық-зерттеу қызметіне қосқан жөн.

Жалпы сөйлеу тілі туралы ғалымдар балалардың сөйлеу арқылы қарым-қатынасы бала, ересектер мен құрдастар адамдар мен жағдайларға өз ойлары мен көзқарастарын білдіру тәсілдері мен құралдарын қолдану арқылы қалыптасатын процес екенін [4], баланың сөйлеу тіліне тиісті сөйлеу жүйесінің дыбыстық және мағыналық жүйесінің барлық негізгі бөліктерінің қалыптасуындағы бұзылыстарға сай оларды түзетудің түрлі тәсілдері ғалымдар зерттеулерінде аталады[5, 137-141б.].

Сонымен бірге сөйлеу қабілеті нашар балаларды оқыту кезінде ауызша монологиялық сөйлеуді тапшылығын жеңудің жолдары жасалды[6] және түзету-дамытушылық оқыту мен тәрбие жұмысының мазмұны анықталады [7].

Тіл бұзылысы бар мектепке дейындық топ балаларының сөйлеу тілін дамыту мәселелері бойынша зерттелген теориялық деректер мен тәжірибелік қорытындылар мектепке дейінгі жастағы балалардың мағыналы-сөйлеу тілін дамытуда баланың зерттеушілік қабілетін дамыта отырып, мағыналы-үйлесімді сөйлеу тілін икемдеу қажеттілігі аспектісі логопедияда жеткіліксіз зерттелген

мәселеле болып қала беретінін көрсетті. Бұл келесідей тұжырым жасауға мүмкіндік берді:

-мектепке даярлық тобындағы тіл бұзылысы бар балалардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып танымдық-зерттеу қызметінде мағыналы-үйлесімді сөйлеуін дамыту тәсілдері өз сөйлеуінде сөздерді дұрыс таңдау және қолдану дағдыларын қалыптастыруға оң әсер етеді. Тұжырымға негізделген сынақ-тәжірибе жұмыстарында мәселеге байланысты негізгі тәсілдер теориялық тұрғыдан талдау, балалардың мағыналы-үйлесімді сөйлеуін дамытуда мүмкін болатын дағдыларды игеретін барлық үрдістер зерттеліп, тіл бұзылысы бар балалардың танымдық-зерттеу іс-әрекетінде мағыналы-үйлесімді сөйлеуін дамыту тәсілдерін әзірлеп, сынақтан өткізіп, тиімділігі бағаланды.

Жүргізілген анықтаушы эксперимент барысында сөйлеудің мағыналық тұрғыдан үйлесімділігі мен дәйектілігінің бұзылуы, сөйлемді нақтылаудағы қиындықтар, сөйлемдерді тілдің грамматикалық ережелерінің негізінде байланыстырудағы қателіктер, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық байланысының бұзылуы, семантикалық олқылықтар, ортақ сөздерді, синонимдерді, антонимдерді таңдаудағы лексикалық қиындықтар мен қателіктер; монологтерде қысқа сөз тіркестерін қолдану, предикативті қатынастар орната алмау. Осы бұзылыстар баланың жалпы даму процесіне кері әсер етеді дей келе түзету жұмыстары бойынша келесідей тәсілдерді қолдандық:

- Баланнның қоршаған орта туралы ойларын еркін, дәлелді, логикалық түрде жеткізе білуге үйрету;
- Өз идеяларын дұрыс мағыналы жеткізе білу үшін сөздік қорын нақтылау, дамыту;
- Дұрыс сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру арқылы өздігінен сюжеттік әңгімелер айта білуге үйрету;
- Қоршаған орта туралы мағыналық-сипаттамалық және салыстырмалы оқиғалар құрастыра білу.

Жұмыс барысында балаға толық дербестік берілді, өз ізденісі арқылы материалдарды өзі таңдап, орындады. Зерттеу барысында балалардың өзіндік ерекшелігіне орай(тіл бұзылысының ерекшелігіне) саралау тәсілін қолдандық.

Жалпы зерттеу барысында тіл бұзылысы бар балалармен жүргізілген тапсырмалар баланың сөйлеу тілін дамытуға бағытталды және белгілі бір лексикалық тақырыпты зерттеу аясында жүргізілді. Мектепке дайындық тобындағы балаларға шығармашылық жұмысқа негізделген танымдық-зерттеу барысында қолданылған тәсілдер кешені мағыналы-үйлесімді сөйлеу тілін дамытты, балалар қысқа сюжетті әңгімелерді құрастыруға дағдыланды, сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстырып, мағыналық тұрғыдан үйлесімді құрастыра білді, сөйлеу барысындағы айтылымдағы қателіктер біршама азайды, құрмалас сөйлемдерді қолдануға дағдыланды, қарым-қатынас деңгейі артты.

Білім көлемінің ұлғаюы нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалардың өз қабілеттеріне деген сенімі артып, олардың қызығушылықтары артты. Бұған

балалар талқылайтын тақырыптардың әртүрлілігі, қызығушылық таныту дәлел болды. Мағыналы-үйлесімді сөйлеу дағдыларын меңгеру нәтижелерін объективті бағалау әзірленген тәсілдердің тиімділігін көрсетті.

Әдебиеттер

1.Выготский Л. С. (2009). Мышление и речь [Электронный ресурс] / Л. С. Выготский // Психологические исследования: Москва. государство. психолог. Почвенный агрегат. Электронная библиотека - 2009. - Режим доступа: http://psychlib.ru/mgppu/VMr1934/VMR-001.HTM #$pI (дата обращения: 18.12.2017).

2. Жукова Н. С. (2011). Преодоление общего недоразвития речи детей: Книга для логопеда / Н. С. Жукова, Е. М. Мацукава, Т. Б. Филичева. Екатеринбург: ООО “Книгомир”, 2011 – 320 стр.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. https://balabaksha.kz › ...

4. Өмірбек Д.М. Специфика развития речевой коммуникации дошкольников с общим недоразвитием речи. // Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология», No1(70) 2022г. 96-101 стр.

5. Өмірбекова Қ.К, Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатов Г.Б. Логопедия. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 495 бет

6. L. G. Shadrina. O. V. Efimova. Teaching coherent descriptive speech to children of senior preschool age with speech underdevelopment problems //The Education and science journal 22(4):146-165, May 2020

7. Irina A. Emelyanova1 , Elena A. Borisova2 , Olga E. Shapovalova3 , Olga V. Karynbaeva4 Irina M. Vorotilkina, Particularities of Speech Readiness for Schooling in Pre-School Children Having General Speech Underdevelopment: A Social and Pedagogical Aspec // Journal of Social Studies Education Research Sosyal Bilgiler Eğitimi Araştırmaları Dergisi 2018:9 (1), 89-105

УДК 372.881.1

PECULIARITIES OF THE IMPERATIVE EXPRESSIONS EMOTIONAL INFLUENCE IN THE SPEECHES OF THE AMERICAN PRESIDENTS

Галустян Д.М. – студентка группы М 1703-81
Научный руководитель: Абрамова Г.И. - к.ф.н., доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Резюме

На основе функционалистских теорий политического дискурса прогнозировалось, что выступления будут иметь приятный и активный или праздничный эмоциональный тон. Основываясь на соответствующем исследовании, посвященном влиянию массового распространения на президентские коммуникации, было предсказано, что с годами речи будут становиться все более приятными, возбуждающими и лингвистически простыми.

Түйін

Саяси дискурстың функционалистік теориялары негізінде сөйлеген сөздердің жағымды және белсенді немесе мерекелік эмоционалды реңк болады деп болжанған. Жаппай таратудың президенттік коммуникацияларға тигізетін әсеріне бағытталған тиісті зерттеулерге сүйене отырып, сөйлеген сөздердің жағымдылығы, қозуы және тілдік қарапайымдылығы жылдар бойына арта түседі деп болжанған.

Inaugural discourse is an element of oratory, the main purpose of which is persuasion and manipulation of public consciousness. Therefore, the need for this article is due to the need for a comprehensive analysis of the linguistic and sociocultural aspects of the American inaugural discourse. The specificity of the modern language of inaugural discourse has been actively discussed by many scientists in recent years. The methodological basis of the study is the works of domestic and foreign linguists T. A. van Dyck [1, p. 7-37], V. N. Bazylev [2],V. Z. Demyankov [3],V. I. Karasik [4], G. G. Pochegshchova [5], P. Serio [6], Yu. B. Fedeneva [7], E. I. Sheigal [8]. The purpose of this article is to identify the sociocultural aspects of the inaugural discourse and to classify the main concepts of the addresses of American presidents.

The President's inaugural speech as a kind of institutional discourse is the first official address by a head of state to a multicultural audience. It is characterized by linguistic figurativeness, which is realized with the help of expressive means, considered as a system of manipulative linguistic influences, arguing the politician's speech: "Inaugural speeches combine the techniques of logical argumentation and expressive linguistic means of all levels in order to provide a strong emotional, psychological and pragmatic impact on the audience, appealing to national pride, patriotism and high moral feelings of people with the help of an arsenal of concepts embedded in the national consciousness and reconstructing the political picture of the world" [9, p. 205]. In the inaugural addresses of American presidents, the continuity of national ideals, traditions, and values can be traced. The texts of the inaugural addresses are characterized by a stable compositional structure that includes the following components: the president's oath; a promise to honorably fulfill one's duties; appeal to the historical past and the novelty of the situation; exposition of the principles of domestic and foreign policy; ideological understanding of pressing problems; belief in the great destiny of America; turning to God; optimistic ending. The inaugural discourse is presented as a set of interrelated concepts. The term "concept" in modern linguistics is used to denote a mental image called a particular lexical unit: "You cannot study meanings outside of what they do not exist without - without the inner worlds of their carriers and in abstraction from speaking and understanding as processes" [10, p. fifteen].

Concepts are units of culture that include a value component, and act as the structures of consciousness in which the values of society are fixed: "They occupy a special place in the political consciousness, representing the values and ideas to which politicians appeal in program speeches and addresses, influencing on the audience in order to strengthen the cognitive factor in the public mind. Being a conditional unit that connects thinking and speech, the concept is non-material, but its materialization, linguistic expression, is carried out through the word" [11, p. 205-225]. Analysis of the concepts of the political picture of the world contributes to understanding the essence of such a socially important and complex society.
Power, as a policy, the results of the activities of whose representatives largely determine the status and standard of living of citizens. When considering the texts of the inaugural addresses of ten American presidents (George Washington, Franklin Roosevelt, Abraham Lincoln, Barack Obama, John F. Kennedy, Theodore Roosevelt,

Dwight Eisenhower, Ronald Reagan, Thomas Jefferson, and Bill Clinton) [12], the components of the concepts were selected by the sampling method. or words: liberty 'freedom', freedom 'freedom', America 'America', Americans Americans', we 'we', Constitution 'Constitution', safety 'security', government 'government', trust 'trust', democracy ' democracy ', honor 'honor', success 'success', people 'people', god 'God', leadership 'leadership', states 'states', strength 'strength', greatness 'greatness', slavery 'slavery', patriotism ' pa triotizm ', crisis 'crisis', future 'future', responsibility 'responsibility', unity 'unity', wealth 'wealth', Independence 'independence', work 'work bot', rights 'rights', power 'power', challenge 'challenge', nation 'nation', renewal 'update', transition 'transition', life 'life' ,peace, equality, law, friendship, country, duty, race, development, truth, war ', courage 'courage', faith 'faith', economy 'economy', together 'together', humanity 'humanity', heritage 'heritage' (50 words).
Next, a quantitative analysis of word components was carried out, reflecting the concepts implicitly presented in the language of the inaugural American discourse. As a result, common types of component words characteristic of American society were identified: 1) common, most common: freedom 'freedom', America 'America', we 'we', government 'state', people 'people', greatness 'greatness' ', crisis 'crisis', problems 'problems', work 'work', rights 'rights', power 'power', nation 'nation', life 'life'', peace 'world', country 'country', war ' war', faith 'faith', strength 'strength', courage 'courage'', future 'future'; 2) new ones that appear: transition, renewal, new beginning, challenge, leadership; 3) disappearing: duty 'duty', development 'development'; 4) temporary (arising at a certain moment in history): safety 'security', trust 'trust', honor 'honor', slavery 'slavery', responsibility 'responsibility', law 'law', race 'race', heritage ', economy 'economy', together 'together', humanity 'humanity', wealth 'wealth', Constitution 'Constitution', success 'success', truth 'truth', States 'States', liberty 'freedom',patriotism 'patriotism. Thus, changes in the system of concepts dictate changes in the language. Some words expressing certain concepts disappear and new ones appear. This conclusion follows from the consideration of their use in the diachronic section, which is shown suggests that for each stage of the development of American society, certain components of concepts are typical, reflecting their historical and sociocultural aspects. For example, B. Obama (2009) - nation 'nation', greatness 'greatness', work 'work', people 'people', war 'war'; B. Clinton (1993) - America 'America', people 'people', unity 'unity', work 'work'; R. Reagan (1981) —freedom 'freedom', America 'America', work 'work', strength 'strength', country 'country', renewal 'update'; J. Kennedy (1961) freedom 'freedom', power 'power', renewal 'update', economy 'economics', nation 'nation'; D. Eisenhower (1953) —freedom 'freedom', people 'people', peace 'peace', nation 'nation', war 'war', faith 'faith'; F. Roosevelt (1933) - nation 'nation', people 'people', leadership 'leadership', war 'war'; T. Roosevelt (1905) —greatness 'greatness', life 'life', crisis 'crisis'; A. Lincoln (1861) - Constitution T. Jefferson (1801) - rights 'rights', peace 'peace', freedom 'freedom', power 'power'. honor 'honor', success 'success', people 'people', god 'God', leadership 'leadership', states 'states', strength 'strength', greatness 'greatness', slavery 'slavery', patriotism ' pa triotizm ', crisis 'crisis', future 'future', responsibility 'responsibility', unity 'unity', wealth 'wealth', Independence 'independence', work 'work bot', rights 'rights', power 'power', challenge 'challenge',

nation 'nation', renewal 'update', transition 'transition', life 'life' ,peace, equality, law, friendship, country, duty, race, development, truth, war ',courage 'courage', faith 'faith', economy 'economy', together 'together'.

Литература:

1 Дейк Т.АЯзык Познание.Коммуникация.М.:Прогресс,1989.

2 Базылев В. Н. К изучению политического дискурса в России и российско го политического дискурс Политический дискурс в России. М. : Диалог- МГУ, 1998.

3 Демъянков В. 3. Аргументирующий дискурс в общении (по материалам зарубежной лингвистики) / / Речевое общение: Проблемы и перспективы. М. : ИНИОН, 1983.

4 Карасик В. И. О типах дискурса //Языковая личность: институциональный и персональный дискурс: сб. науч. тр. Волгоград: Перемена, 2000.

5 Почепцов Г. Г. Теория коммуникации. М.: Ваклер ; Киев : Рефл-бук, 2001.

6 Серио П. Русский язык и анализ советского политического дискурса: ана лиз номинализаций / / Квадратура смысла: Французская школа анализа дискур са. М.: Прогресс, 1999.

7 Феденева Ю. Б. Функции метафоры в политической речи / / Художествен ный текст: структура, семантика, прагматика. Екатеринбург : Изд-во Урал, ун та, 1997.

8 Шейгал Е. И. Семиотика политического дискурса: Монография. Волго град : Перемена, 2000.

9 Арутюнова Н. Д. Язык и мир человека. М.: Языки русской культуры, 1998. 10. Кубрякова Е. С. О понятиях дискурса и дискурсивного анализа в современной лингвистике / / Дискурс, речь, речевая деятельность: функциональные и структурные аспекты. М.: РАНИНИОН, 2000.

11 Campbell К. К., Jamieson К. П. Inaugurating the Presidency / / Form, Genre and the Study of Political Discourse — Columbia: S. Car., 1986.

12 Inaugural Addresses of the Presidents of the United States [Электронныйресурс]. 2012

ӘОЖ 930.1:101.3

С. АСФЕНДИЯРОВТЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

Утегенов Б.Д. - аға оқытушы, Еркінбекова Ә.С. - аға оқытушы,
Қабыл А.Ә. - аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан медицина академясы АҚ, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются проблемы основные мнения ученого С.Асфендиярова о генезисе и государствнности казахского народа в эпоху средневековья. Здесь дается оценка ученого о исторических развитиях казахской народности и государственности.

Summary

The article discusses the problems of the main opinions of the scientist S. Asfendiyarov on the genesis and state of the Kazakh people in the Middle Ages. Here is an assessment of the scientist on the historical developments of the Kazakh nationality and statehood.

Қазақ халқының шығу тегі мен мемлекеттілігінің қалыптасуы туралы Алаш зиялы қауым өкілдерінің бірі - С.Асфендияров та өз заманында айқын да шынайы пікірлерін айтуымен ерекшеленеді.

Өз халқының айтулы да көрнекті өкілі ретінде С.Асфендияров мемлекеттілік қалыптаспаған XV- ғасырдан бұрынғы “қазақ” атауын кейінгі кездегі қазақ халқымен байланысты түрде қарастыруға үзілді-кесілді қарсы болды. Оның өіндік пікірі бойынша XV-XVI – ғасырлардың тарихи кезеңінде Ұлы Даланы мекендеген ноғай, өзбек, қазақ одақтарының құлдырауы үдерісі жүріп жатқандықтан да осы кезеңдегі аталған саяси бірлестіктер аралас сипатта болды.Бұлар ноғай-қазақ немесе өзбек-қазақ сияқты түрлерде көрініс берді. Ғалымның пікірінше Жәнібек пен Керейдің, Хақназар мен Тәуекелдің және т. б. тарихи өмір сүрген кезеңі осындай халде болды.

Қазақ халқының жеке халық санатында тарих сахнасына шығуын С.Асфендияров былайша түсіндірді: “Бір жағынан – даладағы үлкен қозғалыстардың толқыны орын алғанда ғана, екінші жағынан – өзбектердің Түркістанды (Тұран өлкесін) жаулауына байланысты бұл XVI – ғасырдың соңы мен XVII – ғасырдың басына дәл келді және де қазақтар қазіргі Қазақстанның территориясында бекем орнығып қалды,- бұны қазақтардың дербес тарихының басы ретінде айтуға болады.

Орталық Азия мен Орта Азияның дамуының тарихи орын алуы барысында жалпы негізде XVI- ғасырға қарай қазақ халқының тарихи түрде қалыптасу барысы феодалдық қазақ қоғамының орнығу үдерісі нақты оқиға болып табылады [1].

Осы мәселедегі оның қазақ хандарын ноғай-өзбек немесе өзбек-қазақ сияқты аралас бірлестіктердің хандары ретінде көрсетуі әрекетін негізсіз деуге болады. Бұл кезде қазақ ұлт ретінде қалыптасып біткен еді.

Кейінгі тарихшы ғалымдардың зерттеулері “қазақ” этнонимінің XV ғасырдың соңғы кезінен бастап саяси, ал XVI ғасырдың басынан этникалық сипат алғанын нақтылап берді [2].

Бірақ та М.Тынышбаев сияқты С.Асфендияровтың қазақ халқының өмір сүруінің сан ғасырлар бойы ежелден-ақ халық болып қалыптасу үдерісін жекелеген тайпалық одақтар мен рулар тарихын зерттеу жолымен көрсетуі әрекетін “қазақты ұлы халық етіп көрсетуге тырысушылық “ немесе “тар өрісті тұжырымнық шовинизмге салынушылық” деген тұжырымдық қорытындылармен де келісуге болмайды.

С.Асфендияров академик А.Н.Смайловичтің “қазақ” ұғымы қаздың және қарғаның (“гак”) біріктіріліп айтылуынан пайда болған деген, пікірін келтіре отырып, бірақ та мұның негізсіздігін көрсетеді.

Ұдайы даму үстіндегі ғылым - тарихты танып-білуде, ұлттық және таптық көзқараста тұрғандықтан да С.Асфендияров та қазақта діни соғыс жауынгерлерін-“газиках” (шынайы нағыз дін үшін күресушілер) деп атаған, - деген мәселеге байланысты өзінің таптық көзқарасын білдіреді, мұндай діни аңыз “ сөз жоқ қазақ дінбасыларының ойдан шығарғандарының жемісі”,- деп ой қорытады [1, 87].

С.Асфендияров “қазақ” атауының ираннның “кашак” деген сөзінен шыққанын, яғни “қашқын” деген мағынаны білдіріп тұрғанын қолдаушылардың да бар екендігін, бұл қазақтардың отырықшы халық орналасқан аудандардағы басыбайлы (кіріптарлық) шаруа қауымынан қашып шыққандығын атап көрсетеді.

Оның пікірінше мұндай түсінікте болу “қазақ” ұғымын орыстағы “казак” (казачество) ұғымымен жақындастырады. Ол өз ойын былайша нақтылап білдіреді. Шындығында “қазақтар” , “қазақылық жасау” терминдері XV-XVI ғасырлардағы мәскеулік, қырымдық, қазандық (татарлық) патшалардың жазбаларында осы мемлекеттердің шекараларын қорғап тұратын әскери адамдар, еріктілер мағынасында қолданылған.

Орыс және украиндық тұрмыста “казах” немесе “казак” сөзі еркін адамды, қарақшыны, “ұрыны” білдіретін болған (“ұры казактар”, яғни казактар мәскеулік русьтың патшалық бөлігіне бағынбайтындар)”. Бірақ С.Асфендияров осы айтылған кейбірлерімен келіспейтіндігін атап көрсетеді. Ол осыған ұқсас түрде қазақты қытай тіліндегі “хагас” түсінігімен байланыстыруға келмейтінін айтады. Ғалым қазақты “косог” деген халықтан шығару әрекеті де бар екендігін және оның да негізсіздігін айтқан болатын. Сонымен бірге жоғарыда атап көрсеткендей, қазақ халқының өзіндік дербес тарихын тек XVI-ғасырдың соңы мен XVII – ғасырдың басынан бастауды ұсынады [1, 99].

Қазақ халқының үш жүзінің шығуы мерзімі мен оның шаруашылық, тарихи-әлеуметтік себептерін де С.Асфендияров басқаша тұрғыда түсіндіреді және де осы мәселеде бұрынғысынша “буржуазиялық тарихшыларды”, атап айтқанда олардың басты өкілдерініңбірі - М.Тынышпаевты сынға алады. Оның келтірген пікіріне зер салсақ - қазақтардың саяси одағы ноғайлардың және өзбектердің тарихи түрде кетіп, орын алмасынан кейін, Үш Орда немесеҮш Жүз түрінде көрініс тапқан. Бұлардың бастарының қосылуы немесе бірігушіліктері жекелеген жағдайларда ғана орын алған. Бұл С. Асфендияровтың ойынша М. Тынышпаевтың осы тарихи мәселелерге қатысты болған түсіндірмелері болған қазақ ордаларынң бұрыннан-ақ, бастапқы шыңғыс әулеттері дәуірінде тарихқа шығуларын мойындауға негізделген. Ол өзінің бұл пікірін былайша дәлелдеп көрсетеді: бұл жағдайда Тынышбаев ұлы Шынғысханның тікелей ұрпақтары ретінде қазақ хандарын бейнелейтін «жағымпаз» тарихшылармен ынтымақтастығын білдіреді. Ұлы орда немесе Ұлы жүз, болмаса «Ақ Орда» - бұл Шыңғыстың ұлы Жошының ұлысы және Есенханның соңғы ұлының ұлысы. Жошының кіші баласы Тоқай Темірден Кіші Орда, ал Орта Орда Батый мен Шейбақтың ұлдарынан шыққан. «Осындай көрініспен қазақ адамдарының орналасу территориясы аса көлемді болып шығады: Қырым мен Кавказдан Түркістан өлкесіне дейін» [1, 100-101].

С.Асфендияров ғылыми маман ретінде қазақтың үш жүзінің құрылуын көшпелі шаруашылықтың тарихи жағдайлармен түсіндіруге мән берді. Осының нақты дәлелі ретінде ол қазақ жерінде жүздердің құрылуына себеп болған үш табиғи жайылымдық және көшпелі шаруашылық аймақтардың болуын нақтылап көрсетеді. Кіші жүзге мекен болған батыс аймаққа –Орал тауы маңындағы жайық өзені мен басқа да далалық өзендер бойындағы қыстаулары мен солтүстік – шығыстың жаздық жайлауы шаруашылық мекендерін , Орта жүзге мекен болған орталық аймаққа - Сарысу , Шу және Сырдарияның төменгі ағыстары бойындағы қыстаулар мен Ертіс, Тобыл, Есіл өзендері бойындағы жаздық жайлау

мекендерін, Ұлы жүзге мекен болған Жетісу жері мен Сырдария өзенінің шыыс бөлігін жатқызады. [1, 101].

Бірақ та ол осы табиғи жайлымдық-шаруашылық өлкелер Үш жүздік саяси бірлікке қалай айналды?-деген мәселеге нақты жауап бере алмаған еді. Бұл мәселеге буржуазиялық тарихшылар сияқты лайықты жауап таба алмады.

Қазақ халқының түркілік ру-тайпалардан шыққандығы туралы замандастарының көзқарастарына С.Асфендияров қанағаттанбай , өзінің қазақ руларының, тайпаларының шығуы пікірін нақты жазды. Ол өзінің «Қазақстан тарихы» деген еңбегінде ғұндардың (хундардың) және үйсіндердің шығуы тарихына айтарлықтай орын бере тұрса да, олардың түркілік сипаты туралы ештеңе айтпады. Осы тайпалармен қазақтың арғы шығу тегін байланыстыруға мүлде қарсы болып, С. Асфендияров былай деп ашық жариялады: «Ескі буржуазиялық ғалымдардың арасында Үйсіндер туралы айтыс жүрді. Олар бұл халықтан бүгінгі қазақтардың ата-бабаларын көруге бейім болды, үйткені қазақтарда «үйсін» және «сар үйсін» рулары бар. Тынышбаев сияқты қазақ тарихшылары осыны үзілді кесілді атап көрсетеді... Осындай тұрғыдағы жорамалдарды ғылыми деп атауға болмасы айдан анық. Ол ол ма,мұндай жорамалдарға қарсы күресу керек, өйткені оларға ұлтшыл буржуазиялық идеология табан тіреп тұр»[1, 23-24].

Осылайша ол «қазақ ұлтшылдарын» аңыздарға, шежірелерге сүйене отырып, өз ұлтының ұлылығын көрсеткен болды,- деп айыптайды.

Ғалымның мұндай айыптауларының негізсіз екендігін М. Тынышпаевтың еңбегімен танысқанда аңғаруға болады. Ол қайсыбір аңызды нақтылы тарихи деректермен, ғалымдардың еңбектерімен, географиялық жер атауларымен салыстыра отырып, талдап, екшелеп пайдаланған еді. Тынышпаев қазақтың басты руларының тарихын жекелеп талдап, осы ру-тайпалардың басқа да туыс халықтардың құрамында кездесетінін де дәлелдеп берген еді және қазақтың ірі ру-тайпаларының түркілік тегін дәлелдеп, нақтылау жолымен қазақ жерінде болған ежелгі түркілік мемлекеттердің қазіргі қазақ ұлтының ұлт болып қалыптасуындағ үлкен тарихи рөлін ашып көрсете алды.

Тарихты жазудағы оның басты қарсыласы болған С. Асфендияров түркі нәсілін қазақтан қаншама алыс ұстамақ болса да, нақтылы тарихи айғақтарды жоққа шығара алмастан, Орта Азия халықтары тарихындағы Түркі дәуірінің өзіндік лайықты орнын мойындауға мәжбүр болды. Дегенмен де ол, таптық көзқарас (идеология) жетегінен аса алмай , Түркі қағанаты дәуірінде де таптық қарама-қарсы тұрушлықты іздеп әуре болады. С. Асфендияров мұны өзінің «История Казахстана (с древних времен)» еңбегінде былайша түсіндіреді: «Орхон жазбаларында үстем таптарға (аристократтарға) қарсы халық бұқарасының бас көтерулері болғаны көрсетіледі. Бұны мына үзінділер көрсетеді: «О, сендер , түркілік және оғыздық бектер мен халайық, тыңдаңдар! Аспан жоғарыдан төнген кезде, жер аяғыңның астында тапталғанда, о түркі халқы, сенің өкілдігіңді кім құртты? Өзіңнің қағаныңмен бетпе-бет келіп, өзің соған себеп болған соң өкіне бер. Сені қуғындаған ақша басып шығарушылар болып шықты ма? Жоқ, қасиетті Өтікен халқы, сен өзің кеттің... Сен өз қағаныңды тастап кеттің,

сен барлық жерде өзендерді қанға бөктіріп және тауларды сүйекке толтырып, Батыс пен Шығыс арасында кезіп жүрдің» [1, 32].

Бірақ түпнұсқа-аудармамен салыстырғанда С. Асфендияров «тәңірі» сөзін алып тастап «қағаныңды тастап кеттің» дегенді өзі қосқан. Ол атеист болғандықтан жекелеген қозғалыстарды халық бұқарасының таптық күресі деп көрсетілген.

Бұл туралы М. Шоқайдың мына пікірі орынды: « Ең көне замандардан бергі Қазақстан тарихы» атты шығармасымен С. Асфендияров. өз халқының тарихын жақсы білетін білікті ғалым ретінде көріне алмады. Автор Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин, шығармаларының аясынан шыға алмай қалғаны еңбектің бүкіл өң басынан көзге түседі. Санжар өзінің туған халқының тұрмыс-тіршілігінен тек кітап жүзінде ғана таныс. Осы әлсіздігі «мен мұндалап» тұрған еңбектерінде Санжар өз пікірін, өз көзқарасын, өз пайымдауларын айтуы тиіс кездердерде шынайылыққа әдейі көз жұмып , марксизм классиктерінен үзінділер келтіруге көшеді» [3, 162].

М.Шоқайдың былайша пкір білдіруіне С.Асфендияровтың ежелгі Қазақстан дәуіріне берген мынадай тұжырымы себеп болды: «Түркі мемлекетін ғұндар (хунндар) мен сяньбиліктердің мемлекеттерімен салыстыра келе үлкен өзгерістерді көреміз. Түркілерде феодалдық аристократия айтарлықтай көп және ұйымдасқан еді. Оларда «ақсүйектер» мен «қарасүйектерге» бөлу орын алды. Жоғарғы қызметтер ұрпақтан ұрпаққа қалды [1, 31].

Тоталитаризм кезінде 30-шы жылдардан басталған тарих ғылымындағы Сталиндік көзқарасты барлық жерде орнықтырушылық Қазақстан тарихына да әсер етпей қоймады. С. Асфендияров өз зерттеулерінде Шыңғыс хан мен оның мұрагерлері кезіндегі қазақ ру-тайпаларыныңтарихын жекелей баяндауға тырыст. Бұл осы кезеңді зерттеуде сәтті қадам болды. Географиялық үлкен көлемде зерттеу – қазақ ру-тайпалар тарихын назардан тыс қалдырып, жаңа «ақтандақтарға» жол ашты. Тарихқа таптық көзқарасты орнықтырушылар ескермеген нәрсе - Шыңғысханның Монғолияны біріктіру мен Қазақстан және Орта Азияны бағындыру тарихының өзі шындығында жергілікті тайпалық-рулық, мемлекеттік бірлестіктерді жаулау тарихы еді.

С. Асфендияровтың қазақ тарихын бағыты - таптық бағыт болды. Мұның ерекшелігі – әлі де лениндік-сталиндік тұрғыдан жазылған ғылыми еңбектердің жоқтығы болды. Коммунистік тоталитарлық жүйе нығайған кезде тарих ғылымында орныққан біржақты қарастырушының әрекеті әлі орныға қойған жоқ еді. Өзінің аталған еңбегінде ғалым: «Түркі-монғол жаулап алушылығының зардаптары төтенше үлкен болды.

Осы дәуірге дейін Азия халықтардың осыншалықты айтарлықтай орын ауыстырушылығы болмаған еді... Құрғақтағы азиялық ұлы сауда жолдарының қалпына келтірілуі мен жақсаруы, хат-хабар алмасудың ұйымдастырылуы, саяхат жасаудың салыстырмалы қауіпсіздігі – осының бәрі түркі-монғол мемлекетінің өрістеп гүлденуіне алып келді. Еуропалық мемлекеттер бұл жаққа елшілерін жіберіп отырды» [1, 77-78].

С.Асфендияров Алтын Орданың Қырым, Астрахань және Қазан хандықтарына бөлініп кеткенін атап көрсетеді [1, 82].

Қорыта келгенде, қазақ халқының тарихы XV-XVI – ғасырларда басталып, қазақты қазақты ежелгі халық ретінде көрсетіп, таптық көзқарасты қызу қолдап, С. Асфендияров тарихи шынайылықты ашуға талпынды. Еңбектерінің ғылыми негізі әлсіз бола тұрса да болашақ зерттеушілерді жан-жақты, терең ойлануға итермелеп, тарих ғылымын дамытуға айтарлықтай үлес қосты.

Әдебиеттер:

1. Асфендияров.С.Д История Казахстана (с древних времен). Алма-Ата, 1993. 304с. (ББ. 87, 99, 100, 101, 23, 24, 32, 31, 77, 78, 82.)
2. Абусейтова.М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVIIвв. -Алматы, 1988. - 246 с. (С.71)
3. Шоқай М. Таңдамалы. - Алматы. 2 том. - 520 б (Б.162).

ӘОЖ 372.83

ҚАЗІРГІ ПОЛИМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Күзембаева А.О. – аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается специфика современных гуманитарных практик и их перспективное развитие.

Summary

The article examines the specifics of modern humanitarian practices and their prospective development.

XX ғасырдың тәжірибесі мәдени дәстүрдегі алшақтық қоғам мүшелерінің дүниетанымдық дезориентациясына, сананың құндылық сферасының жойылуына, жеке адамның өмірін нашарлататын және әлеуметтік құрылымның негізін эрозияға ұшыратын немқұрайдылыққа немесе жалпы нигилизмге әкелетінін сенімді түрде көрсетті. Сондықтан бүгінде зиялы қауымның, ең алдымен гуманитарлық күш-жігерін өмірге қадам басқан жастардың тарихи-идеялық көкжиегін кеңейтуге бұру бұрынғыдан да маңызды. Алдыңғы ұрпақтардың мәдени құрылымын анықтаған құндылық доминанттарын қазіргі заманда өткен мәдениеттің сыртқы келбеті мен сипатына байланысты түсінуі керек, осылайша өзін-өзі тану және өз доминанттарын іздеу - тарту немесе итермелеу энергиясы бар мағыналы бағдарлар саласында жүзеге асырылады.

Қазіргі заманғы гуманитарлық тәжірибелердің ерекшеліктері, олардың елдегі перспективалық дамуы туралы мәселе қоюдың маңыздылығын, біріншіден, әртүрлі елдердегі адамдардың, мәдениеттер мен әртүрлі тілдік дәстүрлердің өнімді өзара әрекеттесуі үшін біртұтас рухани-адамгершілік кеңістік құру қажеттілігімен (бұл өз кезегінде болашақта адамзат қоғамының өмір сүруіне көмектеседі); екіншіден, шешімнің маңыздылығымен Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінде белгілі бір адамның психикалық, моральдық және физикалық

денсаулығы, өзін-өзі сақтау мәселелері; үшіншіден, болашақ адамның адамгершілік және интеллектуалдық өзін-өзі жетілдіру проблемаларының маңыздылығымен, жеке ынталандыратын технологиялық прогреспен; төртіншіден, жеке тұлғаны тез өзгеретін белсенді өмір сүру жағдайларына бейімдеудің және оны өзара алмасу, өзара байыту деңгейінде мәдени құндылықтармен таныстырудың шұғыл қажеттілігімен байланыстырамыз. Сондықтан қазіргі заманғы гуманитарлық және әлеуметтік философияның міндеті, атап айтқанда, білім берудің іске асырылатын міндеттерін қоюда және білім берудің гуманистік парадигмасына негізделген мәдени-бағдарланған гуманитарлық тәжірибелер арқылы отандық көпмәдениетті білім берудің тиімді қолжетімділігі үшін ең шынайы жағдайларды тұжырымдаудан көрінеді. Қоғамға білім берудің осындай философиясын ұсына отырып, гуманитарлық, мәдени-бағдарланған тәжірибелерді одан әрі зерттеу және енгізу болашақ қоғамды келешегі бар модельдеу және жаңғырту үшін алғышарттар жасайды. Бірақ қоғамның өзі білім беру жүйесіне өз талаптарын қояды, бұл, өкінішке орай, гуманитарлық ғылымдар зерттеушілері ұсынып отырған талаптарға жиі қайшы келеді. Қаншалықты кереғар көрінгенімен, білім өзінің мәні бойынша адамға, оның жоғары гуманистік мағынасында мәдениетке тікелей бағытталған бола тұра, XX-XXI ғасырларда адамгершілікке қарсы функцияларды орындай отырып, адамнан және іргелі моральдық құндылықтардан алыстай бастады. Ғылыми-техникалық прогрестің бұрын-соңды болмаған жеделдеуі, адамзаттың күшін соншалықты арттырған ашылулардың, өнертабыстардың үздіксіз каскады, гуманитарлық инновациялардан ғылыми-техникалық жетістіктердің, рухани жетістіктерден материалдық байлықтың абсолютті жоғарылығы туралы гипертрофиялық идеяларды тудырды. Білім беру тек утилитарлық жағынан - белгілі бір технологиялар мен техникаларды меңгеру үшін, нақты кәсіби функцияларды орындау үшін қажетті білім алу, дағдыларды қалыптастыру құралы ретінде қарастырыла бастады [1].

Өкінішке орай, гуманитарлық білімнің терең және үздіксіз өсіп келе жатқан дағдарысы тек біздің елімізде ғана емес, тіпті экономикасы ең гүлденген, осы салаға бюджеттік шығыстарды он есе көп жұмсап отырған елдерді де терең қамтып отыр.

Өз кезегінде, жақсы білімді адам білімді маман болып қана қоймай, зұлымдық пен зорлық-зомбылыққа қарсы батыл күресіп, қоғамда басқа адамдарға, олардың еңбегінің жемістеріне, табиғатқа, жалпы мәдениетке деген шынайы адами қарым-қатынасты бекітуі керек.

Білім адамға дүние туралы білім беріп қана қоймай, сонымен бірге осы дүниемен таныстыру әдістемесін де беруі керек. Демек, «білім беруді фундаментализациялау» ұғымының мағынасына адам және қоғам туралы негізгі білімді қосу қажет.

Белгілі болғандай, пәндердің гуманитарлық және гуманитарлық емес болып бөлінуінің салыстырмалылығы барлық ғылымдарға қатысты әдістемелік қызмет атқаратын қазіргі философиялық гуманитарлық білім мазмұнынан көрінеді. Гуманитарлық пәндер жалпы мәдени білім беру және бейресми, бейнелі,

шығармашылық ойлауды дамыту қызметімен қатар, халықтың адамгершілік, гуманистік, ұлттық-патриоттық санасын қалыптастыруда әлеуеті бар. Гуманизм қоғамдық болмыс пен сананың негізгі белгілерінің бірі бола отырып, қоғамдық прогрестің қол жеткізілген сапасын шоғырландырылған түрде көрсетеді. Жағымды жайт ретінде соңғы онжылдықтарда гуманизм тақырыбы философиялық, әлеуметтанулық және педагогикалық басылымдарда орталық орынға ие болып, бағдарламалық құжаттарда және түрлі бағыттағы саяси партиялар жетекшілерінің сөйлеген сөздерінде үнемі айтылып жүргенін атап өткен жөн. Сондықтан жүйелі дағдарыстың зардаптарын бейтараптандыру мақсатында гуманитарлық және академиялық пәндер қазақ халқының ұлттық өзіндік санасының көтерілуінің және рухани жаңғыруының маңызды факторына көбірек айналуда. Ол үшін олардың мазмұны ізгілендіру мен ізгілену принциптерін ескере отырып, түбегейлі қайта қаралып, жаңартылып, идеялық-әдістемелік тұрғыдан тереңдетіліп отыру қажет.

Сонымен, гуманитарлық білім дағдарысын еңсеру, ең алдымен, гуманитарлық ғылымдардың өз міндетіне айналды. Отандық және әлемдік философиялық ойдың оң нәтижелері мен жетістіктеріне, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ең жақсы ұлттық дәстүрлерге негізделген байыпты, мейірімді, объективті ғылыми сын гуманитарлық мамандарға отандық гуманитарлық ғылымды жаңа сапалы деңгейге көтеруге көмектеседі. Сондықтан гуманитарлық ғылымдар жүйелі және дәйекті түрде ғылыми-техникалық және жаратылыстану салаларында жинақталған жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге қадам жасауға, табиғаттағы, мәдениеттегі және білім берудегі интеграциялық және динамикалық процестер аясында біздің заманымыздың жаһандық мәселелерін үнемі түсінуге өте сәтті әрекеттерді жасай бастады [2].

Өздеріңіз білетіндей, гуманитарлық білімнің орталығында зат емес, адам және оның өзіне, табиғатқа, жалпы мәдениетке қатынасы тұрады.

Таным субъектісі мен танылу субъектісі арасындағы қатынастың мәні диалогта жатқан сияқты. Диалог тек ситуациялық мағыналарды ғана емес, сонымен бірге контексттердің шексіз әртүрлілігінде және таным барысында субъектілердің өзгеру динамикасында берілген мағыналарды да ашуды қамтиды. Демек, диалог бітеді, өйткені шынайы түсіну тарихи және тұлғаланған. Бұл жағдай жаратылыстану критерийлерінен айырмашылығы гуманитарлық білімдегі дәл түсіну өлшемдеріне ерекшелік береді. Гуманитарлық білімнің дәлдігі сәйкестендіруде емес, "бөтеннің бөтеншілігін оны таза өзіне айналдырмай" жеңуде, яғни белгілі бір дәрежеде енуде, танитын және танылатынның өзара байланысында [3].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты гуманитарлық білімнің және жалпы гуманитарлық дағдарыстың ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды гуманитарлық білімнің тағы бір қасиетіне назар аударайық. Гуманитарлық білім түбегейлі гетерогенді және ғылыми-теориялық ойлаумен қатар бейнелі, көрнекі-эффектілі ойлауды, ең соңында, бейсаналыққа ену үшін таңбалар мен белгілерді түсіндіруге негізделген таңбалық-символдық санаға негізделген ойлауды қамтиды.

Тілдің тууы, белгілі болғандай, объектілер мен әрекеттерді белгілейтін кодтардың тұтас жүйесінің бірте-бірте пайда болуына әкелді; кейінірек бұл кодтар жүйесі заттар мен іс-әрекеттердің белгілерін және олардың қарым-қатынастарын ерекшелей бастады, ақырында, айтылымның күрделі формаларын тұжырымдай алатын тұтас сөйлемдердің күрделі синтаксистік кодтары қалыптасты. Алдымен бұл тіл ым-ишарамен тығыз байланысты болды, ал бөлінбейтін дыбыс "абай болыңыз" және "барыңды сал" дегенді білдіруі мүмкін, және сол сияқты - бұл дыбыстың мағынасы практикалық жағдайға, іс-әрекетке, қимылға және тонға байланысты болды. Бұл кодтар жүйесі адамның саналы қызметін одан әрі дамыту, оның көптілділік жағдайында оның әртүрлі әлеуметтік-мәдени тәжірибелерге тиімді бағдарлануы үшін шешуші мәнге ие болды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жастарға көп мәдениетті білім беру жүйесіндегі гуманитарлық тәжірибелердің мазмұнын жаңарту мәселелері қарқынды дамып келе жатқан ашық қоғамның мүмкіндіктеріне сәйкес болып жатқан нақты динамикалық процестер аясында қарастырылуы керек сияқты.

Мұндай қоғамда жеке тұлғаның динамикалық үздіксіз көпмәдениетті/көптілді дамуын анықтайтын полимәдениет пен көптілділік мәселелері ерекше мәнге ие болады. Дәлірек айтқанда, мәдениет тілдері, олардың алуан түрлі және сан алуан мағыналары адамға өзін мәдени-тарихи субъект ретінде тануға, адамзат тарихы мен даму үстіндегі халқының тарихын қабылдауға, өз іс-әрекеттері, халқы, елі, өркениеттің болашағы үшін жауапкершілікті сезінуге, мәдениеттер диалогының субъектісі рөлін ойнауға қабілетті болуға көмектеседі [4]. Сондықтан, философиялық түсіну барысында алдыңғы екі әмбебап басымдықтардың құрамдас бөлігі ретінде анықталған табиғаттағы, мәдениеттегі және білімдегі динамиканың аясында кейбір гуманитарлық тәжірибелердің келесі жағдайларда оларды әрі қарай философиялық талдау, түсіну, түсіндіру және сәтті жылжыту мен нақты педагогикалық процеске енгізу үшін ұсынылатын қазіргі мектептерде (орта және жоғары) кейбір гуманитарлық практиканың даму перспективаларын атап өткім келеді.

1. Білім берудің гуманистік парадигмасы-пайдалылық мәдениеті әдіснамасынан өмірдің психологиясы мен жеке тұлғаның қадір-қасиеті әдіснамасына көшу, ол унитарлық парадигмадан ауытқуға, тек білімді игеруге, дағдыларды қалыптастыруға бағытталудан, тұлғаға бағытталған оқыту мен тәрбиеге мүмкіндік беретін білім берудің өзгермелі, дамушы, семантикалық және түсінікті моделін білдіреді.

Болжамдық тұрғыдан алғанда, бұл парадигма сыни белгісіз жағдайларда қоғам мен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы болып табылады.

2. Мектептің мәденишығармашылық миссиясы-мәдениеттегі тұлғаны қалыптастырудың басымдығы, ол білім беру процесіне тікелей қатысушылардың әртүрлі гуманитарлық мәдени-бағдарланған тәжірибелер кеңістігінде өзара әрекеттесуін, сондай-ақ тұтастай алғанда білім беру процесін транстілдік бейімдеу жағдайында әр адамның тиімді өзін-өзі жүзеге асыруын қамтиды.

Қазіргі мектептің жобалық кеңістігінде көп мәдениетті және көптілділікті дамыту принциптері барлық "тірі" тілдер мен біртектес емес субъектілік орталықтардың (тілдік тұлғалардың) қазақстандық көп тілді білім беру кеңістігінде бейбіт қатар өмір сүру құқығын білдіреді.

Бұл ретте оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қағидаттық көзқарас тіл мен субъектілік орталықтың ерекшелігін, сондай-ақ әртүрлі үлгідегі білім беру мекемелерінде (жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей, колледж, ЖОО) тілдер мен мәдениеттерді зерделеудің дәйектілігін ескеруді көздейді.

3. Білім берудегі интеграциялық процестер – гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдерді интеграциялауға негізделген, дамып келе жатқан тұлға әлемінің тұтас бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін білім мазмұнын қалыптастырудың пәнаралық қатынасы, яғни практикалық әртүрлі әлеуметтік-мәдени кеңістіктерде мәдени коммуникацияны жүзеге асыруға дайын болу, сонымен қатар педагогикалық процестің субъектілерінің өзін-өзі лайықты көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру.

4. Білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңартудың айқын тәжірибеге бағытталған стратегиясы – вариативтілік; мәдени-ағарту тәжірибесіне тән білім беру әлеуетінің рөлін күшейту; тұлғаның көптілді концептосферасын қалыптастырудың құзыреттілік тәсілі; білім беру үдерісі субъектілерінің әртүрлі білім беру құзыреттіліктерін жетілдіруге ықпал ететін бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етудің сапалық сипаттамаларына мән беру; мектептің мәдени-білім беру ортасының мүмкіндіктері кеңістігінде мұғалім мен оқушының көптілді мәртебесін (рөлдік репертуарды) арттыру (оның ішінде оқу бағдарламасын, оқулықты, профильдеу бағыттарын, біліктілікті арттыру нысандарын және өзіндік -мұғалім білімі және т.б.).

5. Тілдерді оқытудың сапалы жаңа тәсілі/мәдениеттің экспрессивті құралдары (вербальды және вербальды емес) – дамып келе жатқан тұлғаның сөйлеу және коммуникативті әрекетінің дамуының барлық деңгейлеріндегі тіл тәжірибесінің сабақтастығы. Осы тәсілдің аясында келесі өзекті бағыттарды жүзеге асыру жоспарлануда – сөйлеу әрекетінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық аспектілерін меңгерудің жуықталған нормаларынан ауытқудың алдын алу және пропедевтика мақсатында мектепке дейінгі оқыту; бастауыш мектеп – балалардың өзін-өзі көрсету тұрғысынан мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтуді көздейтін ерте тіл үйрену; орта мектеп – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеміндегі өзгермелі өмір жағдайларына бейімделу мақсатында профильдік дайындық; жоғары мектеп – дүние жүзіндегі объективті қалыптасқан көптілділік жағдайында тиімді мәдени өзін-өзі анықтау мақсатында мамандандырылған білім беру; басым және перспективалық бағыттар – гуманитарлық, жаратылыстану, математика, экономика және ақпараттық-білім беру шеңберінде бейіндік білім беруді ұйымдастырудың көп деңгейлі тәсілдері.

Әдебиеттер

1. Богданец Т.П. Интеграция естественнонаучных и обществоведческих знаний в образовательном процессе начальной школы / Народное образование -Педагогические технологии - 2008. -№3.- С. 3-13.

2. Буланкина Н.Е. Проблема эффективного культурного самоопределения личности в полиязыковом образовательном пространстве. - М.: АПКиППРО, 2002.
3. Буланкина Н.Е. Полиязыковая концептосфера современного педагога. Новосибирск: Изд-во НИПКиПРО-МПГУ, 2009.
4. Соколков Е.А. Проблемы поликультур и полиязычий в гуманитарном образовании - М.: Университетская книга - Логос, 2008.

ӘОЖ 371.3

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Молдабек Қ.-п.ғ.д.,профессор
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрены вопросы применения современных информационных технологий в процессе обучения казахскому языку

Summary

The article discusses the application of modern information technologies in the process of teaching the Kazakh language

Дүние жүзінде ғылым мен техниканың қарыштап алға басып дамыған кезеңінде ақпараттық ағымдардың таралуын қамтамасыз ету ақпараттық кеңістікті қалыптастыратын ақпараттық технологиялардың әсерімен сипатталады. Демек, ақпараттық технологиямен қарулану-дүниежүзілік өркениеттен қалмаудың кепілі. Сондықтан Республикамызда замана талабына сай оқу мен оқыту процесі түбегейлі өзгеріске ұшырауда және қалыптасуда. Бұл үдеріс қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктерге сәйкес келуі тиіс,себебі ел болашағы балаларға озық әдістемелермен сабақ өту оқу процесінің педагогикалық теориясы мен практикасына өзгерістер енгізеді. Әдістеме ғылымындағы соңғы жетістіктер мен жаңалықтар мектептердегі оқыту процесінің қажетті элементі болуға арналған. Ақпараттық технологиялар мәселесімен көптеген отандық ғалымдар мен педагогтар: Ф.Оразбаева, Р. К. Жүнісова, Р. Е. Бекишева , Қ. Молдабек, Р. И. Кенжебекова және басқалар айналысуда.

К. К. Колин, В.И. Андреев, Н. О. Вербицкая, В. В. Бачманова, Н. О. Вербицкая, И. П. Подласый, В. Д. Симоненко, В. А. Сластенин, В. В. Шапкин, А. С. Белкин, сияқты көптеген ғалымдар Ресей педагогикасындағы ақпараттық технологиямен оқытуды, тұлғаға бағытталған оқытудың негізі ретінде қарастырды. Оқу процесінде ақпараттық технологиямен оқытуда тіл дамыту мәселесі педагогикалық тұрғыдан; оқушылардың ақпараттық технологиямен оқытудағы өзін қоршаған ортадағы құбылыстарын түсінуі мен қабылдауы; ғылыми біліммен байланысы; ақпараттық технологиямен оқытудың ілімге құндылық қатынасын қалыптастыруға әсері және ақпараттық технологиямен оқыту. Ресейлік және Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері ақпараттық кммуникациялық технология-ғылым мен техниканың дамуының нәтижесі. Демек, ғылым мен техниканың дамуына орай әдістеме ғылымы да алға басып, ооқытудың жаңа технологияларын қоланады. Бұдан технологияларды дамытудың

келесі кезеңдерін бөлуге болады: - ақпараттық технология, оның құралдары: қаламсап,түрлі сиялар мен ақпараттық технологияға арналған кітаптар. Байланыс хаттар, сәлемдемелер, поштамен жіберу арқылы іске асады. Технологияның мақсаты – кез келген ақпаратты нысанда ұсыну; - поштада кез келген ақпаратты жеткізудің анағұрлым жылдам жеткізетін құралдармен жабдықталған, оның құралдары: жазу, телефон, диктофон болып табылады. Технологияның мақсаты - қажетті ақпаратты қажетті формада ұсыну;

2295 - "сенсорлық" технология, оның құралдары: компьютерлер, бағдарламалық, электрлік жазу машинкалары, принтер, ксерокс, портативті жазу машинкалары қолданылды. Ақпараттық технологиялардың мақсаты кез келген ақпаратты ұсыну арқылы ақпараттың мазмұны қалыптастыруға ауыса бастайды. Сөйтіп ақпараттық-коммуникациялық технология өмірге келді. Ақпарат алмасудың автоматтандырылған жүйесі күнделікті қатынас құралына айналды. Ғалымдар бұл жаңалықты оқу-оқыу процесінде қолдану мен пайдалану амалдарын іздестіре бастады. Нәтижесінде әдістеме ғылымы әлеменде «ақпараттық технология, витагендік технология, ақпараттық -коммуникациялық технология» ұғымдары оқыту процесіне енді. Бұл процесс оқушыларда білімге, білуге деген қызығушылықтары мен ынталықтарын оятты. Оқушылар өздеріне тән жеке компьютерлер арқылы оқу мен ақпараттандыру алмасудың тиімді екенін түсіндірді [1].

Ф.Ш.Оразбаева заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дың құралдары бағдарламалық, бағдарламалық-ақпараттық және техникалық құралдар, сондай-ақ микропроцессорлық, есептеу техникасы, ақпаратты тарату, ақпарат алмасудың заманауи құралдары мен жүйелері негізінде жұмыс істейтін, ақпаратты жинау, өндіру, жинақтау, сақтау, өңдеу, беру және т. б. операцияларды қамтамасыз ететін құрылғылар болып табылады және ақпаратты беру мүмкіндігін түсінеді компьютерлік желілердің ақпараттық ресурстарына қол жеткізеді дейді [2].

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың заманауи құралдарына компьютерлер, барлық кластағы компьютерлерге арналған терминалдық жабдықтар жиынтығы, жергілікті есептеу желілері, ақпаратты енгізу-шығару құрылғылары, мәтіндік және графикалық ақпаратты енгізу және манипуляциялау құралдары, үлкен көлемдегі ақпаратты мұрағаттық сақтау құралдары және қазіргі заманғы компьютерлердің басқа да перифериялық жабдықтары жатады. Сандық және кері деректерді ұсынудың дыбыстық формасы аудиовизуалды ақпаратты манипуляциялау құралдары мен құрылғылары ("виртуалды шындық" мультимедиялық және технологиялар негізінде); жасанды интеллект жүйелері; бағдарламалық кешендер (бағдарламалау тілдері, аудармашылар, компиляторлар, операциялық жүйелер, қолданбалы бағдарламалар пакеттері және т.б.) және т. б.; пайдаланушылардың жергілікті деңгейде ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін заманауи байланыс құралдары. Қазақ тілін оқыту процесінде ақпараттық технологияларды қолдану педагогикалық қызмет нәтижелеріне тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқытушылар мен білім алушылардың өзара іс-қимылының түбегейлі жаңа

тәсілдерін, әдістерін пайдалану дербес оқытуды жүзеге асыруға, кең ақпараттық ресурстарға ашық қол жеткізумен кері байланыстың болуына мүмкіндік береді.

Компьютердің және оның мүмкіндіктерінің көмегімен оқушы әр түрлі ортада өзін таба алатын нақты ортаны құра алады, сондықтан одан шығармашылық көзқарасты ойлауды талап етіледі. Интернетті пайдалану авторитарлық оқыту стилінің демократиялық стильге ауысуына ықпал етеді. Білім алушының проблемаға қатысты түрлі көзқарастарды зерделеуге, өз пікірін өз бетінше тұжырымдауға мүмкіндігі бар. С. Кружканың пікірінше компьютер мұғалім мен оқушының қарым-қатынасын белгілі бір дәрежеде модельдей алады, тәлімгерлік, ынтымақтастық және қолдау қатынастары, адами қарым-қатынастың вербалды емес компоненттері болып табылады [3].

Білім беру стандарты кәсіби және жалпы кәсіби құзыреттердің негізгі жиынтығын белгілейді. Құзыреттіліктің қалыптасуы пәнаралық принципті ескере отырып, сондай-ақ әрбір жеке пәннің ішінде жүреді. Осылайша, осы дайындық бағытының түлегі келесі кәсіби қызметте жүзеге асырылатын құзыреттер жиынтығына ие болуы керек. Осыған байланысты бірден бірнеше құзыреттер, атап айтқанда, интернет-технологияларды қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік беретін технологиялар алдыңғы қатарға шығады. Интернет байланысының ең тиімді түріне электрондық пошта, чат, форум, видео -, веб-конференциялар жатады. Алғашқыда олар бір-бірінен алшақтай орналасқан балалар арасындағы қарым-қатынас үшін, содан соң қазақ тілін оқытуда оқу мақсатында қолданыла бастады. Ақпараттық ресурстарда интернет желісін түрлі тілдерде берілген тақырыптарға арналған 2287 мәтіндік жазба және визуалды материалдар бар. Дегенмен, оқушылар қазақ тілін оқыту процесінде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне пайдалану үшін тиімді пайдалана алатындай арнайы ақпараттық ресурстарда интернет желісін әзірлеу қажеттілігі туындады. Осылайша, оқу интернет-ресурстарының әрбір түрі өткеннен туындайды, біртіндеп күрделене түседі және күрделі оқу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Молдабек К., Кенжебекова Р. И. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру / / Торайғыров университеті ғылыми журналының хабаршысы, ISSN педагогикалық сериясы 2710-2661, № 3 (2021) Павлодар 139-149 ББ.

2.Оразбаева Ф. Тіл әлемі [Электрондық ресурс]: http://doc.nlrk. kz/result/ebook_105/index.html

3.Жүнісова Р.Қ. Қазақ тілі сабағында оқушылардың ауызекі сөйлесуін Еуростандарт негізінде ақпаратты- коммуникативтік технологиялар арқылы дамытуды басқару [Электрондық ресурс]: http://kzgov.docdat.com/ docs/ 486/index-294865.html.

ӘОЖ 373.16.1

«ВИУЗАЛДЫ ӨНЕР» ПӘНІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ДИЗАЙНДЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қасмырзаев Б.Н.-магистр оқытушы
Узахова А.С.-п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Қазақстан, Шымкент
Касимова Х.И.
Педагогикалық шеберлік орталығының Шымкент қ. филиал тренері

Резюме

В статье рассматривается главная проблема системы дизайнерского мышления как-образное мышление, наряду с улучшением качества занятий, улучшением вида, повышением интереса обучающихся к занятиям с помощью эффективных методов и приемов; умение участвовать во всесторонне развитой жизни, формирование уверенности в себе и качественное образование. Характеризуется, что, правильно применяя современные методы обучения в учебном процессе, мы обязательно добьемся успеха на уроке.

Summary

The article considers the main problem of the design thinking system as imaginative thinking, along with improving the quality of classes, improving the appearance, increasing the interest of students in classes using effective methods and techniques; the ability to participate in a comprehensively developed life, building self-confidence and quality education. It is characterized that by correctly applying modern teaching methods in the educational process, we will definitely succeed in the lesson.

Кез – келген пәнді оқыту мен үйрету оқытушының сабақ барысын сапалы ұйымдастыруымен жүреді. Айта кету керек, бейнелеу өнерін оқитын студенттердің көркемдік және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқу материалдары дәстүрлі бейнелеу өнері бойынша білім беру мазмұны негізінде қалыптасып келді.

Бейнелеу өнерінің дәстүрлі білім беру мазмұнына әлемдік және отандық суретшілердің классикалық және заманауи шығармашылық туындылары, бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары, құралдары мен материалдары, бейнелеу бейнелерін көркемдік-экспрессивті тәсілдермен және көркемдік-техникалық құралдармен орындау әдістері, композициялар, түстер, перспективалар, бейнелеу өнерінің әртүрлі жанрларын орындау әдістері, сәндік-қолданбалы өнер, сәулет, мүсін, дизайн қазіргі таңда «Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша «Визуалды өнер» пәнінде оқытылуда [3].

Осылайша, визуалды өнеріндегі дизайн ойлауға бағытталған студенттің оқу материалдары пәннің дәстүрлі бейнелеу өнерінің білім беру мазмұнынан қалыптасқанын көруге болады. Тағы да, біз визуалды өнер сабақтарында студенттерді суретші ретінде дайындауды білім беру процесінде жүзеге асырмаймыз. Негізгі когнитивті құндылық - олардың дизайндық ойлауын дамыту. Сол себептенде, оқу материалының бөлігі ретінде олардың дизайндық ойлауын дамыту үшін, көркемдік жұмыстың жоспарлары, дайындау кезінде шығармашылық идеяларды әзірлеу, зерттеу, шығармашылық жұмыстарды ұсыну,

талдау және бағалау негізге алынады. Визуалды өнер пәнінің тақырыптарын ашу білім алушыларға танымдық когнитивті немесе зерттеу әдістерімен үйретіледі.

Когнитивті терминдердің мағынасы-қоршаған орта арқылы білімді (когнитивті) игеру процесі, оқытудан алынған ақпарат болғандықтан, «мен ойлаудың не екенін білемін» – деген ұғымға да қолдануға болады. Себебі, визуалды өнердегі дизайндық ойлауға таным ойлау, тіл, қабылдау, есте сақтау, пайымдау, назар аудару, мәселелерді шешу және шешім қабылдау сияқты көптеген факторлар кері әсерін тигізбейді. Бұл интеллектуалды даму мен тәжірибенің бөлігі болып саналады [2].

Когнитивті әдістер студент өзінің идеяларын, мәнін, көркемдік ерекшеліктерін, болашақ сабақтарда жасалған шығармалар идеяларын, ақпарат жинауға және оны көрсетуге бағытталған әрекеттерді жасауға мүмкіндігі мол болса, дизайндық ойлау - бұл мәселелерді шешудің жүйелі тәсілі қызметін атқара алады. Бұл жүйенің орталығында идея орналасқан; ол болашақта оған пайда әкелетін жаңаша шешімдер жасауға бағытталған [2,3б].

Сондықтанда дизайндық ойлау бізге болашақтың объективі және мүмкін болатын даму нұсқаларын бағалауға көмектеседі. Ол үшін ең 4 негізгі ережені ұстануы керек: [1].

Эмпатия - дамуға бағдарланған инновациялық идеялардың оқу процесінің игілігі үшін жұмыс істейді.

Шоғырландыру - идеяларды кез келген жерден іздеуге болады. Балама шешімдерді ұсыну үшін сіз өзіңіздің қабілеттеріңіз бен дағдыларыңыздан асып кетуіңіз керек. Бұл сізге мәселені басқаша шешуді үйренуге көмектеседі.

Қайта құру. Адамдардың негізгі қажеттіліктері өзгеріссіз қалады. Жаңа өнімді жасаудың қажеті жоқ, бірақ бар өнімді жаңарту немесе басқа саладан инновациялар енгізу жеткілікті болуы мүмкін.

Қол жетімділік. Прототиптеу мәселені түсінуге және оны тиімдірек шешуге көмектеседі.

Тестілеу - нәтижені шығару. (1-сурет).



Сурет 1. Дизайндық ойлау кезеңдері

Зерттеу әдісін қолданатын болсақ, алдымен бірнеше суреттерді визуалды түрде көрсетеміз? Содан кейін келесі шарттар қоямыз: Суреттерге мұқият қара.

Суреттерде не бейнеленген деп ойлайсың? Бұл бейнелер қалай жасалған? Олар неге ұқсайды? Суреттерге мұқият қара. Сенің ойыңша, бұл суреттер қалай салынған? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Суреттерді көргенде сенде қандай ой туды? Оларда қандай тақырып немесе идея көрсетілген деп ойлайсың? Виузалды елестету үшін Б.Қасмырзаевтың туындылары берілді (2-сурет).

Портрет жанры көлемі 40х50 Түрлі түсті қалам

Тәуелсіз Қазақстан көлемі 100х80 Акрилді бояу техникасы

Көкпар көлемі 120х80 Майлы бояу техникасы

Сурет 2. Б.Қасмырзаевтың туындылары

Белгілі бір тарихи жағдайларда алынған адамдардың әлеуметтік қатынастары мен функцияларынан гөрі бақылау және қабылдау, объектілер, заттар немесе процестер туралы белгілі бір ақпаратты алу және салыстыру процесіне байланысты студенттерге тапсырма берілді.

Тапсырма: Сен қандай бағытта сурет салар едің? Онда қандай идея немесе тақырыпты ашар едің? Өз идеяңды жүзеге асыруға қандай көркемдеуші құралдарды, тәсілдер мен техникаларды қолданар едің? Сенің картинаңды қайда қолдануға болады? Сонымен келесі тапсырмалар орындалды.

Тау бөктері. 40х50 см. Кенеп Майлы бояу авторы. Шүкірбаева Гүлмарал

Табиғат көрінісі. 40х50 см Кенеп. Майлы бояу. Авторы Иласова Айжан

Сұрақтар қойылады: Сен қай катинаға ерекше назар аударды̆ң? Себебі неде? Сіздің салған суретіңіз қай бағытта салынған. Айтып бер.

1-студент (Шүкірбаева Г). Өнер нысаны - әлемді, адам өмірін және қоршаған ортаны көркем және эстетикалық зерттеу арқылы, өнер туындысының негізінде жеке тұлғалардың тағдыры,

2-студент Г.Иласова: Өнерде адам мен табиғат арасындағы күрделі байланыстар мен әлеуметтік қатынастарды терең мағынамен, шиеленісті драмамен толтыру прпоцесі артып келеді. Сол себептен өзімнің жаныма жақын 3-суретті таңдап алдым. Біріншіден, майлы бояумен жұмыс жасауды меңгердім,

екіншіден «Көкпар» өткізгеннен басқа да қазақ жерінде, жасыл желекті, сулы кең және шұрайлы жерлерін бейнеледім.

Шығатын қорытынды: студенттер қоршаған ортадағы визуалды элементтерді анықтау, таңдау, қолдану және мәнерлі құралдар арқылы өз идеясы мен сезімін көрсете алады. Визуалды элементтердің мәнерлі құралдар ерекшеліктері арқылы, фотосуреттің де әр түрлі типтері мен жанрларын таниды.

Студенттің жеке қабілеттерін ескере отырып, студенттің күтілетін нәтижелерін олардың жеке қолдауымен тапсырмаларды таңдауда, оқу материалдары мен ресурстарын таңдауда бөлуге болады. (Гарднердің көптілді интеллект теориясы). Уақытты ұтымды пайдалану кезінде дизайндық ойлауды сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1.Саханова Г.Б., Измаханова А.К. Кәсіпкерлікте дизайн-ойлау әдісін қолдану. Вестник университета «Туран». 2019;(4):91-95

2.Узахова А.С., Байбатшаева А.Е. Когнитивтіктен әрекетке ауысу-білім беруді жаңғырту факторы. Қазақстанның ғылымы мен өмірі // Халықаралық ғылыми журнал. Алматы. 2019, №12 (3) - Б.110-114.

3. Жақманов М.Қ., т.б. Көркем еңбек оқулығы. Визуалды өнер тарауы. 7 сынып. ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен. Астана, 2017.

ӘӨЖ

ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ФОНЕТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б-ф.ғ.к., аға оқытушы
Саттарбек Ж.А-1701-11 тобының II курс магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье исследуются различные инновационные технологии обучения темы фонетика по казахскому языку и целесообразность их использования с целью повышениея качества знаний учащихся, развития их интеллектуальных и речевых способностей.

Summary

The article explores various innovative technologies for teaching the topic of phonetics in the Kazakh language and the feasibility of their use in order to improve the quality of students' knowledge, develop their intellectual and speech abilities.

Қазіргі уақытта білім саласында бәсекеге қабілетті, сауатты сөйлеу дағдыларын меңгерген (ауызша және жазбаша), тиімді қарым-қатынас жасау қабілетіне ие, өз сөзімен де, ісімен де оқушыға әсер ете алатын, оны сендіре алатын кәсіби педагог маманға деген сұраныс өте үлкен.

Қазақ тілі – танымдық құндылығы өте жоғары оқу пәні. Жалпы орта мектептерде өтілетін қазақ тілі сабақтарында оқушының ой-өрісі қалыптасады, ана тіліне деген сүйіспеншілік сезімі артады, тіл арқылы жалпы адамзаттық құндылықтар ұғынылады. Қазақ тілін еркін меңгерген баланың интеллектуалдық дамуы, барлық басқа оқу пәндерін меңгеруі оңай жүзеге асады. Қазақ тілін мектеп

курсында сапалы оқытудың мақсаты – оқушының білім аясын кеңейтуге, интеллектуалдық дамуының межесін көтеруге ұмтылудан тұрады [1; 12 б.].

Тіл адам өмірінің көптеген салаларымен байланысты, ол оған деген жоғары қажеттілікті және оның жоғары құндылығын объективті түрде анықтайды. Дегенмен, тілге деген субъективті қажеттілік оның әлеуметтік қолданылу аясының шектеулілігінен және оған қызығушылықтың жоқтығынан айтарлықтай азаюы мүмкін. Сондықтан бүгінгі мектептің күрделі мәселелерінің бірі – оқушылардың қазақ тілі сабағына деген қызығушылықтарын көтеру, сол арқылы оқушылардың сауаттылығын қалыптастырып, ойын дұрыс, логикалық түрде жеткізе алуына жағдай жасау. Әсіресе, қазақ тілі ғылымының негізгі салаларын оқушылардың тез меңгеріп кетуіне жан-жақты жағдай жасау білікті педагогтың пәнді оқыту барысында қолданатын жаңашыл әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологияларына байланысты.

Фонетика – тілдің дыбыстық құрылымы мен оның материалдық жағын құрайтын барлық дыбыс құралдарының жиынтығы (дыбыс, дыбыс тіркесімдері, екпін, ырғақ, әуен, интонация, кідіріс) [2; 56 б.].

Фонетикалық дағды – дыбыстарды дұрыс айта білу, қажет жерде екпін қоя білу, барлық интонацияны дұрыс айту [2; 58 б.]. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде тілдің бұл саласын оқытудың екі негізгі тәсілі бар. Қазіргі заманғы оқыту әдістері осы екі әдісті біріктіру негізінде құрылған. Біріншісі - артикуляциялық тәсіл. Екіншісі – акустикалық тәсіл. Бұл тәсілдерді меңгеруде де инновациялық технологияларды қолданудың артықшылықтары көп.

Келесі мәселе – қазақ тілі сабағында фонетика саласына қатысты оқу материалын жалпылау және жүйелеу мәселесі. Қолданыстағы оқулықтарда бір фонетиканың үндестік заңы, орфографиялық және орфоэпиялық тақырыптарына қатысты материалдары бөлшектеп оқытылатындықтан, кейде әртүрлі сыныптардың оқулықтарында алшақтап оқытылатындықтан, мектепте фонетика бойынша бағдарламалық материалды оқыту мәселесі ерекше мәнге ие болады. Жалпылау болмаған жағдайда, бұл оқушылардың санасында сол фонетика саласы туралы тұтас, жүйелі идеяны қалыптастыруды қиындатады.

Орфографиялық материалдың дұрыс, сәйкес келмеуі жалпылау мәдениетінің жеткіліксіздігіне әкеледі. Сондықтан орфографияны оқыту жұмысының тиімділігі негізінен оқушылардың санасында оқытылатын материалдың логикалық құрылымы туралы түсінік қалыптастыру әдістерімен анықталады [3; 24 б.]. Осыған байланысты қазақ тілі сабағында оқушылардың тілдік белсенділігін дамытуға ықпал ететін тиімді технологияларды таңдау өзекті болып табылады.

Қазақ тілі сабағында фонетиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың негізгі мақсаты – оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың интеллектуалдық және сөйлеу, жазу қабілеттерін дамыту.

Фонетиканы оқытудың инновациялық әдістемесінің тұжырымдамалық негізі:

1. Фонетиканы инновациялық оқытудың принциптері:
   - ✓ тілдік ақпаратты дидактикалық метафорациялау принципі;
   - ✓ жүйеде білімді белсенді меңгеру үшін шығармашылық қабілеттерін ашу принципі;

- ✓ рационалдық пен эмоционалдық қатынастың принципі;
- ✓ сабаққа енгізілген мәтіндік материалды таңдау мен бағалауда қызмет ететін коммуникативтік жеткіліктіліктің нақты әдістемелік принципі.

2. Фонетиканы инновациялық оқыту әдістемесі:

- ➢ мәселені визуализациялау әдісі;
- ➢ лингвистикалық тұспалдау әдісі;
- ➢ ассоциативті байланыстарды белсендіру әдісі;

3. Қазақ тілі сабағында фонетиканы инновациялық технологиялар арқылы оқытудың жұмыс әдістері:

- ассоциативті әдіс;
- сұрақ-жауап әдісі;
- дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру әдісі және мәтінді құру кезінде оны есептеу әдісі;
- мәтіннің микротақырыптарын орналастыру схемасын құру әдісі және оны дайын мәтіннен оқшаулау әдісі және т.б. [4; 7 б.].

Инновация ғылымына сүйену қазақ тілі сабағында фонетиканы инновациялық технология деңгейінде оқыту әдістемесін жасауға мүмкіндік береді, ол бір уақытта ұйымдастырушылық, материалды-дидактикалық және құрылымдық деңгейде ізденіс-технологиялық модельдің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Инновациялық технологияның ұйымдастырушылық жағы инновациялық оқыту әдісін жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі, ол оның екі түрі бойынша әрекет етеді:

- ❖ тілдік ақпаратты метафорациялау (дидактикалық ойындар);
- ❖ сөйлеуді инновациялық дамыту (зерттеу сабағы).

Қазақ тілін оқытуда фонетика саласын оқушыларға оңай меңгерту мақсатында инновациялық технологияның бір түрі - дамыта оқыту технологияларын қолданудың тиімділігі үлкен. Фонетикалық мәтін тапсырмаларын талдаумен жұмыс істегенде оқушылардың ассоциативті ойлауын дамытуға көп көңіл бөлген жөн. Сабақта келесі технологиялар сәтті қолданылады:

- ❖ топтық;
- ❖ жеке тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған дамыта оқыту жүйесі;
- ❖ білім беруді даралау технологиясы;
- ❖ жобалық технологиялар, бұл зерттеу жобаларында да, сабақтан тыс жұмыстарда да (сценарийлерді әзірлеу және осы сценарийлер бойынша іс-шараларды өткізу) жобалық технологияларды белсенді қолдануды қамтиды [5; 21 б.].

Кең тараған инновациялық технологиялардың бірі модульдік оқыту болып табылады, онда проблемалық және тұлғалық-индивидуалдық әдіс қолданылады. Модульдік технология оқытудың икемділігін, жеке тұлғаның жеке қажеттіліктеріне, оның дайындық деңгейіне бейімделуін қамтамасыз етеді [6; 14 б.]. Мәселен, қазақ тілі сабақтарында фонетиканы оқыту барысында сөйлеу әрекетінің 4 түрі қолданылады: тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім.

Фонетика тақырыбын ашуда белсенді әдістер мен тәсілдер қолданылады. Әрбір модульдің соңында бақылау орындалады, яғни әр оқушының фонетика тақырыбы бойынша сабақ материалын қандай деңгейде меңгергенін көрсететін диагностика жасалады.

Оқушыға бағдарланған оқыту технологиясы бойынша қазақ тілі сабағында фонетика тақырыбын меңгерту сабағы жеке тұлғаның шығармашылығына жағдай жасау арқылы жүргізіледі. Бұл өз кезегінде оқушылардың өзін-өзі ашуына, өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі.

Фонетика тақырыбын оқытуда инновациялық технологияларды қолдану:

- балалардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады және тереңдетеді;
- оқушылардың өз бетінше танымдық іс-әрекеті (оқуға бастау, ізденімпаздығын дамыту, ой-өрісін кеңейту), сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- оқушыларға фонетикаға қатысты үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, зерттеу дағдыларын (мәселені көру және оны шешу жолдарын көрсету), коммуникативті дағдыларды (топпен жұмыс) алуға көмектеседі [7; 2 б.].

Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту нәтижесінде оқушылардың ой белсенділігі артады, оқушылар қазақ тілінде білім, білік, дағдыларды меңгереді. Қазіргі оқушы ақпараттың алуан түрін пайдалана білуі, қоғамда әлеуметтенуі қажет. Сондықтан инновациялық технологияларды қолдану бүгінгі таңда өзекті болып табылады, өйткені көптеген адамдар үшін ақпараттық кеңістік қолжетімді, қызықты және пайдалы. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып, мұғалім оқушылардың оқытылатын пәнге деген қызығушылығын арттыруға және тереңдетуге мүмкіндік алады, ал өз кезегінде қарапайым жалпы білім беретін мектеп оқушысы оқуды ынталандыратын инновациялық жағдайларда жұмыс істей алады.

Сонымен, қазақ тілі сабағында фонетиканы оқытуда қолданылатын инновациялық технологияның ұйымдастырушылық жағы инновациялық оқыту әдісі, дидактикалық ойындар әдісі және зерттеу әдісі сынды ұғымдарды қамтиды. Фонетиканы оқыту оқушы үшін де, мұғалім үшін де тиімді әрі қызықты болуы үшін мұғалім қазақ тілінің фонетикасынан жоғары теориялық білімге ие болуы, оқушылардың қателерінің пайда болуын алдын ала болжай алуы, оқыту технологияларын оқытудың мақсатына қарай түрлендіре білуі қажет.

Жалпы, қазақ тілі сабағын оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар оқушыны оқу іс-әрекетінің субъектісіне, өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі қамтамасыз етуге ұмтылатын тұлғаға айналдырады. Олай болса, қазақ тілін оқытуда, оның ішінде қазақ тілінің маңызды әрі күрделі саласы – фонетиканы оқытудың заманауи технологияларын қолдану білім сапасын арттыруға, оқушылардың сабақтағы тиімділігіне, оқушылардың пән тақырыбына деген тұрақты қызығушылығын арттыруға әсер ететін оқыту әдістерінің кең спектрін қолдануды көздейді деген қорытынды жасауға болады.

Әдебиеттер

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы: Қазақ университеті, 1993. -160 б.
2. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі А.Әбілқаев. - Алматы. Санат. –1984. –235 б.
3. Амандыкова Г. Қазақ тілін окыту әдістемесі. Алматы, 2007. 103-105 б.
4. Амиргалина Н. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы: Білім. № 4, 2009. 17-19 б.
5. Садуова Ж. Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану - Алматы: Білім. № 5, 2006. 22-24 б.
6. Такишева Г. Модульдік оқыту технологиясын пайдаланудың тиімділігі. Алматы: Білім. № 4, 2009.
7. https://kabdolov.kz/aza-sha-sayra/o-u-ma-alalary-uchebnye-stati/innovatcionnye-metody-izucheniya-kazakhskogo-yazyka-v-russkoyazy

ӘОЖ 930.221.(574) «15 в/1917»

САЙРАМДАҒЫ ИШАНДАРДЫҢ КЕҢЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТІ

Б.С.Айтай
ОҚМПУ дің «Әлем тарихы және
дінтану» кафедрасының аға оқытушысы,
т.ғ.к., Шымкент қ.

Резюме

В статье расматривается процесс уничтожения Советской властью один из социальных слоев -духовенства-ишанов в Южном Казахстане 30–е годы прошлого века. В данной статье изучается некоторые источники по архивным документам.

Summary

The article examines the process of destruction by the Soviet government of one of the social strata - the Ishan clergy in Southern Kazakhstan in the 30s of the last century. This article examines some sources on archival documents.

Кеңес өкіметінің мұсылман діндарларымен қатынасы өте күрделі болды. Әсіресе, 1920-1930 жылдары ол ашық дұшпандық сипатқа көшкен екен. Ғасырлар бойына ұстануы жалғасып келген дініміз исламның соңғы насихатшылары, қорғаушылары болған ишандар осы кезеңде құғындалды. Бұлар, ислам әлемі мойындаған «әһли сунна жамағатының» өкілдері саналды. Олар Ясауия ілімін де насихаттаған ишандар болатын.

В.В.Бартольд ишандар туралы өз зерттеуінде, “олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау “шеих, пір, ұстаз” мағынасында қолданылған” деп анықтама берді[1]. Ишандар XX ғасырдың басына дейін Орталық Азиядағы әсіресе, отырықшы халықтардың арасында әлеуметтік-мәдени және ағарту ісінде елеулі орын алған қызметтік-дәреже екенін тарихтан көруге болады. Оларды халық құран, араб тілі және ахлақ-моральдан зор білімі бар ұстаздар деп қабылдады. Ишандардың генеалогиялық шығу тегін шежіреде қожадан, әулиеден, ақсүйектерден таратып көрсетеді. «Ишан”, “ишон”, “эш-он”,“эшан” деп аталған құрметті дін иелеріне берілген титул болды.

Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің «Искандер» баспасынан 2009 жылы

22,3 баспа табақпен «Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940 годов» [2] деген атпен жарық көрген еңбегінде мұсылман дінінің көрнекті өкілдерін құғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаменті мұрағатынан алған құпия құжаттарын жариялайды. Еңбектегі «Ишандар ісі» деп аталатын төртінші бөлімдегі деректік құжаттар ерекше назарды өзіне аудартады. Онда, Аппақ Мақсұм ишан Сейдахметұлы (*1864-1931 жж. өмір сүрген*) туралы жаңа деректер келтіреді. М.Қойгелдиев Ақ ишан және Аппақ ишан деген атпен жүрген сол кезде Оңтүстік Қазақстан өңірінде екі кісі болғандығын айтады [2,194-б]. Ақ ишан - Абдул Уахит деген ишан, Қоқан қаласының тумасы, ұлты өзбек, 1922-1929 жылдары Түркістан қаласында тұрған. Ұстаздық етумен айналысқан. 1929 жылы Мекке тарапына көшіп кетіпті. Ал Аппақ Мақсұм ишан Сейдахметұлы Шаяннан шыққан белгілі ишан. Оған Аппақ сөзінің таңылуы сол дәуірдегі таным бойынша «таза», «әулие» мағынасын білдірген. Әрқандай ишан мұндай атқа лайық бола бермейді екен. 1870 жылдары Аппақ ишанның әкесі Сейдахмет Шаянда мешіт салдырған. Ол мешіттің жанында медресесі де болған. Онда XIX ғасырдың соңы мен 1927 жылға дейін Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген мыңдаған шәкірттер тәлім алыпты. Аппақ ишан медресесінінің даңқы бүкіл Түркістан өңіріне тарайды.

1930 жылы 11 шілдеде Шымкент қаласында ишандарға қатысты қаулы шығады. Қаулыда Аппақ ишан Махдиев, Сейдахметұлы Сабыр, Сейдах-метұлы Аппақ Мақсұм және Сейдахметұлы Бахабуллаға №№ 58-10 статьяның екі бабымен: «Контрреволюциялық үгіт және діни жаугершілік жасады» деп айыпталды [2,201 б]. Олар айыптау хаттамасына «өзімізді кінәлі деп есептемейміз» деп қол қойған екен.

Тақырыпқа қатысты ең басты мәселе сол қасіретті жылдарда құғын-сүр-гінге ұшырағандарды, шетелге ауа көшкендерді миллиондап көрсетіп, оқул-ыққа енгіздік те олардың толық аты-жөндері әлі күнге дейін белгілі емес. Оларды анықтау ісімен бірнеше қоғамдық және ғылыми-зерттеу институт-тары, архивтер айналысып жатса да құғындалдардың санын сол оқулықтарда жиі қайталана беретін санға жеткізу тіпті мүмкін болмай отыр.Осы мәселенің нәтижелі шешімін табуы үшін 2020 жылғы 24 қарашадағы Ел Президентінің қаулысын жүзеге асыру бойынша «Саяси құғын - сүргін құрбандарын ақтау-ды толық аяқтау жөніндегі Шымкент қаласы бойынша жұмысшы тобы» құр-ылды [3]. Жұмысшы тобы қолданыстағы заңнамада қамтылмаған құрбандар санаттары немесе заңнамада аталған, бірақ іс жүзінде ақталмаған құрбандар санаттары бар құғындалғандарды анықтау жұмысымен Ішкі істер Департа-ментінің архиві,Түркістан облысының қоғамдық - саяси тарих мем-лекеттік архиві және Түркістан облысы мемлекеттік архивінде *(ары қарай-ТОМА*) осы жылдың наурыз айынан бері жұмыс жасауда. Мен ТОМА дағы 1928-1931 жылдар аралығындағы «Шымкент қалалық прокуратурасының құжаттары» деп аталған №620 Қорды [4] және «Сайрам аудандық прокура-турасының өндірістік бақылаудағы істер» деп аталатын №168 Қорды [5], «Сайрам ауданы халық сотының материалдары» атты №505 Қорды [6] қарастыру-дамын. Сайрам ауданындағы колхоздар құрылысының қалай жүзеге

асқаны туралы архив материалдарымен таныса отырып қазақ байларын тәркілеу барысында олардың қатарына имам-ишандарды қосып жібергеніне көз жеткізіп отырмын. Және олардың көздерін құрту саясаты сол кездегі тотали-тарлық жүйенің басты мақсатының бірі болған екен. «Контрреволюциялық элемент» саналған ишандарды құртпайынша социа-листік жаңа қоғам құру қиын деген теріс көзқарастағы принциппен таптық күресті қатаң іске асырып баққан. Оған 1929 жылдың 13 тамызында БК(б)П ОК нің барлық окружком-дары мен ауданкомитеттеріне «Колхоздарды кулактар мен байлардан тазарту туралы»[4,74 іс] хаты дәлел бола алады.

Негізінен ишандар қожалар тегінен болған екен. Олар имамдар және бүкіл дін қызметкерлерінің басы-қасында болыпты. Атап айтқанда, қожа-кәлән – дінбасыларының қызметін бақылап отыратын ең жоғарғы діни лауазымды иеленуші "ұлы қожа" атанған біреу болған. Ал ишан-сүдірлер – бас ишандар-дың бірі, ишан-накиб – нақшбандия тариқаты бауырластығының басшысы болды. Бұл аталған қызметтердің барлығында да Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима мен Әзіреті Әліден өрбіген ұрпақтар деп уағыздалатын қожа-лар отырған екен. Сонымен қатар,ишандардың қызметіне мешіт салуға, мед-ресе ашуға үндеу жасау, ұйымдастыру да кірді. Себебі, олардың үндеу, шақ-ыруларына халық құлақ асты. Ауыл аралап, олар өздерін толғандыратын мәселелер мен дін - шариғат туралы айтып, иманға шақырып уағыз айтып жүрген. Ишан келген кезде ауыл адамдарының өз қалауларымен тарту ететін сыйлықтарымен бірге мал сойылып, ең жақсы құрметке ие болған екен. Орта Азия тарихындағы ишандар институты атақ пен байлық үшін емес, бұқара халық ішінде ықпалы күшті беделі болғандықтан зор құрметке ие болып отырған. Ең басты қызметі ишанның шәкір оқыту болатын. Баласы ауру болғандар да ишанның алдына барып отырғандығы туралы мәліметтер бар. Мысалы келтірсек, Сайрам ауданының прокуроры Ибрагимовтің Қазақ АССР ның прокурорына жазған құпия хатында бұрынғы бай, панисламист ишан Зулқарнаев Маткеримнің 58-8 бабымен айыпталып жатқанын көрсетеді. Оның аса қауіпті контрреволюциялық элемент екенін айта келе «ол мақта жиын терімі кезінде жұртшылық арасында кеңес жүйесіне қарсы үгіт жұмыстарын жүргізіп, мақта науқанының нәтижелі аяқталуына кедергі келтірді» [5] дейді. Оған Республика бас прокуратурасынан жауап хатында Зулқарнаев Маткеримге контрреволюциялық жұмыстары үшін діндарларға ең жоғары жаза, атуға ұсыныс білдіріп жазуға кеңес береді.

Қарабұлақ ауылы бойынша бай- кулактардың кәмпескеге ілінген 58 бай-лар мен ишандардың аты- жөндері табылып отыр. Оларға салынған астық салығы 13200 пұт болған. Ярғанлиқ қышлағында да орташа және жоғары бай кулактардың саны 17, олардың аты жөндері мен салынған салық мөлшері де белгілі[5,46п]. Ал Қарамұрт Қақпа қышлағындағы сайлауға құқықсыздардың төмендегі *(№1 қосымшада*) тізімінен байлармен қатар ишан-имамдардың аттары да көптеп аталған [5,11п]. Бұл мәліметтер Сайрам аудандық прокура-тура *(№ 168 Қор*) тарапынан жүргізілген істерде көбірек көрініс берген. Әсіресе, колхоз құрылысына қарсылықтарды аталған аудандағы ишандардың әрекетінен көруге болады.

Қорыта айтсақ, осы ишандармен қатар байлар- кулактар ауылды асыраған, ауылдың тыныштығы мен берекесін сақтаған қайраткерлер болғандығына көз жеткізіп отырмын. Олардың құғынға ұшырап, яғни күштеп колхоздас-тыруға ұшыруының себебі, яғни бар кінәсі ауқатты-бай болғаны еді. Тотал-итарлық жүйе социалистік қоғамға жат элемент саналған байларды, діндар-ларды құртпайынша жаңа қоғам құру қиын деген теріс көзқарастағы принц-иппен таптық күресті қатаң іске асырып баққан.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың «...заңсыз қудалау құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмысын толық аяқтауды" [3] тапсыруына байланысты осы кісілерді саяси ақтауға ұсыну заман талабы.

№1 қосымша

Қарамұрт Қақпа қышлағындағы сайлауға құқықсыздардың тізімі

№	Өзінің, әкеснің аты	Барлық жаны	Қайда тұрады	Қашан хақысыз болған	Не себептен хақысыз болған
1	Ташметбай Салымсатұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
2	Ахметжан Момынжанұлы	13	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак болыс
3	**Әбдіқадір Әбдірайымұлы**	**12**	**Қоқан**	**1929 ж**	**Дамолла**
4	**Төленді Ахметназарұлы**	**2**	**Өлген**	**1929 ж**	**Дамолла**
5	**Құлатқожа Байсақожаұлы**	**6**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
6	**Жалал Нұрметұлы**	**5**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
7	**Низамхан Камалханұлы**	**4**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
8	**Құруанбек Әлімұлы**	**4**	**Шымкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
9	**Камалхан Әбділжанұлы**	**4**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
10	**Тойшы Момынбайұлы**	**3**	**Шымкент**	**1929 ж**	**Бай, дамолла**
11	**Шыман Райымжанұлы**	**2**	**Шымкент**	**1929 ж**	**Бай, дамолла**
12	**Әбділлақары Әбдіманұленұлы**	**2**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Бай, дамолла**
13	Зәдбіз Буханұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бақал
14	Қажыбек Әзизбекұлы	5	Шымкент	1929 ж	Бақал
15	Атабаба Құланбабаұлы	6	Шымкент	1929 ж	Қасап
16	Жалал Жамалбекұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бақал
17	Ұлман Рысқұлұлы	3	Шымкент	1930 ж	Бақал
18	Мерез Шерметұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бақал
19	**Меруипхан Мірғанұлы**	**6**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
20	**Меллаған Мүсейұлы**	**4**	**Ташкент**	**1930 ж**	**Дамолла, дауагер**
21	Мықман Мәуленұлы	8	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
22	Аманжан Еркімжанұлы	9	????????	1931 ж	Бай-кулак

23	Нияз Қауиылұлы	5	??????	1930 ж	Бай-кулак
24	Әбдірахман Есенұлы	7	Тұтқында	1930 ж	Бай-кулак
25	Кемелбек Әзизбекұлы	6	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
26	Моллакамал Қасымұлы	7	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
27	Ғұлам Момынжанұлы	10	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
28	**Өмерхан Әбдірайымұлы**	**10**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла, ишан**
29	**Қаралхан Өмерханұлы**	**4**	**Ташкент**	**1930 ж**	**Дамолла, ишан**
30	Бухарауай Бұқабайұлы	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
31	Бекболат Дауранұлы	6	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
32	Дауран Райымұлы	3	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
33	Мерез Мынуайұлы	5	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
34	Төлен Сәтұлы	6	Шымкент	1929 ж	Бай-кулак
35	Сүйеркүл имам	5	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
36	Анарбай Әзербек	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
37	Садық Кәмілұлы	4	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
38	Құруанбек Байнашұлы	5	Шымкент	1930 ж	Бай-кулак
39	Бабан Анарбайұлы	6	Қарамұрт	1930 ж	Бай-кулак
40	Сүлейман Анарбайұлы	9	Қарамұрт	1930 ж	Бай-кулак
41	Момын Болатбайұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
42	Тәшейда Даулетұлы	4	???????	1929 ж	Бай-кулак
43	Ғани Момынжанұлы	3	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
44	Акрам Әбдіқадірұлы	4	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
45	Шанқожа Артыққожаұлы	5	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
46	Олжа Момынжаұлы	3	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
47	Ешматбай Салымсақұлы	7	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
48	Тоңматбай Сәуайұлы	7	Тұтқында	1929 ж	Бай-кулак
49	Құдайберген Мәулән	5	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
50	Жақаш Мәулән	4	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
51	**Сұлтан Әметхан**	**5**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Дамолла**
52	Айтшон Құнназар	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак, шұнақ
53	Исамат Құнназар	4	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
54	Әбдіғани Мұхаметкүл	3	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
55	Әзім Мәуләнұлы	4	???????	1929 ж	Бай-кулак
56	Тойшы Ырсыметұлы	5	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
57	Әметхан Әкірамжан	6	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
58	Юлдаш	6	Ташкент	1929 ж	Бай-кулак
59	Сулейман	4	Қарамұрт	1929 ж	Бай-кулак
60	Шәркім Қайыпұлы	5	Қарамұрт	1929 ж	Бай-кулак
61	**Әбдірахман Қолатұлы**	**5**	**Ташкент**	**1931 ж**	**Ишан**
62	**Бува Маннатұлы**	**5**	**Ташкент**	**1929 ж**	**Бақал, ишан**
63	Қақхол Арайұлы	5	Ташкент	1931 ж	Бай-кулак
64	Құрбанқол Анарұлы	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак
65	Сопы Анарұлы	3	Ташкент	1930 ж	Бай-кулак

Ескерту. Ташкент деп көрсетілгені қашқан қаласы.

Әдебиеттер

1 В.В.Бартольд «Халиф және султан». ТШЖ ның 12 томдық 3 том. 124-136 бб. орысша. Алматы. 1996.

2 Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессий в Казахстане 1920-1940 –х годов., Алматы.-2009-448 с.
3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 456 «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы. / Егемен Қазақстан газеті. 21 қараша, 2020 ж.
4 Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (*ары қарай-ТОМА*).- №620 Қор -«Шымкент қалалық прокуратурасының құжаттары. 74 іс.
5 ТОМА.-168 Қор. - «Сайрам аудандық прокуратурасының өндірістік бақылауындағы істер», 1-Тізбе, 3 бума, 76 іс. 46 п. тағы тізім-10, бума-4, іс-263.11-бет.
6 ТОМА- № 505 қор – «Сайрам ауданы сотының материалдары»., 1-тізбе, 1 бума, 13-іс.1931 қаңтар - ақпан. Бума-4, іс-77., 24 іс.

ӘОЖ 375.5.016.02:04

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ФОРМАЛАРЫ

Одаманова Г.П., Кулжатаева К.М., Султан С.Ө.
Магистр-оқытушылар
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассмотрена о развитии творческой активности учащихся в комплексном обучении с использованием интерактивных технологий и возможностей современного электронного образования.

Summary

The article deals with the development of creative activity of students in complex education by using interactive technologies and the possibilities of modern electronic education.

Қазіргі таңдағы заманауи білім беру саласындағы педагогикалық технологиялардың даму бағыттарының негізі оқу тәрбие үрдісін электрондық құралдармен жабдықтау болып табылады. Педпгогикалық теория және практикасында компьютерді оқытудың техникалық құралы ретінде пайдалануға үлкен назар аударылатыны анық. Компьютерді қолдану әдістемелік және психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алғанда кең ауқымды қызмет саласын құрады. Компьютердің үлкен мәтіндік, математикалық, графикалық, аналитикалық мүмкіндіктері пайдаланушыларға (оқытушы мен білім алушыларға) арналған кешенді оқыту орталарын құруға мүмкіндік береді, осылайша бұл педагогикалық қызметті жеңілдетеді және оның тиімділігін арттырады. Қазіргі таңда барлық білім беру орталарында тиісті компьютерлік сыныптар, орталықтар бар, олар барлық компьютерлік кешенді оқытуды – қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді жасауды және қазіргі заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ұтымды пайдалануды талап етеді.

Білім беру мазмұнын тұтастай бір құрылым ретінде қарастыру оқу-тәрбие үрдісін кешенді ұйымдастырудың, оқытудың әртүрлі формаларының табиғи бірлігін, дәрістердің, семинарлар, лабораториялық және практикалық сабақтардың өзара байланысын, оқу сабақтары мен педагогикалық іс-тәжірибені үйлестіреді.

Білім беру мен педагогикадағы оқу-тәрбие үдерісін ұдайынландыруды жүйелеу, яғни салыстырмалы түрде аз уақыт ішінде мәселелерді тиімдірек шешу қажеттілігі қазіргі таңда оқу материалдарының қажетсіз қайталануын жою, білім берудегі сабақтардың әртүрлі формаларының мақсатқа сәйкес арақатынасын орнатуды және білім берудегі формализімді жоюды қажет етеді.

Төменде білім беру мазмұнының нұсқалық дидактикалық үлгілеріне тән білім беруді ұйымдастырудың күрделі формалары берілген.

Білім беру мазмұныны құрылымдау үшін дәстүрлі жолмен қолданылатын білім берудің кешенді түрі лекция (дәріс), семинар, практикалық және зертханалық сабақтар педагогикалық іс-тәжірибенің жиынтығы болып табылады. Бұл жағдайда дәріс, семинар, практикалық және зертханалық сабақтар барасында падагогиканы білім берудің циклдік жүйесі құрастырылады және академиялық сабақтар мен педагогикалық іс-тәжірибе арасындағы органикалық байланысқа да қол жеткізуге болады. Педагогикалық білім беруді осылайша ұйымдастырумен теория алда және одан әрі білім алушылардың іс-тәжірибелік жұмыстарын сүймелдеуде, әрбір мәселені зерттеу білім беру үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі қалыптарын қолдану арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады. Мысалы, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәнінде белгілі бір тақыпы лекция сабағында теориялық түрде жан жақты талқыланып айтылса, ал зертханалық сабақ барысында сол тақырыпта қарастырылатын мәселе, тапсырмалар компьютер арқылы іс-тәжірибеде қолданып, нәтиже алу арқылы алынған теориялық білімді толықтырады.

Семинарлық және практикалық сабақтарда білім алушылар лекцияда (дәріс) алған теориялық білімдерін бекітеді, жеке тұлғаның дамуының, тәрбиесінің және білім алуының негізгі көрсеткіштерін анықтаудың нақты жолдарын және құралдарын, қарастырады, талдайды, дамудың, тәрбие мен білім берудің басты көрсеткіштерін қалыптастыруда оқытушының қадағалауынан тыс тәрбие жұмыстарының пәндік мүмкіндіктерін талдайды. Осыған орай тәрбие және білім беру диагностикасының әдістемесі қалыптасқан.

Білім беру орталарындағы зертханалық, практикалық және семинар сабақтарында белгілі бір білім алушының білімі және дағдылық құзіреттілік деңгейінің диагностикасы ұйымдастырылады. Іргелі (фундаменталды) педагогикалық мәселелерді кезең-кезеңімен нақтылау, бір жағынан педагогикалық теорияны шығармашылық тұрғыдан түсінуге, педагогикалық білімді тереңірек игеруге, ал екінші жағынан, игерілген білімдерін іс жүзінде қолдана білуді қалыптастыруға ықпал етеді[1].

Игерілген білімді практикада қолданудың күрделілігі педагогикалық шындықтың әртүрлі болуында және білім алушыларға білім алудың нақты жағдайларында педагогикалық заңдылықтардың жалпы көрінісін көру қиынға соғады. Сондықтан да педагогикалық теорияны практикалық іс-әрекет құралына айналдыру үшін кешенді білім берудің маңызы үлкен. Кешенді педагогикалық білім беру дегеніміз - білім алушылардың педагогикалық дағдыларын игеруге, педагогикалық қабілеттерін дамытуға, қорытынды және ішінара бақылау

кезеңдерін құруға арналған жаттығулар жүйесі. Осыған қатысты барлық жаттығуларды шартты түрде 4 топқа бөлуге болады[2].

1. Білім алушының ойлауын, шығарылған шешімдердің дәлелдерінің логикасын қалыптастыратын жаттығулар.
2. Білім алушының шығармашылық ойлауын қалыптастыратын жаттығулар.
3. Білім алушылардың назарын бір аймаққа аудару және шоғырландыру қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар.
4. Білім алушының байқампаздығын дамытуға арналған жаттығулар.

Кешенділіктің белгілерінің бірі – табиғатты ғылыми танымның әдістері мен оқу міндеттерінің белгілі бір орнын пәндік білім мен дағдыны жалпылайтын білім мазмұнының синтетикалық сипатының болуы. Мысалы, ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәніндегі бағдарламада жалпы ғылыми тілдік дағдылар мен ақпараттық дағдыларды дамытуға, жалпы тапсырмаларды талдауға, берілген материалды ауызша, жазбаша немесе электронды сәйкестендіретін құралдар арқылы түсіндіру, баяндау, негізгі ережелерді жинақтау, конспектілеу, практикалық амалдар жасап зертханалық жұмыстардың нәтижесін алу дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Білім алушыларға алғашқы кезеңде лекция тезистерін нақты түсіну қиын болғандықтан, оқытушылар тарапынан лекцияны дайындау мен дәріс жүргізуге еркеше көңіл бөлгені дұрыс. Алдымен білім алушыларға лекция мазмұнын толық түсінуі үшін баяу қарқынмен түсіндірген жөн, келесі кезеңде білім алушылар екінші мәселелі қосымша ақпаратты өз бетінше ізденуге тырысады, әрі қарай білім алушылар лекцияларды бөлімдерге бөліп, оларға өзіндік ойларын білдіруді үйренеді. Әрі қарай жетілдіру, дәріс мазмұнын есте сақтауды үйренуге бағытталған.

diverse content. Different types of reading develop in a complex: introductory, studying, search; that is, a natural ‘flexible’ reading is formed. Students improve the skills to process the source information so that it is adequately understood, firmly mastered and possible for updating in other speech situations. In addition, the logical thinking of students develops; they can overcome psychological barriers before large articles and do not feel the desire for any unfamiliar word to resort to the help of a dictionary. And as a result - easier adaptation of students entering universities to further foreign language classes.

Литература:

1 American Management Association, Critical Skills Survey. - 2012.

2 Dede C. Comparing Frameworks for 21st Century Skills. - Bloomington: Solution Tree Press, 2010. - 75 p.

3 Hattie J. Visible learning for teachers: Maximizing impact on learning. - London: Routledge/Taylor & Francis Group, 2012. - 296 p.

4 Dewey J. How We Think: A Restatement of the Relation of Reflective Thinking to the Educative Process. - Boston: MA D.C. Heath & Co Publishers, 2008. - 375 p.

5 Facione P. Critical Thinking: A Statement of Expert Consensus for Purposes of Educational Assessment and Instruction. - California: The California Academic Press, 2010. - 20 p.

ӘОЖ 159.9 (075.8)

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, ЛОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ЭЛЕКТИВТІ ТАҢДАУ КУРСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Э.Б. Жаппарбергенова – б.ғ.к., доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Ж.Н. Тулешова - Биология пәні мұғалімі, №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернаты, Шымкент, Қазақстан

И.Е.Қадралиева - «Биология педагогтерін даярлау» мамандығының 2-курс магистранты, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье освещаются проблемы, связанные с тем, что в современной общеобразовательной сфере выбор по предмету биология, т. е. на основе элективного курса, имеет мало авторской программы и специальных заданий. В этой связи, составив курс элективного выбора «Физиология животных», мы нацелились на углубленное изучение физиологии животных, повышая творческую мотивацию учащихся. Также предложены пути их решения с олимпийскими заданиями, приведены научные данные для повышения качества знаний учащихся и достижения высоких результатов в конкурсах знаний.

Summary

The article highlights the problems associated with the fact that in the modern general education field, the choice of the subject of biology, i.e. on the basis of an elective course, has little author's program and special tasks. In this regard, having compiled the elective choice course "Animal physiology", we aimed at an in-depth study of animal physiology, increasing the creative motivation of students. The ways of solving them with Olympic tasks are also proposed, scientific data are provided to improve the quality of students' knowledge and achieve high results in knowledge competitions.

Тақырыптың өзектілігі. Қазіргі таңда жалпы орта мектептерінде биология пәні бойынша таңдау элективті курс негізінде авторлық бағдарлама мен лайықталған тапсырмалардың жоқтығы қиындық тудырып келеді. Интернет желісіндегі көптеген бағдарламалар ЖОО-ның ұстаздарымен дайындалған материалдар орта білімді оқыту мекемелеріне сәйкес келмей, лайықты тапсырмалардың ғылыми терең бағытталғандығы оқу үдерісіне оңтайлы емес әсер етеді.

«Жаңа Қазақстанның» заманауи талаптарына сәйкес ұстаздардың болашақ жетелеушісі екендігі нақтыланып тұрғаны сөзсіз. Әрбір ұстаздың білікті де білімді ұрпақ тәрбиелеудің басты қайнары екендігімізді ұмытпауымыз қажет және талмай–таянбай еңбек ету керекпіз. Әрбір еңбектің арқасында біздің жемісіміз бен жемісті күндеріміз толағай болмақ. Жастар - біздің болашағымыз, әрбір жас тұлғаның тәрбиесі үлкен жауапкершілік [1].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының «Білім беру жүйесінің міндеттері – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған. Қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру.

Мақаланың практикалық құндылығы. №2 мамандандырылған үш тілде оқытатын мектеп-интернатында биология пәнін оқытудың негізінде мемлекеттік стандарт жүктемесі бойынша барлық сыныптарға элективті таңдау курстары берілген. Осыған орай, мақалада маңызды әрі өзекті тақырыптарды қамтиды. Барлық тарауларға берілген тақырыптардың теориясы сабақ барысында түсіндіріліп, теориялық білім практикалық тапсырмаларды орындаумен ұштастырылады.Сабақ үдерісінде талқыланып,тапсырмаларды шешу, ізденуге бағытталған жұмыстар бірге шешімі қаралады, бағалану жүргізіледі.

Мақаланың мақсаты: «Жануарлар физиологиясы» элективті таңдау курсын құрастыра отырып, оқушылардың шығармашылық ынтасын жоғарылата келе, жануарлар физиологиясын тереңдетіп оқыту болып келді. Сонымен қатар олимпиадалық тапсырмалармен оларды шешу жолдары ұсынылып, оқушылардың білім деңгейінің сапасын арттыру және білім байқауларында жоғары нәтижеге қол жеткізуге арналған ғылыми деректер келтірілген.

Міндеттері:

1.Элективті таңдау курсына негізделген жылдық жоспар жасау;

2.Тарауларға негізделген тақырыптарды нақтылау;

3.Тақырыптарға негізделген олимпиадалық тапсырмаларды классификациялау;.

4.Олимпиадалық тапсырмаларды шешуде бағалау критерийлер талаптарына негізделе отырып, дескрипторлар құрастыру.

Зерттеу әдістері. Жануарлар физиологиясы элективті таңдау курсының бағдарламасын жасауда 7-сынып биология оқулық стандартындағы бөлімдер мен

тараулар негізге ала отырып, құрастырылды. Оқулықтағы тараулар толық алынып, тізбектелген тақырыптар жүйеленді.

Алынған тапсырмалар Дарын орталығының ұйымдастырылуымен өткізілген 2019-2020-2021-2022 оқу жылдарындағы аудандық, қалалық, облыстық, республикалық кезеңдерінде өткізілген және жасөспірімдер олимпиадасында орындалған тапсырмалар жинақталынды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Жануарлар физиологиясы элективті таңдау курсының бағдарламасын құрастыру жұмысының басында біз төменде көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуді жоспарладық.

Күтілетін нәтижелер:

1.Теориялық білімі қалыптасады;

2.Берілген тапсырмаларды өз бетінше орындай алу дағдысы артады;

3.Тапсырмалардағы дәйексіздерді анықтай біледі;

4.Ерекшеліктері мен ұқсас белгілерді классификациялай алады;

5.Тапсырмалардағы реттілік тізбектерді салыстыра анықтай біледі;

Дайындалған тапсырмалар оқушының жүйелі ойлауынан ғылыми ізденіске талпынуға бағыттап ойлану арқылы ойлау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді [3]. Түрлі ғылыми әдебиеттердегі материалдарды өз бетінше сараптай алуға, салыстыра білуге, теориялық және практикалық білімдерін жетілдіруге негізделіп даярланды.

1-тарау. Экожүйелер

ІІІ.1 Кіріспе. Алғашқы білімдерін тест арқылы анықтау. /1сағат/

Жалпылама білім деңгейінің алғашқы қадамдары зерделенуі үшін тест тапсырмалары жазылым стратегиясы бойынша жұмыс жасайды,қатемен жұмыс жасалады .Алғашқы білім деңгейлерін жеке саралайды.Пәннің ерекшелігімен таныса отырып, оқу сауаттылығын арттыруға талпыныс жасайды.

ІІІ.2.Қарапайымдылардың экологиясы /1сағат/

Оқылым стратегиясы арқылы мәтінмен танысып, танымдық суреттерді бейнелеу, жазылым стратегиясы арқылы дәптермен жұмыс жасау,қарапайымдылардың түрлерін анықтау.

2тапсырма бойынша кірпікшелі кебісшенің цитологиялық құрылысын анықтайды,белгісіздерді тауып, реттілігі бойынша жеке жазып анықтайды.

ІІІ.3 Қарапайымдылардың географиялық таралу аймағын анықтау

Қарапайымдардың географиялық таралу аймағы бойынша оқулық бойынша анықтайды,ерекшеліктері бойынша классификациялайды.1,2,3,4 тапсырмалары бойынша нәтижесін анықтайды [2].

ІІІ.4. Омыртқасыздар экологиясы /1сағат/

Омыртқасыздардың экологиясы, тіршілік ортасы,бейімделуі,морфологиясы бойынша белгілерін тыңдалым және оқылым стратегиялары бойынша салыстырады.1,2,3,4,5 тапсырмалар бойынша белгісіздерді анықтайды.Практикалық тур бойынша 6,7 тапсырмалар сәйкестігін табады.

ІІІ.5. Омыртқалылар экологиясы /1сағат/

Омыртқалылардың экологиясы бойынша тапсырмалардың шешімін табады, әдебиеттермен жұмыс жасайды.Тестік жұмыстарды орындайды,шешімін

табады.Оқылым стратегиясы бойынша тікентерілер мен хордалылардың ерекшеліктерін талдайды.Сүтқоректілердің бірнеше белгілері бойынша тапсырмалардың шешімін анықтайды.

2-тарау. Тірі организмдерді жүйелеу

ІІІ.1. Тірі организмдер патшалықтарын салыстыру/1сағат/

Жануарлардың белгісіне қарайкласқа жіктейді.Қосмекенділер мен жорғалаушылардың барлық ерекшелігін теориялық ізденеді, айтылым және тыңдалым стратегиясы негізінде жаттығады, есте сақтайды.»Түртіп алу» әдісі арқылы белгілерді жіктейді.

ІІІ.2 Омыртқасыздардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктер/1сағат/

1,2 тапсырмаларды анықтайды, дұрыс жауапты белгілейді. 3-тапсырмада суретке қарап, буынақтыны анықтау үшін дихотомиялық кілтті пайдаланады,б елгілерді ажыратады.

ІІІ.3. Омыртқалылардың сыртқы құрылысындағы ерекшеліктері /1сағат/

1-тапсырмада сүйекті балықтардың сипаттамасын жасайды.Жануарлардың белгісіне қарап класын анықтайды.Өз беттерінше практикалық тур тапсырмаларын орындау үшінғтеориялық білімдерін оқылым стратегиясы арқылы толықтырады.

3-тарау. Жасушалық биология.

ІІІ 1. Жануарлардың құрылыс ерекшеліктерін салыстыру /1сағат/

Тірі организмдердің жасушалық құрылымын оқылым және тыңдалым стратегиясы арқылы меңгереді,құрылыс ерекшеліктерін суреттейді. 1-5тапсырмалар бойынша индукциялау және дедукциялау әрекеттерін жүргізу арқылы тапсырмалардың шешімін табады.

4-тарау. Заттардың тасымалдануы/1сағат/

ІІІ 1. Жануарларда қан айналым мүшелері. /1сағат/

Жүрек-қантамырлар бойынша циклін анықтайды, суреттеп, қан ағысының циклін ажыратады.Қантамырлардың ерекшеліктерін салыстырады.

ІІІ 2. Буылтық құрттар, ұлулардың қан айналым мүшелері/1сағат/

Қанайналым ерекшеліктерін білу үшін топтық талдау жұмысын жасайды, айырмашылықтарын салыстырады.1-тапсырмадағы кесте бойынша дұрыстығын саралайды,бірін-бірі тексереді.

ІІІ 3. Буынаяқтылардың қан айналым мүшелері/1сағат/

Шаянтәріздлердің қанайналым ерекшелігін анықтайды.Суреттегі белгілерді анықтайды.

ІІІ 4. Омыртқалылардың қан айналым мүшелері/1сағат/

1-6 тапсырмаларды жұптасып жасайды, бірін-бірі тексереді.Терминдердің мағыналарын жазылым стратегиясы бойынша сызба түрінде дайындайды.

5-тарау. Тірі организмдердің қоректенуі

ІІІ 1. Жануарлардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі /1сағат/

Гидраның қоректену ерекшелігін анықтайды.Әрбір жасушасының өызметін ажырата біледі.

ІІІ 2. Буылтық құрттар, ұлулардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі/1сағат/

Шұбалшаңның асқорыту сызбасын дәлелдейді, белгісізді тауып,анықтап жазады.

ІІІ 3. Буынаяқтылардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі/1сағат/

Буынаяқтылардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметін салыстыра анықтайды, таңбалар мен сандарды сәйкестендіреді.

ІІІ 4. Омыртқалылардың қоректену мүшелерінің құрылысы мен қызметі /1сағат/

Құстардың асқорыту жүйесін анықтайды, таңбаларға асқорыту бөлімдерін нақтылап, реттілігін тауып жазады [4].

6-тарау. Тыныс алу

ІІІ 1. Омыртқалы жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылысы/1сағат/

1-7 тапсырмалар бойынша теориялық тапсырмаларды орындайды, түрлерді анықтайды, белгісіздерді анықтайды.

ІІІ 2. Омыртқасыз жануарлардың тыныс алу мүшелерінің құрылысы/1сағат/

1тапсырма бойынша буылтыққұрттар, шаянтәрізділер, өрмекшітәріздеер мен жәндіктердің тынысалу ерекшеліктерін анықтай алады.

ІІІ 3. Тыныс алудың анаэробты және аэробты типтері/1сағат/

Тыныс алудың ерекшеліктерін салыстыра алады.Анаэробты және анаэробты тынысалудың айырмашылығын салыстыра алады.

7-тарау. Бөліп шығару

ІІІ 1. Омыртқасыз жануарлардың зәр шығару жүйелерінің құрылысы/1сағат/

Жәндіктер мен жануарлардағы зәршығару ерекшеліктерін анықтай алады.

ІІІ 2. Омыртқалы жануарлардың зәр шығару жүйелерінің құрылысы/1сағат/

Қорытынды. Жұмыстың нәтижесі негізінде 7 сыныпта жүргізілген «Жануарлар физиологиясы» элективті таңдау курсына арналып тақырыптар және тақырыптарға сай тапсырмалар түзілді. Сонымен қатар, жоспарлы инновациялық әдістерді енгізу барысында тәжірибелік сыныптың үлгерімі жоғарлап, жеке дайындалу мен өз бетінше дайындалу процессі қарқындай түсті.

7 сыныпта жүргізілген «Жануарлар физиологиясы» элективті таңдау курсының көмегімен оқушылардың шығармашылық және олимпиадалық сайыстарға қызығушылығы артып, қатысу динамикасы жоғарлады.

Әдебиеттер

1 В.К.Поляков, И.С. Мармузова «Физиология грибов и их практическое применение в производствах», Москва, изд-тво «МГУ», 2017г, 271с.

2 М.М.Құлдыбаев, Н.Қ.Шоқанов «Микробиология пәнінің практикалық сабақтары» Алматы, 1999 ж.

3 Т.А.Егорова. С.М.Клунова. Е.А.Живухина «Основы биотехнологии: учеб. пособие для высш. пед. учеб. Заведении» Москва/ Академия, 2005 г, 176с.

4 Ежов Г.И. «Руководство к практическим знаниям по сельскохозяйственной микробиологии», М//Высшая школа, 1998.

ӘӨЖ 004.896

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ КИІМ ТАҢДАУ КЕЗІНДЕ ЦИФРЛЫҚ КЕҢЕСШІ ӘЗІРЛЕУ

Болысбек Мұрат Ержанұлы, студент
Әл-фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Резюме

В данной статье пойдет речь о появлении искусственного интеллекта и его использовании в индустрии моды, роли искусственного интеллекта в подборе одежды.

Summary

This article will discuss the emergence of artificial intelligence and its use in the fashion industry, the role of artificial intelligence in the selection of clothes.

Біз XXI ғасырдың ақпараттық технология дәуірі екенін уақыт өткен сайын сезініп, түсініп келеміз. Оның өміріміздегі қажеттіліктері мен өндіріс үшін мүмкіндіктері жыл өткен сайын нақты дәлелденіп келеді. Өткен ғасырдағы автоматтандыру өндіріс саласына ғана тиесілі болса, қазіргі уақытта ақпараттық технология көмегімен адам атқаратын қызметті алмастыратын түрлі бағдарламалар мен арнайы қондырғылар пайда болды. Басқаша айтар болсақ, бұл жасанды интеллекттің дүниеге келуі адам өміріне үлкен өзгерістер алып келді.

Жасанды интеллект (AI) термині алгоритмдердің тіркесімдері арқылы адам миының мүмкіндіктерін молайтуға арналған машиналармен жасалатын барлау операцияларын білдіреді. Нақтырақ айтсақ, жасанды интеллект - бұл белгілі бір машиналарға қоршаған ортаны қабылдауға және оған адамның миына ұқсас жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл ойлау, қабылдау, оқыту және мәселелерді шешу сияқты функцияларды орындау қабілетін қамтиды.

1956 жылы Джон МакКарти, Марвин Минский және Клод Шеннон есімдерімен байланысты алғаш рет жасанды интеллект термині енгізіліп, олар оны «интеллектуалды машиналарды, әсіресе интеллектуалды компьютерлік бағдарламаларды жасау ғылымы мен тапқырлығы» деп анықтады[1,7].

Жай тілмен айтқанда, AI немесе жасанды интеллект - бұл машинаның адам ойлау қабілетін әр түрлі тәсілдермен қайталауы: шешім қабылдау, сөйлесу, ойлау және т.б. [2].

Жасанды интеллект қазіргі заманғы технологияның көп бөлігінде бар, әсіресе смартфондарда, планшеттер мен компьютерлерде, интеграцияланған электрондық жүйелері бар барлық құрылғыларға тән.

Жасанды интеллект технологиялары әртүрлі салаларда, соның ішінде сән индустриясында да қолданыс табуда. Бүгінгі таңда сән индустриясы жылдам

қарқынмен дамып келеді. Технология бәрін автоматтандырады, жекелендіреді және жылдамдатады. Өнеркәсіптің аспектілері: кесуге және тігуге болатын роботтардан бастап тенденцияларды болжайтын жасанды интеллект алгоритмдері, киім бөлмесіндегі виртуалды шындық стилі мен айналарына да қатысты.

Жасанды интеллект технологиясы сән индустриясындағы көптеген процестермен бірге жүреді – киім жасаудан бастап сату мен маркетингке дейін. Қазір бұл кең таралған.

Жасанды интеллект технологияларындағы ең маңызды фактор - бұл AI тек орындау үшін қосымша ресурс ретінде пайдаланылмайтыны. Шығармашылық, клиенттермен өзара әрекеттесу - жасанды интеллектте қазірдің өзінде қолданылатын негізгі бағыттар. Жасанды интеллект (AI) негізіндегі ұсыныс жасау жүйелері көп жылдар бойы үйреншікті құбылыс болды және соңғы уақытта ұсыныс жасау жүйелерінде диалогқа бет бұру тренді байқалды[3].

Тек ұсыныс жасау жүйелері ғана емес, жасанды интеллекті қолдануды алып қарастырсақ сән саласы өз ерекшелігімен көзге түседі. Өйткені әр адамның талғамы әр түрлі және сән әлемі белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Сәнді келбеттің ерекшелігі әр түрлі заттардың бір-бірімен сәйкес келуінде, сондықтан да дәстүрлі талдауға қарағанда эстетикалық көрсеткішке және соңғы сән жаңалықтарына назар аударылуы қажет.

Сән индустриясында жасанды интеллектті перспективалы болашақ күтуде. Market Research сән нарығында AI-ға жұмсалатын жаһандық шығындар 2019 жылы 229 миллион доллардан 2024 жылға қарай 1260 миллион долларға дейін өседі, орташа жылдық өсу қарқыны 40,8% құрайды [4].

Бұл мәселенің шешімі ретінде жасанды интеллект арқылы жұмыс жасайтын цифрлық кеңесші жобасы. Саладағы басқада шешімдерден айырмашылығы жасанды интеллект тек адам параметрлеріне ғана емес, оған қоса тері түсіне де назар аударады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданушының жеке ақпараты (атап айтқанда бет әлпеті) қабылданбайды.

Жобадағы жасанды интеллекттің жұмыс жасау принциптеріне бөлек - бөлек тоқталып өтетін болсақ, ең бірінші қандай деректерді енгізетінімізді айталық. Енгізілетін деректер бізде визуалды деректер: адам параметрлері (бойы, жасы, өлшемдері) және тері түсін бөлек атаған жөн деп ойлаймын. Өйткені өлшемдері бірдей екі адамға тері түсіне байланысты бір киімнің “сәнді” көріну дәрежесі екі түрлі болады. Келесі кезеңде кіріс деректер жасанды интеллект арқылы өңдеуден өтеді. Жасанды интеллект ретінде көпқабатты нейрондық желі қолданылады. Деректер базасымен бірге жұмыс жасай отырып нейрондық жүйе ең сәнді киімді ұсынатын болады.

Ойымызды қорыта келе айтарымыз, жасанды интеллектті қолдану бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қалыпты жағдайға айналып келеді. Дәл қазір белгілі бір орта немесе қоғамдағы адамдардың белгілі бір бөлігі ғана қолданатынымен келешекте барлық адамның жасанды интеллект қызметіне, оның ішінде киім дизайнері ретіндегі қызметіне жүгіну мүмкіндігі мол. Ол адамдардың уақытын тиімді етеді және қолайлы қызмет түрін ұсынады.

Әдебиеттер

1. А. Ж. Асамбаев Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір» 2011 ж. – 136 б.
2. Dauvergne, P. AI in the Wild: Sustainability in the Age of Artificial Intelligence; MIT Press: Cambridge, MA, USA, 2020.
3. Gediminas Adomavicius, Bamshad Mobasher, Francesco Ricci, and Alexander Tuzhilin. 2011. Context-Aware Recommender Systems. AI Magazine 32, 3 (oct2011), 67. https://doi.org/10.1609/aimag.v32i3.2364
4. . Markets and Markets.com. AI in Fashion Market by Solutions & Services—2022. Available online: https://www.marketsandmarkets.com/Market-Reports/ai-in-fashion-market-144448991.html#:~{}:text=AI%20in%20fashion%3F-,The%20global%20AI%20in%20fashion%20market%20size%20is%20expected%20to,40.8%25%20during%20the%20forecast%20period (accessed on 4 March 2022)

ӘӨЖ 82-313.2

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Сапарбаева Қ.Ж., Ергешбай Н.Б.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В этой статье мы поговорим о проблеме экологии, которая является одной из самых масштабных проблем, стоящих перед миром. В начале статьи мы расскажем об общей экологической ситуации в мире и поговорим о роли литературы на эту тему. После этого проанализируем работы нескольких поэтов, которые писали на тему природы.

Summary

In this article we will talk about the problem of ecology, which is one of the largest problems facing the world. At the beginning of the article we will talk about the general environmental situation in the world and talk about the role of literature on this topic. After that, we will analyze the works of several poets who wrote on the topic of nature.

Жер бетіндегі күллі жанды-жансыз тіршілік атаулының барлығы табиғатпен, бізді қоршаған ортамен байланысты. Адам-табиғаттың баласы, сондықтан табиғаттан тыс және табиғатсыз адамзаттың болуы мүмкін емес. Адам өзінің табиғаттың ең керемет жаратылысы екенін және табиғаттың амандығына жауапты да өзі екенін үнемі есте ұстауы керек. Бірақ ғылым мен техниканың дамыған заманында адамдар өздерінің табиғатқа тәуелді екенін ұмытып бара жатқандай. Табиғатты қоқыс, тұрмыстық қалдықтар, қайта өңдеуге келмейтін заттармен ластау арқылы оның тынысын тарылтудамыз. Бірақ табиғаттың тынысын тарылту өзіміздің болашағымызға да балта шабуын ұмытпауымыз керек. Адам табиғатпен бір болып жаратылғандықтан, табиғаттан бөлек тіршілік ете алмайды,

Әлем әдебиетінде табиғат тақырыбы қай уақытта болмасын қозғалып отырған. Ақын – жазушылар әрдайым табиғаттың бағасын білуге, оны ардақтап, қорғауға шақырады. Адам мен табиғат ажырамас берік байланыста болғандықтан да, табиғат тақырыбының табиғатта кең етек алуы заңды құбылыс. Әлемдегі және біздің еліміздегі экологиялық жағдай ғылыми отырыстарда, билік кабинеттерінде,

жұртшылықпен және эко-белсенділермен кездесулерде барған сайын үлкен даудамай тудырып келеді.

Табиғат пен қоғамның экологиялық мәселелері ғалымдарды ғана емес, ақын-жазушыларды да алаңдатады. Осы себептен де, көркем шығармаларда табиғат көріністері, адам мен табиғаттың ортақ мәселелері, адам қолымен жасалған экологиялық дағдарыстар мен төңкерістерден зардап шеккен адамдар туралы идеялар көрініс тапты.

Қазақ әдебиетінде табиғат тақырыбы, мезгілдер көрінісі, табиғатты бейнелей оытрып, сол бейнені адам бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттермен байланыстыру Абай поэззиясының биігінде тұр.

Абай табиғат лирикасына, бізді қоршаған әсем табиғат сұлулығын суреттей отырып, оқырман көңілінде әлемге, әдемілікке, табиғаттың сол бір кіршіксіз әсемдігін аялауға, қорғауға тәрбиелейді. Абай поэззиясындағы жыл мезгілдері тақырыбындағы «Жазғытұры» «Жаз», «Қыс», «Күз» өлеңдерінде, одан бөлек «Желсіз түнде жарық ай» туындыларымен қатар басқа тақырыптардағы өлеңдерінде де табиғаттың әртүрлі көріністері көркем сипатталып бейнеленеді [1].

«Жазғытұры» өлеңінде Абай бұл табиғат мезгілін Тәңірдің шеберлігінің дәлеліне теңеп, табиғат жылулық танытса, адамдар да бір-біріне мейірім таныта түседі деген пікірге тоқталады.

Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.
Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.
Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Өлеңнің осы қатарларына мән берсек, табиғатты асыл ана, әке бейнесіне теңейді. Бұл теңеулер адам мен табиғат байланысын анық көрсетіп, бұл екі құбылыс бір-бірінен ажыратуға келмейтінін айқын көрсетеді. Көркем сөз, образдармен берілген бұндай байланыс адамның табиғатқа деген құрметін арттырмай қоймасы анық.

Экология тақырыбын және оны оқытуды сөз еткенде табиғат лирикасынан бөлек, өз еліміздің басынан өткізген үлкен табиғи апаттарды, мыңдаған адамдар өмірін алған экологиялық мәселелерден аттап өтіп кете алмаймыз.

Бар қазақтың қайғысына айналған Семей полигонының тигізген орны толмас зияны жайлы жазылған Роза Мұқановаың «Мәңгілік бала бейне» туындысын атап айтсақ болады. Шығарманың жазылуына себеп болған оқиға автордың Семей полигоны құрбандарының суреттері қойылған көрмені аралап жүріп, жас баладай көрінетін 14 жасар қыздың фотосуретіне көзі түсуі болатын. Шығармада ядорлық сынақтар кесірінен мүгедек болған Ләйлә есімді қыздың өмірі, оның туған жері

Қарауылдың бейнесі суреттеледі. Бұл шығарманың бізге берер басты ойы адам мен табиғатты ауыр қасіретке ұшыратқан айналып келгенде адамның өзі екендігі жайлы болды.

Кейінгі дәуір өкілдерінен табиғатқа, экология мәселесіне тереңінен үңіле білген Қадыр Мырза Әли еді. Ақынның «Табиғат және мен», «Табиғат тазалығы», «Табиғат жаратылыс пернесі» секілді туындылары табиғатты қорғау қаншалықты маңызды екенін, адам мен табиғат бір-бірнен ажырамас дүние екенін тілге тиек етеді [2].

Табиғаттан қол үзу де — бір қайғы.
Күйбең тірлік қызығынды ұрлайды,
Банкеттегі хрустальдің сыңғыры
Жапырақтың сыбдырына тұрмайды.
Жырға құмар көмекейім сырнайлы
Газды суды ішсем болды — құрғайды.
Шоколадтың ең тәуірі
Тоғайдан
Теріп жеген бір жидекке тұрмайды.

Ақын өзінің жоғарыда берілген «Табиғат және мен» туындасысында адам қолынан жасалаған дүниенің табиғаттың жасағанына ешқашан жетпейтінін айта отырып, шығарма соңын:

Қайта туу мүмкін емес,
Егерде
Қайта тусам,
Болар едім орманшы, -

дей отырып өзіне мүмкіндік берілсе табиғатты бар залалдан қорғауға тырысатынын, табиғатпен үйлесімде өмір сүруге барын саларын жазады.

Қорытындалай келсек, табиғат тақырыбы адам мен әдебиет барда өзектілігін жоғалтпайтын тақырып екені анық. Экология мәселесі күллі әлемге ортақ тақырып. XXI ғасыр адамзатының алдында тұрған басты мәселе келер ұрпаққтың бойына өзімізді қоршаған ортаны қорғау, қамқор болу, сыйлау және адамдардың бейқамдығының кесірінен орын алуы мүмкін кез-келген табиғи апаттардың алдын алу секілді ізгі қасиеттерді сіңіре білу болып отыр. Қауіпсіз қоршаған орта – ұлт денсаулығының негізі [3]. Қазақ әдебиетіндегі алдында тұрған мақсат көркем туындылармен, үлкенді-кішілі шығармалармен, проза, поэзия үлгілерімен табиғат тақырыбын көркем суреттеп, экологиялық сауаттылықты арттыруға, табиғат ресурстарын саналы түрде пайдалануға, бізді қоршаған орта мәселеріне бей-жай қарамауға үйрету. Бұл тек бір адамның немесе қоғамдық топтың алдында ғана тұрған мәселе емес. Бізді қоршаған ортаны қорғау күллі әлем алдында тұрған ұлы міндет.

Әдебиеттер:

1. https://abaialemi.kz/post/view?id=828
2. https://bilim-all.kz/olen/9847-Tabigat-zhane-men

3. https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11006
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы

ӘОЖ 355.01

ЕЛІМІЗДЕГІ ІІМ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА САБАҚТАР ӨТКІЗУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Құлтаев Талғатбек Сейітханұлы - тарих ғылымдарының кандидаты.
Қазақстан Республикасы Президентінің архивы,
E-mail : kultaev.talgat@mail.ru

Резюме

В статье раскрываются содержание основных методов и приемов, используемых преподавателями при проведении аудиторных занятий, а также при приеме отработок по социально-гуманитарным дисциплинам в учебных заведениях МВД Республики Казахстан, красной нитью проходит идея о тесной взаимосвязи обучения и воспитания.

Summary

The article reveals the content of the main methods and techniques used by teachers during classroom classes, as well as when receiving workings in social and humanitarian disciplines of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, the idea of a close relationship stands out between education and upbringing.

Адамзат баласы өз ұрпағын оқыту-тәрибелеудегі ең озық, тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыта беретені анық. Оқу орындарында бұл функцияны, бірінші кезекте, оқытушы атқарады. Уақыт келе әрбір ұстаз біртіндеп өзіндік сабақ өткізу стилін, жеке педагогикалық қолтаңбасын қалыптастырады. Бұл ерекшелік оның ғылыми-теориялық дайындығы мен практикалық тәжірибесінің ұштасуынан туындайтын педагогикалық сеніміне байланысты болып келеді. Өз басыма келсем, орта арнаулы оқу орнында да, жоғары оқу орнында да қызмет атқардым. Колледж курсанттарын оқытқанда, оларға сабақ беру барысында пікір сайыс, іскерлік ойын, эвристика, тест, әңгіме әдістерін кеңінен қолданғанымызды айтқым келеді. Осы әдіс-тәсілдердің көбін жоғары оқу орындарында да кеңінен қолдануға болады және де біздер оларды қолданып та жүрміз. Солар туралы ретімен айта кетейін:

1. Пікірсайыс әдісі – шығармашылық ойды, тыңдаушы мен оқытушының арасындағы тврочестволық қарым–қатынасты қалыптастырады. Тыңдаушыларға пікірсайыстың тақырыбы алдын - ала беріліп, олар сол тақырып көлемінде материалдар жинап, соған байланысты өз ойын айтуға дайындалады. Басты шарт – тақырып әртүрлі көзқараста пікір талас тудыратындай болуы керек. Оны өткізудің маңызы: 1- шешендік дағдыны жетілдіреді; 2- талқыланатын мәселені жан–жақты зерттеуге, болжауға, дәлелдеуге және жаңа деректер жинауға жетелейді; 3- айтыс этикасын сақтауға, дәйекті сөйлеуге тәрбиелейді.
2. Іскерлік ойын әдісі – тыңдаушыларды әртүрлі проблемаларды шешу жолдарын іздеуге үйретеді. Ол 3- кезеңнен тұрады.

1) дайындық кезеңі. Бұл кезеңде тыңдаушылар топтарға бөлінеді, оларға тапсырмалар беріледі, олар қажетті мәліметтер жинайды;

2) ойын кезеңі. Бұл кезеңде тыңдаушылар жасаған хабарламалар тыңдалып, пікірталастар жүргізіледі. Қабылданатын шешім талқыланады;

3) қорытындылау кезеңі. Бұл кезеңде проблеманы шешудің тиімді жолдары іздестіріледі.

3. Эвристикалық әдіс – оқу материалын, тапсырмаларды тыңдаушының өз бетімен түсінуі және шешуімен ерекшеленеді.

4. Тест әдісі - тыңдаушылардың алған білімдерінің, эрудициясының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Ол белгілі бір тақырыпты өткенен кейін қолданылады және де бақылау жұмыстарының бір түрі болып табылады.

5. Әңгіме әдісі – тыңдаушының оқу материалын қаншалықты білетінін сұрақ - жауап немесе пікірлесу арқылы анықтауға жағдай тудырады.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарында бірдей өткізілетін – дәріс туралы айтар болсақ, онда оқытушылар жиі қолданатын әдістер мен тәсілдер баршылық. Олар:

1. Проблемалық ситуация тудыру тәсілі. Негізгі мақсаты – тыңдаушының өз бетінше білім алуына стимул тудыруды көздейді.

2. Көзбен шолып байқау тәсілі. Мұнда дәрістің мазмұны көрнекі құрал (сурет, графика, схема, таблица, т.б.) түрінде беріледі.

3. Дәріс – консультация (ақыл - кеңес). Дәріс арқылы кеңес беру тыңдаушылардың белсенділігін туғызады және оқытушының кәсіпқойлығын қолдана білуге мүмкіндік береді.

4. Қате жіберу жоспарланған тәсіл. Ақпараттарға сүйене отырып тыңдаушыларға материалды тез талдай білуді үйретеді.

5. Ойын әдістерін қолдану тәсілдері. Мұнда тыңдаушылар өздері мәселе туғызып, оны өздері шешуге тырысады. Дәріс нәтижелі өту үшін төмендегі жағдайларға назар аударған жөн:

- жоспарлардың бөлімдері логикалық тұрғыдан дұрыс, жүйелі мазмұндалып, қорытынды жасалуы;
- келесі кезеңге көшу барысында логикалық байланысты үзбеуі;
- материалдың нақты, түсінікті баяндалуы;
- әртүрлі көрнекі және оқытудың техникалық құралдарын пайдаланылуы;
- тыңдаушыларды ең басты ойды түсіне, әрі жаза білуге үйрету;
- дәріс тақырыбын, мақсатын, негізгі ойды, түсініктерді аша білу;
- материалдың тәрбиеге, тәжірибелік іс- әрекетке бағытталуына күш салу;
- материалдың проблемалық сипатының әсерлі мазмұндалуы [1; 74-78 б.].

Оқу үрдісіне, жоғарыда аталған дүниелерден басқа лабиринт, тапсырма беру, ой (ми) шабуылы, топтық нұсқама, топтық талқылау, кейс-стади, дебат, ауызша сұхбат, аквариум, дағдарыс жағдайды өңдеу, рольдік ойындар, бағдарламалық нұсқаулар, т.с.с. тәсілдерді ендіріп, оларды шығармашылық жолмен дамытып, мекеменің материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктеріне сай ыңғайландырып пайдаланса болады. Аталмыш әдіс-тәсілдер жөніндегі мағлұматтарды қазақ тілді оқырмандар А. Әлімовтың интербелсенді

әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану проблемасына арналған еңбегінен таба алады [2; 328 б.].

Жоғарыда баяндалған дүние – теория болып табылады. Ал енді осы теорияны практикада қалай қоланып жүргеніміз туралы бір –екі ауыз сөз айтайық. Сабақ өткізу барысында, тыңдаушылармен байланыс жасаудың неғұрлым тиімді әрі қолайлы әдістері мен түрлерін таба білген жөн. Кейбір оқу топтарының көлемді болуына байланысты көбіне жаппай сұрау және өзара сұрақ қою әдістерін қолдану өте ыңғайлы.

Жаппай сұрау әдісі – тыңдаушылардың барлығын дерлік немесе басым көпшілігін сабаққа қамтуды көздейді. Ол жобамен былайша өрбиді: тыңдаушылардың біреуі ауызша жауап беруге шығарылғанда, тақтаның кеңдігіне қарай 3 не 4 тыңдаушы осы тақырыпқа қатысты қойылған сұрақтар бойынша тақтаға жауаптарын жаза береді. Осы уақытта және 2-3 тыңдаушы алдыңғы парталарға отырғызылып осы сабақ тақырыбына қатысы бар сұрақтарға жауап дайындайды. 2- ші курсант тақтаға келесі сұраққа жауап беруге шыққанда, алдында болып кеткен процесс қайталаныды.

Өзара сұрақ қою әдісі өзгешерек. Ол тыңдаушылардың ауқымдырақ және сапалы білім алуына бағышталған. Күнделікті іс- тәжірибе көрсетіп отырғандай тыңдаушылардың бірі жауап беруге шыққанда, басқалары келесі сұрақтан бірнәрсе «іліп қалуға» тырысады. Мұндай жағдайда ұстаз тыңдаушыларға «Біз сабақты өзара сұрақ қою әдісімен өткіземіз. Түсінбеген жерлерің болса жауап беруші кісіден сұрайсыздар. Ол бірнәрселерді айтпай кетсе толықтырасыңдар, қате айтса түзетесіздер», - деп ескертіп қояды. Сонда, тыңдаушылар жауап берушілерді мұқият тыңдайды, сақ отырады. Жауап аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жауап берген адамға сұрақтар қояды. Сонан соң, жауап берген тыңдаушы өз тақырыбы бойынша топ мүшелеріне бір –екі сұрағын бағыштайды. Осылайша жаңа тықырып бекітіліп, есте қалады.

Тыңдаушылардың білімін тексеру үшін, әсіресе межелік (шептік, шектік) бақылау қорытындысын шығару алдында, жазбаша бақылау жұмысын өткізу маңызды іс болып табылады. Себебі, ол бізге тыңдаушылардың

1) материалды қалай игергендігін,

2) ой өрісі кеңдігін,

3) жалпы сауаттылығын анықтауға мүмкіндік береді. Өкінішке орай, кей кездері бақылау жұмысын жазу түгілі қойылған сұрақтарды дұрыс көшірмейтін, тіптен өз аты – жөнін қатемен жазатын тыңдаушылардың кездесуі көңілге қаяу салады.

Жазбаша жұмыстарда түрлі жолдарымен өткізсе болады. Соның өз қызметімізде жиірек пайдаланатын екеуі жөнінде нақтырақ тоқтауды дұрыс көріп отырмын. Біріншісінде, топ тыңдаушылары бірнеше варианттарға бөлініп, олар алдын – ала ойластырылып қойған бес сұраққа жауап жазады. Мұндай жұмыстардың нәтижесін шығару оңай. Кім қанша сұраққа толық жауап қайтарса, сол сондай баға алады. екінші жолы – семинар сабағының аяғына он минуттай уақыт қалғанда – тест ретінде беріледі. Әрбір тестте 10-20 –ға дейін сұрақ және оған үш не бес жауаптан болады. Солардың 90-100 пайызына жауап жазғандары -

«өте жақсы», 80-90 пайызын білгендері - «жақсы», 60-80 пайызын қамтығандары - «орташа», ал одан төмендері – «өте нашар» деп бағаланады. Бұл күндері тестілеуге көбірек көңіл бөлу керек екендігі баршамызға аян. Тіптен, тыңдаушылар мен курсанттардың ғана емес, кейбір мамандықтардың және оқу орнының тағдыры да, осы тестілеуге байланысты болып қалып жатқаны жұртшылыққа аян. Сондықтан оны үш деңгей көлемінде -1) сабақ барысында, 2) шектік бақылауда, 3) қорытынды бақылауда беріп отырған дұрыс.

Үлгермейтін тыңдаушылардың немесе курсанттардың білімін бекітуге өтеу жұмыстары да үлкен септігін тигізеді. Азаматтық оқу орындарында студент–терге ондай талап қою өте қиын, ал бізде болса оны заңды түрде жүзеге асыруға болады. Ол жемісін береді де. Өтеуді қабылдау да түрлі жолдармен жүргізіледі. Біріншісінде, тыңдаушы қатыспаған сабақтарының әр сұрағына ауызша жауап беруі керек. Материалды игермеген тыңдау–шылардың басында осыдан кейін бірнәрсе қалатыны анық. Екіншісінде, жақсы оқитын тыңдаушылардан өткізіп алған тақырыптары бойынша тек түсінгенін сұраса да жетеді. Үшіншісінде, үздік оқитын тыңдаушыларға баяндама немесе реферат жаздырса да болады, бірақ қалай болғанда да, өтеушілерде дәріс және семинар сабақтарының конспектілері міндетті түрде болуы шарт. Ұстаздар шәкірттерінен соны талап етулері қажет [3; 69-72 б.].

Біз XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз. Өкінішке орай, біздің мекемелерімізде техникалық құрал – жабдықтар тапшылығы әрдайым көзге бірден ұрып тұрады. Сонан соң, біздің оқу орындарымыздың жабық мекемелер қатарына кіретінің, тыңдаушылардың жұмыс күндері қалалық сейілге шыға алмайтының, ал жексенбі күні қоғамдық кітапханалардың жұмыс істемейтінің ескерсек оқу орындарымызда тыңдаушылардың интернет жүйесіне қосыла алуына жағдай тудырғанымыз жөн. Сонда олардың білімге ғана емес ғылымға да қосар үлесі күрт ұлғаяр еді. Осындай қиыншылықтарға қарамай, біздің кафедра қызметкерлері өздері жүргізетін барлық пәндер және сабақтар бойынша видео – слайдтар дайындап қойған. Себебі техникалық құрал - жабдықтарымен және онсыз өткізілетін сабақтардың айырмашылығы жер мен көктей екендігін оқыту–шыларымыз жақсы біледі. Сонымен бірге кафедрамыз жалпы кітапханаға барлық пәндер бойынша Оқу-әдістемелік кешендерін тапсырып қойған. Белгілі бір себептерге байланысты дәріс тыңдай алмаған тыңдаушылар үшін бұл шара үлкен көмек болып табылады.

Қорыта айтқанда, сабақ жүргізу – творчестволық процесс. Ол әрдайым жетілдіріліп, жаңартылып отырылуы қажет. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарында әлеуметтік – экономикалық пәндерді оқыту әдістемелерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі ешқандай күмән тудырмайды. Бүгін біз солардың тек кейбіреулеріне ғана тоқтай алдық. Егерде біздің оқу орындарымыздың профессорлық-оқытушылық құрамдары ұдайы бас қосып, өздерінің озат тәжірибелерімен бөлісіп отыратын болса оқу үрдісі жетіліп, тыңдаушылар мен курсанттардың білім сапасы арта түсетіні айдан анық. Ал осындай форумдардың халықаралық деңгейде ұйымдастырылуы әлем педагогтерінің өз аймағында қордаланып қалған проблемаларына басқа елдер

ұстаздарының көзқарастары тұрғысынан қарауға мүмкіндік беріп, оның теориялық және әдістемелік тәжірибесін байытатыны күмән тудырмайды.

Әдебиеттер

1 Кларин М.В. Инновационные модели обучения в зарубежных педагогических поисках. – М; 1994.

2 А. Әлімов. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009.

3 Проблемы совершенствования подготовки кадров и научные исследования в учебных заведениях правоохранительных органов. АВТУ МВД РК. Апрель 1998. Ч. П. – Алматы, 1995.

ӘОЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Беркімбай Н.М. – М1701-11 оқу тобының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б. – ф.ғ.к., доцент м.а.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье представлены теоретические основы формирования исследовательских навыков учащихся на уроках казахского языка.

Summary

This article presents the theoretical foundations of the formation of students ' research skills in the Kazakh language lesson.

«Зерттеу» ұғымы туралы А.И.Савенконың анықтамасы: «Зерттеу – бұл белгісіздікті іздеудің шығармашылық үдерісі»[1,46]. Зерттеу сабақ барысында білім алушылардың танымдық білік, дағдыларын дамыту, ақпараттық кеңістікке бағыттау, сыни тұрғыдан ойлай білу зерттеушілік дағдылардың негізгі көрсеткіштері болып табылады.

Зерттеу құзыреттілігі және өзін-өзі ұйымдастыру әртүрлі жағдайларда проблеманы анықтауға, жауапты шешімдерді бағалауға, шешіміңіздің салдарын бағалауға, өз қызметіңізге мақсат қоюға, оны шешуге қажетті жағдайларды анықтауға, оны жоспарлауға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді. оған қол жеткізеді, сондай-ақ өз қызметін және оның нәтижелерін өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бағалауды жүзеге асырады.

Сабақ барысында білім мен құзыреттілікке бағытталған, оқу нәтижесіне жету үшін қолданылатын технологиялар оқушының оқу әрекетін арттыруға арналған интерактивтілік сипатын алады. Бүгінгі таңда педагогикада интерактивті технологияның қырықтан аса түрі бар. Бұл педагогикалық технологиялар оқушылардың өз бетінше оқу әрекетін белсендіруге жол ашады және нәтижеге жетуге бағытталған. Интерактивті технологиялар оқушыны жаңа идея жасауға, жаңа тапсырманы орындауға бағыттағанда ғана нәтижелі болады. Интерактивті технология – оқушыларға сұрақ қою емес, оларды іс-әрекетке баулу, білімін арттыру[2].

Қазақ тілі пәнінің өтілу барысында мұғалімнің жұмысының түпкі мақсаты - шәкірттердің тек қазақ тілін меңгеруі ғана емес, сонымен қатар сабаққа сүйіспеншілікпен және қызығушылықпен баруы. Сабақ процесінде тапсырманы орындау үшін сабақтың әр түрін, түрлі әдіс-тәсілдерді, олардың үйлесімін қатар қолдана отырып, оқушылардың сабаққа қызығушылығымен қоса, зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыруға да жағдай туғыза алу керек. Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деген сөзінің жаны бар[4].

Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөз өнеріне баули отырып, баланың дара қабілеті мен белсенділігінің қалыптасуына, дамуына жағдай жасай отырып, шығармашыл тұлғаны жасап шығару қажет. Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыларға сабақта «шығармашылық тапсырмалар» қолдану керек. Шығармашыл тапсырмаларды орындаған баланың таланты ашылып, сөздік қоры байып, қиялы ұшталады, өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізеді.

Қазақ тілі сабағында оқушылардың зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыратын әдістер: «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту», «Болжау», «Кейс-стади», «ПОПС формуласы», «Ақылдының алты қалпағы», «SWOT-талдау», «КАСТ», «INSERT» т.б. Қазақ тілі сабағында оқушыны шығармашылыққа баулу, ойын еркін айта білуге, тіл байлығын дамытуға басты назар аудару керек. Сабақты барынша қызықты өткізу – мұғалім жетістігі.

Мысалы, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауда оқушылар алдын ала болжай алады, жан-жақты зерттеп, қорытынды жасай алады, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады, әрбір мәселеге сыни көзқараспен қарай алады, өз ойын дәлелдейді, топтаса отырып, бір пікірге тоқтайды, мақсатқа жетеді, ойлау мен таным жүйесін арттырады, ең бастысы қазақ тілі пәніне қызығушылығы артады. Мәтіндермен жұмыс жасау барысында, жаттығулар орындау кезінде, тілдік талдаулар жүргізуде негізгі ойды талдап, түрлі сұрақтар қоя отырып, ой қозғай алады. Инвентаризация, әңгімеге тарту, шын және жалған бекіту жаттығулары, шатастырылған логикалық тізбектер, қысқа және шұбалаңқы сұрақтар – қазақ тілі сабағында сыни ойлауды дамытатын бірден-бір таптырмас әдістер.

Қазақ тілі сабағының үш кезеңі бойынша (қызығушылық ояту, мағынаны тану, толғаныс) оқу стратегияларын дұрыс қолдана білу өте маңызды. Қызығушылықты ояту кезінде ой қозғау стратегиялары («Миға шабуыл», «Көпір жасау», «Ой шақыру») қолданылады. Мәселен, тақырыпқа байланысты сұрақ-жауаптар, мақал-мәтелдер, афоризмдер немесе өлең жолдары т.б. Мағынаны тану кезінде «Ассоциация», «Бес жолды өлең», «Класстер», «Венн диаграммасы», «Т кестесі» т.б әдістер қолданылса Толғаныс кезеңінде «Автор орындығы», «Кейс-стади», «Болжау» т.б.атауға болады.

Сонымен қатар, сабақтарда мен әртүрлі үлестірмелі материалдарды қолдану - бұл карточкалар, тесттер, мақал-мәтелдер. Белгілі бір тақырыптарды дайындаған кезде материалдың мазмұнына сәйкес келетін сабақ түрін таңдау қажет.

Өзіндік жұмыс. Оқушылар берілген мәтіндерді аударады. Бұл талдауға, нәтижеге негізделген техника түрі. Оқушылар сабақта жұмыс істегенді ұнатады.

Диалог ойыны. Рөлдік ойындар. Бұл ойындарда іс-әрекеттердің мінез-құлық тактикасы, белгілі бір тұлғаның қызметтері мен міндеттерін орындау пысықталады. Оқушы өзінің барлық тәжірибесін, білімі мен дағдысын жұмылдыруы керек. Белгілі бір адамның бейнесіне дағдылану, оның іс-әрекетін түсіну, жағдайды бағалай білу. Аталған ойындарды қорытындылау сабақтарында өткізген тиімдірек. Содан кейін талдау жүргізіледі. Талдау кезеңі – ойын нәтижесін талқылау және бағалау. Оқушылардың сөз сөйлеуі, пікір алмасу, студенттердің өз шешімдері мен қорытындыларын қорғауы. Тиімді жұмыс үшін оқытуға жеке қадағалау керек, өйткені барлық оқушылардың психикалық дамуы мен білім қоры әртүрлі. Топпен оқу-тәрбие жұмысы процесінде жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке үлгі бойынша жеке оқушылармен қарым-қатынас жасалуы шарт. Жекелендірілген тәсілдің мақсаты – әрбір оқушының білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда дараландыру құралдарын насихаттау, оқушылардың үлгермеушіліктерінің алдын алу. Оқытуды даралаудың негізгі формасы – оқушылардың мектепте және үйде өз бетімен жұмыс істеуі. Бұл жалпы сыныппен сабақ жұмысы, ал қалғаны көмекке мұқтаж оқушыларға жеке көзқарас.

Қазақ тілі сабағында жеке жұмыс барысында ынтымақтастық жағдаяттарын жасаудың маңызы зор: оқушыға тапсырма беру (мұғалім – оқушы), оқулықпен жұмыс (оқушы-оқулық-мұғалім), жеке жұптық (біреуі екіншісін оқытады), топтық (біреуі көпті бір мезгілде оқытады), ұжымдық (әркім барлығын оқытады}. Оқытудың бұл ұйымдастырушылық формалары оқушыларға практикалық тәжірибені пайдалануға көмектеседі, көмектесу әдетін, бір-біріне деген сыйластық қатынасын қалыптастырады.

Мұғалім ретінде жағдайларды өзгерту үшін әрекет жасау.

Модульдік бағдарламаны оқушыға бағдарланған оқыту элементтерін қолдану арқылы жүзеге асыра отырып, бір қорытындыға келдім. бұл қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пәнді болашақ мамандығымен байланыстыру арқылы оқушылардың белсенділігін арттыруға ықпал ететінін, тілге деген сүйіспеншілігін оятып, дербестігін қалыптастыратынын айтады, адамның ой-өрісін кеңейтеді, олардың қазіргі қоғамға бейімделуіне көмектеседі.

Әдебиеттер:

1. А.И.Савенков Педагогика.Исследовательский подход.Учебник и практикум.Часть 1,2016
2. Н.Х.Хамзина Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану//Білім айнасы.2019
3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2010).
4. А.Байтұрсынұлы Тіл тағылымы(қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері) - Алматы, «Ана тілі»,1992,448 бет
5. Құлмағамбетова және т.б. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - А.,2000
6. Тұңғатова Ғ. Қазақ тілі сабағында сыни ойлауды дамыту «Қазақ тілі: әдістеме» №9-10,2010

ӘӨЖ

М.МАҒАУИННІҢ «АЛАСАПЫРАН» РОМАН-ДИЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Хайдаркулова Х.Т.-М1701-11 оқу тобының II курс магистранты
Ғылыми жетекші: Оразбаева Э.Б.-ф.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье исследуются топонимы, встречающиеся в романе-диалоге М. Магауина «Аласапыран», в частности, астонимы, гидронимы, хоронимы.В статье топонимические названия в произведении разделены на несколько групп по своему значению.

Summary

The article examines toponyms found in M. Magauin's dialogue novel "Alasapyran", in particular, astonyms, hydronyms, horonyms. In the article, toponymic names in the work are divided into several groups according to their meaning.

Топонимдер - әлемдегі кез келген табиғи немесе адам жасаған объектілер атауынан тұратын жалқы есім түрі. Топонимдер гидроним, ороним, ойконим, урбаноним,спелеоним, дромоним, дримоним т.б. түрлерге бөлінеді.
Топонимдердің жекеленуі аталатын объектіге байланысты. Осыған орай келесі аталатын объектілер ажыратылады:
• гидрографиялық (сулы аймақтар,өзеңдер,көлдер, теңіздер, мұхиттар);
• орографиялық (жердің үстінгі қабатынын жағымды және жағымсыз рельеф объектілері); [1, 62].

М.Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясында жер-су атаулары кеңінен қолданылған, себебі бұл еңбекте XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басындағы Қазақ және Жоңғар Ресей елдерінің саяси қарым-қатынасы сөз болады.
М.Мағауиннің жер-су атауларын кеңінен қолдануы шығарманың шынайылығы мен тарихылығын арттыра түскен. Шығармадағы жер-су атауларын зерттеудің мақсаты Елбасымыз айтқандай: «Қазақтар – ұлттық құндылық мұрагерлері ертеден басына кешірген ауыр кезеңдерге қарамай өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік ерекшеліктерін сақтап қала алған. Жай ғана алып шығып, жай ғана сақтай білген жоқ, сонымен бірге еселеп,дамытып, жаңғырта да білді» [2,23]. Тіпті, елдегі саяси жағдайлардың кесірінен тыйым салынған жер-су, қала, ауыл, аудан атаулары да қайта жанданып, отаршылдық атаулар жойылып, жаңа және халықтық атаулармен ауыстырылуда. Осыған орай жер-су атауларын зерттеу бүгінгі қоғамымыздың бір міндеті болды.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы топонимды атауларды талдау барысында оларды мағынасына қарай бірнеше топтарға жіктеуге болады:

1.Астионим (қала атауы): Түркістан,Ақмола, Шымкент,Созақ

2.Хороним (аймақ, облыс, аудан атауы):Жетісу, Қаратау, Ібір Сібір,Шу, Арыс, Сарыарқа, Бетпақ, Қызылжар, Ұлытау, Калуга,Бесоба ауылы.

3.Гидроним (су атаулары):Есіл, Талас, Ертіс, Еділ, Жайық.

4.Шет ел топонимдері: Русия, Литва, Заоцк, Смоленск, Мәскеу, Тобольск, Всходня өзені, Тушино,Киев,Қырым, Швеция.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романында ең көп астионимдер мен гидронимдер кездеседі. Мысалы: автор жиынға Көкше, Жем, Сыр мен Есіл бойынан ұлыстар, ақсақалдар түгел қатысып, ақыл-кеңесін аямады,-дейді. Бұл үзіндіде Көкше теңізі, Жем, Сыр, Есіл өзең атауларын кездестіреміз. Шығарманың 16-бетінде «Жетісу – жәннат мекен, Шыңғыстау- жайлы қоныс, Жайық – кең жайлау, Сыр-ыстық ұя»,- дей отырып, автор қазақ жерін кең байтақ, жайлы қоныс екенін дәлелдей алған.

М.Мағауин әр қала, ауыл, ауданның табиғаты, халқы және тұрмыс-тіршілігін суреттеп отырған.Мысалы,Сыр бойы қастерлі жұртымыз, Жетісу ата жеріміз десе, ал Жайық құтты қонысымыз еді-деген сөйлемдер кездеседі.
«Аласапыран» шығармасының 128-бетінде Ұлытауды қазақтың қақ жүрегі, суы мол, малға жайлы қоныс,-деп келтіреді. Жазушы шығармасында Мәскеу қаласын: бірнеше жылдар бұрын шағын бекініс бүгінде әлемде теңдесі жоқ байтақ қалаға айналған, аумағы ат шаптырса жеткісіз, бір өзінде қырық мың баспана бар деседі,-деп ерекше суреттеген.

Қазақ елі жердің қадірін өте ертеден-ақ біліп, бір ата-бабасының зираты жатқандығы үшін де оны ерекше қастер тұтқан. «Туған жердің бір уыс топырағы бұйырса екен!» – деп тілейтін халқымыз сонау бір қиын-қыстау замандарда ата-қоныс жерден айырыларда қабырғасы қайысып, жалғызынан айырылғандай күй кешкен. «Аласапыран» шығармасында:
Жайық құтты қонысымыз еді.Аталарымыз қазақ, ноғай болып айрылғанда арғы бетте қалды.Ноғаймен жауығып, елу жыл қидаластық деген.

5 Мамаев Қ.С. 1992-1995 жылдары жарық көрген бастауыш сынып оқулықтары текстерінің лингвостатистикалық талдауы // Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент бөлімшесі профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-теориялық және әдістемелік XXV конференциясының баяндама тезистері. -Шымкент: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ШБ, 1999.-105-108 б.

6 Мамаев К.С. Лингвистическая природа наиболее высокочастотных слов текстов УНК 1990-х, 1970-х гг. и детской литературы // Наука и образование Южного Казахстана. -Шымкент, 1998. -№5(12). -С.141-145.

ӘӨЖ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мустафаева Гүлжан Акимжанқызы,
0111000- «Негізгі орта білім беру» мамандығының IV курс студенті
Ғылыми жетекшісі: **Нурманова Актолкын Дархановна,**
педагогика ғылымдарының магистрі
Қызылорда облысы білім басқармасының «М.Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Қызылорда қаласы, Қазақстан

Резюме

Обучая учащегося информационным знаниям, развитию его мыслительных способностей, обучению использованию информационных технологий как средства развития и совершенствования, необходимо совершенствовать систему образования. Я искал ответы на вопрос, какие проблемы будут для образования в условиях цифровизации и как с ними бороться.

Summary

Teaching a student information knowledge, the development of his thinking abilities, teaching the use of information technology as a means of development and improvement, it is necessary to

improve the education system. I was looking for answers to the question of what problems will be for education in the conditions of digitalization and how to deal with them.

Білім беру – тиісті оқу орны арқылы оқушыларға ақпарат беріп, олардың танымын, дағдысын, дүниеге деген көзқарасын жетілдіру процесі. Баланың кішкентай кезінен бастап үлкен өмірге үйретіп, ғылыми ақпараттармен қамтамасыз етуде мұғалімнің шеберлігі, біліктілігі, өз мамандығы мен өз пәніне деген сүйіспеншілігі маңызды рөл атқарады. Әсіресе, қазір, XXI ғасырдағы заман ағымының алдыңғы қатарынан көрінетін ұрпақ тәрбиелеуде мұғалімдер үшін жауапты әрі ауыр жұмыс тұр десек те болады. Оның бірі – сабаққа оқушының қызығып, ынталы түрде оқу процесіне белсене араласуы.

Балалардың басым көпшілігінен оқуға салғырт қарап, жақсы баға алу үшін ғана оқитынын байқаймыз. Мұғалімді қызықты сабағы үшін жақсы көріп, берген білімді есінде сақтап, сабақта өте жақсы көрсеткіш көрсете алатын балаларды дайындау – мұғалімнің сабақтағы ең үлкен мақсаты. Дамыған әрі ақпараттандырылған заманда тек қана оқулықпен, қағаздармен немесе қарапайым көрнекіліктермен өткізілген сабақ оқушының зерігіп, жаттанды сабақтарға қатысуы оның есте сақтау деңгейін нашарлатып, тез шаршатады. Сондықтан да сабақтың қандай да бір бөлігін интерактивті тақта арқылы түрлі әдіс-тәсілдермен өтуді жөн санаймын.

Интерактивті тақта арқылы төрт тілдік дағдыны да сақтай отырып, қызықты әрі жүйелі сабақ өтуге мүмкіндік аламыз. Балалардың жас ерекшелігіне сай, сабақтың қажетті бір кезеңіне байланысты тиімді қолдану өте маңызды. Себебі сабақтың барлық кезеңінде АКТ құралдарын пайдалану баланың сабаққа салғырт қарауына немесе сабақты ойын ретінде қабылдауына әкеліп соғады. Тәжірибе жинақтау барысында ашық сабақтарда ғана емес, күнделікті жай сабақтарда да әртүрлі формада ұйымдастырып, сабақты түрлендіруге тырыстым.

Соның ішінде цифрландыру жағдайында білім берудің бірнеше тиімді тұстарын, атап айтқанда, АКТ арқылы уақыт үнемдеуге, сабақты қызықты етіп жоспарлауға, оқу мақсатына жетуде нәтижеге оңай жететінін, сонымен қатар оқушылардың берген ақпарат есінде тез сақталатынын байқадым. Алайда оны көп қолданудың салдары да бар: оқушы кітаппен оқып, қағаздармен жұмыс барысында жалқаулық, еріншектік пайда болатынын, дайын материалды алуға бейім болатынын, тапсырмаларды ғаламтордан іздеп отыратынын, барлық сыныпта бірдей интернет желісін пайдалану немесе интерактивті тақтамен жұмыс жасау мүмкіндігі болмайтынын түсіндім.

АКТ құралдарын пайдалануда тағы бір еске алу қажет бөлігі – оқушылардың жас ерекшелігі. Кішкентай сынып оқушылары көп жағдайда ойын түрінде берілген материалдарды оңай игереді, ал жоғары сынып оқушылары үшін шамадан тыс көп интербелсенді әдістер зеріктіріп жібереді. Сонымен қатар оқушылардың әрқайсысы берілген жаңа ақпаратты әртүрлі тәсілмен қабылдайды: визуалдар, аудиолдар, кинестетиктер. Заманауи көрнекіліктер бола алатын интерактивті тақтадағы ақпараттар оқушының 70 пайызы көру арқылы, мұғалімнің түсіндірмесі нәтижесінде есту арқылы, дене арқылы сезіну жолымен жанасу арқылы қабылдайды.

Өзім үшін қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында тиімді болатын бірнеше платформалармен бөлісе кетейін.

1. Wordwall платформасы. Сабақтың кез келген бөлігінде қолдануға ыңғайлы көпфункционалды платформа. Интернетті қажет ететін, тапсырмаларды түрлендіріп оқушыға ұсынуда таптырмас құрал. Ішінде үй тапсырмасын тексеруге немесе жаңа білімді бекіту кезінде ойындар мен жаттығулар арқылы орындатуға болатын түрлі тапсырмалар түрлері бар. Соның ішінде сәйкестендіру, викторина, жұбын тап, шындық немесе жалған, диаграммалармен жұмыс жасап, ауызша түрде оқушылармен топтық немесе жеке жұмыстар жүргіздім. Тапсырмаларды алдын ала дайындап, сілтемелерін оқушыларға жіберуге де, мұғалім өзі интерактивті тақтадан орындатуға да болады. Платформаның артықшылығы ретінде он бестен аса түрлі формата тапсырмалар орындатуға болатынын айтсам, кемшілігі деп платформаның орыс тілінде жұмыс жасайтыны деп ойлаймын. Осындай сабақ процессі үшін жақсы платформаларда ана тіліміздің де болғаны жақсы болады.

2. Қазақ тілі сабақтарында талдау жасау барысында немесе онлайн сабақтар кезінде пайдалануға тиімді көмекші құрал ретінде Jamboard тақтасын ұсынамын. Ашылған тақтаны пайдаланып, түрлі жұмыстар орындауға, сондай-ақ сабақты қызықты өткізуге жәрдемдеседі. Мен үшін тиімді тұсы – онлайн сабақтарда ZOOM платформасы арқылы сөйлесіп отырып, экранды демонстрациялау арқылы тақтамен жұмыс жасауға болады. Оқушының орындаған тапсырмасын Google арқылы жіберіп, телефон жадын үнемдеуге де пайдалы. Алайда, бұл платформа арқылы тек тақтамен жұмыс жасау мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, Kahoot, Bamboozle, Classroomscreen, т.б. платформлар кері байланыс кезінде, топпен жұмыс кезінде қолдануға тиімді құралдар бола алады. Ұсынған барлық сайттарды 5-9 сынып аралығындағы оқушылар үшін пайдаланып, тәжірибеден өткіздім.

Білім беру деп ғылыми түрде алынған материалдарды қоғам және табиғатпен байланыстыру да үлкен маңызға ие. Сондықтан да барлық уақытта көрнекілік ретінде техниканы ғана қолданып қоймай, мұғалім қызықты етіп сабақтың тақырыбын аша отырып, өмірмен үйлесім тауып, өзінің әртістік қабілетін де аша білуі керек. Жаңа сабақты түсіндіру барысында тек оқулықтағы мәліметпен шектелмей, қосымша ақпарат көздерінен, ұстаздарға арналған әртүрлі сайттардан, басқа да авторлардың оқулықтарынан іздену қажет. Осындай уақытта ұстаздар үшін электронды оқулықтар үлкен көмегін тигізеді. Электронды кітаптарды кез келген уақытта, кез келген орында пайдалану, көп орын алмайтыны, уақытты үнемдеуге көмек беретіні жақсы. Қажетті беттерін оқушыларға шығарып апарып, ішіндегі тапсырмаларды, тест жұмыстарын, білім бекіту тапсырмаларын орындатуға болады. Қосымша дерек көзі арқылы берілген электронды оқулық пен оқушының қолындағы кітаптан ақпараттарды салыстырып оқыту оқушылардың таным қабілетінің артуына, сыни көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылған цифрландырылған білім берудің әдіс-тәсілдерімен жұмыс жасайтын заманауи мұғалім мен тек оқу бағдарламасында берілген құралдарды пайдаланатын қарапайым мұғалімді салыстырып көрейік. Заман талабына сай жаңашыл мұғалім тәрбиелеген оқушы жаңалыққа бейім, байқағыш, ізденімпаз және сыни ойлай білетін жан-жақты болып қалыптасады. Ал дәстүрлі формата ғана білім беретін мұғалімнен білім алған бала да қоғам жаңалықтарынан қалып, алға жылжу жылдамдығы бәсеңдей түседі. Бұл білікті педагог болу үшін әрдайым бір орында тұрмай, эксперименттерді байқап көру қажет екенін білдіреді.

Қазіргі кезде оқушыларды ақпараттық технологиялармен сауаттандыру бастауыш сыныптардан бастап жүргізіледі. Бесінші сынып оқушыларының өзі компьютерді оңай игеріп, тез жұмыс жасап кете алады. Сондықтан жан-жақты ізденіс арқылы оқытқан бала болашақта түрлі олимпиадаларға, ғылыми жобаларға қатысып, сайттар арқылы тегін білім алудың көзін де таба алады. Бұл да цифрлық білім беру кезінде оқушы мен мұғалім үшін тиімді фактор бола алады.

Қазіргі кезде ғылым жолына үлкен мән беріліп, жастардың идеялары көп талқыға түседі. Мектеп оқушылары арасында ғылыми жобалар қорғау, өз икемділігіне сай пән бойынша тереңдетіліп оқу кең тараған. Жастардың білім алу жолындағы осындай үлкен мүмкіндіктерге жол ашып, әр баланың бойынан дарынын байқап, дұрыс жолға салу – әр мұғалімнің атқарар міндеті. Цифрлы Қазақстанда технологияны жетік меңгенген, ойлау дәрежесі жоғары жас ұрпақ тәрбиелеу – педагогтердің алға қойып тұрған үлкен мақсаттарының бірі. Себебі, XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі.

Әдебиеттер

1. Шығармашылық іс-әрекетті дамыту арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. -Шымкент-Москва, 2009. — Т. III. — Б. 174–178.
2. Цифрлық дәуір педагогикасы. XXI ғасырдағы білім беру; Қазақстанның ашық университеті
3. https://www.google.com/url?sa=t&rct=j&q=&esrc=s&source=web&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwif6u_qlsf7AhWNjYsKHdO7D8kQFnoECAoQAQ&url=https%3A%2F%2Fbilimdinews.kz%2F%3Fp%3D109692&usg=AOvVaw2GtY8AZC3t4fDEIoHuiXJU
4. https://bkokdi.kz/kz/smartconf2020/1-section/6178-news.html

ӘОЖ 130.2

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАҺАНДЫҚ ТАЛАПТАР

Бегдаулетова Қ.Д. – филос.ғ.к., доцент м.а.
Жұмаділла А. - 2 курс студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педогогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье описывается современный процесс глобализации, его преимущества и недостатки. Рассматривается процесс глобализации в Казахстане, а также значение молодежи в мировом спросе.

Summary

This article describes the modern process of globalization, its advantages and disadvantages. The process of globalization in Kazakhstan is considered, as well as the importance of youth in global demand.

Адамзаттың жер бетінде пайда болғаннан бастап қанша ғасырлар өтті, небір оқиғалар орын алды. Соған орай адамдар да дамып, замандар алмасып отырды. Дегенмен, әр заманда адамдарға қойылатын талаптар да көбейіп, ауысып отырады. Мысалы, сонау 1000 жыл бұрын тек дәулетті адамдар ғана білім алатын болса, ал қазір мектепте оқымаған адам кемде кем. Яғни, білім- қазіргі заманның басты талабы. Әрине, білімнен басқада талаптар көп, әр елдің, әр қоғамның өзіне тән талабы бар десек те жаңылыспағанымыз. Осы тұста жаһандық талап тақырыбында адам және қоғам мәселесі өзекті екендігін түсінеміз. Адамдарға қазіргі таңда қойылатын ең өзекті талаптардың бірі- қоғамда өмір сүру. Ал қоғамда өмір сүру үшін, алдымен саясаттан, сол қоғамның өмір сүру дағдысы мен оның тарихынан, салт-дәстүрінен хабардар болу міндетті.

Адамға қойылатын талаптар секілді, мемлекетке де белгілі бір талаптар қойылады. Әр мемлекет өзінше дара, мықты болғысы келеді. Және де соған жету жолында, билік әр түрлі тәсілдер қолданады. Соның бірі – жаһандану үрдісі.

Әрбір тарихи кезеңнің өзіне тән терминдері болатыны мәлім. XXI ғасырда кең тараған ұғымның бірі – «Жаһандану» болып отыр. Жаһандану- мемлекеттердің бір-бірімен бірлесе отырып, ақпараттармен алмаса отырып даму әрекеті. Бұл жайлы адамдардың ойы екіге бөлінуі мүмкін. Жаһандану үрдісін кейбірі батыс пен шығысты байланыстыратын, бейбітшілікті сақтап тұратын бірден бір құрал деп қолдап жатса, кейбірі ұлттық дәстүр-салтымызға, тілімізге, болашақ ұрпаққа зияны көп деп есептейді. Дегенмен, қазіргі заман философтарының көзқарасына жүгінсек, Чарльз Мэйнс - «Жаһандану процесі соғыстарды мағынасыз етеді және көптеген елдер үшін, әрине, тиімді емес» дейді [1]. Әрине бұл тұжырыммен келіспеу мүмкін емес, соғыс кезінде мемлекеттер үлкен шығынға ұшырайды және алып мемлекеттердің қақтығысы басқа да мемлекеттерге әсер етпей қоймайды. Мәселен, XX ғасырдың бірінші жартысындағы ең ірі тарихи оқиға болған бірінші дүниежүзілік соғысты алып қарасақ, бір мемлекеттер қиратылып тізе бүксе, екіншілері әлсіреді, ал АҚШ пен Жапония сияқты мемлекеттер, керісінше күшейді. Оның үстіне, соғыс адамдар арасындағы гуманизм қағидаларының бұзылуына және мемлекетте ішкі қақтығыстың туындауына әкеледі. Оған бір дәлел сонау ежелгі замандағы Рим,

Грек жерлерінен бастап, жақында тараған Кеңес үкіметі де күштеу арқылы барлық жерді иемденгісі келді. Бұның арты азаматтық соғыстарға да алып келді. Соғыс мемлекетті күшті қылып көрсетсе де, халықтың ішкі дүниесін қанағаттандырмайды. Ал жаһандану процесі елдердің өзара демократиялық байланысын қолдайды.

Қазіргі таңда Қазақстан көптеген басқа мемлекеттер сияқты жаһандану үстінде. Сол арқылы басқа елдермен білім алмасып, дамып келеміз. Әсіресе, коммунистік мемлекеттің құрамынан шыққан Қазақстан үшін басқа елдерден тәжірибе жинау дамудың басты құралы десек те болады. Дегенмен, жаһандану үрдісінде мемлекеттік факторларға мән берген жөн. Яғни, американдық, не еуропалық саясат қанша басымдық танытса да қазақ халқы тек өзіне тән кемелдену жолын таңдау қажет. Жаһанданған әлемдік мәдени кеңістікке ену батысқа ұқсау емес, керісінше ұлттық мәдениет әлемдік кеңістікке өзінің абыройы мен ар-намысын сақтай отырып жаңаны игеруі деп түсінген абзал. Осы тұста академик Ә.Н. Нысанбаевтың ортаға салған мына пікірі орынды болары анық: «Мәдениет пен ғылым саласында либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының ықпалы артып отыр. Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен өзіндік мәдени мұраттары қатты қысымға ұшырауда, сондықтан олар өздерінің рухани мұраларын сақтап қалуға талпынуы керек. Бірақ, сонымен қатар олар батыс мәдениетінің нормаларымен де өзара әрекеттесіп, өзара толығуы қажет. Мәселе батыс мәдениетімен бәсекеге қабілетті болу үшін құндылықтарды қайта қарап, қазақ мәдениетін қайта жаңғыртып дамыту туралы болып отыр. Қарқынды өріс алып отырған жаһандану жағдайында, Қазақстан халықтарының дәстүрлі құндылықтары мен либералды-демократиялық қоғам құндылықтарының конструктивті сұхбаты өте қажет. Өтпелі қоғамның мәдениет саласындағы күрделі қатынастарын реттейтін және халқымыздың мәдениетінің қайталанбастығы мен өзіндік сипатын қамтамасыз ететін заңдар қажет» [2, 92 б.].

Жаһанданудың ұлттық егемендікке, бірегейлікті сақтау және дамыту, қазақстандық қоғамды шоғырландыру процестеріне көп факторлы әсері бар. Жаһанданудың тағы бір жағымсыз тұсы шығыстан, батыстан келетін әр түрлі мәдениеттердің кең белең алып, басты құндылықтар мен ұлттық мәдениетіміздің көлеңкеде қалуы. Бұл үрдіс, әрине, қазіргі жастарға, болашақ ұрпаққа әсер етпей қоймайды. Қазіргі кездегі жастардың көбісі сәндегі заттарды ғана бағалайды. Соған байланысты философия, тарих сынды маңызды салаларға көп адам көңіл бөле бермейді. Қазақстанға өзге елдерден келетін әртүрлі тұжырымдар, ғылыми ақпараттар сөзсіз керек. Дегенмен, осы тұста «Сол білімді дұрыс пайдаланып жатырмыз ба?»- деген сұрақ туындайды. Әлеуметтік-экономикаклық, мықты мемлекет қалыптастыру үшін, технологиялық жаңашылдықтарды, әлеуметтік басымдылықты қабылдау міндетті жаһандық талап болып табылады [3, 13-32 бб.]. Дегенмен, бүгінде технологияны жаңартуда, экономиканы жақсартуда көптеген шаралар қолданылып жатыр.

Басында айтып кеткеніміздей, білім қазіргі заман талаптарының маңызды бір бөлігі. Әр мемлекет өз халқы мен ұлттық мәдениетіне сүйене отырып білім беру

жүйесін таңдайды. Әйтсе де, жаһандану аясында басқа елдермен тәжірибе алмасудың маңызы зор. Осы тұста білім мен жаһандануды талдаған Калп пен Ролздың пікірлерін айтып өтуге болады. Жалпыға бірдей негізгі білім беруді жекелеген ұлттық мемлекеттер емес, әлемдік қауымдастық шешуі керек деген талапты қолдай отырып, Калп 20 ғасырдың аяғында либерализмнің кілті болған пікірталасқа қосылды. Бұл ұлттық мемлекеттің дамуын жақтаушылар мен саяси биліктің бөліктерін ұлттан жоғары деңгейге көтеруді жақтаушылар арасындағы дау болды. Джон Ролз өзінің 1971 жылғы "Әділет теориясы" кітабындағы дәлелді кеңейте отырып, "халықтар құқығында" әділеттіліктің негізгі принциптері ұлттық мемлекеттің шекарасымен шектелген деп тұжырымдады [4, 129-138 бб.].

Жаһандану мәселесінде қазақстандық философ Тұрсын Ғабитов: «Қазақ елі еркіндікке бет түзеді. Бұл, сөз жоқ, жаһандану алып келген игілікті, табысты өзгерістер. Халықтар өзінің бұрынғы, бүгінгі, ертеңгі дамуын терең тануда өзіндік бағыт-бағдар алды. Әр халық өркениет әлеміндегі орнын білу мүмкіндігіне ие болды. Біздің де әлемдік өркениетке қол жеткізуімізге мүмкіндік туды. Әлемдік өркениеттің өрісіне шыққан, дамудың сара жолына түскен елдердің тәжірибесіне баса назар аудара отырып, өз жолымызды табудың маңызы зор болмақ» деп топшылайды [5, 3-4 бб.].

Бұл мәселені қанша талқылап, жақсы, жаман тұсын баяндасақ та, жаһандану үрдісін тоқтата алмаймыз. Себебі жаһандану сонау адамзат, алғашқы мемлекеттер пайда болғаннан бастап жүріп жатыр. Осыған байланысты ұлттық мәдениетімізді қазіргі заман талабына сәйкестендіре отырып дамытуымызға мүмкіндік бар екенін айта кеткен жөн. Мысалы, әртүрлі киімдерді, әшекейлерді заманауи әрі ұлттық ою-өрнектермен безендіріп, бренд қалыптастырып жатқан жастар да аз емес. Сол секілді білімді де брендке айналдыратын саналы өскелең жастарымызға дұрыс ой салу бүгінгі оқыту талабы десек қателеспейміз. Әр шығарылған мәліметтер өз оқырманын, яғни білімге қызығушылығы бар адамдарды тауып, сол арқылы жастарды білімге ынталандырады.

Қазақстандағы батыстық мәдениеттің ықпалының артуы болашақ даму стратегиясын таңдау мәселесін жаңа қырымен қойып отыр. Қазіргі таңда жастардың қоғамда алатын орны ерекше бағаланып, жаңғыру үрдісінде де оларға әртүрлі мүмкіндіктер берілуде. Соған орай олардың жауапкершілігі де артуда. Бұл жауапкершілікті сезініп, өз мемлекетінің жағдайын жақсарту мақсатында, тынбай еңбектеніп жүрген жастар да аз емес. Сондай жобалардың бастаушысы Қуаныш Бейсеков есімді режиссер. Бүгінде ол «Ине» деп аталатын балаларға өткен тарихымызды үйретететін заман талабына сай, сапалы видео-роликтер түсіруде. Қуаныштан басқа да көптеген жастар әр түрлі салада өздерін танытып жүр. Сондықтан бала тәрбиесі, білім мәселелері әр мемлекет үшін басты мәселелердің бірі. Әрине, болашақ жастардікі болғандықтан олардың жоспарлары, бастамалары Қазақстанның даму үрдісінде маңызды рөл атқарады. Жаһандану жағдайында халықтың бәсекеге қабілетті мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Басқа мемлекеттер сияқты Қазақстан да мықты, қуатты болуды мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа жету жолында жаһандық талаптардың маңызы зор. Қазақстан -

жаһандық талаптарға сай дамып келе жатқан, қазіргі заманда менмұндалап тұрған мемлекеттердің қатарындағы дара мемлекет деп толық сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер

1. Химматов Д. «Некоторые философские аспекты глобализации» // Credo new, №4 – 2011.
2. Нысанбаев А.Н. Сущность глобализации и ее влияние на Республику Казахстан // Казахстан в условиях глобализации: философско-политологический анализ. Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006.
3. Tibbs H. Changing cultural values and the transition to sustainability // Futures Studies. №15 (3) – 2011.
4. Фестл М.Г. Глобальное образование и либеральный проект / Этика и глобальная политика. Т.13, 2020.
5. Ғабитов Т.Х. «Жаһандану және Қазақстан мәдениеті». Оқу-әдістемелік нұсқаулар - Алматы, 2014.

ӘОЖ 746.02:16

ЗАМАНАУИ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРДІҢ МҮМКІНДІГІ

Мейманқұл А.Ә., студент

Жүзеева К.Е., аға оқытушы

Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассказывается о возможностях национальной одежды в формировании имиджа современной личности.

Природа является не только творцом человека, но и фактором, влияющим на всю его общественную жизнь. Изменение социальной системы и формы одежды зависит от модных вкусов. Если определена роль личности на пути культурного развития общества, то мода является спонсором формирования новой формы в одежде.

Мода, являясь основным фактором развития костюма, также считается главным регулирующим фактором современного общества. Изучение истории происхождения моды, ее конечного механизма и функции раскрывает ее социальную направленность. В XIX—XX веках исследователи течения моды первоначально рассматривали моду как социальный феномен. А потом изучал его экономические и культурные свойства. Мода изучается с разных точек зрения: социально-психологическим, психологическим анализом, экономикой торгово-капитала и культурным подходом и др.

Summary

The article describes the possibilities of national clothing in the formation of the image of a modern personality.

Nature is not only the Creator of man, but also a factor affecting his entire social life. Changing the social system and the form of clothing depends on fashion tastes. If the role of the individual on the path of cultural development of society is determined, then fashion is a sponsor of the formation of a new form in clothing.

Fashion, being the main factor in the development of the costume, is also considered the main regulatory factor of modern society. The study of the history of the origin of fashion, its final mechanism and function reveals its social orientation. In the XIX—XX centuries, researchers of the fashion trend initially considered fashion as a social phenomenon. And then I studied its economic and cultural properties. Fashion is studied from different points of view: socio-psychological, psychological analysis, trade-capital economics and cultural approach, etc.

Табиғат - бұл адамның жаратушысы ғана емес, сонымен бірге оның бүкіл әлеуметтік өміріне әсер ететін фактор. Әлеуметтік жүйе мен киім формасының өзгеруі сәнді талғамға байланысты. Егер қоғамның мәдени даму жолындағы тұлғаның рөлі анықталса, онда сән киімдегі жаңа форманы қалыптастырудың демеушісі болып табылады. Демек, қоғамда адамның жеке басын анықтайтын жеке заттардың мәні, белгісі және кез-келген жеке тұлғаның әрбір ерекше белгісі бірлікте жинақталады. Киімнің пайда болуы мен тарихи дамуы бірнеше ірі классификацияларда қалыптасқан әртүрлі дәуірлердің кезеңдерімен байланысты: өндіріс, тұтыну, техникалық қызмет көрсету, оқыту, бағалау және түсіну. Қазір біз қазақтың ұлттық әйелдер киімін бағалап қана қоймай, оның маңыздылығын түсінуге тырысамыз, өйткені киім бөлшектерінің жүйесін құрастыру өте ауқымды және жан-жақты. Киім мәдениетінің ұлттық бірегейлігі мен этникалық символикасы оның басқа бөлшектеріне қарағанда тұрақты дамыды.

Белдіктер мен күміс кіселерді сәндеу өнері де ежелгі рәсім болып табылады. Қазақ тілінде «Етігі жаман төрге шыға алмас», «Белдігі жаман мықынын тірей алмас» деген сөз бар. «Кісі болмас кісіні мүшесінен танимын, кісі болар кісіні кісесінен танимын» (кісе - аса бай әшекейленген белдік) деген мақал-мәтелдер бекер шыққан жоқ. Мұндай атаулы сөздер адамның кедейлігі мен жағдайының жоқшылығын төмендету арқылы айтылды деген болжам біршама қате болып көрінеді. Мұнда эстетикалық қағида, елдік дәстүр бар, оған сәйкес әр адам өзін түзетіп, өз орнын табуы керек.

«Кемер белбеу бел сәні, кемелді жігіт ел сәні» деген тіркесі де бізге осы туралы айтылып жатқан болар[1].

Костюм дегеніміз « ... адамның немесе адамдардың қоғамдық тобының өзіндік бір даралығын сипаттайтын киім мен аяқ киім бөлігінің белгілі бір бейнелік көркемдік жүйесі» [2, 10 б.]. «Костюм» ұғымының киімнен негізгі бір ерекшелігі адамның психологиялық және әлеуметтік мәдени сипатын анықтайды, яғни дене кескінін бейне ретінде сипаттайды. «Костюм» ұғымының мазмұнын адамдардың қоршаған ортамен үйлесімді қатынасын құруға көмектесетін және әлеуметтік жағдайын бейнелейтін әдет-ғұрып белгілері арқылы түсіну қазіргі заманымызға лайық. Костюм ең алдымен белгілі бір дәстүр, танысу, білісу шарасы, индивидтің немесе топтың белгілі бір таңбаларының білдірілуін айқындайды. Сондықтан біз де киім-кешек дегеннен гөрі «костюм» деген қалыптасқан атауына тоқталамыз. Ф.М. Пармон пікірінше: костюм - адам назарын бейненің негізі кескінімен айқын шешімін тапқан киім-кешені. Киім-кешен бас киім, дене киім, аяқ киім, шаш сәнділігі, бояу секілді аксессуарларды біріктіру арқылы белгілі эстетикалық қызмет атқарады [3].

Ал, ғалым Байжігітов Б.К. қазақ дәстүрлі мәдениетіндегі бояу түсінің тұрақты мағыналық мәні жоғарыда салыстырып отырған саха халықтарына ұқсас екендігін көрсетеді: « ... қазақтың дәстүрлі өнеріндегі бояу түсі өзінің рәміздік мағынасында сын есім емес, негізінен, зат есім. Яғни, бұйымның, заттың, ою-өрнектің т.б. нәрселердің бояу түсін ғана айқындамайды, оның мазмұндық мәніне жауап береді. Қазақ ою-өрнектеріндегі басты бояудың түсі – көк түс. Ш. Уәлихановтың айтуынша бұл түстің заттық маағынасы бар. Ол – Көк тәңірі,

Құдай. Қазіргі кездің өзінде қазақ «көкке қара» деп аспанды айтады. Көк – сәулеттік құбылыстарда күмбез, фасадтағы өрнектер». Қызыл – оттың, күннің рәміздік белгісі. Көне түркі тілінде «қызыл» оңтүстікті, «қара» солтүстікті, «ақ» - батысты, «көк» - шығысты білдіреді. Қазақтың «қара» деген сөзі де заттар мен құбылыстардың түсін ғана білдіріп қоймайды. Оның мағынасы байырғы, көне, ескі, мәңгі деген түсініктеріне сәйкес келетіндігімен» анықтаған [4, 125 б.].

Көркем сурет - бұл белгілі бір «кодекс» аясында өмір сүретін суретшінің жеке қасиеттері, көзқарастары және оған қатынасы бар шығармашылық көздің сапасы мен ерекшеліктерін синтездейтін құбылыс. Суретшінің жеке басының күші, оның эмоцияларының тереңдігі мен кәсібилігі соншалықты үлкен рөл атқарады, бұл көркем бейнені қабылдау шығарманың көрермендерінің («пайдаланушылардың») кейінгі ұрпақтары үшін де жарқын әрі тиімді болып қала береді. Сондай - ақ, көркем бейненің түпкілікті және сөзсіз қалыптасуы принципінде бола алмайды, өйткені әрбір адресат-тұрақты өзгерістерге ұшырайтын өзінің ерекшеліктерімен (білімі, жасы, көзқарасы, мінез-құлқы және т.б.) жеке тұлға. Сондықтан, көркем бейнені жіберу бағытталған негізгі суретшінің «тең авторы» қандай да бір дәрежеде болады деп айтуға болады. Кез келген жағдайда нәтиже синтездік және жеке болады.

Алайда, қандай да бір шығарманың табысы қаншалықты кең тараған және жеткілікті дәрежеде көпшілік пікіріне байланысты болады (мысалы, әдеби шығармаларды экрандау кезінде - батырлар мен т.б. туралы түсініктердің сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі).

Жұмыс кезінде суретші кәсіби тілді, өнердің белгілі бір түріне тән тәсілдерді пайдаланады. Киім өнерінде бұл - композициялық-конструктивтік элементтер мен құралдардың кең кешені (форманың геометриялық түрі, мүшелер сызығы, материалдардың қасиеттері, түс үйлесімі, ырғақтық қайталаулар, пропорционалдау, контраст Заңы, нюанс және тепе-теңдік, симметрия және асимметрия және т. б.).

Костюм дизайны саласындағы маман имиджді жасау немесе анықтау кезінде композициялық әдістер кешенін, яғни костюм дизайны мен оның морфологиясын құрылымдық-құраушы тілді қолданады. Қазіргі сәтте осы жұмыс үшін әсіресе маңызды болып табылады.

Бейненің бейнесі ретінде - бір нәрсе туралы түсінік, жекелеген жағдайларда өзінің құрамында көркемдік бейнесі болуы мүмкін (бұл өте жақсырақ), сонымен қатар әсер, бір нәрсе туралы пікірді анықтайтын «маска» болуы мүмкін және болмауы мүмкін.

Имидж «массовость», белгілі бір социумдардың көптеген өкілдерінің пікірлеріне, ұсынымдарына тәуелділік тән. Ол сол кездегі өзекті талаптардың әсерінен қалыптасады.

Эмоциялық салаға әсер етудің жеткілікті серпінділігі мен қабілеттілігіне ие бола отырып, әсіресе, егер үйлестіру заңдары негізінде құрылса, жасанды түрде жасалатын имидж нақты мақсатты бағыттылыққа және адресаттың күтілетін реакциясына есеп айырысуға ие.

Имиджді жасауға болады, бірақ ол мақсатты түрде қалыптасатын және «табиғи» болғандықтан ғана сезінуге болады .өздігінен ұйымдастырылған немесе сезілетін.

Қазіргі кезеңде имидж жасау кезінде әртүрлі ғылыми пәндердің негізі болып табылатын ең заманауи технологиялар мен әдістемелік принциптер қолданылады: техникалық эстетика және дизайн, психология, әлеуметтану, педагогика, философия, математикалық статистика, экономика және т. б.

Схемада «көркем сурет» және «имидж» категорияларына тән ортақ және ерекше қасиеттер олардың өзара түсінуі мен қарама-қарсы қоюда көрсетілген. Екі санат та өте күрделі және көп ойыншы. Олар ғылыми талдауға және жүйелеуге қиын, сондықтан ұсынылған схема көрсетілген санаттардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын анықтаудың бірінші әрекеті болып табылады.

Қазіргі Қазақстанда қалыптасқан имиджконсультирлеу практикасы имиджелогия саласындағы кәсіби мамандар өздерін әртүрлі мамандықтардың өкілдері негізді деп санайтынын куәландырады. Бұл психологтар да, жарнама берушілер де, фирмалық стилді жасаушылар да, ақырында, адамның, тауардың, фирманың және т. б. сыртқы келбетін қалыптастыратын мамандар тобы. Бұл дизайнерлер, стилистер, визажистер және т.б., олар өздерінің кәсіби қызметінің түрі бойынша жаңа инновациялық технологияларды зерттеп, қолдана отырып және өткеннің үздік дәстүрлерін қолдана отырып, өнер объектісі ретінде өз еңбегінің объектісі мен процесіне жақындай білуі тиіс.

Өнеркәсіптік бұйымдар қолданбалы өнер туындыларымен қатар адамды қоршайтын және оған күнделікті әсер ететін пәндік ортаны қалыптастырады. Өнеркәсіптік өндірістің эстетикалық мәдениетін арттыру қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогрестің маңызды шарты болып табылады.

Енді суретші-дизайнер қызметімен қамтылмайтын заттар мен заттар жоқ. Дизайн өндірістің барлық салаларына енеді, заманауи дизайнның ерекше салаларының бірі-киім және аксессуарлар дизайны. Сән индустриясы өз заңдары бойынша дамып келеді, киім дизайнерлері «кутюрдан» бірегей коллекцияларын және «прет-а-порте» жаппай өндіріс бұйымдарын жасайды. Қазіргі уақытта киім индустриясында заманауи материалдар мен технологиялар пайдаланылады, әртүрлі тұтынушылардың қалаулары зерделенеді және есепке алынады, дизайн-жобалаудың ерекше әдістері енгізілуде.

Костюм жасау өнері адамды түрлендіруге, өзіне өзі немесе өзі ұмтылатын бейнеге, не әдеттен тыс бейнеге, оның күнделікті шеңберін қозғауға тиісті белгілі бір бейнені жасауға көмектеседі.

Әрбір нақты жағдайға белгілі бір формалар мен сұлбалар киімдері сәйкес келуі тиіс, сондықтан дизайнерлердің, модельерлердің міндеті - адамға әр түрлі сән ұсыныстарында өз бетінше бағдарлауға көмектесу.

Қазақстан Республикасының аумағында 100-ден астам ұлт пен ұлыстар тұрады, олардың әрқайсысының өз тарихы, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері бар, дәстүрлі ұлттық киім элементтерінде ішінара сақталған. Соңғы онжылдықта ұлттық костюмдер, материал, нысан, конструкция, сән, техника және орындау тәсілі, дәстүрлі технология қазіргі жастар киімінің үлгілерінің мүлдем жаңа

көркем-конструкторлық және технологиялық шешімдерін жасау үшін шығармашылық идея болып табылатын сарқылмайтын көздердің біріне айналды. Қазіргі заманғы костюмнің бағыттаушы топтамаларында бай халық мұрасына деген көзқарас байқалады. Сонымен қатар, заманауи киім бұйымдарында түрлі халықтардың дәстүрлі костюмдері мен «эклектика» стиліндегі мәдениеттердің үйлесімі байқалады. Қазіргі уақытта өндірістің жалпы көлемінде заманауи ұлттық киім шығару үлесі айтарлықтай өсті, бұл «Мақпал», «Ерке-Нұр» республикалық сән орталығы және басқалар сияқты ұлттық киім шығару бойынша мамандандырылған кәсіпорындарды құрумен расталады[5].

Қазақ ұлттық киімінің көп ғасырлық тарихы бар, еңбек қызметінің ұлттық тәжірибесін көрсетеді. Қазақ ұлттық киімі ғасырлар бойы қарапайымдылығымен және ұтымдылығымен ерекшеленді. Ол үшін халықтың барлық жіктері үшін формалардың ортақтығы тән, бірақ белгілі бір әлеуметтік және жас ерекшеліктерін көрсету. Киімді көркемдеп өңдеу үлбір, киім, кесте тігу, безендіру арқылы іске асырылды. Қазақтың өздері дайындаған былғары, тері, жұқа киіз, шұға дәстүрлі материалдар болды. Киім-кешек сырттан әкелінетін материалдардан тігілген - жібек, парша, барқыт, оның иегерлерін қамтамасыз етудің өзіндік өлшемі болып табылатын. Мақта маталары да кеңінен қолданылды.

Ұлттық мұраны пайдалана отырып, қазіргі заманғы заманауи киім дайындау туралы сөз келгенде, ең алдымен, оның ең тән ерекшеліктерінің: ансамбльдік, рационалды пішім, форма мен декор бірлігінің дамуын білдіреді. Алайда, ұлттық тарихи костюм тұрақты, ал қазіргі сән үнемі жаңартылып отырады, сондықтан сән дамуының әрбір жаңа кезеңінде дизайнерлер қазіргі заманғы сән бағытына сай келетін қазақ костюмінің ерекшелігін дамытады.

Әдебиеттер

1. Асанова С.Ж. Қазақтың ұлттық киімдері. -Алматы: Атамұра,1994. - Б.100-120.
2. Жолдасбекова С.А. Костюм композициясы / Оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2007.- 225 б.
3. Пармон Ф.М. Композиция костюма. Одежда, обувь, аксессуары / Учебник для студентов Вузов. - М.: Легпромбытиздат, 1985. – 264 с.
4. Байжігітов Б. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты. (Қазақтың дәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде): филос. ғыл. канд. …дисс. - Алматы, 1994. - 123 б.
5. Мустафина А. Қазақтың ұлттық киімдерінгің ерекшеліктері. https://massaget.kz/arnayyi_jobalar/22-nauruz/17652/

ӘОЖ 745.03

ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕРГЕ ТАҒЫЛАТЫН ӘШЕКЕЙЛІК БҰЙЫМДАРДЫҢ МӘНІ

Нурмаханова Б.С.,студент
Жузеева К.Е.,аға оқытушы
Орталық Азия инновациялық университеті,Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются вопросы об особенностях художественного оформления казахской национальной одежды, о значении украшений, носимых на национальных головных уборах.

В настоящее время, с наступлением независимого времени, многие наши национальные костюмы начали тщательно изучаться и обновляться в соответствии с требованиями нового времени. Головной убор - элемент материальной культуры в традиционной культуре, который выступает определяющим, определяющим признаком социальной, экономической, региональной, возрастной, половой и др. И в целом имеет существенное этнокультурное значение. Баския отражает национальные эстетические вкусы и особенности адаптации людей к природной среде, возрастные и местные, общие черты.

Summary

The article discusses the issues of the peculiarities of the decoration of Kazakh national clothes, the meaning of jewelry worn on national headdresses.

Nowadays, with the advent of independent time, many of our national costumes have begun to be carefully studied and updated in accordance with the requirements of the new time. A headdress is an element of material culture in traditional culture, which acts as a defining, defining feature of social, economic, regional, age, gender, etc. And in general, it has a significant ethno-cultural significance. Basquiat reflects national aesthetic tastes and peculiarities of people's adaptation to the natural environment, age and local, common features.

Қазақстандық киім дизайнерлерінің алдында күрделі, бірақ қызықты және маңызды міндет тұр – қазақстанның дизайнның әлемдік деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретін басқа елдердің дәстүрлерімен бірге Қазақстан халықтарының ұлттық дәстүрлерінің қазіргі заманға сай жұмыс істеу формаларын табу.

Осыған байланысты, отандық өнеркәсіпті дамыту векторы дәстүрлі ұлттық костюм негізінде, оның функцияларын ескере отырып, заманауи өнімдердің ассортиментін кеңейтуге бағытталған, сондықтан олар ғасырлар бойы халық дәстүрінде қазақ костюмінде, халықтың мәдениеті негізінде жүзеге асырылған көркемдік мәнерлілік пен өзіндік ерекшелікті тікелей жеткізеді.

Соңғы онжылдықта ұлттық костюм материал, пішін, дизайн, декор, техника және орындау тәсілі, дәстүрлі технология қазіргі заманғы киім модельдерінің мүлдем жаңа көркемдік және технологиялық шешімдерін жасау үшін шығармашылық идея болып табылатын сарқылмас көздердің біріне айналды.

Дәстүрлі қазақ костюмінде – ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи көркемдік-стильдік бірлікті бұзбайтын оның түрлері мен формаларының, оның декоративтік безендірілуінің қабылдағыштарының әртүрлілігі есте қаларлық болып табылады. Безендірілу қазақ ұлттық киім жиынтығының барлық элементтерінде бар. Жыныс, жас ерекшеліктеріне және әлеуметтік айырмашылықтарына байланысты ол безендіру үшін қолданылатын материалдармен, ою-өрнектерімен ерекшеленді.

Қазақтарда киім жасауға арналған ежелгі материалдар үй жануарларының терісі, былғарысы және жүні болғаны белгілі. Негізінен қой терісі, ешкі мен құлынның терісі жиі қолданылады. Сондықтан, күнделікті киім безендірілмеген немесе сәл ғана безендірілген, ал бөлшектерін тозып кетпеу үшін былғарыдан, күдері, жұқа өрескел матадан жасалған жиектер қолданылған. Сыртқы жабық киім безендірілмеген дерлік.

Қазақ әйелдерінің костюмдері мен үй заттарын безендірудің ең көне және кең таралған түрлерінің бірі кесте тігу болды. Кесте тігуде қазақ халқының айналадағы шындыққа деген көзқарасы бейнеленді, ұлттық мәдениеттің сиқырлы және эстетикалық жақтары көрінді. Сонымен қатар, әртүрлі көркемдік және құрылымдық әдістер қолданылды: Қосетек - көйлектің етегін бірнеше қатпарлау, ұзын етекті белдемше т.с.с.[1]

Бас киім - дәстүрлі мәдениеттегі әлеуметтік, экономикалық, аймақтық, жас ерекшелігі, жыныстық және т.б. анықтаушы, айқындаушы белгі ретінде әрекет ететін және жалпы алғанда елеулі этномәдени мәнге ие материалдық мәдениеттің элементі. Баскиім ұлттық эстетикалық талғам мен адамдардың табиғи ортаға бейімделу ерекшеліктерін, жас және жергілікті, жалпы сипаттарын көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қоғамында орын алған әлеуметтік өзгерістерге байланысты мәдени өмірде де үлкен өзгерістер болды.

Ерлер бас киімінің түрлері аз: бөрік, қалпақ, тымақ, сырғақ, тақия, делбеге, далбай, кепе (өрнектеп кестеленген, шымкесте, бізкесте), үш түсті, жеке, жапетер, тақия (әшекейлі, үкі), сырма, шошақ бөрік). Байлар барқытпен (көбінесе қызыл қоңыр түсті) әшекейленген және үшкір құндыздың немесе сусардың үстіне алтын асыл тастармен кестеленген биік бас киім киген. Жігіттер бәйгеде, көкпар тартқанда басына шеті кестеленген байламша орамал тартады. Мұндағы шыт байламша ерлердің көктемгі бас киімі ретінде пайдаланылады, ол көзді және бетті терлеуден сақтайды. Етегін байлауға жеткілікті ұзындықта тігу арқылы дайындайды.

Қазақ әйелдерінің баскиімдері олардың жасына, отбасылық жағдайына байланысты айтарлықтай өзгереді. Әйелдер киімі: бергек, бөрік, жаулық, желек, жырға, кимешек, күндік, орамал, сәукеле, тақия, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), бүркеніш, шылауыш және т.б.

Жазда қыздар түрлі-түсті жібек, барқыт, мақпал, төбесі тегіс дөңгелек тақия кисе, қыста бай, жағдайы жақсылары қамшат-бөрік киеді.

Алтын, күміс және гауһар сияқты асыл тастар ежелгі уақытта баскиімдерді әшекейлеу барысында көптеп пайдаланылды. Зергерлік бұйымдар көбінесе сәукеле, тақия, бөрік, кимешек сияқты бас киімдерге тағылады.

Айшық – күмістен соғылған, жаулықтың шеке тұсына, кимешекке қадалатын жарты ай, жұлдызды күміс ою.

Басжақсы – сәукеле әшекейлерінің жалпы атауы. Сәукеленің әшекейлері көп және олар қымбат болғандықтан, күйеу жігіт қалыңдықтың құнынан бөлек сәукеленің ақысын төлеген. Оны әшекей атауымен басжақсы деген атпен аталған[2].

Ұлттық киімнің құрылымдық ерекшеліктері келесі мысалдармен дәлелденеді. Қазақ салтында бас киім сұлулық пен сән-салтанатты, құдіретті бейнелейтін қасиетті киім болып саналды. Қазақтың “дос басқа қарайды, жау аяққа қарайды” деген мақалы осылай қалыптасқан. Сол сияқты, біреу аяғына құлап, бас киімін шешіп немесе бас киімін аяғының астына тастап кешірім сұрау жолының болуы да сол бас киімді құрметтеуден туған. Қазіргі уақытта қоғамдық орындарда, жиналыстарда (діни мерекелерді қоспағанда) бас киімдерді шешу мәдениеттің белгісі ретінде осы ерте этикалық дәстүрлерден туындайды.

Үйлену тойы кезінде қалыңдық саукеле киген - биік бас киім түрі (70 см дейін), тойдан кейін бір жыл бойы мерекелерде киген.

Саукеле - бұл өте биік болуы керек. Саукеленің прототиптері сақ бас киімдері болып табылады, олардан олар тек пішінін ғана емес, сонымен қатар салттық философиялық мәнділігін де сақтаған.

Қалыңдықтың бас киімі саукеле де алтынмен безендірілген сақ көсемінің бас киімі сияқты бәрінен де қымбат бағалы.

Этнолог С.Қасыманов «Қазақ халқының қолөнері» атты еңбегінде сәукеле төбесінің ерекшеліктері туралы әңгімелейді[3]. Сәукеленің негізі - оның төбесі. Төбесі ақ киізден жасалған, оған қой жүнінен арнайы басып шығарылған немесе асыл матадан тігілген. Содан кейін төбесі кестеленеді, ал шеті алтын, күмістермен апталады. Сәукеле төбесінің биіктігі - екі сүйем, кейде одан да биік. Төбенің келбеті алтын, күміс, інжу, маржан сияқты асыл тастармен безендіріліп, алтын жіппен өрнектелген.

Сәукеленің төбесіне үкі қадаған. Үкі жүні ежелгі қазақ әдет-ғұрпы бойынша сұлулықтың символы болып саналады. Бұрын киімнің жеңдеріндегі ою-өрнек, үкі арқылы дию- жындардан, бәле-жаладан, аурулардан қорғалған, оларда сиқырлы күш бар деп сенген. Сондықтан үкі тақияға, сәукеле төбесіне, домбыраға, бесікке байланған. Үкінің қара қасқасын ер адамдар, ал балақ жүнінен жасалған ұлпаны әйелдер қолданған. Үкі құсын қазақтар қасиетті деп есептеген. Ежелгі бақсылар, батырлар, сал-серілер де киімдеріне, бас киімдеріне, домбыраларына үкі таққан. Тіпті бір үкі бір атқа тұрарлық еді.

Ленинградтық этнографиялық мұражайға берілген саукеленің бағасы жүздеген жылқының құнына тең болды! Саукеле халық шеберлерінің ең бағалы бұйымы және зергерлік өнер бойынша да элементтері болды.

Сәукеледе қолданылатын зергерлік әшекейлер:

Бетмоншақ - сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ. Оны сәукеленің бетмоншағы деп атайды. Бетмоншақ екі түрлі болады, бірі бірыңғай ірілі-ұсақты моншақтардан түзілсе, екіншісі матадан тігіліп, моншақтар мата бетіне қадалады, екеуінің де арасында күміс қозалар қадалады. Бетмоншақ белге дейін, тіпті одан да төмен түсіп тұрған. Бетмоншақ жас келіннің ұялшақ жүзін жартылай жасырып, бетін бүркемелеп тұрады. Сондықтан «ұялып тұр»деудің орнына «бет моншағы үзіліп тұр» деген. Ертеде сәукелеге жақмоншақ, жақтама, жақтау, жырға, сәукеленің сырғасы деген әшекейлер таққан. Сонымен қатар шытақ - сәукеленің қозасы (қоза - шар сияқты

металл әшекейі) Моншақтың саны, ұзындығы қыз әкесінің дәулетіне байланысты болған. [4].

Жақмоншақ - сәукеле, бөрік, бергек, кимешек сияқты әйелдер баскиімдерінің екі жақ самайлығына және маңдайының алдыңғы жиегіне қасқа түсіре, тізбелі шоқ жасап шілтерлеп тағылатын әшекей. Жақмоншақты зергерлер алтын, күміс қозаларын жібек жіптерге тізіп, асыл тастармен бұршақтап, үзбелеп жасайды.

Көзотаға - көбінесе ер адамның баскиіміне қадайтын меруерт, асыл тас. Оны қарапайым кісілер емес, қызмет дәрежесі жоғары, лауазымды, текті адамдар таққан.

Қозалы үкі - бөрікке қадайтын, үкі қауырсынын ораған әшекей әрі әшекей, әрі тұмар ретінде пайдаланылады. Сәукеленің сырғасы -салпыншағы мол, өзі ұзын да ауыр болғандықтан, тек саптанатты кездерде сәукелеге байлайтын сырға түрі (шекелікке ұқсас). Оны Батыс Қазакстанда сабақты сырға деп атаған. Оның мәнісі: ауыр сырғаларға жіп байлап, шашқа, сәукелеге бекітеді (қазақ қолөнерінде сабақ «жіп» деген мағынаны білдіреді).

Талмоншақ - тақияға, сырт киімге бірнеше қатар етіп тағылатын моншақ түрі. Жас балалардың, қыздардың тақиясына тағылады.

Үкіаяқ -жоғары жағына асыл тас орнатып, төменгі жағын күміспен күптеп, баскиімге, бесікке тағатын әшекей. Ертеде үкі киелі құс санапып, оның аяғын, қауырсынын тұмар орнына тұтынған. Үкіаяқ сырғада, сәукеледе, шаштеңгеде құрамдас бөлшек ретінде қолданылады.

Шортас - баскиімге қадайтын асыл тас.

Шоқ – баскиімге тағатын алтын әшекей, асыл тас; алтын шоқ. Эпостық жырларда мұның шоқты деген варианты да ұшырасады. Ал бұрама шоқ үкілі шоқ асыл тасты баскиім әшекейлерінің күрделі түрлері. Қазақ тұрмысында шоқ белбеу, шоққондырған баскиім ертеде тектілікті, лауазымды, дәрежені көрсеткен. Лауазымына қарай асыл тас түрлері, түстері де әртүрлі болған.

Шырмауық - ілгекті оқа, металл ілгекті әйелдердің баскиім әшекейі.

Шытыра - баскиімге, омырауға, аяққиімге қадайтын, ағашқа, ер-тұрманға орнататын асыл тасты, не тассыз күміс әшекей. Шытырапар түріне қарай ақ шытыра, алтын шытыра, күміс шытыра, күмбез шытыра, құмырсқа бел шытыра, меруерт шытыра т.б. деп аталады[5].

Саукеле тәріздес бас киімдерді археологтар ерте орта ғасырлық қабір орындарынан тапты. Белгілі Сақ көсемінің бас киімі - «Алтын жауынгер», біздің мемлекетіміздің символы болып табылады және онымен дәстүрлі саукеле арасындағы айқын байланыстар байқалады.

(Айтпақшы, бұл кейбір зерттеушілерге «Алтын жауынгер» шын мәнінде қыз болды деп болжауға негіз берді). Саукеле - өте ежелгі және қазақтардың қасиетті бас киімі.

Саукеленің барлық әшекейлері маңызды мағыналы жүктемені алды - ең алдымен қорғаныш қызметін атқарды. Бұған ежелгі зергерлер де ат салысқан. Әрине, мұндай бас киім өте қымбат болды. Оны жасаумен ең мықты шеберлер, атап айтқанда пішуші, кестелеушілер, зергерлер айналысты.

Қазақтың ұлттық бас киімдерінде ең оңай оқылатын белгі ретінде оюға негізгі орын бөлінетіні белгілі. Оюдың барлық элементтері әртүрлі мақсатта пайдаланылады және бір жағдайдан екіншісіне оңай орын ауыстырады.

Бас киім түстері, сондай-ақ, адамдарды қамтамасыз етілу деңгейі және тұрмыс жағдайы бойынша бөліп көрсетті. Бұрынғы кездері әрбір қоғамдық тапқа белгілі бір түс бекітетін талаптар болған. Қазақстанның ұлттық киімдері пайдалануы бойынша және халықтың бай табына, дайындалуының көркемдігі мен байлығынан, дәстүрлі оюдың көп мөлшерімен, өрнектілігімен және күмістендірілумен, алтын мен күмістен жасалған әшекейлерді пайдалануымен, түрлі-түрлі тастардан жасалған көзі бар асыл тастарды пайдаланумен ерекшеленеді. Барлық мәдениет діндері салттарында белгілі бір түсті пайдаланады, ислам діні де бұл ретте қалыс қалмайды. Мұнда, негізгі түс ретінде, киімдерде ақ түс, яғни тазалық пен бейкүнәлік, шындық белгісі ретінде пайдаланылады.

Бүгінгі таңда киім өндірісінде безендіру жұмыстарындағы классикалық өрнектер ешкімді таң қалдырмайды. Ұлттық өрнектер тек салтанатты немесе арнайы костюмдерде қолданылады. Күнделікті немесе кеңсе костюмдеріндегі еуропалық немесе шығыс модельдері сән трендінде беделді орынға ие болды. Бұл костюмдерге жаңа тыныс беру үшін сәндік-құрылымдық сызық ретінде стильдендірілген ұлттық үлгілерді пайдалануды ұсынамыз. Мұндай қадам ұлттық патриотизм сезімін оятуға ықпал етеді. Бұған дейін кеңсе қызметкерлері халықаралық форумдарда шетелдік әріптестерімен кездесіп, олардың қазақстандықтар екенін көрсете алатын.

Ұлттық киім қазақ халқының ұлттық тұрмысының, көркем мәдениетінің ескерткіші болып табылады деп айтуға болады. Олар қазақ халқының эстетикалық талғамын, мәдени дәстүрлерін, ұлттық ерекшелігін көрнекі түрде көрсетеді. Біз ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін қадір-қасиетін жоғалтпайтын және өз қолөнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар түрлі-түсті және ыңғайлы болып табылатын қазақтың ұлттық киімі екеніне сенімдіміз.

Заманауи костюмді жобалау кезінде қандай қызметтер басым болатынын ескеру қажет. Материалды таңдау, дизайн шешімін және костюм бейнесін іздеу киім қызметтері арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1 Ерғалиев І., Телібаев Ғ. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары. - 1993. - № 3. - 32-38 бб.

2 Тохтабаева Ш. Функция казахской традиционой одежды // Известия НАН РК, серия общественных наук. - Алматы: Ғылым, 1994

3 Қасиманов С. Қазақ халқының қоленері. - Алматы: Қазақстан, 1995. - 240 б

4 Байжігітов Б. Қазақ өнерінің эстетикалық табиғаты. (Қазақтың дәстүрлі творчествосы мен бейнелеу өнерінің негізінде): филос. ғыл. канд. …дисс. - Алматы, 1994. - 123 б.

5 Молдабеков Ж.Ж. Қазақтанудың бүгіні мен ертеңі // Ақиқат. – 2002. № 4. – 20 б.

УДК 930.2

«МЕМОРИАЛЬНАЯ ПАРАДИГМА» В ИССЛЕДОВАНИЯХ Л.П. РЕПИНОЙ

Марина Г.А.- старший преподаватель
Насурлаева Г.О.- оқытушы
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Қазақстан

Түйін:

Мақалада өткенді интерпретациялық модель ретінде зерттейтін мемориалдық парадигма мәселелері көтеріледі, қазіргі жағдайдың әртүрлі жағдайларына нұсқаулық беріледі. Мемориалдық-тарихи зерттеулердің тарихнамасы ашылады, өткеннің өзекті әлеуметтік-мәдени сараланған бейнелері, тарихи саясаттың тетіктері мен құралдары талданады.

Summary:

The article raises questions of the memorial paradigm, which studies the past as an interpretive model, provides a guide in various situations of the present. The historiography of memorial and historical research is revealed, the current socio-cultural differentiated images of the past, mechanisms and instruments of historical policy are analyzed.

Лорина Петровна Репина – российский историк, доктор исторических наук(1998 г.), профессор(2002 г.), член-корреспондент РАН (2011 г.), специалист в области методологии истории, историографии и интеллектуальной истории Западной Европы, главный научный сотрудник Института всеобщей истории РАН, руководитель центра интеллектуальной истории и отдела историко-теоретических исследований[1].

Memory studies – это академическая область, изучающая использование памяти как инструмента для запоминания прошлого[2]**.** Мемориальная парадигма изучает прошлое как интерпретационные модели, дающие ориентир в различных ситуациях настоящего. Историография мемориально-исторических исследований анализирует актуальные социально-культурные дифференцированные образы прошлого, механизмы и инструменты исторической политики.

На современное историческое сознание оказывает воздействие стереотипы восприятия, уровни понимания и доверия, идеальные образы и ожидания изменений в исторической культуре общества. Формирование массовых исторических представлений осуществляются при помощи публичных институтов памяти. Историческая культура вобрала в себя все элементы присутствия прошлого в жизни, различные представления о прошлом, способы репрезентации представлений о прошлом в разные эпохи.

Основным источником послужила книга Д. Лоуэнталя «Прошлое — чужая страна», где автор протвопоставляет различные подходы к прошлому. По его мнению изменение статуса исторического знания привело к раздуванию функций памяти, гипертрофии учреждений и орудий памяти (музеев, архивов, библиотек, коллекций, компьютерных каталогов, банков данных и пр.) и привязанности к наследию[3, с.7].

Л.П. Репина в качестве аргумента использует концепцию П. Нора[4, с.7], где слово “память” получило такой общий и экстенсивный смысл, что имеет тенденцию попросту вытеснить слово “история” и поставить “занятия историей” на службу памяти, т.е. у историка отбирается его монополия на интерпретацию прошлого. По ее мнению предметом изучения является своеобразная символическая реальность, которая противопоставляется научным подходам, базирующихся на живой реальности. Точно также противопоставляется публичная память с позицией научной историографии, которая опирается на критическую функцию и рационально-доказательные модели исторического исследования[5,с.8].

Что мы теряем, а что приобретаем, вводя в научный оборот новую исследовательскую парадигму? По-мнению Л.П. Репиной это отказ от всемирной истории как идеи единого однонаправленного процесса исторического развития, и соответственно история памяти дает нам второй уровень рефлексии, потенциал которого гораздо сложнее в обращении, который нельзя не признавать[5,с.9].

В мемориальных исследованиях внедрение новых элементов субъективной реальности, ее психологические составляющие включены в орбиту исследования современной историографии. Чувственно-эстетическое и культурное наследие реализовано и воспринято в движении, в исторической динамике.

В мемориальной парадигме понятие «событие» обрела особый эпистемологический статус. Л.П. Репина подняла проблемы взаимоотношения социальной памяти и историописания, о месте коллективной памяти в субъективности историка. Обозначение исторического события определяется ею принадлежностью автора к той или иной традиции или культуре памяти. Теперь понятие «событие» получило статус «образа события» в сознании и памяти переживших его участников и современников, а затем – непосредственных и отдаленных потомков[5,с.9].

Ссылаясь на П. Рикера[6] Л.П. Репина анализирует памятные события и нарратив историк,которые играют ведущую роль в формировании идентичности при помощи прошлого. События вытесняются из памяти, если они не получают коллективной оценки, а ей предшествуют предъявленные обществу определенной версии события. Соперничество разных версий исторической памяти рассматривается как спор между эпизодами истории, которыми, с одной стороны нация должна гордиться, а с другой стороны стыдиться. Таким образом в коллективной памяти накапливаются реальные и символические обиды.

В настоящее время в памяти разных поколений проблемы сохранения, распространения и реконструкции опыта переживания народами и отдельными группами крупных исторических событий и конфликтов в кросскультурной и сравнительно-исторической перспективах изучены недостаточно. С одной стороны мы видим игнорирование контекста времени, а во втором – пространства. Поэтому проблемы динамики исторической памяти остаются в абстрактно-терминологических построениях и не дают возможности выявить их механизмы.

Анализируя работу А. Мегилл «Историческая эпистемология»[7] автор стремится показать различные формы коллективных коммеморацій, которые формируют общие представления о тех или иных событиях и стимулируют участников к повторному символическому переживанию. Это оживляет старые воспоминания и наполняют прошлые события новым смыслом. По заключению, сделанной Л.П. Репиной каждый акт коммеморации воссоздает лишь один фрагмент прошлого, а вместе они составляют сюжетную линию. Доминирующий нарратив давлеет над альтернативными трактовками, но наличии конфликтов приводит к динамизму и изменениям в коллективной памяти. Через память индивидов проявляется память группы, а коллективная память через индивидуальный опыт[5, с.10].

Анализируя работу Ю.М. Лотмана «Память культуры»[8] отмечает, что благодаря постоянно меняющимся контекстам прошлых событий, идей, действий раскрывается новое содержание, прошлое в контексте настоящего обретает свою новую ценность. При анализе ландшафтов, топологии локальной памяти и городской мемориальной культуры всегда учитывается пространственно-территориальный контекст. Историзация культурного наследия осуществляется в процессе исследования в его собственной биографии, раскрывая ценностно-смысловую инвариантность и многоплановость мемориального содержания памятника. Задача историка заключается в воссоздании исторически меняющихся образов культурного наследия, сформированных в разных представлениях поколений.

В зависимости от исторического времени, смены поколений, появления новых потребностей, практик и смыслов формируются в общественном сознании образы прошлого. Пространно-временные представления определяют специфику культуры той или иной эпохи.

Проблема связанности времени и пространства возникает в самых разных контекстах. Связанными оказываются не только исходные явления (то есть ситуации реальной связанности социальных действий в прошлом), но и их зачастую взаимно противоречащие образы в актуальном настоящем. Исследователь не может выделить в ее рамках, диалоге единственную правую сторону, создать единственно верную картину прошлого. Классическая историография ставила перед собой задачу «достичь “объективного” образа прошлых событий», а диалоговая парадигма «перекрестной истории» соединяет проблемы интерпретации культурных взаимодействий в истории и в сознании историка[5,с.13]. Диалог с прошлым – это внутренний диалог историка и диалог сообщества историков, в результате чего создается новый образ прошлого.

В центре внимания оказываются не противостояние и конфликт, а пространство диалога исторических памятей его равноправных и самоценных участников. На место изучения структур ставится исследование взаимодействий между авторами и их результатов, а следовательно — событий и их образов, запечатленных в коллективной и культурной памяти. В данной парадигме интерпретация события опирается на соотнесение его внутреннего содержания (текста) с широко понимаемым историческим контекстом, а точнее контекстами

— как синхронными (на разных уровнях), так и развернутыми во времени. Контекст накладывает на участников взаимодействия, стремящихся интерпретировать события с позиций актуального настоящего и желаемого будущего, структурные ограничения, причем, помимо прочих, мощным ограничителем выступает сформированная в массовом сознании память о кри тических событиях прошлого, в том числе о великих исторических событиях, которые в исторической науке служат вехами-маркерами периодизации национальной и мировой истории[9,с.9-17]. Коммуникативный подход смещает на периферию идентификационный «заряд» коллективной памяти и, снижая ее конфликтогенность, создает предпосылки для продуктивного диалога.

Сегодня, когда история все чаще рассматривается как особая форма памяти, «пласты времени» видятся неотъемлемыми элементами сложной коннективной структуры, в двух измерениях — социальном и темпоральном, а историческая событийность рассматривается не только, и даже не столько, в коротком (ситуационном) времени, но и в сложной, нелинейной связи с другими событиями в границах фиксированных интервалов длительного времени. В рамках конкретного исторического исследования проводится сопоставление и содержательная интерпретация данных в ограниченных пространственно-временных диапазонах (хронотопах), в которых само событие (в своей собственной процессуальности) и его продолжительный смысловой след (память) включаются в сложную диалектику с преемственностью структур и длительным временем культуры, которая выступает как трансляция из поколения в поколение духовного и интеллектуального опыта человечества в рамках определенного пространственно-временно́го диапазона[5,с.13].

Мы видим, что каждая культурная парадигма осмысливая предыдущий опыт показывает свое отношение. Осуществляемые в рамках исследований верификация информации, анализ положения дел и ретрансляция знаний, требуют представления знаний, соответствующих современному уровню познания, зависящий от информационных технологий и новых форм коммуникации. На сегодняшний день границы исторической профессии размывают границы, причины которых объясняются доступностью информации, интернета, возможностью узнавать, сопоставлять, анализировать и публиковать. Использование комплексной технологии в исследовательских и образовательных целях, создает новые возможности для профессионального ростаисториков, которые опираясь на новые междисциплинарные исследования позволяют моделировать историческую реальность с привлечением новых инструментальных средств. Следует учесть, чтобы результаты проекта были конвертируемыми в дискурс научно-популярного плана, нужно чтобы интересы исследований были связаны с рецепцией идей, созданием базы данных информации (коллекции, архивы) и коллективной памятью или проблемой репрезентации. Историки должны заниматься тем, что востребовано обществом, сделать прошлое ближе для современного человека, не лишая его при этом инаковости и сложности.

Литература

1. Репина Л.П.: URL: https://www.rsuh.ru/who_is_who/detail.php?ID=5204
2. URL:https://en.wikipedia.org/wiki/Memory_studies#:~:text
3. Лоуэнталь Д. Прошлое — чужая страна. Пер. с англ. А.В. Говорунова. - Санкт-Петербург:Владимир Даль: Русский Остров, 2004. – 622 с.
4. Нора П. Всемирное торжество памяти // Неприкосновенный запас. URL: https://magazines.gorky.media/ nz/2005/2/vsemirnoe-torzhestvo-pamyati.html
5. Репина Л.П. Память и наследие в крестовом походе» против истории, или рождение «мемориальной парадигмы»URL: http://uralhist.uran.ru/pdf/Repina_UIV_2(71)_2021.pdf
6. Рикёр П. Память, история, забвение. М., 2004. С. 1207
7. Мегилл А. Историческая эпистемология.- Москва, 2007.
8. Лотман Ю.М. Память культуры // Чему учатся люди. Статьи и заметки. Москва, 2010.
9. Репина Л. П. Память и знание о событиях прошлого в историческом сознании и нарративах идентичности // Событие в истории, памяти и нарративах идентичности. Москва, 2017. С. 9–17.

ӘӨЖ

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ИКЕМДІЛІК ПЕН ДАҒДЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ МЕН ОҚЫТЫЛУ ЖҮЙЕСІ

Айдарова А. А.- магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается эффективная методическая система развития орфографически грамотной письменной речи учащихся.

Summary

The article discusses an effective methodological system for the development of spelling-literate written speech of students.

Орфография дегеніміз – біртұтас жазу жүйесі болып табылады. Ал жазу жүйесі болса тілдердің рухани және материалдық мәдениетінің өркендеуіне ықпал ететіні белгілі. Жазбаша сөйлеу «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу. Сондай-ақ, жазбаша сөйлеу тілдік тұлғалардың фонемалық, графикалық жүйесіне негізделген, психологиялық, лингвистикалық, әдістемелік, физиологиялық ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі әрекет екендігін көрсетті [1]

Жазбаша сөйлеу біріншіден, әріп, сөз арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлеу әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұны-мағынасына ғана емес, нұсқасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым

қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Әдіскерлердің қалыптасқан пікірі бойынша, жазбаша сөйлеу үш бөліктен құралуы тиіс. Олар: себеп-салдарлық; аналитико-синтетикалық; орындау.

Аналитика-синтетикалық кезінде сөйлем құрылымы жасалынып, сөздер бір-бірімен байланыса тіркеске түсіп, сөздің қызметі мен орнын белгілейді.

Ал, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін (текст) пайда болып, жазу орындалады. Бұл үдерісте мынандай әрекеттер жүзеге асады:

- ойдың сөз арқылы тізбектелуі.
- сөздің графикалық әріптермен таңбалануы.
- жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген ақпаратты білдіруі.

Себеп-салдарлық кезеңде адам жазумен шұғылдану үшін белгілі бір себеп-салдарлар пайда болып, яғни адам өмірде кездесетін әр түрлі деректі, ақпаратты басқа біреуге жеткізу қажеттілігінен жазғысы келеді.

Бірінші кезеңде өмірден туған қажеттілік, яғни белгілі бір хабар миға ауысады, адамның санасында бейнеленеді, ой-пікір туғызады.

Екінші кезеңде адам санасындағы қалыптасқан ой сөзге, сөйлемге айналады. Сол ойды дұрыс жеткізу үшін тіл үйренуші тиімді сөздерді іздейді, жеткізгісі келетін хабардың ең басты мәнін дәл, нақты жеткізуді қалап, сөздердің мән-мағынасын ойластырады.

Үшінші кезеңде ойда жинақталған сөздер графикалық таңбалар арқылы тізбектеле келіп, белгілі бір заңдылықпен қағазға түсіп, жазуға айналады. Ол жазудың үлгісімен ғана емес, білдіретін мазмұн сипатымен де ерекшеленеді.

Төртінші кезеңде қағазға түскен сөйлемдер тұтас жүйесімен, белгілі бір ақпараттың толық мазмұнын оқушыға дұрыс жеткізу ойластырылған.

Тілді үйретуде орфографияға қатысты қиындықтар да кездеседі. Олар:

- Фонетикалық, морфологиялық, тарихи ұстанымдардың өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жан-жақты ескеру;
- Екпінге байланысты дұрыс жазылуды қадағалау;
- Қазақ тілінде еріндік, езулік дауыстылардың жазылуына ерекше мән беру;
- Жуан, жіңішке дыбыстардың фонемалық қасиетін есте сақтау;
- Дауыссыз дыбыстардың айрықша белгілерін дұрыс меңгеру т.б.

Жалпы орфографиялық білім екі саланы қамтиды.

1) жеке лексикалық сөздерді дұрыс жаза білу ережесі;

2) грамматикалық заңдылықтарды игеру арқылы тіркесті, сөйлемдерді байланыстырып, дұрыс жазу нормасы.

Жазудың әдістемелік ерекшелігі- графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жаттықтыру, оқыту.

Өзге тілдерінде оқытылатын мектептер үшін білім беру стандартында «Қазақ тілі» пәнін оқытудың басты міндеттерінің бірі ретінде: «қазақ тілінде сөйлеу және жазу икемі мен дағдыларын қалыптастыру», – деп, жазбаша сөйлеуге баса көңіл аударады [2]. Оқушыларды жазбаша сөйлеуге дағдыландыру үшін

жазбаша сөйлеу ерекшеліктерін анықтап, ол бойынша оқушыда қалыптастырылатын икемділік пен дағдылар жүйесін белгілеп алу қажет.

Жазып сөйлеу деп «жазбаша мәтіндер арқылы вербалдық (сөздік) тілдесу», – деп көрсетіледі.Ол мерзімі шегерілген және тікелей болуы мүмкін.

Жазып сөйлеу монологтың, яғни мәтіннің әртүрімен ерекшеленеді. Ол ауызекі диалог түрінде сөйлесуге қарағанда анағұрлым дамыған. Сонымен бірге, жазып сөйлеуде екінші бір адаммен әңгімелесуге мүмкіндік жоқ. Тыныс белгілері арқылы сөйлем құрау тәртібі болатын сөйлеу әрекетіндегі интонация, мәнерлілік басқа қабылдаушыға ықпал етудің қосымша құралдары болып табылады. Сөйлеу мәдениеті жазбаша сауаттылықтан көрінеді. Ал сауаттылық білім, білік, дағдыларды игерумен байланысты. Сондықтан оқушылардың орфографиялық икемділігі мен дағдысын қалыптастыру мен сауаттылығын дамыта оқытудың өзіндік жүйесі бар:

- Тіл дамыту оқушылардың сөйлеу әрекетін белгілі жағдаятқа орай жүргізе білуге баулу.

- Оқушылардың сөйлеу әрекетін қалыптастыру және жетілдіру, қатысымдық (коммуникативтік) біліктілікті жалпы әртүрлі пікір айтуда меңгеру бойынша жүргізілетін мақсатты жұмыстар арқылы жүзеге асыру. Сондықтан орфографиялық білім, білік, дағдысын қарастырайық.

- Білім беру сапасы- қоғамдағы білім беру үдерісінің жағдайын, нәтижесін, сондай-ақ жеке тұлғаның кәсіптілігінің қалыптасуын және даму болашағының қажеттілігін анықтайтын әлеуметтік категория. Білім беру сапасы білім беру мекемелеріндегі жастарды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әртүрлі көрсеткіштерінің жиынтығын, яғни білім беру мазмұнын, оқыту қалыбы (формасы) мен әдістерін, материалдық техникалық базалары т.б. бойынша анықталады.

Білім– қоршаған ортада тәжірибелік тұрғыда нәтижесі байқалып, оның адам миында нақты бейнеленуі. Оның бейнеленуінің байқалу түрлері:

1. Тұжырымды бейнеленуі бойынша:
-жекелей;
-қоғамдық;
2. Бейнелеу қалпы бойынша:
-теориялық (ауызша) білім;
-бейнелі, сезім органдары арқылы ұғынылатын білім;
-амалдық білім.
3. Аймақтық және пәндік танымдар бойынша берілетін білімдер.
4.Психологиялық деңгейлері бойынша:
Білім-білу-елестету-түсіну-пайдалану-әрекет-қарым-қатынас-қажеттілік (тізбек бойынша).
5.Жинақталу дәрежесіне байланысты: Дыбыс-құбылыс, түсінік-терминдер, байланыстар-заңдылық, болжам-теория, әдіснамалық білім-бағалау білімі.

Жазу – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген, лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен тұлғасын бірдей қамтитын,

адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі әрекет.

Яғни, жазу әрекеті, біріншіден, белгілі бір әсерді екінші адамға жеткізудің нәтижесінде ой пайда болады, алдымен оның себебі анықталады.

Екіншіден, аналитика-синтетикалық кезеңде сөйлем құрылым жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді.

Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін пайда болып, жазу орындалады.

Біздің пікірімізше, тілдік қатысымға байланысты жазу бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да көпсалалаы құрылым ретінде көрінеді:

- Қажеттіліктен пайда болған себеп;
- Түрткіліктің ойда, санада бейнеленуі;
- Ойдың сөз арқылы тізбектелуі;
- Сөздің графикалық әріптермен таңбалануы;
- Жазудың екінші адамға түсінікті етіп берілген ақпаратты білдіруі.

Жазу механизмінің күрделілігіек сәйкес жазуға үйрету екі сатыдан тұрады:

- Жазу техникасын үйрету;
- Өз ойын жазбаша түрде сауатты жеткізуге үйрету.

Сөйлеу дегеніміз – өте күрделі әрі аспектілі құбылыс болып табылады.

Біріншіден, сөйлеу қарым-қатынас құралы қызметін атқарады.

Екіншіден, сөйлеу дегеніміз – әрекет, нақтырақ айтатын болсақ адам әрекетінің бір түрі.

Үшіншіден, сөйлеу әрекеті нәтижесінің өнімі – айтудың туындайтындығы маңызды. Әрекет ретінде және өнім ретінде сөйлеу оқытуда бағдар беру қызметін атқаратын анық бір белгілерге яғни, параметрлерге, сипаттамаларға ие. Олай дейтініміз, ол белгілер сөйлеуді дамытуда қандай да бір жағдай жасау қажеттілігін болжап көрсетеді. Сонымен қатар, оқыту нәтижелерін бағалау белгілері де болып табылады. Мысалы:

1.Сөйлеу қатынас құралы ретінде ауызша да, жазбаша да жүзеге асырылады. Бірінші жағдайда адам қатынастың екі құралын – тілдік белсенділіктің түрлері ретінде сөйлеу және түсінуді меңгеруі керек. Ал екінші жағдайда жазу және оқи білуді меңгеру керек. Осылайша сөйлеу тілдік әрекет түрі ретінде қатынас құралының түрі болып табылады.

2.Сөйлеу қатынас міндетін шешу мақсатында өз ойыңды жеткізу. Бұл бір адамның әрекеті, ол қатынасқа түссе одан тыс болмайды, өйткені, қатынас бұл әрқашанда басқа адамдармен өзара әрекеттестік. Сондықтан тілдік әрекеттің барынша дербес түрі бола отырып сөйлеу қатынас шеңберінде оған міндетті түрде оқытуды және оған сүйенуді талап етеді. Сондықтан, сөйлеуге оқыту үдерісіндегі «қатынас», «сөйлеу» және «оқыту» ұғымдарының арақатынасын түсінуі қажет.

Қатынас дегеніміз – бұл «адамдардың адамдарды өңдеуі». Сол себептен қатынас сананы және жеке адамның сана - сезімін дамытудың ең бір маңызды шарттарының бірі, жеке адамның толық дамуының түрткісі болатындығына назар аударылған [2].

Негізгі қатынас және іс-әрекет – өз алдына дербес нәрселер, бірақ бір-бірімен тығыз, өзара байланысты өмірдің біржақты үдерістері. Олардың арасында көптеген алмасулар болады. Мысалы, қатынастың жалпы сипаттарын ескере отырып, зерттеушілердің қызметтерін бөліп көрсетеді. А.В.Ковалев қатынастың қызметін үш топқа ажыратады:

1) ақпараттық- қатынасты (ақпаратты қабылдау және тапсырумен, адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);

2) жүйелі- қатынасты (адамдардың бір-бірінің әрекетін жөнге салуы, өзара әрекетті ұйымдастыру);

3) эффекті- қатынасты (олар адамның сезім әрекетінің аймақ ортасын анықтайды) [3].

Танымдық, сезімдік, тәрбиелік қызметтеріне назар аударады. Өйткені әрбір қарым-қатынас жасаушы өз мақсатына мынандай амалдардың көмегімен жетеді, ауызекі сөйлеу, тыңдап түсіну, оқу, жазу, паралингвистика (сөйлеу мәнері, үзіліс т.с.с) және кез-келген өзара әрекет. Осы кезде қатынас жасау үш түрлі әдістермен жүзеге асады: ақпараттық (ойын, қызығушылығын, сезімін, т.б бөлісу), интеракциялық (қатынас жасаушылардың өзара әрекеті) және перцептивтік (қабылдау және адамды адамның түсінуі) [3]. Осыдан қатынасты былайша анықтауға болады: қатынас дегеніміз – адамның жеке тұлға ретінде тіршілік ету әрекетін сүйемелдеудің түрі болып табылады. Соның ең негізгісі-тіл арқылы қатысымдық әрекет. Ал баланың сөйлеу әрекеті үнемі даму үстінде болады.

Мұндай сөйлеу әрекеті оқытуда ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстары арқылы қатар жүргізіліп отырылады. Бұл жөнінде Н.И.Жинкин: «Овладение письменной речью происходит медленно, на базе и через посредство устной речи. Достижение в письме перестраивают и устной речь учащихся», – соның дәлелі [4]. В.Г.Ананьев пікірі де соны қуаттайды. «Устная речь, создавая готовность усвоению письменной, сама принимает иной вид на основе письменной»[5]. Олай болса, жазба тіл ауызекі тілдің негізінде жетіле отырып, өзінің де ерекшеліктері анықталады.

Әдебиеттер:

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. Алматы; «Қазақ университеті», 1993 – 1606.
2. Бағдарламалар. Қазақ тілі 5-9 сыныптар. –Алматы., 2003.
3. Ковалев А.В., т.б. Жалпы психология. –Алматы., 1980, 350 б.
4. Жинкин Н.И. Развитиеязыки языковая личность. М., 1994.213с.
5. Ананьев В.Г. Психологические основы культуры устной и писменной речи и ее воспитание в (школе. Уч.записки ЛГПИ им. Герцена. Т. 43 с.

ӘОЖ 81´221

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЖӘНЕ БАСҚА ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗАЛЫҚ ТІРКЕСТЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Құрбанов А.Г. – ф.ғ.к., доцент
Кажиакбарова Р. Б. – ф.ғ.к., доцент
Үкібасова Қ.А. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шымкент. Қазақстан.

Резюме

В данной статье рассматриваются понятия артикль-предложения с использованием фразовых словосочетаний в казахском и других тюркских языках.

Summary

This article discusses the concepts of article-sentences using phrasal phrases in Kazakh and other Turkic languages.

Тіл білімі фразеологияны этимология, семасиология, лексикографиямен бірге лексикологияның құрамында қарайды. Ал фразеология фразалық тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді қамтиды. Әлбетте, бұл айтылғандардың пікірталас тудыратын жақтары аз емес.

Қазақ және түркі фразеологиясы бойынша жеке тілдерге арналған монографиялық зерттеулер жарық көрді, кандидаттық, докторлық диссертациялақ қорғалды, фразеологиялық сөздіктер жасалды.

Фразалық тұрақты сөз тіркестерінің сыры өте тереңде жатыр. Олардың алғашқы және кейінгі мағыналық түрлері бар. Бұған қоса олар қанша сөзден құралған тіркестер болса да, мазмұны бір түйінге немесе сөзге саяды: I. *Көз жұму* (етістікті тіркес); алғашқы мағынасы - көзін тек қана жұмуға айтылған болуы мүмкін. Біздің дәуірімізде бұл сөз тіркесі екінші, үшінші мағынасымен қалыптасқан: II. *көз жұму - өлу,* III. көз жұму — *тәуекел ету* (қорықпау).

I. *Қолы ашық* (есімдік тіркес); алғашқы мағынасы — саусақтарын жұмып, бір нәрсені ұстап қалуға икемі келмеген кезді білдірсе, кейіннен оның басқа мағынасы пайда болған: II. қолы ашық — мырза (сақи, береген; қолында еш нәрсе тұрмайтын кісілерге қалданылады).

Көптеген тұрақты сөз тіркестері бір мағынаны білдіреді. Бұлар тілдің соңғы, көбірек дамыған кезеңіне тура келеді. Мәселен: *жүрегі су ете калу* тұрақты сөз тіркесін қарастырсақ, мағынасы — үрейленеу, қорқу, шошу. Осы «*жүрек»* сөз ұясынан: жүрегі айну, жүрегі алып ұшу, жүрегі аузына тығылу, жүрегі аттай тулау, жүрегі бүлк етпеу, жүрегі дауамау, жүрегі жылу, жүрегі елжіреу, жүрегі жарылу, жүрегі қарс айырылу, жүрегі май ішкендей кілкіддеу, жүрегі тас төбесіне шығу, жүрегі шайылу, жүрегі тебірену сияқты көптеген тұрақты тіркестер тарайды.

Орайы келгенде айта кететін бір жәйт — жиілік жағынан ұйытқы болып келетіндер де — осы соматикалық тұрақты сөз тіркестері. Бұлар өзара омонимдік, синонимдік, антонимдік тұрақты сөз тіркесі қатарын да түзей алады.

Кейбір зерттелерге сүйенсек, мәтелдердің бірсыпырасын тұрақты сөз тіркестерінің қатарына жатқызуға болады (бірақ олар бір мағынаны білдіруі керек).

Әрекет: Қимылдаған қыр асар (қазақта)
Қимирлаган қир ошар (өзбекте).
Қимирлиған қир ашар (ұйғырда).
Гырмылдан гырашар (түрікменде).
Қыбырлаған қыр асар.

Кейбір жағдайларда тұрақты тіркес — мақал-мәтелдердің құрамына еніп, алардың ажырамас бөлігіне айналып кеткендігі де байқалады.

Қ а з а қ т і л і н д е: *таяқ жеу* - Түйенің үлкені көпірде *таяқ жейді; жаны ашымау - Жаны ашымастың* қасында басың ауырмасын.

Ұ й ғ ы р т і л і н д е: *ағзидин бал таммак — Ағзидин бал тамиду,* көңлидин зәһәр тамиду; *баш сиғмақ* — Барлиқ болса, бешини силайду, йоклуқ болса, *беши сиғмайду* [1, 180].

Т ү р і к м е н т і л і н д е: *жанын агырмак – Жаны агырмаяның* янында башым агыряр дийме; *зар болмак*— Намарда *зар боландан,* гара деря гарк бол.

Мәтелдер жөнінде де біраз қайшы пікірлерді кездестіруге болады. Бірде мәтелдерді тұрақты сөз тіркестерінің баламасы деп қараса, басқа жағдайда оларды «тіл единицаларының ортасындағы аралық құбылыс, мақалдарға да, фразеологизмдерге де жатқызуға болмайды» деп түйеді.

Тұрақты сөз тіркестері мен мәтелдер жөнінде бұндай талас пікірлерді негізсіз деуге болмайды. Бұл әрібір жеке немесе сол генетикалық топқа кіретін тілдердің табиғатына да байланысты. Бұл мәселе түркі тілдерінде дербес зерттеуді талап етеді [2, 20].

Көптеген түркі тілдерінде мақал мен мәтелді ажыратпайды, немесе екеуін қосып, мақал деп қарайды.

Өкінішке орай, фразалық тұрақты сөзтіркестері қанша зерттелсе де, бұларды бір-бірінен ажырататындай үлгілері (модельдері) бір жүйеге түспегендігі сезіледі.

Тұрақты сөз тіркестерін мақал-мәтелдермен салыстырғанда, кейбір семантика-грамматикапық ерекшеліктерін атамай кетпеуге болмайды. Оларға негізінен: тұрақты сөз тіркестері мақал-мәтелдерге қарағанда, көлемі қысқа болып келеді де, ой аяқталмайды; етістікті және есімді тұрақты сөз тіркестері өздерінің жасалу тәсілінде тілдің ішкі заңдылықтарына сүйенеді. Сонымен қатар, тұрақты сөз тіркестері де, мақал-мәтелдер де ертеден қалыптасқан дайын күйінде қолданылады. Мақалдар аяқталған ойды білдіреді, көпшілігі екі тармақтан тұрады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Сөз өнерінің ғылымы» және «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесіне» тоқтай келіп, оларды *өрнекті сөйлемдер, өленді сөйлемдер, шешен сөз, дарынды сөз, ділмәр сөз* деп бөледі де, әр қайсысына жеке-жеке тоқтайды. Солардын ішінде мақал мен мәтелге айрықша орын беріледі: «Мәтел. Мәтел дегеніміз кезіне келгенде кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады» [3, 250]. Көрнекті түркологтың мақал мен мәтелге берген бұл анықтамасы қысқа болса да, мазмұны өте тереңде жатыр.

Мәлік Ғабдуллин: «....Мақал үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді». «Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқиғалы әңгімелер өте аз кездеседі. Мәтелдер, көбінесе, сөз айшығы, көркем тенеу, сөз образы («Көппен көрген ұлы той», «Құрыққа сырық жалғап», «Қызым, саған айтам, келінім, сен тында», «Тілге тиек жасап», «Ханнан қазық, биден тоқпақ» т. б.) ретінде қолданылады. Егер мақалда дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырса, мәтелде бұл екеуінің бірі ғана болады» [4, 78], — деп жазды.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»:

«М а қ а л - үлгі-өнеге ретінде айтылатын жалпы халықтық нақыл сөз. Мақап деп қысқа, образды, ұйқасты тұжырымды нақыл сөздердің тізбегін айтамыз (Қазіргі қазақ тілі). Мақал — сөздің атасы, уәде — ердің опасы (Мақалнама)».

«М ә т е л — тұжырымды, бейнелі әрі ықшам нақыл сөз».

Мақал-мәтел жөнінде берілген соңғы екі пікірдің алдыңғысы әдебиетші-ғалымның, соңғысы — тілші-ғалымдардың берген анықтамасы болып есептеледі.

Бұл пікірлерді салыстырып қарасақ, біріншісі — «мақал үлкен толғау, логикалық ой қорытындысы» деп шамадан тыс асырып бағалайды, өйткені қандай «күшті» мақал болса да, белгілі бір ойды дәл, анық, қысқа беруге тырысады; екіншісі — мақалдың табиғатына дұрыс баға береді, бірақ «нақыл сөздердің тізбегін айтамыз» деген пікір біраз анықтауды талап етеді.

Ал, мәтелдің анықтамасы бірінде асыра айтылса, екіншісінде «тұжырымды» деген сөз орынсыз қолданылады, өйткені бұл сөздің жүгі өте ауыр, әр мағынасы терең.

Мақал-мәтелдерге берілген көптеген анықтамаларды ой елегінен өткізгенде:

«М а қ а л — халықтың көп ғасырлық тәжірибесі көрініс тапқан ритмикалық жағынан ұйымдасқан қысқа, тұрақты сөз тіркестерінен құралған, ғибрат аларлық нақыл сөз. Мақалдың басты белгілері: аяқталған (жай я құрмалас) сөйлем түрінде кездеседі; біршама пайымдауды білдіреді; тура және ауыспалы мағыналы болады; қарапайым сөйлемнен дәрежесі биік, әдеттегідей, полисемия тудыра алмайды».

М ә т е л фразалық тұрақты сөз тіркестерге қарағанда, грамматикалық құрылымы бар, ғибрат аларлық қысқа, нұсқа сөз, көркем бейнелі сөз [53.20].

Шындығында келгенде, мақалдар — терең ой мен көркем сөздің түйіскен ең жсғарғы нүктесі. Бұл пікірді ойшылдардың, ғалымдардың айтқан сөздері дәлелдей түседі:

Сервантес: «Пословицы — короткие изречения, выведенные из долгого опыта».

Бертран Расселл: «Пословицы — мудрость многих и остроумие одного».

В. И. Даль: «Поговорка, по народному же определению, цветочек, а пословица — ягодка» [5, 20].

Мақал, мәтел терминдері жөнінде.

Мақал, мәтелдердің мағынасын былай қойғанда, атамаларының өздері ғалымдардың назарын өзіне аударып, дәлелдеуге тұрарлық зерттеу объектісіне айналды.

Орхон-Енесай жазба ескерткіштерінде sab – «сөз», «сөйлеу» мағынасын білдірген.

Махмуд Қашғаридың Диуанында caw сөзінің сегіз мағынасы көрсетілген. Соның бірі - *caw* - «мақал», «аталар сөзі» Юсуф Баласағұни caw орнына *абучқа* сөзі немесе *емзалды* қолданған. - *caw* - «қасиетті сөз» мағынасында XII-XIII ғасырлардың жазба ескерткіштерінде кездеседі, *муса sawi* — слова Мусы; рассказ о Моисее. Демек, Ислам діні қабылданған соң да, XIV ғасырға шейін ескі түркі *caw* - *саб* сөзі мақал мағынасында айтыла берген.

XII-XIY ғасырлардың жазба ескерткіші Codex Cumanicus те «мәтел» сөзі кездеседі.

В.В. Радловта: *макал* - пословица, поговорка – das Sprichwort, die Redensart.

Араб тілінен кірген «мақал» сөзі қалыптасқан термин ретінде қазіргі қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, башқұрт, қырғыз тілдерінде қолданылады [6, 148].

Бір топ түркі халықтары: түрік, әзербайжан, қарайымдар - *аталар* сөзі, ал, ғағауыздар - *сöлеиш* деп атайды.

Сібір түркі тілдерінен: алтай тілінде – *ӱлгер сöс;* тува тілінде - *үлегер домак, чечен сөз;* хакас тілінде — *сöспек* т.б.

Осы кезге шейін жеке түркі тілдерінің мақал-мәтелдері лексика-стилистикалық, лексика-грамматикалық, синтаксистік тұрғыдан зерттеліп келді. Ал, жалпы немесе көптеген түркі тілдерін диахронды-синхронды түрде салыстырып, олардың фонетикалық жүйесін, лексикалық құрамын, грамматикалық құрылысын зерттеген еңбектер жоқтың қасында.

Түркі тілдерінің мақал-мәтелдері көпшілік тілдерде бір тектес, мазмұндас, жасалу тәсілі бойынша ұқсас болып келгенмен, аталуы әр түрлі айтылып, белгілі бір жүйеге түспегендігі айқындалады.

Жеке түркі тілдерінің екі тілді кейбір сөздіктерінде берілген мақал-мәтелдерді бір-бірінен ажыратып, әрқайсысынан кейін «посл», «погов.» деген қысқартулар арқылы белгіленеді [5, 146].

Қорыта айтқанда, қазақ мақал-мәтелдері көне түркі жазба ескерткіштерінің орта ғасыр жазба ескерткіштерінің материалдарына негізделе отырып, тарихи-салыстырмалы негізде қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді грамматикалық құрылысы жағынан зерттеуге арналды және түркі мақал-мәтелдері диахронды-синхронды түрде қарастырылды. Олардың жан-жақты байланыстары әлі де болса тереңдей бермек, өйткені зерттелмей жатқан ортақ қазыналары толып жатыр.

Әдебиеттер:

1. Ћазирқи заман уйғур тили. II. А., 1966. С.241.
2. Дыренкова Н.П. грамматика ойротского языка. М.-Л. 1940. С.121-122.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. А., 1989. 250-б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., 1974. 78-б.
5. Нурмаханов А.Н. В.В.Радловтың еңбектеріндегі түркі мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық сипаты. АКД. А., 1994.
6. Ковальский Т. К вопросу формального изучения поэзии турецких народов //Изв. восточн. Ф-та АзГУ. Баку, 1926.

ӘӨЖ

Ш.АЙТМАТОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МИФТІК САРЫННЫҢ КӨРІНІСІ

Кажиакбарова Р.Б. - ф.ғ.к., доцент
Курбанов А.Г. - ф.ғ.к., доцент
Құттыбекова А.Қ. – 230210 тобының студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье устанавливаются различия в функционировании мифологии в прозе Ч.Айтматова. Сделан вывод о том, что миф в творчестве Ч.Айтматова является формой раскрытия мировосприятия героев и автора.

Summary

The article establishes differences in the functioning of mythology in the prose of Ch .Aitmatova. It is concluded that the myth in the work of Ch.Aitmatova is a form of disclosure of the worldview of the characters and the author.

Әдебиет әлемінде әлемге танылa білген талантты жазушы Шыңғыс Айтматовтың шығармашылығы қашанда ерекше құбылыс болып қала бермек.

Әр жылдары жарық көрген «Аспалы көпір» (1956), «Бетпе-бет» (1957), «Шынарым менің, шырайлым менің» (1960), «Алғашқы ұстаз» (1962), «Құс жолы» (1963), «Қош бол, Гүлсары» (1967), «Ертегіден соң» (1970), «Ақ кеме» (1970), «Ерте қайтқан тырналар» (1975), «Боранды бекет» (1980), «Жанпида» (1986), «Кассандра таңбасы» (1995), «Құз басындағы аңшының зары» (1997, М. Шахановпен бірге), «Таулар құлағанда» (2007), (Айтматов, 2004) т.б. туындыларымен Ш.Айтматов өзінің қаламгерлік қарымын көрсете білді.

Ш.Айтматовтың шығармашылығы мен өмірі қазақ халқымен, қазақтың жерімен тереңнен байланысып жатыр. Жазушының кіндік қаны тамған Шекер ауылы қазақтың Жуалы ауылымен көрші қоныстас, қазақ тақырыбы екі елдің арасындағы қарым-қатынаста ерекше көрініс береді. Зерттеушілердің деректері бойынша жазушы туындыларында сипатталған оқиғалардың біраз бөлігі қазақ даласында өтеді. Қаламгер Ш.Айтматовтың қазақ жерімен, халқымен рухани байланысын оның шығармашылығы паш етеді.

Әлем әдебиеті сахнасынан көрініп, рухани дүниеге мол үлес қоса білген, із қалдырған Ш.Айтматовтың шығармашылығындағы мифтік-аңыздық сюжеттердің ерекшелігіне жан-жақты зерделеген, ғылыми пікірлер айтқан әдебиет, өнер зерттеушілері баршылық. Теоретик ғалым В.В.Агеносов былай дейді: «Ш.Айтматовтағы миф халықтық аңызды жай баяндап бере салу ғана емес және мифтік стилизация да емес. Суреткер қашан да мифтік аңыздауларды жоғары сатыға көтере мазмұндай отырып, бүгінгі күнге терең түсінікпен назар аударуды көздейді» [1, 236].

Көркем әдебиеттің даму арнасында халық ауыз әдебиеті үлгілері, әсіресе, аңыз, әпсана сынды түрлері әрбір кезеңде көрініс тауып келе жатқаны белгілі. ХХ ғасырда ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті арасындағы байланыс өз дамуының шырқау биігіне көтерілді. Қайбір әдеби шығармада байырғы аңыз авторлық және объективтік идеяның негізгі қызметін атқарды. Енді бір әдеби шығарманың

сюжеттік өзегінде аңыз желісі мен тарихи шындық желісімен егіз өріліп отырды. Көркем әдебиеттегі мифологизм мәселесінде Ш.Айтматов шығармашылығының алатын орны ерекше. Көрнекті қаламгер шығармашылығына тән басты сипаттың бірі – мифтік, мистикалық сарындардың көркемдік-эстетикалық тұрғыдан шеберлікпен қолданылуы.

Сталиндік-коммунистік саясаттың адам үшін, қоғам үшін зардаптарын қырғыз жазушысы Ш.Айтматов сол кеңестік қоғамның өзінде жан-жақты талдап көрсеткен. Ш.Айтматов сол қоғамдық жүйедегі рухани дағдарыстың көріністерін «Ақ кеме», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Кассандра таңбасы» шығармаларында анық көрсете алған. Ш.Айтматовтың прозасында бейнелер кейде бір идеямен қабаттасып та келетіні бар. Жазушының жалпы баяндау стратегиясында идеяны жеткізуде аңыздар мен мифтер ерекше мәнге ие болады. Қаламгердің «Кассандра таңбасы» романына назар аударсақ, шығарманың құрылымында түрлік мифтік сарынды байқаймыз, түрлі уақыттың кеңістігіндегі мифтер шеберлікпен үйлескен. Үкі, киттер, мәңгүрттік туралы мифтік сарын авторлық мифпен астасып кеткендей әсер қалдырады. Қазіргі заманмен үйлескен христиан мифі де шығарма сюжетіне кірігіп кеткен. Сәуегей, болашақты болжаушы Кассандра туралы ежелгі грек мифі шығармаға идеялық-көркемдік тұтастық береді. Философ Ғарифолла Есімнің Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы адам дағдарысы мәселелерін герменевтикалық, онтологиялық және аксиологиялық әдістер арқылы талдап жүргені белгілі. Академик Ғарифолла Есім «Кассандра таңбасы» романының пәлсапалық ақиқатын адамдардың зұлымдықтың көзі осы деп Р.Боркті өлтіруі актісінен көреді. «Адамдар өмір ақиқатын қабылдауға әлі дайын емес. Олар өздері жасап алған жалған дүниеде жасай бергісі келеді», – деген тұжырымы да шындыққа жанасады. Жалғандық өмірмен де астасып қалыпты жағдайдай қабылданғаны қашан, тереңдегені соншалықты рухани дағдарыстағы адамдар жалғанды да шындықтай қабылдай бастады. Шыңғыс Айтматов «Кассандра таңбасы» сынды фантастикалық романында кеңестік қоғамдағы атеизмді Р.Борктің түсіндегі мұхиттың үстінен екі күннің шығуымен, адамның қақпаларды көзі байлаулы күйде ашуымен, киттердің өз-өздерін тобымен жағаға атуы арқылы өлтіруімен, Сталин мен Лениннің сұхбатындағы үкінің даналық кейпімен береді. «Мұхит үстіндегі екі күн» бейнесі, бұл кеңестік қоғамда адамдардың діни сенімі мен мемлекеттің жүргізген атеистік саясатының арасындағы күрестің символдық бейнесі. Біріншісінде Жаратушы адамның мәңгілік құндылығы ретінде бейнеленсе, екіншісінде адамның өзі қолдан жасаған Құдайы, идолдары сипатталған. Бұл романда да сөз Құдайдан деп берілген. Шәкәрім ақынның да «Сөз құдайдан шыққан бу» дейтіні бар. Адамдар рухани әдепсіздікке тап болғанда, дүниеге құтқарушылар келген. Ш.Айтматов: «Әйелдің маңдайындағы белгі сигнал бұл алғашқы апталарда ананың маңдайында көрінетін таңба, ол Кассандра таңбасы. Табро Кассандра бұл анасының жатырында дүниенің ақырзаманының жақындауын ширығып, үмітсіз күтуші эмбрионалды эсхаттың жан ұшырған үні. Бұл оның өмірге деген жаратылыстық ұмтылысын өлтіретін үн», – дейді [2].

Шығармашылық әлеміндегі ізгілік пен зұлымдық қақтығысын, қаталдық пен үстемдіктің адамға әкелер алапат қайғысын, қарапайым адами бақыт, махаббат,

ұрпақ өрбіту сезімінің адам баласы үшін ерекше мәнге ие екенін көрсеткен «Шыңғыс ханның ақ бұлты» повесі басында «Боранды бекет» романының бір эпизоды ретінде келтірілген. Бұл шығарма жекелей 1992 жылы алғаш рет жарияланды. Шығармада ел аралап жүрген сәуегей шал Шыңғыс ханға Көк Тәңірісінің қолдауының белгісі – қақ төбесінде бірге әрқашан ілесіп жүретін ақ бұлт екенін айтады: «Төбеңде бір шоқ бұлт үйіріліп жүреді. Және қайда барсаң да артыңнан қалмайды ... – Ол сенің жер бетінде әмір жүргізуіңді Көк Тәңірі де қолдайтынының белгісі болмақ. Бірақ, сен ол бұлтты көзіңнің қарашығындай сақтауға тиіссің, егер одан айрылар болсаң, онда өзіңнің барлық айбар-қуатыңды да жоғалтқаның». Сәуегейдің осы айтқаны анық болып, Шыңғыс ханның төбесінде шоқ бұлт шынымен де айналып жүреді. Салт-дәстүрлік, ғұрыптық фольклорда бұлт шақыру, күн жайлату сынды наным-сенім бойынша тіршіліктің, оқиғалардың табиғи болмысымен адам баласына ғайыптан әсер еткіш тылсым қасиеті жырланатыны белгілі. Бұл мифтік құбылыс та бұлт пен адамның қарым-қатынасының тылсым тұстарына деген сенімнен туындаған. Әлем халықтары мифологиясында бұлттың адам тағдырына ықпалы туралы сюжеттер көп кездеседі. Ерекше жаратылған пайғамбарлар өмірі жайлы деректерде де бұлтпен байланысты жайттар кездеседі. Көктегі бұлт пен адамның арасындағы құпиялы байланыстың астарында көне таным жатқаны ақиқат. Осы көне дәуірлердегі сенім көркемдік сипатқа ауысып, эстетикалық қызмет атқаруының бір көрінісі – «Шыңғыс ханның ақ бұлты» шығармасы. Көк Тәңірі қолдауының белгісі болған бұлттан айрылып қалмауды көріпкел қайта-қайта ескерткенде кеудесіне нан піскен тәкаппар қаған сәуегейге: «Аспанда жүзіп жүрген бұлтты мен қалай сақтамақпын, оған менің әмірім жүре ме? Әлде атқа қанат бітіріп, оған сенімді бақташымды отырғызып әлгі бұлтты қарауылда деп аспанға ұшырайын ба? Олай болса, оны неге біржола ауыздықтап алмасқа?! Сонымен, қалай ойлайсың, жел қуған аспандағы бұлтты қалай сақтасам екен?», – деп қырсық сауал тастайды. Оған көріпкел «Бұл – сенің шаруаң» деп қысқа жауап қайырады.

Көріпкелдің есткертпесіне сай Шыңғыс хан киесі болған ақша бұлтты көзінің қарашығындай сақтай алмайды. Шыңғыс хан жер бетіндегі ұлы істерді тындырғанда қолдап, жебеген Көк Тәңірісі, енді сол пендесі адам баласына қисынсыз кінә тағып, өлім жазасына кескенде теріс айналады. Яғни, жорық бойында баланың дүниеге келуіне қатаң тыйым салып, сол тыйымды бұзған жүзбасы Ерден мен жорық туына айдаһар кестелеуші Дөгеленді өлім жазасына кескенде, Көк Тәңірі одан теріс айналады. Батысқа қарай жол тартқан Ұлы ханның әскерінен қара үзіп, айдалада қолындағы өмір есігін жаңа ашқан жетім сәбимен қала берген Алтын атты күң меңіреу даладан пана, шырылдаған сәбиге берерлік нәр таппай қиналады. Автор бұл сәтті «Ұшы-қиырсыз кең далада не бір түтін, не жанған от көрінбейді. Елсіз-сусыз ен далада көз тоқтатар бір қара көрінсе не дерсің!.. Айналасында тек безере мелшиген қу дала мен түпсіз терең көк аспан ғана, төбесін айналып бір шөкім ақ бұлт қалықтайды».

Бұл бұлтты автор текке суреттемейді. Күллі әскер айдалаға тастап кеткен пендесіне Көк Тәңірінің ниеті бұрылған екен. Ұлы Жорықшының төбесінде жүзген ақ бұлт енді жетім сәби мен Алтын күңнің төбесінде айналып тұр... Міне,

Ш.Айтматов шығармашылығының алтын өзегіне айналған Ұлы ізгілік осылайша айқындалған үстіне айқындала түскен. Шөкім бұлттың Алтын күң мен жетім сәбиге ықылас-пейілін төгуі тегін емес. Жердегі пенденің тағдыры Көктегі Жаратушының ғана қолында. Оған Шыңғыс хан сияқты әлемді билеген Ұлы қаған да шешім жасай алмайды. Көктің жерге жіберген ақпаратының белгісі болған жебеуші ақша бұлт өмірі тұрмыс құрмаған, бала сүймеген қартаң күңнің омырауынан сүт шығып, ашыққан сәбиді қоректендіргеніне куә әрі себепші болады.

Батысқа бет алған Шыңғыс хан оқыстан кері бұрылған. Себебі «қалтыраған қолымен көзін көлегейлеп тұрып көк аспанды тінтіп шықты – бірақ шоқ бұлтты көре алмады, ол не кейіндеп, не кідіріп қалмаған екен, алда да, артта да болмай шықты». «Көк Тәңірінің өзінен теріс айналғанын Шыңғыс хан тек Еділге жеткен кезде ғана ұқты. Ұқты да тоқтады...». «Шоқ бұлт» мифологиясының шығарма өзегіндегі терең астарлы мәнге ие екендігі Адам тағдырымен тікелей байланыста өрбиді. Жазушы адам нәсілінің жалғасуы сынды ұлы идеяны даңқты тарихи тұлғаны бас кейіпкер етіп ала отырып танытады. Ақша бұлттың Шыңғыс ханнан жетім қалған сәбиге ойысуында да үлкен мән бар, көркемдік кілтін ашатын символдық мағына тереңдейді. Шығарма шешімінде дүние есігін енді ашқан нәресте өмірдің жалғасы, болашақ иесі жаңа туған жас сәби басты тұлғаға айналады. Ш.Айтматов шығармаларындағы тың көркемдік шешімде жасандылық жоқ, сондықтан да аңыздың өзі өзгеше шырайда бейнеленеді, асыл сөздің миссиясы орындалады. Заманауи көркем өнерде зор интеллект иесі, ішкі жалынға көмілген салқынқанды психологиялық баяндаулар арқылы жүрек қылын шертетін психолог екендігін танытқан сюрреалист Ш.Айтматов – уақыт пен кеңістік шеңбері аясын кеңейткен, шығармашылық қуатымен гуманизді дамытудағы от ұстаған Прометейдей тұлға, дуалы сөз иесі.

Әдебиеттер:

1. Агеносов В.В. Советский философский роман. М., 1989
2. Мұқан, А. (2021). ЧИНГИЗ АЙТМАТОВ И КАЗАХСКОЕ ТЕАТРАЛЬНОЕ ИСКУССТВО. *Keruen*, *70*(1).
3. **Айтматов Ш. Ақ кеме. Повестер. – Алматы: Атамұра, 2005. – 368 бет**
4. https://www.keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/5
5. DADEBAEV, J.; BISENBAEV, P.; KARIBOZOV, E.. Шыңғыс Айтматов және ауыз әдебиеті. Чингиз Айтматов и фольклор. Вестник КазНУ. Серия филологическая, [S.l.], v. 153, n. 1, feb. 2016. ISSN 2618-0782.
6. Есім Ғ. Ш. Айтматов шығармаларындағы адам дағдарысы. ЕҰУ, «Философия» кафедрасының ашық онлайн ғылыми семинары. – Нұр-Сұлтан, 2021.
7. Айтматов Ш. Тавро Кассандры. Элекронды ресурс. http://loveread.ec/read_book.php?id=28269&p

ОӘК 330.877:94(574)44)

КЕҢЕСТІК ҰЖЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫН ОҚЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

Шынтаев Н.А.[1] Ж.Ташенов университеті, «Тарих және география» кафедрасының оқытушысы
Байжанова А.А.[2] Ж.Ташенов университеті, «Тарих және география» кафедрасының оқытушысы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес мемлекеттік саясатындағы ұстанымдарының бірі білімнің ізгілік сипаты, жалпы халықтық құндылықтың басымдылығы, адам өмірі мен денсаулығы, оның еркін дамуы болып табылады. Осы ұстанымды оқушыларды оқыту-тәрбиелеуде табыстарға қол жеткізуін қамтамасыз ететін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру барысында толығымен есепке ала отырып жүзеге асырудың өзіндік ерекшелігі бар.

Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқыту мәселесі шеңберінде біздің алдымызда негізгі бір мәселе педагогикалық модель, яғни элементтер жүйесінің логикалық құрылымын, білім беру процесін басқару жүйесін, оның мазмұнын, оны жүзеге асыруда қолданылатын әдіс-тәсілдерді, яғни тиімді педагогикалық технологияны жобалау мәселесі туындады.

«Модельдеу» және «модель» ұғымы көптеген анықтамалық-мағыналық сипаттарға ие. «педагогикалық модель» және «педагоигкалық модульдеу» ұғымын зерттеушілер қатарына В.Г. Афанасьев., М.Л. Лормпт., В.А. Штофф., И. Б. Новик., С.и. Архангельск және т.с.с. атап өтуімізге болады. К.А.Штофф модельді «шындық өмірді терең түсіну мақсатында оны сыртқа шығару құралы ретінде» қабылдайды. Сонымен бірге модельді танымдық бақылау мен эксперименттен теорияға көшуде теориялық жалпылаудың әр түрлі формаларына қарай қозғалыс барысындағы «саты ретінде» қарастырады [1].



Сурет-1. И.Б. Новик бойынша педагогикалық модельдеудің компоненттері

И.Б. Новик бойынша күшті құрастырылған немесе өз деңгейінде

ұйымдастырылған педагогикалық модель педагогтің бағдарламасына тікелей тәуелді дей келе, жан-жақты тұрғылықты түрде жобаланып ұйымдастырылған педагогикалық модель педагогикалық табыстылыққа жетудің жартысына ғана қол жеткізуге көмектесе алады. Педагогикалық модельмен бірге педагогтің шеберлігі мен мұғалімнің оқушылармен оңтайлы коммуникацияға түсе алу қабілеттілігі де маңызды рөл ойнайды [2].

Г.И.Саранцева модельге мынадай анықтама береді: «материалдың бір бөлігін ойша немесе практикалық түрде қысқартып, көрнекі түрде беру», «нақты немесе болжанған ерекшеліктер мен құрылымдар көрініс табатын зерттелетін нысанның нақты бейнесі» [3].

Ғылыми әдебиеттерге шолу жасау және Тарих сабақтарында оқушылардың білімін бақылаудың оңтайлы тәсілдерін анықтау жайында сауалнама алу, бақылау жүргізу нәтижесінде оқушылардың білімін бақылаудың оңтайлы тәсілдерін анықтаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды. Біз ұсынып отырған модельде оқушылардың білімін бақылаудың оңтайлы тәсілдерін анықтаудың мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттермен тұтастықта қарастырылады. Бұл компоненттер Тарих сабағы бойынша оқушылардың білімділігі мен өз бетінше әрекет ету, өз бетінше білім алу, өзін-өзі бағалау дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштерді, деңгейлерді анықтауға мүмкіндік берді.

Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған процесінің мәнін анализдеу негізінде келесі процестің негізгі көрсеткіштері мен критерийлерін анықтадық:

1. когнитивті (оқушылар тарихи ұғымдарды біледі, сонымен қатар оқушылар өз-өзіне баға беру, сыныптасын бағалау іспеттес ұғымдарды түсіне алады);
2. бағалау (оқушылардың өз бетінше білім алу, өз бетінше ізденімпаздықпен бір қатарда өзі жинақтаған білімді өмірінде қолдана алуына өзіндік бағалау, сыныптастарының білімін бағалау);
3. эмоциональды (Тарих сабақтарында оқушылардың өз бетінше білім алуы мен өз-өзіне және сыныптастыратының біліміне баға бере алуынан, оқушының білімділік деңгейінің бағалануына қатысты оң эмоцияларды сезіне алу қабілеті, сынып бойынша оқушының оқу жетістіктеріне қатысты ұмтылыстарын қалыптастыру, оқушыларды өзара салыстырмай оң эмоционалды жағдай туындату);
4. мотивациялық-құндылықты (Қазақстан тарихы сабақтарында оқушылардың оқуға деген, сабққа деген ынта-ықыласын арттыру, өмір бойы білімге құштарлық, өмір бойы өзін-өзі білімдендіру іспеттес құндылықтарды оқушының бойында қалыптастыру);
5. еріктік (Қазақстан тарихы сабақтарында оқушылардың өзін-өзі бағалауға, өзін білімдендіруге қатысты оқушының іштей дайындығы);
6. бастапқы-практикалық (тарихи құжаттармен жұмыс жасай алу қабілеттілігі, тарихи оқиғаларға деген оқушының өзіндік пікірлері мен ұстанымдарының қалыптасуы, тарихи дерек көздерімен және тарихи

әдебиететрмен жұмыс жасау, тарихи оқиғаларға теориялық анализдей алу);

7. ұстанымдық (оқушылардың өз білімділігі мен оқу жетістіктеріне қатысты белсенділік, нәтижелік іс-әрекеттер).

Аталған 7 критерийдің әрқайсысына біз кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған Қазақстан тарихы сабақтарында оқушылардың өз бетінше білім іздену мен өз білімін бағалаудың 3 деңгейлік көрсеткішті ажыратып алдық: I - дәреже – жоғары деңгей, II- дәреже – орта деңгей, III- дәреже– төмен деңгей.



Сурет 2 – **Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған** Қазақстан тарихы сабақтарында оқушылардың өз бетінше білім іздену деңгейі.

Педагогикалық процестің біртұтастығын ескере отырып, біз оқушылардың Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған Қазақстан тарихы сабақтарында архив құжаттарын пайдаланудың оңтайлы тәсілдерін анықтаудың мақсаттылық, стимулдық-мотивациялық, мазмұндық-әрекеттік, бақылай және нәтижелік компоненттерін ажыратып алдық. Осы аталған компоненттердің әрқайсысы оны оқушылардың білімін жетілдірудің оңтайлы тәсілдерін анықтау процесінің басты ерекшелігі ретінде анықтайды. Сонымен қатар жалпы орта мектепте Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған Қазақстан тарихы сабағында архив құжаттары арқылы оқушылардың білімін жетілдірудің оңтайлы тәсілдерін анықтау компоненттерін саралауда біз жалпы (орта мектепте оқушылардың білімін жетілдіру үдерісі), ерекше (құрамдас бөліктері) және жеке-дара (белгілі бір оқушының жеке-тұлғалық ерекшелігі мен орта мектептің Қазақстан тарихы сабағының осы оқушының білімін жетілдірудің мүмкіндіктері) компоненттерді ажыратып алдық.

Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған Қазақстан тарихы сабағында архив құжаттары арқылы оқушылардың білімін жетілдірудің оңтайлы тәсілдерін анықтау үшін біз зерттеу барысында аталмыш процестің құрылымдық-мазмұндық сипаты анықталды.

Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған Қазақстан тарихы сабағында архив құжаттары арқылы оқушылардың білімін жетілдіруде оқушылардың өз бетінше білім іздену мен өз білімін бағалаудың дәрежесін диагностикалау үшін біз жаңартылған білім беру аясындағы бағалау жүйесін (критериалды, формативті бағалау) сондай-ақ В.К. Бабаев, В.М. Баранов, В.В Мищенко, В.П. Сальников, В.А. Толстик ұсынған оқушылардың өз бетінше әрекеттесу моделін қолдандық. Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған Қазақстан тарихы сабағында архив құжаттары арқылы оқушылардың білімін жетілдірудің көрсеткіштер мен критерийлер, когнитивті, бағалау, эмоционалды, мотивациялық-құндылықтық, еріктік, алғашқы-практикалық және ұстанымдық аспектілерін қарастырдық.

Кеңестік ұжымдастырудың зардаптарын оқытуға бағытталған педагогикалық-эксперименттік жұмыстың құрылымдық-мазмұндық моделі негізінде негізгі білім беру мақсаттары қойылды - 1929-1931 жылдары жүргізілген ұжымдастыру саясатының салдары мен нәтижелерін, зорлық-зомбылық саясатының қасіретін түсіндіру және оқушылардың өз халқының тарихын терең меңгеруіне жағдай жасау. Сонымен бірге, білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін міндет-ұлттық экономиканың дамуын жүз жылға кенеттен тоқтату, оның үлкен дағдарыс жағдайының себебін анықтау және қосымша мәліметтер арқылы олардың көкжиегін кеңейтуге жағдай жасау және өзін-өзі жетілдіруге баулу басты мақсаттардың бірі болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Аяған. Ашаршылық ақиқатына жаңа көзқарас. //Егемен Қазақстан, №41 10.04.2012
2. Верг Н. «История советского государства...». // История СССР, №2 2011г.- 160с.
3. Зеленин И. «Осуществление политики "ликвидации кулачества, как I класса». //История СССР, №6 2013г. -32с

УДК 74.01/.09
ББК-85.12

КИІМ ДИЗАЙНЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

А.Е Байбатшаева - п.ғ.к., доцент м.а
З.А. Иманкулова – магистрант
А.Пазылбек – магистрант
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются основные виды САПР в сфере проектирования одежды, а также возможности их применения при обучении дизайнера одежды.

Summary

The article discusses the main types of CAD in the field of clothing design, as well as the possibilities of their application in the training of a fashion designer.

Қазіргі уақытта орта кәсіптік білім беру ұйымдарында оқу процесінің перспективалық тенденцияларының бірі заманауи компьютерлік технологияларды қолдану болып табылады. Киім дизайнерлерінің оқу сапасын жақсарту үшін компьютерлік технологияларды қолдану қажеттілігі танымдық іс-әрекеттің қолданылатын түрлерінің ауқымын және алынған нәтижелерді едәуір кеңейту мүмкіндігімен байланысты [1, 3]. Болашақ киім дизайнерлерін дайындауда мамандандырылған компьютерлік технологияларды қолдану колледждегі оқу процесінің міндетті элементіне айналды. Конструкторлық-технологиялық қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, базалық және модельдік конструкцияларды құру саласындағы компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері киім дизайнерінің кәсіби қызметінің жобалық компонентін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Студенттерді оқыту процесінде компьютерлік технологияларды пайдалану олардың шығармашылық әлеуетін дамытады және өндірістік-технологиялық құзыреттілігін қалыптастырады. Студенттің киімнің жаңа түрлерін жобалау үшін әртүрлі компьютерлік технологияларды қолдану қабілетін әр түрлі тігін кәсіпорындары өз қызметін жетілдіру үшін талап етеді. Тігін кәсіпорындарын жетілдіруді көптеген бағыттарда дамытуға болады, атап айтқанда:

- өнім сапасын арттыру және ақау пайызын азайту;
-жаңа жабдықты пайдалану, неғұрлым жетілдірілген өндірістік технологияларды енгізу;
- жаңа өнімді әзірлеу мен шығаруды жеделдету;
- қуатты арттыру;
- қалдықсыз өндіріске ұмтылу;
-сатып алушылар мен соңғы тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттыру;
- білікті кадрларды тарту;
- ұйымдастырушылық оқыту жүйесін құру.

Өздеріңіз білетіндей, тігін кәсіпорнындағы ең күрделі және маңызды жері -бұл жаңа киім үлгілерін жобалау процесі, яғни нарықтың үнемі өзгеріп отыратын

талаптарын уақтылы қанағаттандыру үшін тиісті жұмыс дағдылары, бар заманауи құралмен жабдықталуы керек дизайн бөлімі. Осыған байланысты саланың табысты компанияларының басшылары өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең тартымды ресурсы болып табылатын жаңа модельдерді жобалау процесін қарастыруда. Бірақ қол жетімді көптеген жүйелердің ішінен қандай автоматтандырылған дизайн жүйесін (АЖЖ) таңдау керек? Ол үшін оларды жақсылап зерттеп, бағдарламаларда жұмыс істеп, кем дегенде минималды дағдыларды игеру керек. Қазіргі уақытта жаңа модельдерді жобалау процесін едәуір жеңілдететін және жеделдететін бірқатар автоматтандырылған киімдерді жобалау жүйелері бар. Бірақ барлық АЖЖ-де конструкторды күнделікті өндірістен және әр үлгіні жеке-жеке өзгертуден құтқаруға мүмкіндік беретін жеткілікті күшті интеллект жоқ, оны оның орнына автоматты түрде жасайды [2]. "Тігін өндірісіндегі Ақпараттық технологиялар" және "киімнің АЖЖ" пәндерін, яғни LECO,NOVOCUD, GRAFIS, JULIVI пәндерін зерделеу аясында оқылатын АЖЖ-ны талдай отырып, мынаны атап өтуге болады: барлық қол жетімді АЖЖ жүйелері дизайнердің жұмысын азды-көпті жеңілдетеді,жаңа киім үлгілерін жобалау процесіне кететін уақытты айтарлықтай азайтады, бұйымдарды жобалау сапасын жақсартады, үлгілерді градациялау сияқты көп уақытты қажет ететін процесті болдырмайды.

Барлық АЖЖ жүйелерінде мәліметтер базасы бар: типтік фигуралардың өлшемдік белгілері: әйелдер, ерлер, балалар (ұлдар мен қыздар), киімнің негізгі түрлерінің негізгі негіздері мен модельдік конструкциялары. Сонымен қатар, барлық АЖЖ бағдарламаларында қолданыстағы дизайн әдістерінің кез-келгені бойынша базалық негіз құруға болады: EMKO sev, COTSHL, Muller және son және т.б. және оған модельдік ерекшеліктерді қолдануға болады. Бір АЖЖ екіншісінен несімен ерекшеленеді? CAD LECO-да негізгі құрылымды құру алгоритмін жазу Паскальдың математикалық бағдарламалау тілін қолданады. Бұл бағдарламада құрылымдық нүктелерді, қисықтар мен түзулердің сегменттерін және т. б. құрудың жеке құралдары жоқ.

Сондықтан, бұл кез-келген құрылымдық нүктені немесе сызықты қайта құру немесе өзгерту айнымалы немесе тұрақты шамалардың өзгеруін есептеу формулаларына енгізу арқылы жүзеге асырылатын жоғарыда аталған бағдарламалардың ішіндегі ең ыңғайсызы және күрделісі. Сонымен қатар, конструкцияның қисық сызықтары (екінші ретті қисықтар) қисық сызықтың қисықтық дәрежесін анықтайтын проективті дискриминанттың көмегімен жасалады, ол қазіргі уақытта тек бір Mgilp техникасында қолданылады. Киімді жобалаудың барлық басқа әдістемелерінде жобаланған кемсітушілердің шамалары пайдаланылмайды.

CAD LECO өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында жасалған. Бірақ ғылым бір орында тұрмайды және осы ғасырдың өткен жылдарында құрылымдық нүктелерді, түзулер мен қисық сызықтарды салу кезінде икемділігі, көрнекілігі және қарапайымдылығы жоғары бірқатар АЖЖ бағдарламалары жасалды. Мұндай бағдарламаларға NOVOCUD және JULIVI кіреді. Бұл екі бағдарламаны біріктіретін нәрсе-құрылымдық нүктелерді, сегменттерді, сызықтарды құруға

бірдей көзқарас принципі, яғни: қолданылатын құралдар. Олардың саны өте көп. Бұл нүктелерді бұрын салынған нүктеден қашықтықта, екі сызықтың, екі шеңбердің, түзудің және шеңбердің қиылысында, кесінді бағыты бойынша қашықтықта салу; екі нүкте арасындағы кесінділерді, нүкте арқылы сызықтарды бұрышпен, көлденеңінен, тігінен салу;

Дайындалған үлгілерді "орналасу" ішкі бағдарламасына тасымалдауға және басып шығаруға, толық орналасуға немесе жеке бөлшектердің үлгілеріне шығаруға болады. NOVOCUD және Julivi АЖЖ оқу процесінде және өндірісте қолданыстағы конструкторлық әдістерге сәйкес базалық негіздерді құру кезінде қолдану тиімдірек. Бұл бағдарламалар көрнекілікті, құрастыру кезінде құралдарды пайдаланудың қарапайымдылығын, еңбек сыйымдылығын азайтуды қамтамасыз етеді. Grafis CAD-де киімді жобалау процесінің мүлдем басқа тәсілі байқалады. Өнімнің кез-келген түрін жобалаудың негізгі негізін салу қажет пе? Дайын негіздерді қолдану тиімдірек емес пе? Әрине, иә, әсіресе оларды өнімнің кез-келген түріне шамалы түрлендірулер және барлық жүйелерде шақырылған икемді интерактивті конструкцияларды қолдану арқылы тиісті жәрдемақылар мен толықтыруларды өзгерту арқылы алуға болады.өлшемді белгілер. Яғни, опцияларды қолдана отырып, модельдеудің бастапқы кезеңінде модельдік дизайнның қажетті элементін таңдауға болады, мысалы:

• бел сызығы бойымен ауысатын кеуде иық нүктелері, •өнімнің силуэтіне байланысты бүйірлік тігістің пішіні және т. б. сонымен қатар, арнайы "drag" аймақтарының көмегімен сіз: жәрдемақылардың мөлшерін әртүрлі аймақтарға (кеуде, бел, жамбас, арқа, алдынғы бөлшектер) еркін сәйкес келуге өзгерте аласыз; үлкейту немесе азайту барлық (иық, кеуде, артқы және сөренің бел сызықтары бойынша) нөлге тең ерітінділер жасау; артқы және сөренің мойын сызықтарының пішінін өзгерту; құрылымдық сызықтарды ауыстыру; низаит сызығының ұзындығы мен пішінін өзгерту.д.

Жаңа, 10 нұсқасында АЖЖ Grafis, әзірлеушілер одан әрі қарай жүрді, әр түрлі рельефті тігістері бар артқы және сөрелерді модельдеудің интерактивті құралдары ұсынылды, классикалық және жоғарғы тігіссіз, көйлек тігіссіз, сорғыштардың интерактивті конструкциялары және ұлулардың мойын дизайны және т. б.

Шақырылған негізгі негіздер, әзірленген модельдік конструкциялар, жасалған бөлшектердің үлгілері жазылады, нөмірленеді және әр түрлі файлдарда "жеке бөліктерде" сақталады, оларды кез-келген уақытта "орналасу" ішкі бағдарламасына жіберуге немесе кез-келген жерде сақтауға болады, мысалы, "менің құжаттарым". Осылайша, жаңа нұсқасы CAD Grafis, ең аз шығындармен жаңа киім үлгілерін жасау кезінде бағдарламаның мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуді Көздейдіуақыт оларды әзірлеу. Егер NOVOCUD және Julivi АЖЖ базалық негіздерді құру кезінде Өндірістегі оқу процесінде қолдану тиімдірек болса, онда grafis АЖЖ "конструктивті модельдеу", "өндірісті конструкторлық-технологиялық дайындау" сияқты оқу процесінің пәндерінде, "тігін бұйымдарының технологиясы" пәнінің "орналасу" бөлімінде және базалық негіздер бойынша жаңа модельдік конструкцияларды әзірлеу кезінде өндірісте пайдалану тиімдірек болады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда киім дизайнерлерін дайындауда заманауи компьютерлік технологияларды қолдану оқу процесінің ажырамас элементі болып табылады, ал студенттердің АЖЖ саласындағы озық әзірлемелердің мүмкіндіктерін игеруі оларды кәсіби өндірістік қызметінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Ефимов п.п. университеттің Инновациялық білім беру ортасында заманауи ақпараттық технологияларды қолдану бағыттары / п. П., Ефимов, М. О. Ефимова // Қазіргі әлемдегі білім беру теориясы мен практикасы: материалдар VI Халықаралық. ғылыми. конф. (Санкт-Петербург қ., желтоқсан 2014 ж.). Санкт-Петербург.: Заневская алаңы, 2014. 373-376 ББ. - URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/145/6689 / (өтініш берген күні: 11.06.2018).

2. Efi mov P.P. Directions of use of modern information technologies in the innovative educational environment of the University / P.P. Efi mov, I. O. Efi mova / / Theory and practice of education in the modern world: materials VI international. scientifi c. Conf. (St. Petersburg, December 2014). SPb.: Zanevskaya square, 2014. Pp. 373-376. URL https://moluch.ru/conf/ped/archive/145/6689/ (accessed: 11.06.2018).

3. Pp. 37 - 39. 3. Shishkina N.D. The use of modern computer technology in the training of future teachers of costume design / / Young scientist. 2017. №25. Pp. 326-329. URL https://moluch.ru/archive/159/44877/ (accessed: 15.06.2018)

УДК 378.14

ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ПОНЯТИЕ

Мамбетова Г.Т. – докторант 3-го курса, кафедры русский язык и литература
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақала орыс және шет тілдерін оқыту әдістемесіндегі «лингвистикалық құзыреттілік» және «тілдік құзыреттілік» ұғымдарының интерпретациясын талдауға арналған. Бұл компоненттер коммуникативтік құзыреттілік құрылымында іргелі болып табылатыны атап өтіледі. Лингвистикалық және лингвистикалық құзыреттіліктердің құрылымы берілген.

Summary

The article is devoted to the analysis of interpretations of the concepts "linguistic competence" and "language competence" in the methodology of teaching Russian and foreign languages. It is emphasized that these components are fundamental in the structure of communicative competence. The structure of linguistic and linguistic competences is given.

Понятие компетенции является одним из центральных понятий лингвистического образования сегодня, оно вошло в программные документы, регулирующие образовательный процесс на разных уровнях.

Стандарт основного общего образования по иностранному языку конкретизирует данное положение, выделяя в качестве основной цели обучения развитие иноязычной коммуникативной компетенции в совокупности ее составляющих речевой, языковой/лингвистической, социокультурной, компенсаторной, учебно-познавательной.[1] Таким образом, формирование

коммуникативной компетенции, т. е. способности и готовности осуществлять иноязычное межличностное и межкультурное общение с носителями языка, рассматривается на государственном уровне в качестве основного назначения обучения иностранному языку. В качестве составляющей коммуникативной компетенции языковая/ лингвистическая компетенция рассматривается в Стандарте основного общего образования по иностранному языку как «овладение новыми языковыми средствами (фонетическими, орфографическими, лексическими, грамматическими) в соответствии с темами, сферами и ситуациями общения, отобранными для основной школы; освоение знаний о языковых явлениях изучаемого языка, разных способах выражения мысли в родном и изучаемом языке, развитие навыков оперирования языковыми единицами в коммуникативных целях».[2]

Хомский ввел понятие лингвистической компетенции, чтобы точно объяснить, что такое грамматика как теория. Это понятие лингвистической компетенции является важным вкладом в понимание языка и лингвистики. Но философы восприняли его не так хорошо, как следовало бы, отчасти из-за некоторых ложных высказываний Хомского о нем. В частности, он сказал, что грамматика языка, рассматриваемая как теория компетентности, является идеализацией, и что говорящие знают правила правильной грамматики своего языка.

Работа Хомского заключалась в том, что грамматика языка должна точно говорить, что такое предложение языка, и описывать лингвистические свойства каждого из этих предложений. [3]

В любом естественном языке бесконечно много предложений. Не существует самого длинного предложения, поскольку все говорящие знают множество способов расширить любое предложение, чтобы сделать его более длинным. Таким образом, грамматика не может сказать, что представляют собой предложения, слушая их. Вполне естественно думать, что грамматика должна быть системой правил, которая производит или порождает бесконечное множество предложений языка вместе с лингвистическим описанием каждого. Это наиболее очевидный способ описания всех элементов бесконечной коллекции.

Как только эта точка зрения – что грамматика должна точно порождать все и только предложения языка – принята, на самом деле остается довольно короткий шаг к идее, что порождающая грамматика естественного языка должна содержать правила довольно особого и необычного рода, называемого трансформационными правилами. Таким образом грамматика естественного языка является трансформационной порождающей грамматикой.

Хомский сочетал это с двумя философскими взглядами на лингвистику. Во-первых, он рассматривал лингвистику как часть когнитивной психологии. Лингвистика стремится рассказать нам что-то о сознании людей, использующих язык. В конце концов, знание языка – это прежде всего ментальное дело. А способность выучить язык – это умственная способность.

Во-вторых, Хомский хотел быть научным реалистом в отношении лингвистической теории. Лингвистическая теория стремится описать то, что существует в природе, и она верна лишь постольку, поскольку ей соответствует ментальная или психологическая реальность.

Понятие «компетентность» имеет свою основу вне лингвистики. Он играет важную роль как в профессиональной жизни, так и в дисциплинах, связанных с профессиональной личностью, таких как социология, педагогика, психология, личностный менеджмент. Компетенция – это набор когнитивно контролируемых способностей или навыков в какой-то конкретной области. Это подразумевает как знание, так и способность и склонность решать проблемы в этой области. Соответствующие домены часто являются профессиональными областями; и набор задач в такой области часто называют для краткости работой. Решение проблем предполагает способность делать осознанный и ответственный выбор. Компетентность в основном приобретается через практику и опыт. Он оценивается в соответствии с некоторым устанавливающим стандартом.

В психологии различают личностные и профессиональные компетенции. Поскольку нас интересует лингвистическая компетентность, мы можем сказать, что с общей точки зрения лингвистическая компетентность человека – это, прежде всего, часть его личности. С другой стороны, это, безусловно, одна из тех личных компетенций, которые очень важны для профессиональной жизни. Как следствие, лингвистическая компетентность является одним из центральных понятий в прикладной лингвистике, и там она всегда трактовалась таким образом, чтобы быть применимой к профессиональной жизни.

Целью настоящей работы является объединение разнообразных аспектов лингвистической компетентности в единое понятие. Многие из эмпирических проблем статьи были рассмотрены прикладной лингвистикой, особенно той отраслью, которая посвящена преподаванию и изучению иностранных языков. Однако до настоящего времени не существует единой теории, которая была бы одинаково применима к компетенции на родном и иностранном языках, к одноязычной и многоязычной компетенции. Нам нужны ответы на такие вопросы, как:

• Что речевое сообщество считает языковой компетенцией?

• Что касается понятия говорящего-компонента, образованного разными речевыми общностями: чем они различаются, настолько они различаются, так что понятие языковой компетенции является культуросвязывающим;

• Может ли актуальное в обществе понятие лингвистической компетенции быть введено в действие в виде теста, с помощью которого можно оценить знание человеком какого-либо языка.

• Как соотносятся различные факторы, составляющие языковую компетенцию? Например, как лексическая компетенция коррелирует с грамматической компетенцией?

• Можно ли эмпирически установить взаимосвязь между владением родным языком и способностями к иностранным языкам?

• Существует ли единая концепция языковой способности в том смысле, что человек, способный к языкам, способен и к родному, и к иностранному языку.

• В первую очередь ответы на такие вопросы представляют неотъемлемый научный интерес. В целом, если понятие компетентности в языке может быть превращено в эмпирическое понятие, тогда ряд проблем становится эмпирическими проблемами [4].

Когда дело доходит до лингвистических компетенций, теория Хомского важна, потому что лингвистические компетенции включают в себя все концепции в соответствии с изучением языка и преподаванием. Принимая все эти теории, учитель создает упражнения для учащихся.

Литература

1. Закон Республики Казахстан от 27 июля 2007 года № 319-III.

2. Концепция модернизации педагогического образования Республики Казахстан – Нур-Султан, 2020.

3. Хомский Н. 1957. Синтаксические конструкции. Хагуа, Мутон и компания.

4. Леман Н. Лингвистическая компетентность: теория и опыт. Роль перевода в преподавании иностранных языков // Иностранные языки в школе. – 2007, № 7. – С. 21-25.

5. Бельдиян В., Болатбаева К. Концепция обучения русскому языку и пути ее реализации. Русский язык и литература в казахской школе. – 1995, № 3-4. – С. 26-31.

ӘОЖ

БОЛАШАҚ КӘСІПТІК ОҚЫТУ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ФУНКЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ахмадалиева О. Р. – М1406-12 тобының магистранты

Байбатшаева А. Е. – п.ғ.к, доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматривается одна из актуальных проблем в сфере образования пути формирования исследовательской функции будущих педагогов профессионального образования. На сегодняшний день в Республике Казахстан быстро развивается новая система педагогического образования, направленная на вхождение в мировое образовательное траектории. Это связано с существенными изменениями в теории педагогики и в учебно-воспитательном процессе. Изменяется парадигма образования, обновляется содержание образования, появляются новые взгляды и подходы. С этой точки зрения, особенностью современной системы образования является развитие компетенции обучающегося в соответствии с образовательной программой.

Summary

The article deals with one of the urgent problems in the field of education, the ways of forming the research function of future teachers of vocational education. Nowadays a new system of modern education is rapidly developing in the Republic of Kazakhstan, aimed at entering the global educational trajectory. This is due to significant changes in the theory of pedagogy and in the educational process. The paradigm of education, content of education is changing, new views and approaches are emerging. From this point of view, a feature of the modern education system is the development of the student's competence in accordance with the educational program.

Жоғары оқу орындарындағы білімдендіру процесі өте күрделі педагогикалық процесс екендігі мәлім. Бір ғана функцияны – болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қарастырып көрейік. Білім беру процесі әдістемелік негіздерге сүйенетін болғандықтан, оқытудың қағидалары (ұстанымдары), әдіс-тәсілдері, теориялық негіздері мен ережелері нақтылы әрі белгілі жүйеге бағындырылады. Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының зерттеушілік функциясын қалыптастыруды ғылыми-педагогикалық мәселе ретінде қарастыратын болсақ, алдымен «ғылым» сөзінің мән-мағынасына тоқтала кетуге тура келеді.

Ғылым – адам, қоғам, табиғат туралы жаңа білімдерді жасауға бағытталған өзгеше әрі ерекше сипаттағы танымдық іс-әрекет. Ғылымның басты мақсаты – зерттелетін объектілер туралы жаңа білімдерді ашу.

Ғылым – адамдардың арнайы іс-әрекеттері нәтижесінде қоғам мен табиғаттың, сонымен қатар ойлаудың объективті заңдылықтарының үздіксіз даму жүйесі туралы ізденістер. Сол себепті ғылымның негізі – ізденісте, яғни жинақталатын білім болып табылады деген пікір білдіреді Д. Пошаев. Сонымен бірге, ғылымның логикалық құрылымы, жалпы қағидасы (теориясы), негізгі ұғымдары, заңдары, мұраты (идеясы) болуы керек деп есептейді. Әлдебір ілімнің немесе теорияның негізгі, бастапқы жағдайы қағида деп түсіндіріледі [1].

Оқушыларды сәндік-қолданбалы өнерге баулу тұрғысынан қарағанда, кәсіптік оқыту мұғалімінің педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін айқындау және оның мазмұны мен құрылымын негіздеу біздерге осы маманның педагогикалық функцияларын, әсіресе, зерттеушілік функциясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық функциялар жіктемесінің тереңдігі мен толыққандығына кіріспей-ақ, педагогикалық іс-әрекеттің құрылымындағы барлық оқытушылар үшін ортақ болып табылатын функцияларды атап өтеміз: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, әдістемелік, зерттеушілік, диагностикалық, өзін-өзі жетілдіру және т.б. Ал біздің зерттеу тақырыбымыз осы функциялардың ішіндегі негізгілерінің бірі болып есептелетін педагогтың зерттеушілік функциясын қалыптастыру туралы болып отыр. Дәстүрлі педагогикалық функциялардың мазмұны, құрылымы мен құрамы жайлы педагогикалық әдебиеттерде кеңінен берілген, сондықтан біздер кәсіптік оқыту педагогының білімін және шығармашылын дамытуға әсер ететін педагогтың зерттеушілік функциясын атап көрсетеміз.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап білім беру кеңістігінде педагогты ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау маңызды да негізгі мәселе ретінде қарала бастады. «Зерттеушілік», «жаңашылдық», «ғылыми-зерттеу жұмысы», «іс-әрекет шығармашылығы» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты болып келеді, атап айтсақ, іс-әрекет шығармашылығы негізінде ғылыми-зерттеу жұмысы туындайды, ал жүйелі жүргізілген кез келген ғылыми-зерттеу жұмысы арқылы «ғылыми болжам» туындап, жаңалық ашуға мүмкіндік пайда болады. Яғни педагогтың зерттеушілік функциясын және инновациялық даярлығын қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді.

Кәсіптік оқыту мұғалімінің зерттеушілік функциясын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор. Қазіргі кезде жалпы қоғам талабына сәйкес, педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жаңа бағытта ұйымдастыру қолға алынуда. Жалпы оқытушының зерттеушілік іс-әрекеті мынадай логикалық байланыста құрылады: рефлекция → ғылыми-зерттеу → практика → рефлексия.

Бұл зерттеудің ерекшелігі сол, оқытушы жәй әдіскер-сарапшы рөлінен, яғни белгілі әдіс-тәсілдерді жеке тәжірибесінде пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар оқушыларының жеке, дербес ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды, жаттығуларды өзі құрастыруы, зерттеуі, педагог – зерттеуші-жобалаушы – үйлестірушіге айналады. Оқытушы өз іс-әрекетін зерделей келе, үздіксіз өзгерістер енгізе отырып, зерттеушілікпен жұмыс атқару барысында іс-әрекетін, өзінің іс-тәжірибесін жаңаша өзгертіп, түрлендіріп, оқытушының жаңаны үйреніп қолдансам деген қажеттілігі жоғарылап, инновациялық даярлығын және зерттеушілік функциясын қалыптастырады.

Мәдени-өркениет дамуының айқын көрінісі білім берудің жаңа парадигмасының пайда болуы болып табылады. Осы парадигманы тәжірибеде қолдану үшін мұғалімнің кәсіби-зерттеушілік функциясын қалыптастыру керек. Осы орайда, жаһандық бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын парадигманың қоғамды дамытудағы үлесі, білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер, оқу-тәрбие процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану және т.б. негізге алынады.

Педагогтың зерттеушілік функциясын қалыптастыру білім беру мен ғылыми-зерттеу теориясын түсінуге мүмкіндік беретін философиялық және білім беру тәжірибесінде өзінің ойын жүзеге асыруға жол көрсететін тәжірибелік бағыттылығы мол әдіснамалық білімдер жиынтығын құрайды. Ғылыми-зерттеушілік және ғылыми-танымдық іс-әрекеттерді құрайтын қағидалары, формалары және әдістері туралы білімді әдіснама деп айтамыз. Педагогикалық зерттеу әдіснамасы – жаңа педагогикалық білімді қалыптастыру үдерісі және білімгерді оқыту, тәрбиелеу мен дамытудың объективті заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекет болып танылады. Яғни, белгілі бір мәселені зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері тиісті әдіснамалық тәсілдердің жиынтығы. Философиялық тұрғыда ұстаным көзқарастың мәні, әдістер мен принциптердің жиынтығын қамтиды. Ұстаным әдіске қарағанда бай, құрылымы жағынан күрделі, мазмұны жағынан көп қырлы, жетекші ой мен принципті көрсетеді. Педагогикалық білім беру үдерісіндегі ұстанымға назар аударатын болсақ, педпгогикалық құбылыстар төмендегі жағдайлардан жүзеге келеді:

1. Педагогикалық процесс өте күрделі және көп қырлы, көп жақты құрылымға ие екендігінен;
2. Педагогикалық фактілер мен құбылыстарға бірнеше факторлар әсер ететіндіктен;
3. Жеке тұлғаның дамуы жүзеге асатын білім беру кеңістігінде нақты шекаралардың жоқтығынан;

4. педагогикалық үдерістің жұмыс істеуі, оны басқару бір уақытта бірнеше заңдар мен принциптер негізінде жүзеге асырылатындықтан;
5. педагогикалық үдеріс өзінің үздіксіздігі және динамизмімен, кездейсоқ факторлар мен жағдайлардың әсерімен ерекшеленетіндіктен;
6. педагогикалық үдеріс көп функциялы, ол бір уақытта тұлғаның эмоционалды, зияткерлік, ерікті және тиімді тәжірибелік жақтарына әсер ететіндігінен.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Балалар үйірмесі қызметін қайта қалпына келтірген жөн. Онда жастарымыз қолөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді. Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды», - деп, балаларды шығармашылық жұмыстарға баулу мәселесіне басты назар аударады [2]. Сондықтан оқушыларды шығармашылық зерттеу жұмыстарына баулитын педагог кадрлардың шығармашылық әлеуеті мен құзыреттілігі жоғары болуы маңызды болып саналады.

Үздіксіз білім беруге көшу кәсіптік білім берудің жаңа үрдістерін іске асыру үшін өзге де жағдайлар жасайды және бұл проблеманы айтарлықтай өзекті етеді, бұл ретте кәсіптік білім берудің мәні мен функциялары қайта пайымдалады.

Кәсіптік білім – адамға үздіксіз білім берудің аса маңызды буынының бірі болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы кәсіпқойлық феномені бір жағынан көп аспектілігімен, салыстырмалы жан-жақты ғылыми әзірлемелермен сипатталады, екінші жағынан, әлеуметтік практикада кәсіби білім беру жүйесінде жұмыс істейтін болашақ мамандар кәсіптік оқытудың теориясы мен практикасын жеткілікті меңгермеген, бұл сөзсіз, кадрларды даярлау процесіне де әсер етеді. Қазіргі заманғы кәсіби дайындықтың негізі, оның практикамен үздіксіз әрі тығыз байланысына бағдарлануында болып отыр. Осыған орай бүгінгі қоғамда кәсіби білім беруге жоғары талаптар қойылуда. Мұндай мамандардың өзгеше ерекшеліктері жоғары кәсіпқойлық пен құзыреттілік сияқты қасиеттер болып табылады.

Қорыта айтқанда, кәсіптік оқыту педагогы зерттеушілік функцияның субъектісі ретінде төмендегі қабілеттерді игеруі қажет:

- ✓ жаңа білім алу үшін зерттеулер жүргізу қажеттілігін анықтау;
- ✓ зерттеу тапсырмаларын қою;
- ✓ гипотезаны анықтау және дамыту;
- ✓ зерттеулер жүргізуді жоспарлау;
- ✓ зерттеу әрекеттерін орындау;
- ✓ деректерді талдау;
- ✓ зерттеу нәтижелерін бағалау.

Әдебиеттер:

1. Пошаев Д. Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері. Оқу құралы. Шымкент, Нұрлы Бейне, 2011 – 184 б.

2. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы
3. https://google.kz
4. https://stud.kz/show/114931

ӘОЖ 377.38

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Айтенова Д.О.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің 3-курс докторанты
Шымкент, Қазақстан, e-mail: daytenova@mail.ru
Мынбаева А. П.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, PhD доктор
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются основные цели, задачи обновленного образовательной программы. Содержания обновленного образования будет всесторонне проанализирована эффективность внедрения системы критериального оценивания. А так же проанализированы методы обучения, которые быстро приведут к результату. Доказано, что превращение любого вида методов обучения в активную деятельность зависит от методического мастерства и творческого поиска учителя.

Summary

The article discusses the main goals, objectives of the educational program. The content of the updated education will be comprehensively analyzed the effectiveness of the implementation of the criterion assessment system. And also analyzed training methods that will quickly lead to the result. It has been proven that the transformation of any type of teaching methods into active activity depends on the methodological skill and creative search for a teacher.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытына сай жастар саясатын, ұрпақ тәрбиесін жақсарту, дамыту, болашағын аныктау мақсатында игі жұмыстар атқарылуда. Басты мақсат білімді ұрпақ тәрбиелеу. Әрине, білім берудің негізгі мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етуде.

XXI ғасырдағы мектеп мұғалімдеріне қойылып отырған талаптардың негізгі бастау сонау XX ғасырдың басында ұлтымыздың «Ұлы ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының білім беруге қатысты көтерген еңбектерінде айқын көрініс тапты. Бүгінгі білім берудегі басты ұстанымдар кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлының : «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін...» [1.224] деген ұлағатты оймен астасуы қажет. Өйткені, қазақты ұлттығынан айырып, отарға айналдыру үшін патшалық Ресей, Кеңестік өкімет ғасырға жуық күресіп келді. Нәтижесінде, қазақ тілі өз ұлтының өкілдері тарапынан менсінбеушілік пен кемсітіушілікке ұшырады. Қазақ тілінің XXI ғасырда осындай проблемаға тап боларын кемеңгер А.Байтұрсынов XX ғасырдың басында-ақ мәселеле ретінде көтеріп, дабыл қаққан болатын. Ол орыс оқуын дәріптеудің астарында жатқан отаршылдық саясатты

мықтап ұқты.1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Әдебиетімізге көз салу» деген мақаласында А.Байтұрсынов: «Хүкіметке жағымдысы – қол астынадағы жұрттың жазуы – сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу – сызудың тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрін тілін, дінін, жазу – сызуын орысқа аударса, хүкіметке онан артық ұнамды іс болмас. Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бір де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі – өз діні, өз тілі, өз жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек»[1.201] - дейді.

Автор тек мәселені ғана көтеріп қоймайды, оны шешудің жолы Еуропа әдебиетінен үлгі алуда екендігіне: «... өйткені Еуропа мәдениетінің бар асылы, рух сыны – дух критицизма. Бұл бізде жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпес, еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны біздің және көзімізді ашып, қатамызды көрсетер. Абай – әдебиетіміздің атасы бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін араб, ғажам жолы да ашық еді»[2.151]- деп назар аудартады.
Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының абзал біртуар перзенттерінің бірі, XX ғасырдың бас кезіндегі үркердей шағын топ-демократтық бағыттағы қазақ интеллигенциясының ең ірі, ең беделді өкілі. Сталиндік режимнің құрбаны.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасалған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт арманы - баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қызмет етуге арналған.

Ағартушы ұстанған ұлы жол, дүние жүзі мойындаған Аристотельден кейінгі екінші ұлы ұстаз әл-Фарабидің ұстанған жолымен өзектес, сарындас, біртуар екенін байқауға болады. Бұл Ахметтің ұлыларындай ойының ұлылығын көрсетеді. Бұған мысал Ағартушының өзінің өмірлік жолын «Адамдық диқаншысы» атты өлеңін айқын көрсете білген:

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ — қорға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың!

Ал бүкіл ғұмырын ғылым жолына бағыштаған Әл-Фарабидің мына өлең жолдарынан оның өмірлік мақсатын тап басып танимыз:

Кеткенім жоқ, сенен атақ, бақыт, тақ ізден,

Шықтым, жұртым, шалғай шетке ғылым атты шам ізден!

Осы шамды дүние жүзіне түсіре де білді. Ұлы бабасына ұқсаған Ахмет Байтұрсынұлы айналасына нұрын шашып халқының камын ойлап, бұл өмірден «Адамдық диқаншысы» болып өтті. Ал дамыған Жаңа Қазақстандағы әрбір жасөспірімге білім мен тәрбие беруші мұғалім өзін «Адамдық диқаншысымын» деп жауапкершілікпен сезінуі жаңа заманың талабының бірі болмақ.

Ия, заман талабы – мұғалімдік мамандықтың кәсіби құзыреттілігін, іскерлігін қалыптастыру. Ол үшін білім беру жүйесін Елбасы қойып отырған талапқа сай инновацияландыру қажет. Білім беруді инновацияландыруға қалай қол жеткізуге болады? Ол үшін педагогикалық технологиялардың теориясын меңгеріп, практикада қолданудың жолдарын білу керек.
Мемлекеттік білім беру үрдісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.
Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін еңгізу және оқытудың әдіс- тәсілдері мен әр түрлі құралдардың тиімділігін арттыруды талап етеді.
Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - шығармашылық ізденіс. Мұғалім өз шығармашылығы және сыни тұрғыда ойлау арқылы оқушы шығармашылығын ұйымдастырады. Сыни тұрғыда ойлай алатын мұғалім оқушыны да дамыта алады. Ал міндет - оқушыға оқу үрдісін ұйымдастыру барысында шығармашылықтың маңызын білдіру, баланың басқаға ұқсамайтын өзіндік қабілетін ашу. Біздің елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Жолдауында айтып кеткендей болашақ ұстаздар білімді де білікті болу керек. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін мұғалім жан-жақты, жаңартылған білім мазмұнына сай, ой-өрісі дамыған, көзқарасы ашық болу тиіс. «Елдің болашағы жақсы болсын десең, ұстаздардың жағдайын жаса» - демекші Елбасымыз сол қауымға барлық мүмкіндіктерді беріп отыр. Ал олай болатын болса, қазіргі мұғалімге жаңа ақпаратты алу үшін еш кедергі кездеспейді, өйткені оған үш жоқтан ақпарат алуға мүмкіндік бар. Бірінші: Теледидар арқылы. Екінші: Радио арқылы. Үшінші: Ғаламтор мен баспасөздер арқылы. Теледидар арқылы мұғалім көптеген ақпарат пен хабарлар алып отыратын болса, ғаламтор арқылы ұстаздар арасында басқа да мұғалімдермен іс - тәжірибе алмасу жұмыстары жүріп жатады. Білім беру үшін тек оқулық қана емес, ғаламтор аясынан көптеген мәліметтер жинақтап, әр сабағына қолдана білген жөн. Сабақтың мақсатына жету үшін бар ынта-ықыласымен жұмыс жасау керек. Сол мақсатта педагогтардың білім жетілдіру институттарына барып отыруы қажеттігі туады. Жаңа технологияларды өз сабақтарына пайдалана білуі, оның тиімділігіне көз жеткізуі қажет. Озық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану арқылы мұғалімдік бейнесін анықтап алса ғана мақсатқа жете алады. Нәтижелі сабаққа қол жеткізудің бір жолы – іс- әрекетті дұрыс жоспарлау. Ал шебер ұстаз әр сабағын ұқыпты даярлап, оны көрнекі құралды пайдалану арқылы тартымды, әсерлі етіп өткізетіні баршаға аян. Оның түрі, көлемі сабақтың мазмұнына тақырыбына, мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Ғылым мен техника күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда.Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім беру мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы озық технологиялардың барлық қыр-сырын білуге жетелейді. Осыған байланысты ұстаздар қауымы оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды еңгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Осы тұрғыдан әр пән мұғалімдерінің оқыту әдстерін, жаңа технологияларды таңдап пайдалану мүмкіндігі берілген. Оқыту әдістерінің кез келген түрін белсенді әрекетке айналдыру - мұғалімнің әдіскерлік шеберлігі мен шығармашылық ізденісіне байланысты.

Осы орайда атап кетсек, отандық әдіскер ғалымдар жасап ұсынған «Модульдік оқыту технологиясы» авторы М. Жанпейісов, «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы» Ж. Қараев, «Сатылай кешенді талдау технологиясы» Н.Оразақынованың тәжірибелі жұмыстары мұғалімдердің қызығушылығы мен белсенділіктерін арттыруда.

Ж.Қараевтың «Үш өлшемді әдістемелік жүйе» технологиясы оқушылардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктеріне, қызығушылығына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім денгейіне жетуіне жетелейді.

Заман өзгерген сайын білім жүйесіндегі педагогтердің ортаға салып жүрген тәжірибелерінің аясында бірнеше тиімді және белсенді әдістердің көп екендігі баршамызға мәлім. Көбінесе оларды сабақта, яғни оқу мен оқыту үрдісінде қолданамыз. Әр әдіс оқушыны белгілі бір мақсатқа жетуге жетелейді. Белсенді және тиімді әдістердің сабақ барысында маңызды рөл атқаратының ерекше ескергіміз келеді. Ендігі кезекте бірнеше белсенді әдістерге тоқтала кетсек, «Комплименттер бұрқасыны» әдеби-шығармашылық көркем туындыларды қарастырған және талдау кезінде, оқылымнан кейінгі тапсырмада автор бейнесін, кейіпкерлер бейнесін ашуда, талдауда осы әдіс өзіндік зор ықпалын тигізеді. «Белгісіз сурет» әдісі де көкейкестілігімен ерекше екендігін айтқым келеді. Шығарманың сюжеттік желісі бойынша бір-бір суреттен салу берілсе, оны сабақ барысында оны сөйлету арқылы оқыған мәліметтің жемісін ортаға салуда, қалыптастырып, дамытуға жеңілдік сыйлайтын әдіс екендігін белгілеп қойған жөн.

«Шын, жалған» - бұл әдіс оқылым дағдысынан кейін, мазмұнды , ойды оқушы жадында сақтап қалуға, бекітуге септігін тигізеді. Осы ретпен «Артығын тап» әдісінде айтып кетуге болады. Оқылған ақпарат ішінен артығын тауып алу арқылы есте сақтау қабілеттерін жаттықтырады. Осы мазмұндағы ерекше әдістің тағы бір түрі - «Серпілген сұрақ». Доп лақтыру арқылы сұрақ қою, егер де допты қағып алған бала сұрақтың жауабын білмесе, жылдамдықпен басқа балаға допты лақтырып, сұрақты жылжытуға болады. «Он сұрақ», «Екі жақты күнделік», «Айналмалы бекет», «Стоп кадр», «Тақырыптық тенис», «Балық қанқасы» т.б.

Айта берсек, санына жете алмаймыз. Себебі, қазіргі жаңа инновациялық әдістердің қоймасы кеңейіп тұрған кезең.
Міне, осындай әдістерді тізбектей беруге болады. Ең бастысы - олардың саны емес, берер нәтижесі, қолдану мақсаты, пайдалану жолы.
Осы орайда айта кетерлік жайт, бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалды бағалау жүйесіне өтті. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерилердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы және жиынтық бағалау.
Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу - ұстаздың қолында. Ия, қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады.
Қорыта келгенде, XXI ғасыр - білімділер ғасыры. Ендеше, бізге ой - өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.
Әрине, жаңа ғасырдағы Қазақстан елінің үміт артар ұрпағын білімді, мәдениетті, интеллектуалды азамат етіп шығару мұғалімдер алдындағы міндет болып табылады. Сондықтан қазіргі білім берудің ұлттық моделіне өту - оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін игеруді қажет етеді. Жаңа инновациялық іс - әрекетпен қаруланған психологиялық -педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл оқытушы ғана мақсатқа жете алады.

Әдебиеттер:

1.Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы:Зерттеу-эссе.-Алматы:Арда, 2007.296 б.
2. Нағымжанова Қ.М. Оқу процесінде инновациялық іс-әрекеті. - Өскемен: Медиа -Альянс, 2004.214б.
3. Бабаева Ю.Д. Динамическая теория одаренности. Основные современные концепции творчества и одаренности.- Москва:Заря, 1997.371с.

ӘОЖ 821.512.122

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ, БІЛІМ БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ОЙ-ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Алтынбеков Қ.С. – ф.ғ.к., аға оқытушы
Әбдіғаппар А.Т. – магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассмотрены некоторые мысли и выводы ученого-учителя Алмы Кыраубаевой по национальному воспитанию, образованию.

Summary

This article discusses some of the thoughts and conclusions of the scientist-teacher Alma Kyraubaeva on national education, education.

Биылғы жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ірегетасы қаланғанына 85 жыл толып отыр. Осы жылдарда жас ұрпаққа білім, тәрбие беретін мыңдаған ұстаздарды дайындап шығарған еліміздің оңтүстігіндегі қасиетті қара шаңырағы атанған білім ордасының жетістіктері де аз емес. Ол жетістіктер – осы оқу орнында қажымай еңбек еткен ұстаздардың білім алушы жастарға өздерінің білімі мен жүрек жылуын беруінің жемісі.

Білім алушы жастарға заман талабына орай ғылым мен техниканың жетістіктеріне сүйене отырып ұстаздық шеберлікті толықтырып отыру, білім мен тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру аса қажеттіліктердің бірі екендігі даусыз.

Біз бұл еңбегімізде қазақ әдебиеттану ғылымының дамуы мен шәкірттерді ұлттық рухта тәрбиелеуге айтулы үлес қосқан, бұл мәселеде өзіндік орны бар, туғанына 75 жыл толып отырған ғалым-ұстаз Алма Мүтәліпқызы Қыраубаеваның ұзақ жылдар бойындағы ұстаздық еңбегі мен ізденістері негізінде жазылған білім беру мен тәрбиеге байланысты айтқан кейбір ой-пікір, тұжырымдарына, зерттеулеріне тоқталмақпыз.

Алма Мүтәліпқызы ғалымдығы мен ұстаздық жолына тоқтала кетсек, ол 1965 жылы Алматыдағы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, бұрынғы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөліміне түсіп, оны үздік оқып аяқтағаннан кейін 1970-1973 жылдары осы университеттің аспирантурасында білімін жалғастырды. Одан кейін 2000 жылға дейін осы университетте ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарып, өмірінің соңғы жылдарында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде ұстаздық етті.

Алма Қыраубаева аз ғана ғұмырында қазақ әдебиеттану ғылымының дамуы мен ұлттық педагогикамыздың дамуына үлкен үлес қосты. Оның ғылыми зерттеулерінің дені ежелгі түркі дәуіріндегі әдеби мұраларды зерттеуге бағытталған. Профессор Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен 1974 жылы «Қисас Рабғузи», «Махаббат-наманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» деген тақырыта кандидаттық, ал 1997 жылы «Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп төркіні мен қалыптасуы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. А.Қыраубаева ұстазы Б.Кенжебаевтың ұстаным, бағытын ғылыми ізденістерімен ілгері дамытты. Ғалым-ұстаздың ізденістері негізінде көптеген ғылыми-педагогикалық, публицистикалық мақалалары, көркем әңгімелері мен оқу орындары білім алушыларына арналған оқу құралдары мен оқулықтары жарық көрді.

Профессор Д.Ысқақұлының атап көрсеткеніндей, А.Қыраубаеваның «ғылыми қызығушылығы қазақ әдебиетінің есте жоқ ескі замандардағы түп-тамырынан бастап, XX ғасырдың басындағы шығыстық, діни бағыттағы дейінгі дәуірді қамтиды. Ол көне замандардағы Алып Ер Тұңға (Афрасияф), Тұмар патшайым (Томирис), сақ патшайымы Зарина сұлу, Ширақ батыр, Мөде хан, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, көкбөрі туралы аңыздар жайлы қазақ ғалымдары арасынан алғашқылардың бірі болып қалам тартты.

А.Қыраубаева ғалым ретінде қазақ әдебиеті тарихының әлі зерттеліне қоймаған тың тұстарына алғашқылардың қатарында түрен сала отырып, алдына

екі түрлі мақсат қойғандығы байқалады. Оның біріншісі әлі зерттелінбей, кім көрінген иелік етіп жатқан әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру болса, екіншісі сол игерілген қазынаны туған халқының кәдесіне жарату болған» [1. 7-б].

Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева ғылыми-педагогикалық қызметінде ұлттық тәрбие беру, ұлттық мектеп мәселелеріне үлкен көңіл бөлді. Ол жөнінде: «Өкінішке орай, ұлттық мектеп мәселесі әлі шешілген жоқ. Саяси тәуелсіздігімізді алғанмен, рухани тәуелсіздікке жету оңай емес. Оған қазақ баласы жаппай қазақ мектебінде оқитын күнге жеткенде ғана үміт артуымызға болады. Осы ұлы мақсат үшін күрес бүгін де, ертең де тоқталмауы тиіс» - деген тұжырым жасаған болатын [2.217-б].

Ұстаз-ғалымның айтқан мына пікірі әлі де маңызын жойған жоқ: «Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл – ұлттық сана жетілмеген елде болатын көрініс. Өзінің ұлттық құндылықтарынан болашағы жоқ деген түсініктің қалыптасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі. Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп қоюға болмайды... Жастар арасында Тәттімбеттің кім екенін білмей, Майкл Джексонға құлдық ұру, Қорқыттың философиясын ұқпай жатып, Фрейдке таңғалу, тасқа жазылған ата сөзін оқымай тұрып, Куликово шайқасын білгішсіну ауруы бар. Оның өзі ауыл баласы мен қала баласы болып бөлінуіне, бірін бір менсінбеуіне алып келеді. Қазіргі ұрпақ құндылықтың қайда екенін біле алмай, адасу дәуірін қайта бастан кешіріп отыр», - дей келіп, «... ұлттық мектебіміздің философиясы дәстүрлі түркілік өркениет пен қазақ әлемі негізінде жасалып, әлемдік өркениетпен сұхбат қарым-қатынасында болуы қажет» - деп тұжырымдайды.

А.Қыраубаева мектепте балаға ана тілінде білім берудің маңыздылығы жөнінде: «Қай тіл жетекші болса, баланың жаны сол тілде сөйлейді... Рухани жан дүние мәйегі қай тіл болса, бала сонікі екенін ескерсек, өзге тілді мектепте оқыған баланың қазақ тілі - шет тілін меңгеру сияқты әрекет болып қалады. Өз ана тілінің сырын меңгеріп үлгірмеген балаға өзге тілді қосақтауға болмайды», - дей келіп, оның сырын «Орыс тілінің өзін 1-сыныптан қосарлау кеңестік жүйенің айла-шарғысы болатын», - деп көрсетеді [2. Б:221-223].

Ғалым-ұстаз мектепте білім-тәрбие беруде оқулықтың мазмұнының маңыздылығын: «Бастауыштан бастап ертегі аңыздар, ұлттық әдеп, қазақ елінің арғы-бергі тарихынан қызықты оқиғалар, ұлт тұлғалары, ежелгі әдебиет, ислам мәдениетінен мағлұматтар содан алынуы тиіс. Ұл тәрбиесі мен қыз тәрбиесінің ерекшеліктерін ескере отырып, бастауыштан мектеп бітіргенге дейін халық тәрбиесінің негізінде жүргізу, қыздарды отбасына бағыттау, шешендік өнер тарихын айтып берумен шектелмей, сөйлеу өнеріне дағдыландыру (аузына сөз салу), қазақ өнерінің тарихын білумен бірге оны бойға сіңіру, т. б. Мектептің бағыт-бағдары, мазмұны түгел қазақ рухында болуы қажет» - дейді.

А.Қыраубаева балаларға ұлттық тәрбие беруді жүзеге, іске асыратын ұлттық мектептің үлгісін, қазақ мектептерінде басшылыққа алынуы тиіс деп санаған «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» бағдарламаларын жасаған. Қазақ мектептерінде берілетін білім мен тәрбиенің басты міндеті «қазіргі қазақ

азаматының мінезін қалыптастыру. Өркениет әлеміне Қазақ құбылысы болып кіретін азамат дайындау»,- деп тұжырымдайды [2.229].

Мектепте балаға білім мен тәрбие беретін ұстаздың да маңыздылығына назар аударып, ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынастардың қандай болуы керектігі туралы да маңызды ойлар айтады. Ол жөніндегі ғалым-ұстаздың тұжырымдарына тоқталсақ:

«Мұғалім – тергеуші емес, үйретуші, тәртіпке салып қоюшы емес, рухани өсіруші. Баланың қазақ деген ұлы халықтың ұрпағы екеніне, қазақ жерінде тұратындығына мақтаныш сезімін қалыптастыру – мұғалімнің абыройлы ісі.

Ұстаз қызметінің мақсаты – өз пәнін жақсы үйретуден гөрі тереңіректе: ол – адамды жасаушы адам.

Сабақ – ұстаз бен шәкірттің адами қарым-қатынасы.

Сабақтың мақсаты – баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін аша білу.

Мұғалімнің өз сабағын білуі жеткіліксіз, оған қоса бала жанын ұға білсін.

Әр баланың өмір тіршілігі - өзінше бір тағдыр. Баланың тағдырына ойланып қара...

Баланың ықыласын оята біл, қолынан келетініне сендіре біл.

Мұғалім мен баланың қарым-қатынасы қуанышты әрі пайдалы болсын.

Мұғалімнің сөзі мен ісі жасанды емес, шынайы болуы шарт.

Шәкірттің кемшілігін көргіш болсаң, ықыласын өлтіресін. Жеңісін изде.

Балаға сыйлы боламын десең, баланы өзің сыйла.

Көптің көзінше баланың кемшілігін бетіне баспа. Сеніп айтқан сырын шашпа.

Сабақ үстінде тыныштыққа көп ізденіспен, еңбекпен ғана жетуге болады.

Импровизация – сабақтың жаны.

Баланы сабақтың негізгі кейіпкері ете біл.

Әр бала – табиғаттың ғажайып құбылысы. Оны сол үшін-ақ сыйлауға болады» [2.Б: 234-235].

А.Қыраубаевамен әріптес ғалым Д.Ысқақұлының атап көрсеткендей, ұстаздың «Бұл жерде әлемдік озық тәжірибелермен толыға түскен ұлттық тәлім-тәрбиенің тұтас бір толық концепциясы көрініс тапқан» [1.10-б].

Әдебиеттер

1. Д.Ысқақұлы. Алманың асыл армандары // «Жастарды ұлттық рухани мұра негізінде тәрбиелеудің өзекті мәселелері» атты конференция материалдарының жинағы. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты. 2017. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2017.

2. Қыраубаева А. Жаным садаға. 5 томдық шығармалар жинағы / 4-том – Алматы: «Өнер», 2011.

ӘӨЖ

XX ҒАСЫРДЫҢ 90 - ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚР БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Найманбаев Б.Р.- т.ғ.д., ҚР ҰҒА-ның профессоры
Сыздықова Г.М.- ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме.

XX ғасырдың 90-шы жылдары-Қазақстандық білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер кезеңі болды. Ең алдымен, білім беруді одан әрі реформалау мен жаңғырту үшін заңнамалық базаны қалыптастыру басты міндет болды. Білім бердің жаңа жүйесін құра отырып, өткен жылдардағы жетістіктерін жоғалтпау, әлемдік және отандық тәжірибені біріктіретін сапалы жаңа деңгейге өту үшін оңтайлы тепе-теңдікті қалыптастыру қиындықтар туғызды. Өзгерген саяси және экономикалық жағдайларға сәйкес келетін нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру өте қиын болды.

Summary.

The 90s of the XX century were a period of radical changes in the Kazakh education system. First of all, the main task was to form a legislative framework for further reform and modernization of Education. With the creation of a new education system, difficulties arose not to lose the achievements of past years, but to form an optimal balance in order to move to a qualitatively new level, combining world and domestic experience. It was very difficult to form a regulatory framework that would correspond to the changed political and economic conditions.

1992 жылы Қазақстан Республикасында «Білім туралы» заң қабылданды, ол республиканың білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістердің құқықтық негізін қалады және ең алдымен білім беру жүйесін ретке келтіруге, білім беру процесі субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін бекітуге, құрылымдық жүйеге, білім беруді басқаруға, қаржыландыруға және басқа да осы саланың құрылымының негізгі принциптеріне байланысты мәселелерді бекітуге бағытталды [1].

Осы заңға сәйкес ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау білім берудің негізгі міндеттері болды. Заң бойынша мемлекет өз азаматтарына үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерінде: отбасылық тәрбие, мектепке дейінгі тәрбие, жалпы орта білім, мектептен тыс тәрбие және оқыту, кәсіптік-техникалық білім, орта арнаулы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім (аспирантура, докторантура және т.б.), қосымша білім беруде қамқорлық жасады [2].

1992 жылғы «Білім туралы» заң 90-жылдардың басында білім берудің барлық кезеңдерін және білім беру жүйесін реттеді және ол «Жоғары білім туралы» заңды және республикадағы білім беру процесінің барлық ережелерінің үлгісін әзірлеуге негіз болды.

1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы республиканың әрбір азаматының мемлекеттік оқу орындарында

тегін орта, арнаулы орта, жоғары біліммен қамтамасыз ететін білім алу құқығын растады.

Конституция білім, ғылым мен мәдениеттің дамуына ықпал ететін ұйымдар мен адамдар мемлекеттің қолдауына ие екендігі айқындады [3].

Жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарын айқындайтын нормативтік акт 1993 жылғы Конституцияға сәйкес 1993 жылы қабылданған «Жоғары білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы болды. Ол жоғары оқу орындарын ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін бекітті, азаматтардың өздерінің конституциялық құқықтарын іске асыруына жағдай жасауға, жоғары білім алуға бағытталды, білім беру процесінің субъектілері арасындағы қатынастарды реттеді, олардың құқықтары мен міндеттерін, құзыреті мен жауапкершілігін белгіледі [4]. Заң жоғары білім беруді дамытудың негізгі бағыттары туралы конституциялық ережелерді дамыта отырып, оның мақсаттарын нақтылады: зияткерлік және мәдени дамудағы жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру, таңдалған салада жоғары біліктілікке ие болу, сондай-ақ іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, жоғары мектептің барлық жұмысын толық қайта құрудың негізінде жоғары оқу орындарында оқытушылық жұмыс үшін жоғары білікті мамандарды, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау. Заңда оның болашағы мен басым бағыттарына бағытталған жоғары білім берудің негізгі қағидаттары айқындалған. Бұл-білім мен ғылымды мемлекеттік қолдау және дамытудағы басымдық, жоғары білім мен ғылым желісін үнемі жетілдіру.

Сонымен бірге өтпелі кезеңнің күрделі жағдайлары, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру саласында бірқатар жағымсыз факторларды тудырды. Кейінгі мерзімдерде қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (1993 ж.). «Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы», «Қазақ КСР заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақ КСР меншіктері жайлы» заңдары және басқа да заңнамалық актілер республиканың білім беру саласында қолданыстағы заңнамасына қайшы келді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің салықтық және әлеуметтік жеңілдіктер бойынша "білім туралы" заңның баптарын тоқтата тұруы, өтемақы төлемдері жүйесін енгізу білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасының бұзылуына алып келді, және өз индустриясын құруда, мемлекеттік емес білім беру мекемелерінің жеткіліксіз дамуы мен педагог кадрлардың жүйеден кетуіне теріс әсер ете берді. Туындаған қайшылықтар заңға тәуелді актілерді әзірлеу мен мүдделі министрліктер және ведомстволармен келісу процесін қиындатты.

1995 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдық күшке ие жарлығы қабылданды [5]. Заң жобасына енгізілген бұл өзгерістер мен толықтырулар қолданыстағы білім беру жүйесін сақтауға және дамытуға, оның мемлекеттік саясат саласындағы басымдығын қалыптастыруға бағытталды.

Білім беру жүйесінің құрылымы туралы «Білім туралы» заңның баптарына, білім беру процесіне қатысушылардың құзыреттілік деңгейіне, құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктеріне сәйкес білім беруді басқару органдарының функцияларын нақтылауға елеулі өзгерістер енгізілді.

Білім беру процесінің құқықтық негіздері 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа конституциясында одан әрі дами түсті [6]. Орта білім алу барлығы үшін міндетті болып табылады. Әрбір азамат конкурстық негізде мемлекеттік жоғары оқу орнында тегін жоғары білім алуға құқылы. Жеке оқу орындарында ақылы білім алу заңда белгіленген негіздерге және тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Бұл ретте мемлекет кез келген оқу орындары үшін жалпыға міндетті білім беру стандарттарын белгілейді. Осы бапқа сәйкес республиканың әрбір азаматы кез келген сатыда, кез келген деңгейде және кез келген бағытта білім алуға конституциялық құқықтарға ие. Бұл жағдайда мемлекеттік және жеке оқу орындарында да білім алу мүмкіндігі бар.

90-жылдардың аяғында қазақстандық қоғам өміріндегі шын өзгерістер білім берудің нормативтік-құқықтық базасының оны одан әрі дамытуға сәйкес еместігін көрсетті. Мұның негізгі себептері мыналарға байланысты болды:

- «Білім туралы», «Жоғары білім туралы» қолданыстағы заңдардың кейбір баптары мен нормалары қолданысын тоқтатты, республиканың басқа заңдарына қайшы келе бастады;

- осы заңдардың баптары және өзгерістер мен толықтырулар туралы тоғыз заңнамалық актінің жиынтығы елдің білім беру жүйесін одан әрі құқықтық қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, толық емес болып шықты;

- жаңа білім беру және ақпараттық технологиялары, жастарды оқыту және тәрбиелеу стандарттары «Білім туралы» тиімді бірыңғай заңды қабылдауды талап етті.

Жаңа заңды талқылау және қабылдау біркелкі болмады және дайындық барысында бірнеше өзгерістерге ұшырады. Заңның бірінші нұсқасы 1999 жылы 1 сәуірде парламенттің бірлескен отырысында қабылданды және ел президентінің мақұлдауына ұсынылды. Алайда, Мемлекет басшысы депутаттарға олар қабылдаған бірқатар баптар қолданыстағы «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» заңға және республиканың азаматтық кодексіне қайшы келетінін атап өтті. Заңда қызметі лицензияны қажет ететін білім беру ұйымдарының шеңбері негізсіз кеңейтілген, бұл президенттің заңдық күшіне енген «Лицензиялау туралы» жарлығына қайшы келді. Заңның баптарына да түзетулер енгізілді, олар бойынша сырттай оқитын студенттерге зертханалық жұмыстарды орындау, сынақтар мен емтихандарды тапсыру кезінде демалыс алу құқығы берілді. 1999 жылғы 7 маусымда Қазақстан Республикасының парламенті талқылауы мен мақұлдауынан кейін ғана «Білім туралы» жаңа заң қабылданды [7].

Бұл заңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары бөлімінде алдыңғы заңнан айырмашылығын көрсететін мынадай өзгерістер қосылды: әрбір азаматтың зияткерлік дамуын, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білім берудің қолжетімділігі; жеке тұлғаны ынталандыру және дарындылықты дамыту; тәрбие

мен оқытудың бірлігі; білім берудің гуманистік және дамытушылық сипаты; білім беру, ғылым және өндірістің интеграциясы; білім алушылардың кәсіптік бағдар алуы; білім беру жүйесін ақпараттандыру. Жаңа заң бойынша тегін білім алуға, республика азаматтарына жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім алу үшін және мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде мемлекеттік шектікте білім беру ұйымдарында тегін орта кәсіптік білім, жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуға кепілдік беріледі.

Кәсіптік білім алу үшін конкурстық негізде берілетін мемлекеттік білім беру кредиті мен мемлекеттік студенттік кредитті қамтитын мемлекеттік білім беру кредиттеу жүйесі құрылуда. Бұл ретте мемлекет салық салу бойынша жеңілдіктер беру арқылы мемлекеттік емес білім беруді кредиттеуді дамытуды ынталандырады. Мемлекет азаматтардың әлеуметтік жағынан қорғалмаған санаттарына жұмсалатын шығындарды ішінара немесе толық өз мойнына алады, олардың мөлшерін үкімет жеке анықтайды.

Заңның 21-бабына сәйкес білім беру жалпы білім беру және кәсіптік білім беру болып бөлінеді. Жалпы білім беру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш жалпы білім беруді, негізгі жалпы білім беруді, орта жалпы білім беруді, қосымша жалпы білім беруді қамтиды. Оның әрбір сатысындағы жалпы білім берудің мазмұны тиісті жалпы білім беру бағдарламасымен айқындалады.

Кәсіптік білімге бастауыш кәсіптік білім, орта кәсіптік білім, жоғары кәсіптік білім, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім, қосымша кәсіптік білім кіреді. Кәсіптік білім берудің мазмұны әр сатысында кәсіптік бағдарламамен анықталады.

Білім беру деңгейі бойынша білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі мен сабақтастығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім, жоғары кәсіптік білім, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім болып белгіленеді.

Білім беру жүйесінің жаңа моделіне сәйкес жоғары кәсіптік білім беруде үш кезең белгіленді:

- жоғары базалық білім (бакалавриат), жоғары арнайы білім, жоғары ғылыми-педагогикалық немесе мамандандырылған білім (магистратура). Кейбір медициналық мамандықтар үшін интернатура қалпына келтірілді.

Ақырында, жаңа заңның 43-бабында білім берудің барлық саласын мемлекеттік қаржыландыру жүйесі түбегейлі өзгертілді, білім беру ұйымдарын қаржылық қамтамасыз етуде көп арна белгіленді. Негізгі жалпы білім беру ұйымын емес, белгілі бір білім алушының оқуын қаржыландыру идеясы анықталды, ол мыналарды қамтиды:

- орта кәсіптік және жоғары білім берудің мемлекеттік секторын қаржыландыру колледждер мен жоғары оқу орындарында іске асырылатын мемлекеттік тапсырыс жүйесі арқылы — мемлекеттің білім беру гранттарын немесе жеңілдетілген білім беру кредиттерін конкурс арқылы жайғастыру жүзеге асырылатын болады; мемлекеттік емес кәсіптік білім беру ұйымдары білім беру кредиті немесе гранты бойынша қабылдауға үміткер бола алатын жаңашыл қағидатты енгізу;

- осы заңда мемлекеттік бюджетке қатысты жалпы білім беретін және кәсіптік-техникалық мектептер кіретін барлық мекемелерге ішінде арнайы шоттарды сақтай отырып, бюджеттен тыс тапқан қаражатқа билік ету құқығы беріледі;

- апталық оқу жүктемелерінің қолданыстағы нормаларын, оқытушылар мен студенттердің арақатынасын, сондай-ақ білім беру жүйесінде бар жеңілдіктерді заңнамалық бекіту. Осы кезеңде Қазақстан посткеңестік кеңістікте орташа айлық жалақы (127 АҚШ доллары) бойынша бірінші орынға ие болғанымен, заңда оқу орындарының өздеріне қосымша ынталандыру жүйесін енгізу құқығы ұсынылды.

Заңмен мемлекеттік стипендия алу құқығы оқу аяқталғанға дейін қазіргі уақытта мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын студенттерге, сондай-ақ білім алушылардың белгілі бір санаттарына (дарынды балалар, жетім балалар, мүгедек балалар, көп балалы отбасылардан шыққан балалар) сақталады.

Жаңа заңға сәйкес оқыту және оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру білім беру бағдарламалары бойынша және мынадай бағыттар бойынша құрылуы тиіс:

- ұлттық, этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білу арқылы, ана тілін оқыту арқылы жүзеге асырылатын қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, өз халқының өткен тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу;

- жоғары құқықтық мәдениет пен құқықтық сананы қалыптастыратын құқықтық білім;

- гуманитарлық білім беру тұжырымдамасына негізделген азаматтық білім [8].

Білім беру үдерістерінің мазмұны білім берудің әрбір деңгейі бойынша жалпы талаптардың жиынтығын айқындауы бойынша әзірленген мемлекеттік білім беру стандарттарына негізделеді.

Осылайша, жаңа заң білім беру саласын басқаруды демократияландыру процесін тереңдететін, ұйымдық, педагогикалық, оқу, тәрбие және экономикалық мәселелердегі оқу орындарының дербестігін едәуір кеңейтетін бірнеше іргелі жаңалықтарды қарастырады. Мұның бәрі отандық білім беруді сапалы жаңа деңгейге шығаруға және білім беру саласын жаңартуға серпін беруге мүмкіндік беруге тиіс еді.

Осылайша, 90-жылдары ҚР-да жүргізілген білім беру реформаларының нәтижелері елге жаңғыртудың жаңа деңгейіне шығуға және Қазақстанға қазіргі әлемде лайықты орын алуға мүмкіндік беретін тиімді жұмыс істейтін білім беру жүйесін қалыптастыру үшін базалық жағдайлар жасауға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

1. «Білім туралы» ҚР Заңы. / Егемен Казақстан , 1992 ж
2. «Білім туралы» ҚР Заңы. / Егемен Казақстан, 1992 ж.
3. Қазақстан Республикасының конституциясы. Егемен Казақстан, 29 қаңтар 1993 жыл.
4. «Жоғары білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Егемен Казақстан, 1993 ж.
5. Қазақстан Республикасы президентінің 1995 жылғы 27 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жайлы» заң күшіне енген жарлығы.
6. Қазақстан Республикасының конституциясы. Егемен Казақстан, 31 тамыз 1995ж.
7. 1999 жылғы 7 маусымдағы «Білім туралы» заңы. Егемен Казақстан, 8 маусым 1999 ж.

8. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

ӘОЖ 81’ 373, 611

ТҮБІР МОРФЕМАЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Байымбетова Ж.А. ф.ғ.к., доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье рассматривается развитие в тюркских языках слов с единой корневой морфемой

Summary

The article examines the development of words with a single root morpheme in the Turkic languages.

Тіл білімінде негізгі грамматикалық единицалардың табиғатын анықтау, олардың бір-бірінен жігін ажыратуға қатысты әр түрлі пікірлер, пайымдаулар бар. Ондай әр түрлі пайымдаулар мен болжамдардың әр түрлі болуы, түркі тілдерінде олардың жігін ажырату әлі де толық айқындалмағандығын көрсетеді. Грамматикалық негізгі единицалар – морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем. Морфема сөз құрамында қолданылып, бір мағынаны білдіреді. Сөз морфемадан құралып, заттарды, құбылыстарды, олардың бір - біріне қатынасын, бір – біріне қатынас құралын білдіретін дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын единица. Сөз тіркесі екі дыбыстың емін - еркін тіркесінен жасалып, құбылыстардың бір - бірімен байланысындағы грамматикалық единица. Сөйлем сөздерден, немесе бір сөзден құралып, аяқталған ойды білдіретін грамматикалық единица. Осы единицалардың ішінде екі жақты құбылыс ретінде қаралатын бірлік –сөз. Сөз тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде лексикалық мағынаның шығу тегі жағынан, қолданылуы жағынан, экспрессивтік стилі жағынан лексикологияда қарастырылса, грамматикалық бірлік ретінде лексикалық мағынамен қабаттаса келіп, морфологиялық құрылымы жағынан формалары, лексика – грамматикалық топтарға қатысы жағынан, сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылуына қатысы, қызметі жағынан қарастырылады. Сөздің барлық бірліктердің ішіннен алатын орны бар. Сөз морфемамен бірлікте, грамматиканың морфологиялық саласын құрады, сөз тіркесі, сөйлеммен қарым-қатынасқа түсіп, грамматикалық қатынастық синтаксисін құрайды. Грамматика қатынасқа ғана сүйенеді. Лексикада мағына категориясы басты орында болса, грамматикада қатынас категориясы лексикадан соңғы орынды алады.

Грамматикалық мағына логикалық ұғыммен ұштасады.Сондай-ақ түбір сөз бен түбірдің, негіз бен сөздің формасы жағынан бер-біріне сәйкес келуі түркі тілдерінде жиі ұшырасатыны белгілі.Әр түрлі тұлғада қолданылатын сөздің бәрі бірден негіз немесе түбір бола бермейді. Сөз бен негіздің жігін айыру үшін қазіргі қазақ тілін тіліміздің өте ертедегі көне тарихымен байланысты қарастыру қажеттігі туындайды.

Сөз бен түбірдің жігін ажырату жұрнақ пен жалғаудың, лексика мен грамматикаға қатысты категорияны таза грамматикалық категориядан ажырата

білудің түпкі түйіні. Сөз, сөздің негізі, сөздің түбірі деген ұғымдардың шегін ажыратудың олардың ұқсастығын, ауысып-түйісетін қасиеттерімен қатар, ерекшеліктерін белгілеудің тіл білімі үшін теориялық та, практикалық та маңызы зор. Қолданылуы мен мақсаты әр түрлі сөздіктерге кез келген сөз алынбай, әр тұлғадағы сөздер емес, ортақ түбір негізге алынады. Сөздің түбірі оның лексикалық мәнін беретін негізгі мағыналық бөлігі.

Сөз түбір деп танылғанда лексикалық мағынасымен қатар жұрнақсыз-ақ грамматикалық қолданыста, жалғаулар қабылдап жаңа мағынаға еге болады.Сөздің табиғатын айқындау үшін оның дыбыстық жағы мен мағыналық жағының ара қатысын айқындау қажет. Сөздің дыбыстағы жағы мен мағыналық жағы бірлікте. Дыбысталу сөздің материалдық жағын құрастырса, мағына сөздің идеялық жағын құрастырады. Дыбысталу мен мағына сөздің өмір сүру шарты. Ұғым – заттың белгілерінің ойда қорытылған бейнесі. Ұғым – сөз арқылы айтылып, сөз шындық болмысты белгілейді. Сөз бірдемені білдіру үшін дыбыстармен тіркеседі. Сөз өзінің мағынасы арқылы ұғыммен байланысты болады. сөздің мағынасы мен ұғымы тепе-тең емес.«Мағына ұғыммен бірігіп кетпейді, оның болуын аңғартады». Сөздің табиғатын түсіну үшін, онымен аталатын зат пен оның білдіретін ұғымының және дыбыстық жағының арақатынасын айқындау қажет. Сөздің лексикалық мағынасы дегеніміз дыбыстық комплекстің ақиқат өмірдегі құбылыстардың бірімен белгілі бір тілде сөйлеуші коллектив арқылы белгіленген байланысы болып саналады[6].

Дыбыс тіркесі мен заттың арасында ешқандай табиғи байланыс жоқ. Зат дыбыс тіркесімен белгіленгенде атауға сол заттың бір белгісі негіз болады. заттың аталуына негіз болған о бастағы белгісі уақыт өткен сайын күңгірт тартып ұмытыла бастайды. Осыдан келіп түбір сөздің этимологиясы күңгірттенеді, оның шығу тегі арнайы зерттеулердің нәтижесінде айқындалады. Кейбір туынды сөзге негіз болған белгі анық аңғарылып тұрса, кейбірі көмескі тартып, терең зерттеулерді қажет етеді. Ұғымда эмоциялық бояу жоқ, ал сөз түрлі эмоциялық реңге еге.

Сөздің лексикалық мағынасы, грамматикалық мағынасымен бірлікте өмір сүреді. Ұғым мен сөзді ажыратын ерекшеліктер де осы. Белгілі дыбыстық құрылымнан тұратындықтан фонетикалық заңға сәйкес келеді. Қазақ тілінің фонетикалық заңында сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді. Тіл тарихын зерттегенде осы қағидалар басшылыққа алынуы тиіс. Сөз мағынаны білдіруі жағынан фонемадан ажыратылады. Фонема сөз құрамында ғана мағына ажыратушылық қызмет атқарады. Сөз белгілі бір тілдің грамматикалық заңдары бойынша ғана тұлғаланып, өзіне тән формаларда көрінеді. Сөз өзінің құрамына басқа сөзді ендірмейді. Тек ұзақ дәурлерде ғана баяу өзгерісте енеді.

Сөз,оның негізі, түбір дегендер сөзжасаммен, сөйлемдегі сөздерді байланыстыратын категорияны тануға, олардың орнын анықтауда аса маңызды. Әр түрлі тұлғада қолданылатын сөздің бәрі негіз немесе түбір емес. Сөз бен негіздің жігін ажырату тіліміздің көне тарихымен байланысты. Сөз бен түбірдің жігін ашу жұрнақ пен жалғаудың, лексика мен грамматикаға бірдей қатысты категорияны таза грамматикалық категориядан ажырату тіл білімі үшін аса қажет.

Сол сияқты етістік түбірі етістік деген ұғымдар бір емес. Сөз түбірі дегенді әр сөз табы тұрғысынан түрліше түсінуге болады, бұл жөнінде В.В.Виноградов сөздердің формалары немесе сөздердің түрленуі дегенді әрбір сөз табы тұрғысынан жеке алып қарау қажеттігін атап көрсеткен болатын.

Түбір морфема – сөздердің қай лексика-грамматикалық топқа жататынына қарамастан, бәріне ортақ. Негіз белгілі лексика-грамматикалық қатысты бір сөздің әр түрлі формаларының бәріне ортақ. Негіз түбір мен жұрнақтың қосындысынан жасалады. Негіз бір морфологиялық элементтен тұруы да мүмкін. Мұндайда түбір мен негіз, сөз бен түбір бір-бірімен сәйкес келеді. Қазіргі қазақ тілінде түбір ден танылып жүрген морфемалардың *ел, қон, тон*, т.б одан басқа *көр, көз* бен, *бүкіл, бүлін, семіз семір* т.б. сөздердің түбірі бір екендігі аңғарылады. *Көз* бен *көр* (көру) т.б сөздердің тарихи шығу тегі тұрғысынан түбірі «*кө*» болса, *бүлін, бүлік* сөздердің түбірі «*бү*».

Б.М. Юнусалиев Қырғыз лексикологиясы атты еңбегінде «*жақ», «жан»,* етістіктерінің түбірі «*жа*», ал «*жақ»* етістігінің түбірі «*жа*», ол «*қ*» сабақты етістік тудыратын жұрнақта, «жан» дегендегі «н» салт етістік тудыратын жұрнақ деп қарайды[1,24]. Олай болса «*жа*» морфемасы қазіргі қазақ тілінде көне түбір екендігі көрінеді. Қазіргі қазақ тілінде «*жақ*», «*жан*» біртұтас морфема. Ал *–қ,-н* аффикстерді профессор В.А Богородицкий сіңісу құбылысы деген болатын[2].

Бүлік, бүлін сөздерінің *ік, ін* қандай морфемалар екендігі салыстыру тәсілі арқылы айқындауға болады. Мысалы *бүлік* сөзінің құрамындағы *–ін* аффиксі *күй-ін, жел-ін, шір-ік* т.б түбірлерге жалғанын есім сөздер жасайды. *Бүлін* сөзінің құрамындағы *–ін* аффиксі *күй-ін, бу-ын, жу-ын, ки-ін, өт-ін, сұра-н, ора-н, қыр-ын* тәрізді туынды етістіктер жасайды. Тарихи тұрғыдан *бү* морфемасының етістік болғанын байқаймыз.

Ал *бүлдір* сөзінің түбірін айқындау үшін бүл түбір морфемаға *бүл-дір, жан-дыр, күй-дір, жаз-дыр* т.б сөздерімен салыстыра отырып айқындаймыз.

Олай болса, тілімізде түбір морфемамен аффикстік морфемалар бір-бірінен ажырап, шегі ашық айқын көрініп тұратын негіздер де, құрамындағы негізгі морфема мен аффикстік морфема кірігіп кеткен, қазіргі қазақ тілінде бөлшектеуге келмейтін түбірлер мен негіздер деп танимыз. А.А.Реформатский бұларды көне түбір мен аффикстің кірігуінен жасалып, қазіргі тілімізде бөлшектеуге келмейтін сіңіскен түбір (опращенныйкорень)десе[3], Арнольд оларды сіңіскен негіз (опращенная основа) дейді[4]. Бұл сөздерді морфемаларға ажыратып, *бүл – түбірі, бүл-ік* негіздеуге де болады. Немесе *бүлін, бүлік* дегендерді сіңіскен түбірлер деп ұғуға да болады. Оларға мысал *жа* түбірі, *жалаң, жал-ғыз, жылқы, жақ-жақсыз, жаңыл, құт-құтыл, құтқар* т.б.Бұл арадағы мәселенің бірі түбірді айқындағанда, анықталатын морфема тіліміздегі басқа сөздерде кездесетіндігімен дәлелденеді. Анықтайтын морфема тағы басқа, кем дегенде бір немесе бірнеше сөздің құрамында сол мағынада, сол қызметте жұмсалатын болса, онда олардың төркіні бір болады.

Сөздің морфологиялық құрамы мен этимологиялық құрамы үнемі бірдей шыға бермейтіндігі де ескерілуі қажет. Себебі морфемалардың арасындағы

мағыналық, грамматикалық – қатынас үзіліп кетпегендіктен, ол сөздер бастапқы мағынасынан айырылып қалуы да мүмкін.

Тарихи тұрғыдан түбір бірте-бірте мағына жағынан да, дыбыстық жағынан да, морфологиялық жағынан да дамып отырады. Қазіргі тіліміздегі *жақ, жай, жалын*-түбір сөздер. Тарихи тұрғыдан туынды сөздер, негіздер.

Мысалы, *айран* зат есіміне қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде мынандай анықтамалар берілген 1. Ашытқы құйып ұйытқан сүт 2. Айран-асыр, үстеу 1. Шашылып төгіліп, апыр- топыр болып. 2.Таңданып таң тамаша қалып. 3.Айрандай. сын есім, Ромбиктен кейінгі мағынасы - масқара қылды. Морфологиялық құрылымы жағынан екі морфемадан тұрады. *Айыр*-түбірі етістік, *ан* зат есім жасалатын жұрнақ. «Айран» сөзі түркі тілдерінде түгелдей қолданылады. Мәселен, түркімен, түрік, әзірбайжан, қырғыз қазақ т.б тілдерде. Татар диалектілерінде «әйрән» түрінде қолданылады.

«Айран» етістік негізді зат есім. Түбірі «айыр» етістігі сүттен «айыру» деген мағынаны білдіреді.Біздің ойымызша, айыр етістігінің түбіріндегі и -ж дыбыстық алмасуларының нәтижесінен *айыру* етістігінің түбірі *ажырау*. Көне түркі тілінде «ж» дыбысының орынына «и» дыбысы қолданылғаны белгілі. Сонда *айыра- ажыра и/ж* дыбыстық алмасу, *н* жұрнағы арқылы зат есімге айналған. Ы дыбысы үнемдеу заңына сәйкес түсін қылған, Айран - айра -ажыра. Сонымен «айран» сөзі «айыра», ажыра сөздерінің тарихи дамуының нәтижесінде пайда болған.

«Айран-ажыра» и/ж дыбыстық алмасулардың нәтижесінде пайда болады дедік. Беретін мағынасына қарай сөздік құрамдағы түбірлер мен негіздерді түбіртекке бөлгенде қосымшадан бастан, түбірге бөлшектеген жөн-дейді ғалым Б.Сағындықұлы. *Айран* зат есімінің қосымшасын басынан талдасақ *–ан з*ат есім тудыратын жұрнақ. *Айыр- ажыра* етістігінен эпентезалық құбылыстың әсерінен ы, дыбыстары түсіп қалған. Үнемдеу заңының ықпалымен тарихи дамудың нәтижесінде кейбір дыбыстар ықшамдалып қысқарып қалып отырған. Өзге түбірлермен генетикалық байланысын анықтауымыз үшін мұның ежелгі формасын іздестіреміз. Түбіртек бір ғана дауысты мен дауыссыздан, немесе дауыссыз бен дауыстының тіркесуінен тұрын, я лексикалық, я грамматикаллық мағына береді - десек, ілгері замандағы түбіртектердің лексикалық немесе грамматикалық мағынасын негізінен дауыссыз дыбыстар сақтап қалған. Дауыстылар мың сан өзгеріп, отыратынын ескерсек, «ажыра» - етістігінің түбірі «жыр» деп алып, оның көне түркі тіліндегі беретін мағынасы «jira»- «алыстату» деген мағынаны білдірген. Мысалы *kosdan jirasa konildan jema 1irar* көзден алыстаса көңілден алыстайды (ДТС, 268).2.*Ozunei kisiga gatilma, jira.Өсекші кісіден аулақ жүр*. Олай болса, айуран, ажыра сөздерінің түбірі жыр – СГС түбірі. Ал алғашқы ілкі түбірі екі дыбысты *жы*-дауыссыз қосу дауысты. Ал дауыссыз+дауысты+дауыссыз СГС «жыр» түбірі туынды түбір. Яғни екі дыбысты ілкі түбірге С үшінші аффикстің қосылуы арқылы жасалған.

Сондай - ақ «ақырын» үстеуін алайық, бұл үстеуге қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген.1.Жай аснай-саспай.2.Ептеп, білдірмей 3.Байқа, абайла. Морфологиялық құрылымы жағынан үш бөліктен

тұрады. Ақ-түбірі,-ыр-етістіктен үстеу жасайтын жұрнақ. Көне ескерткіштерде aqru - жай. 1 aqru elgin toqidi qaruq -он тихо постучал в дверь рукой(QBH 242). Ол есікті қолымен жай тықылдатты. 2. «bu ai toldi olturdi aqru silip» Бұл Айтолды тыныш отырды. Көне ескерткіштерде «ақырын» үстеуін «aqru» - ақру түрінде қолданылса, М.Қашғари заманында оған н қосымшасы қосылған. Мысалы: bulmis nening sevar sen aqrun anar sevingil. *Сен байлығыңның артқанын сүйесің, оған жай азырақ қуан.*Түркі тілдерінде қырғыз, қарақалпақ тілдерінде *ақырын*, башқұрт тілінде *aqrin*-татар тілінде *әкрең*, хақас тілінде *ағырың* түрінде қолданылады. *Ақырын* туынды үстеу, -*ы-н* аффикстері арқылы етістіктен туынды үстеу жасалған.

Көне түркі ескерткіштерінде *aqrun-ақрун-ақырын* түрінде қолданылған. Мысалы: *aqrun anar sevingil-бұған ақырын қуан*(ДТС,49).

Бұл мәселелер жөнінде ғалым Б.Сағындықұлы:«Ілгері заманда түбіртектердің лексикалыққ немесе грамматиклық мағынасын дауыссыздар сақтап қалған» – дейді[5].«*Ақырын*» сөзінде «*ын*» аффикстері үстеу жасайтын жұрнақ сөздің түбірі ақр-ақыр,эпентеза, құбылысының әсерінен *ақыр* сөзіне айналған. «Ақр» сөзінің түбірі «*қор*» -сөзінен үнемдеу заңының әсерінен *қр* болын эпентезаға ұшыраған.

"Ақырын" сөзінің түбірі *қор* морфемасы. Түбіртек жасауға қатыспайтын протеза *а* дыбысын алып тастасақ *қор* сөзі көне түркі тілінде сөзі *азаю, бәсеңдеу* деген мағына білдіреді. Мысалы*: jana qorqa tusar nen bulmaz* - он снова терпит убыток и ничего не приобретает(ДТС,458).*baru artti soglug goradi sevine* - сараңдық артты, қуаныш азайды(ДТС,458).

Ақырын үстеуі үш дыбысты *қор* бітеу буын СГС- түбірінен тарихи нәтижесінде *ақырын* үстеуіне айналған. *Ақырын*- үстеуін талдасақ қосымшадан бастап талдау арқылы -*ын* үстеу жасайтын жұрнақ, *қыр-қор* сөзінен дыбыстық ы/о алмасудың негізінде жасалған, а протезаның әсерінен қосылған. Біздің ойымызша *ақырын* үстеуінің түбірі *қор* СГС формасы іштей бөлшектеніп СГ- *қо* әуелгі түбірінен (түбіртектен) пайда болған. Сонымен тілдің тарих бойында дамуының нәтижесінде *ақырын* үстеуі СГ -*қо* әуелгі түбірінен пайда болған.

Ақыры үстеуін алайық, бұл үстеуге Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама берілген.1 *Соңы, киінгі, ақырғы кезі*. 2. *Түбі, арты*. 3. *Ақырында, ақыр аяғында, ең соңында*, ромбиктен кейін 1.*ең аяғы, керек десең*. 2. *Сабыр ет, тәубе қыл* деге анықтамалар берілген. Морфологиялық құрылымы жағынан екі бөліктен тұрады, -ы үшінші жақтың жалғауы. Ал *қыр-қор* ы/о дыбыстық алмасулар.

Ілгері заманда *қор* сөзі *азаю бәсеңдеу* деген мағынаны білдірген. Нәтижесінде *о* дыбысы *ы* дыбысына айналған. Сонда *ақы*р үстеуінің түбірі *қыр* көне түркі тілінде *бәсеңдеу, азаю, кему* болса, *ақыр* үстеуіне Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде *соңы* деген анықтама берілген. Олай болса *ақыры* үстеуінің мағынасы қолданылу ыңғайына қарай бірде мезгілдік, бірде себептік мағынада қолданылатын шылау.

Тарихи тұрғыдан қарағанда, түбір бірте-бірте мағына жағынан да, дыбыстық (фонетикалық) және морфологиялық жағынан да дамып қалыптасады. Демек, ерте замандарда түбір есебінде қызмет еткен бұл морфемалар кейінгі замандарда

көнеріп, туынды сөздердің құрамына еніп, ол құрамынан бөлінбейтіндей күйге жеткен де, жаңадан сөз тудырарлықтай түбірге айналған.

Әдебиеттер

1.Юнусалиев Б. М. Киргизкая лексикология, часть 1.(развитие корневых слов) – Фрунзе, 1959, стр. 120-121.
2.Богородицкий В. А. Общий курс русской грамматики, изд. 5-е, М.- Л., 1935, стр 99-102.
3.Реформатский А. А. Введение в языкознание. – М., 1960, стр 224.
4.Арнольд И. В. Лексикология современного английского языка, – М., 1959, стр 99-100.
5.Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, Санат, 1994. – 168 бет.
6. Галкина-Федорух Е.М. Современный русский язык [лексика] Издателство МГУ,.1954, стр,47.

ӘОЖ 796

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

К.Д. Айдарбеков, аға оқытушы, **Е.Ш. Балабаев,** аға оқытушы,
М.Т Кулсеитов, аға оқытушы.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В данной статье рассматривается содержания физического воспитания в образовательных учреждениях культуры здоровья, воспитания здорового образа жизни, обучения учащихся мобилизационным и релаксирующим методам, физическому и духовному самосовершенствованию.

Summary

This article discusses the content of physical education in educational institutions of health culture, education of a healthy lifestyle, teaching students mobilization and relaxation methods, physical and spiritual self-improvement.

Мектептегі білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы білім беру мекемелеріндегі, оның ішінде дене шынықтыру мекемелеріндегі оқу-тәрбие үрдісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына көбірек көңіл бөлуді талап етеді. Балалардың өсу және даму кезеңінде, олардың мектеп жасындағы жаттығуларының маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес.

Оқу үрдісінде міндетті дене шынықтыру сабақтары оқу қызметін ұйымдастыруды реттейтін және оқушылардың жеке жасын, психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін сипаттайтын құқықтық құжаттармен белгіленеді. Оқушылардың дене тәрбиесінің әртүрлі үлгілері бар: қолданбалы үлгілер; ең алдымен моторлық қасиеттерді дамытуға бағытталған модельдер; білім беру, спорттық, сауықтыру, сауықтыру және түзету үлгілері; әр оқушының дене шынықтыру мәдениетін жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған модельдер, оның ішінде күрделі модельдер. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері бағдарлама жасау кезінде нақты технологияны таңдай алады және бұл оқу және ойын-сауық мәселелерін шешуде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуі керек. Осыған байланысты білім беру үдерісіне

қатысушылар білім беру жүйесін жаңғырту үрдісін ұстануға дайын ба деген сұрақ туындайды.

Дене шынықтыру мұғалімдері үшін қалыптасып келе жатқан қозғалыс дағдыларын дамыту және нығайту, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерге олардың өмір бойы ойынның, қимыл қозғалыс белсенділігі және спорттың басқада түрлерімен айналысуға мүмкіндік беретін, қимыл іс-әрекеттерін қалыптастыратын негізгі дағды жиынтықтарын енгізу маңызды.

Бұл мақсаттарға әртүрлі жолдармен қол жеткізуге болады. Ұлттық, мемлекеттік және жергілікті нұсқаулар көбінесе дене тәрбиесіне қатысты қандай жүйелі түрде оқыту керектігін белгілейді. Бұл әртүрлі спорттық білім беру жүйесін немесе спортты жаттығу ретінде пайдалануды қамтиды; жалпы денсаулық пен дене дайындығына байланысты фитнес жаттығулары; және спорттық емес контексте қозғалысты қарастыратын қозғалыс жаттығулары.

Мектептегі дене шынықтыру семіздік пен жоғары қан қысымының алдын алуға көмектеседі. Дене шынықтыру және спорт оларға қосымша калорияларды жоюға көмектеседі. Егер бұл калориялар жойылмаса, олар май ретінде сақталады. Жаттығулар жасау арқылы адамдар өздерінің қосымша калорияларын энергияға пайдаланады. Сонымен қатар, мұндай әрекеттер сүйектер мен шеміршектердің сау өсуі мен дамуында маңызды рөл атқарады. Секіру сияқты сүйекті нығайту жаттығулары мектеп оқушылары үшін өте маңызды, өйткені мұндай жаттығулар сүйекке күш түсіреді, бұл оның күші мен өсуін арттыруға көмектеседі.

Бұлшықеттің жетілуіне арналған жаттығулар бұлшықеттерді ауқымды және күшті етеді, сонымен қатар олар балаларға көбірек салмақ тастауға көмегін тигізеді және буындарды жетілдіреді.

Стресс туралы ілімнің негізін салушы канадалық физиолог Ганс Сельенің айтуынша, ол барлық адам бойынан көрініс табатын табиғи ахуал. Стресс - депрессияның алдында болатын қиындықтың алғашқы соққысына дененің реакция танытуы. Ол белең алған кезде адам әлсіреп, жүйкесі жұқарады және ол өрши келе депрессия деп аталатын қатерлі деңгейге көтеріледі. Оған әсер етуші факторлармен дер кезінде жұмыс жасамаса бала мінезіне кері әсер етіп, шыдамсыздық, күйгелектік, қорқақтық, тілазарлық сынды т.б теріс қылықтар қанына сіңіп кетуі мүмкін. Дене жаттығулары оқушыларға стрессті жеңілдетуге мүмкіндік береді. Жаттығулар жасау және терең тыныс алу арқылы біз өкпемізді қосымша ауамен қамтамасыз етеміз, бұл өз кезегінде миды көбірек оттегімен қамтамасыз етеді, бұл миды босаңсытып, стресстен арылуға мүмкіндік береді. Белсенді адам бақытты және сау болуы мүмкін, бұл оны сыныптағы ең жақсы оқушы етеді. Олар көбінесе мақтаныш пен қуаныш сезімін сезінеді және сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста болады.

Көптеген мектептер дене шынықтыруды мектеп бағдарламасының маңызды құрамдас бөлігіне айналдырды және оқушылар оқу мен жаттығу арасындағы салауатты тепе-теңдікті сақтауға шақырылады. Себебі, барлық уақытын сабаққа арнайтын оқушыларға қарағанда, дене шынықтырумен айналысатын оқушылар бақыттырақ және дені сау болады. Мұндай жаттығулар адам ағзасындағы қан айналымын дамытуға көмектеседі. Бұл жүрек пен миды көп мөлшерде оттегімен

қамтамасыз етуге көмектеседі және денеге физикалық және психикалық денсаулық арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді.

Тепе-теңдік пен созылу жаттығулары икемділік пен физикалық тепе-теңдікті жақсартуға көмектеседі, бұл жарақат алу мүмкіндігін азайтады. Жиі жаттығулар ақыл-ой тапсырмаларын стрессті азайтады.

Дене тәрбиесі мектеп бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда, бұл тақырыпты пайдасыз деп санайтын және онымен айналысқысы келмейтін адамдар көбейіп келеді. Менің ойымша, спорт біздің өмірімізді жақсартады, өйткені ол біздің денсаулығымыз үшін қажет. Сондықтан да спорт біздің тәрбиемізде бұдан да маңызды орын алуы керек. Мектептегі дене шынықтыру пәні сонымен қатар футбол, баскетбол, волейбол және т.б. спорттың көптеген түрлерін үйретеді. Мысалы, өз мектептерінде спортпен шұғылданатын балалардың денсаулығында ақаулар аз болатыны байқалады. Демек, дене шынықтыру біздің дене дайындығымызды жақсартуға үлкен әсер етеді. Оның үстіне спорт өзін-өзі тәрбиелеуге үйретеді. Дене жаттығулары бізді ұйымшыл етеді және іс-әрекеттеріміздің дұрыс кестесін жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өзін-өзі тәрбиелеу қандай жағдай болмасын қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Міне, сондықтан ұстаздар шәкірттерін тәртіпке баулу үшін көп күш жұмсайды.

Әрбір адам дене шынықтыру оның денсаулығы үшін маңызды екенін біледі. Дене шынықтыру жастарға денсаулыққа қатысты мәселелер мен тәжірибелер туралы білімдерін жақсартуға көмектеседі, бұл бақытты өмірге бағыттайды. Кейбір мектептерде оқушылардың дене шынықтыру сабағына қатысуы талап етілмейді, бірақ жас балалардың дене белсенділігін сақтауы маңызды. Кейбір оқушылар дене шынықтыру сабағына қатыса алмайды. Мен келісемін, егер оқушының дәрігерден қатысуға болмайтындығы туралы анықтамасы болса, бұл жақсы. Дегенмен, басқалардың барлығы қатысуға міндетті. Олардың дене шынықтыруға қатысуы оларды өмір бойы денені шынықтыруға үйретеді. Бастауыш мектепте оқып жүрген кезімде дене шынықтыру менің өмірімде маңызды рөл атқарды. Дене шынықтыру сабағына қатысудың арқасында спорттың бірнеше түрімен айналыстым. Кейбір оқушылар дене шынықтырумен айналысқысы келмейді, себебі жарақат алудан қорқады. Кез келген жаттығуды бастамас бұрын дайындық бөлімнен өту маңызды. Бұл туралы оқушылар дене шынықтыру сабағына қатысуынан біледі.

Әдебиеттер

1. Физическая культура и физическая подготовка: Учебник / Под ред. Кикотия В.Я., Барчукова И.С.. - М.: Юнити, 2017. - 288 с.

2. Физическая культура и физическая подготовка: Учебник / Под ред. В.Я. Кикотя, И.С. Барчукова. - М.: Юнити, 2016. - 431 с.

3. Барчуков, И.С. Физическая культура / И.С. Барчуков. - М.: Academia, 2017. - 416 с.

4. Бишаева, А.А. Физическая культура (для бакалавров) / А.А. Бишаева, В.В. Малков. - М.: КноРус, 2018. - 167 с.

5. Бишаева, А.А. Физическая культура: Учебник / А.А. Бишаева. - М.: Академия, 2018. - 224 с.

6. Бишаева, А.А. Физическая культура: Учебник / А.А. Бишаева. - М.: Академия, 2018. - 256 с.

УДК 377.031.4

ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ РОБОТОТЕХНИКИ В ДОШКОЛЬНОМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ

Ибашова А.Б. к.п.н., научный руководитель,
Маткаримов Р.А. магистрант группы 1503-82
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі оқу робототехникасы үйірмесінің практикалық тәжірибесі қарастырылған. Осы мақалаға сәйкес, робототехника мектеп жасына дейінгі балаларды оқу-тәрбие процесіне енгізілген сәттен бастап дамытудың тиімді және әмбебап құралы болып табылады. Бұл сабақтардың артықшылығы - мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыту мүмкіндігі, сонымен қатар өз іс-әрекетін жоспарлау мүмкіндігі. Сондай-ақ, әртүрлі модельдермен жұмыс істей отырып, балалар алгоритмдік әрекеттерді орындау процесінде оларды беруге, әрекеттерді талдауға, технологиялық қателерді байқап, түзетуге үйренеді.

Summary

The article discusses the practical experience of the educational robotics children's club in a preschool educational institution. According to the article, robotics is an effective and universal tool for preschool children's development from the very moment of introducing them into the educational process. The benefits of the classes are that they contribute to the preschoolers logics development, and also to the activity-planning abilities. Also, by working with various models, children learn to analyze actions, to notice and to fix mistakes in the processes, sending/ transmitting them in the process of algorithmic actions realization.

Современный мир нельзя представить без информационно-коммуникационных технологий. Уже сегодня, нас повсеместно окружают продукты деятельности человека-творца. Ни для кого не секрет, что информационно-коммуникационные технологии, робототехника, инженерия позволяют современному творческому человека воплотить в реальность все свои задумки и мечты.

С января 2022 года первоклассников в казахстанских школах начали обучать цифровой грамотности. Цифровая грамотность разделена на 3 основных раздела: безопасность использования электронных устройств и интернет-ресурсов, алгоритмы и основы программирования, и робототехника.

Также в министерстве пересмотрели учебные программы по предметам «Информационно-коммуникационные технологии» для 4 класса и «Информатика» для 5-11 классов. Новшества направлены на то, чтобы дети получали качественные и актуальные знания в сфере информационных технологий. В школьную программу войдет изучение таких языков программирования, как Python, который является одним из самых популярных

языков программирования. В 5-9 классах школьников будут обучать 3D-моделированию, 3D-принтингу. [1]

Қазіргі уақытта жаңа ақпараттық байланыс пен аудиовизуалды технологияларға қызығушылық басым. Ақылды технология-оқытудың жеңілдетілген әдісі мен тәсілі. Бұл білім алушы мен оқырманға әртүрлі анықтамалық және электрондық кітаптарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін қарапайым процесс. Smart технологиясын қолдану сабақты көрнекі, ынталандырушы етеді, сонымен қатар мұғалімге қоршаған ортаға сәйкес сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Зерттеу мәселесіне жүргізілген теориялық талдау SMART-оқыту білім беру сапасын арттыруға қабілетті, контекстік, жекелендірілген және үздіксіз оқытуға бағытталған, білім алушының интеллектісін дамытуға ықпал ететін және қазіргі "ақылды ортада" мәселелерді шешу қабілетін дамытатын жаһандық білім берудегі жаңа модель екенін көрсетті.

Әдебиеттер:

1. Агранович б. л. Кыиндіктер мен шешімдердер: постиндустриалды экономика үшін магистрлерді дайындау / / инженерлік білім. 2011. № 8. 56-61 Б.
2. Асмолов а. г. Тұлға психологиясы: Адам дамуының мәдени-тарихи түсінігі. М.: Мағынасы, 2007. 528 Б.
3. Митина л. м. мұғалімнің кәсіби даму психологиясы. М.: Флинта; Мәскеу. психол.- әлеуметтік. ин-т, 2008. 200 б.
4. Рабинович п.д., Заведенский К. Е., Кушнир М. Э., храмдар ю. е., Мелик-Парсаданов а. р. білім берудің цифрлық трансформациясы: қаражаттың өзгеруінен қызметті дамытуға // Информатика және білім беру. 2020. № 5 (314). 4-14 бет.
5. Рыбичева о. Ю. білім беру процесіне смарт-технологияларды енгізу перспективалары / / Вятка мемлекеттік университетінің хабаршысы. 2019. № 4 (134). 76-84 Б.
6. Тихомиров в.п. зияткерлік білім беру жолындағы әлем. Дамудың жаңа мүмкіндіктері / / ашық білім беру. 2011. № 3. 22-28 Б.
7. Glasswell C, Davis C, Singh P, Mcnoton S. Логан студенттеріне арналған сауаттылық сабақтары: Smart education Partner - ships жобасы / / оқу бағдарламасын басқару. 2010. 31 Том. № 8. 1-4 бет.
8. Гвак Д.интеллектуалды оқытудың мәні мен болашағы. Кореяда интеллектуалды оқыту жалғасуда. Өнеркәсіптегі кореялық электронды оқыту қауымдастығы, 2010 ж. 112 Б.
9. Хван Г.Дж. Интеллектуалды оқу ортасының анықтамасы, құрылымы және зерттеу мәселелері - барлық жерде оқытудың контекстке тәуелді перспективасы // интеллектуалды оқу орталары. 2014. 1 Том. № 1. 1-14 бет.

10. Чан с. зияткерлік білім беру үшін бұлтты есептеу ортасындағы цифрлық оқулықтардың сервистік модельдерін зерттеу / / U- & E-Service, Science & Technology халықаралық журналы. 2014. 7 Том. № 1. 73-82 Б.

11. Ким Б.х., О С. ю. бұлтқа негізделген интеллектуалды білім беру жүйесін зерттеу және N-screen // Корея академиялық және өндірістік кооперация қоғамының журналы. 2014. 15 Том. № 1. 137-143 ББ.

12. Ким Т., Чо Дж. Й., Ли б. г. мемлекеттік білім берудегі интеллектуалды оқытуға эволюция: Кореяның мемлекеттік білім беру мысалында // желілік оқытуға арналған ашық және әлеуметтік технологиялар. Берлин-Гейдельберг: Спрингер, 2013. 170-178 ББ.

13. Ли Дж., Зо х., Ли х. қызметкерлер мен HRD менеджерлерінің интеллектуалды оқытуды енгізуі / / Британдық Білім беру технологиялары журналы. 2014. 45 Том. № 6. 1082-1096 ББ.

14. Миддлтон А. интеллектуалды оқыту: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде смартфондар мен планшеттер арқылы білімді оқыту және меңгеру [Электрондық ресурс]. URL: https://www.academia.edu/12512765/Smart_learning_teaching_and_learning_with_ смартфондар мен планшеттер_в_пост_компульсор_құрылым (қол жеткізілген күні: 21.08.2021).

15. Мурай к, Хаяши Ю, Стоун л.с., Инокучи с. борттағы интеллектуалды білімге қатысатын көпір ресурстық топтарының жұмыс тиімділігін негізгі бағалау: бақылау моделі // Кобе университетінің Теңіз ғылымдары факультетінің шолуы. 2006. 3 Том. 77-83 Б.

16. Скотт к. Бенламри р. интеллектуалды оқу кеңістігіне арналған контекстке тәуелді қызметтер / / IEEE Transactions on Learning Technologies. 2010. Том. 3. Iss. 3. 214-227 ББ.

17. Сайкс э. р. мобильді есептеудің жаңа әдістері: смартфондардан интеллектуалды білімге дейін / / технологиялық тенденциялар: оқуды жақсарту үшін зерттеулер мен тәжірибелерді біріктіру. 2014. 58 Том. № 3. 26-37 ББ.

18. Чжу з. т., Хэ Б. зияткерлік білім: білім беруді ақпараттандырудың жаңа шегі / / электрондық білім беру саласындағы зерттеулер. 2012.№ 12. 1-13 бет.

19. Чжу з. т., Шен Д. М. оқыту аналитикасы: зияткерлік білім берудің ғылыми күші / / электрондық білім беру саласындағы зерттеулер. 2013.№ 5. 5-12 бет.

20. https://ust.kz/word/smart_oqyty_bilim_beryding_janga_paradigmasy-2594

21. https://bkokdi.kz/ru/b2/326-conf.html

ӘӨЖ 82-313.3

ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИФОЛОГИЯ

Курбанов А.С. – студент

Ғылыми жетекші: Сапарбаева Қ. – ф.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассказывается о жизни и творчестве Таласбека Асемкулова, а также о мифологических мотивах в его прозе

Summary

The article tells about the life and work of Talasbek Asemkulov, as well as about mythological motifs in his prose

«Біздің гуманизміміз – көргенінде қисап жоқ кәрі гуманизм. Осы ұзаққа созылған тарихи тағдыр барысында біздің бабаларымыз қашанда адамшылық, мейірім, аяушылық жағында болыпты. Дүниені әлденеше рет алақанымызға сыйғызыппыз. Алайда бойымызда, жүрегімізде қаулаған ар менен ұяттың, ожданның өрті алақанымызға сыйып тұрған сол әлсіз тіршілікке, сол әлсіз дүниеге қиянат жасауға жібермепті»,- деп Таласбек аға Әсемқұлов өзінің күнделігінде қалдырған екен [1].

Қазақтың күй өнерінің толық жетіліп дамуына тікелей ықпал еткен, жазушы, этнограф, күйші Таласбек Әсемқұловтың жеке өмір жолы нағашы атасының тәрбиесінде басталды. Таласбек 1955 жылы, тамыз айының 1-ші жұлдызында Семей облысына қарасты Таңсық теміржол станциясында дүниеге келеді. Көп ұзамай Таласбекті нағашы атасы өз ауылына алып кетіп, өзінің білімімен тәрбиелеп, оқытады. Жас Таласбекті ауылдағы күй тартыстарға жиі алып барады. Осыдан кейін болашақ жазушы,күйші Таласбекте ерекше дарын иесі болып жетіле бастайды. Өз бетінше домбырада түрлі күй тартып, атасы Жүнісбайдың көз қуанышына айналады. Уақыт өте келе Таласбек мықты күйші, композитор болып елге танылады. Байжігіттің күйлерін қайтадан жаңғыртады. Таласбек Әсемқұлов авторлығымен шыққан бірнеше күйі бізге мәлім, олар: «Азапкер», «Аққозым», «Тәттімбет сері», «Жеңеше» т.б. Таласбек Әсемқұлов жоғары оқу орынына түсуді көздейді. Оның арманын орындауға Мұхтар Мағауиннің тікелей көмегі тиіп, Абай атындағы ҚазҰПУ-ға «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түседі [2].

Болашақ жазушы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін әскері борышын өтеуге кетеді.Әскери борышын өтеген соң Ықылас Дүкенұлы атындағы Ұлт аспаптар музейінде қызмет атқарады. Содан кейін Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы фольклор кабинетінің меңгерушісі, «Жазушы» журналында редактор қызметін атқарады. 1973 жылы "Байжігіттің күйлері" атты жеке шығармасын бүкілодақтық «Мелодия» фирмасының үлкен дискісі шықты. Сонымен қатар, «Мәңгілік сарын» антологиясы 14-ке жуық шығарманы, «Қазақ мың күйі» антологиясына 30-дан күйі қосылды. 2010 жылы Парижде «Тәттімбет мұрасы» компакт-дискісі, ал 2015 жылы 73 күйден тұратын «Талтус» CD - альбомы шығарылды. Таласбек Әсемқұлов 1982 жылы «Сазген» ансамблі құрамында Югославияға гастрольдік сапармен барды, 2004 жылы Францияға барып, дүниежүзілік музыкалық мәдениет фестиваліне қатысты.

Күйші, жазушы, зерттеуші, сыншы, киносыншы - Таласбек Әсемқұлов әдебиет, музыка, бейнелеу, кино, дәстүрлі өнер, тарих, этнография, мифология ол өз саласында ерекше терең және мазмұнды жұмыстар қалдырды. Жазушы оқыған Айғыз ауылындағы орта мектебінде жазушы үшін бұрыш ашылды. Ал 1980 жылы туған осы мектептің түлектері үздік оқушыларға Таласбек Әсемқұлов атындағы стипендия табысталды .

Жазушы ең алдымен өз халқының баласы.Сол үшін де ол алдымен өзі туып өскен халқының тағдырына көз жіберіп, сол туралы өзінің көркем туындыларын жаза бастайды. Жазушы хикаяттары мен прозасының басым көпшілігі қазақ халқының ерте дәуірде қалыптасқан «күй» өнері тұлғаларына арнағанын бірі

білсе,бірі білмейтіні анық. Таласбек Әсемқұлов өзінің «Талтүс» деп аталатын романында, оның ішінде «Тәттімбет сері» шығармасында Байжігіт,Тәттімбет күйшілер туралы сөз етеді. Солардың кезінде дамыған күйлерді зерттеп,одан әрі жаңғыртуды көздейді.Қазақ халқына күй өнеріннің жаңашылдық дәстүрін алып кіреді.

Таласбектің қазақ тілінде жарық көрген көркем шығармалары «Болмашы әңгіме», «Кәрі күйші» әңгімесі, сонымен қатар үлкен көлемді «Талтүс» романы, мифологияға негізделіп жазылған «Бекторының қазынасы» хикаяттары оқырманның назарын елең еткізетіні анық. Осы мифологияға байланысты жазылған «Бекторының қазынасы» атты әңгімесі туралы қоғамда әр түрлі ойлар жүріп жатады. Шын мәнісінде Бекторы деген кім? Ол шын өмірде бар ма? Деген түрлі сұрақтар жасөспірім балалардың ойында болса керек. Өйткені бұрынна келе жатқан қазақтың мифологиясында Бекторыны жып пері деп көрсетсе, кейбір оқырмандар оны періштеге теңеп жатады. «Бекторының қазынасы» әңгімесіндегі басты кейіпкерлер перінің қызы Бекторы мен қарапайым даяшы жігіт Қайырболды. Әңгіменің басы әжесінің Қайырболдыға жастық шағында айтқан ертегісі «Ер Төстік» туралы айтылады. Қайырболды Бекторыны жын пері, жауыз, зұлым адам ретінде емес, керісінше періште секілді, шын мұқтажға көмектесетін жан ретінде елестетеді. Қайырболды да тұрмыстан қажыған, алайда жан дүниесіндегі дауыс бәрібір Бекторы перінің құлағына жеткен. Діни мифтерге сүйенсек, «Бізді іздеген, шақырған адамға біз бармыз», «біздің есікті тақылдатып сұрағанға біздің есік ашық» сияқты періштелер мен перілердің уәдесі еске түседі. Оқиғаның келесі сюжетіде Қайырболдының даяшы болып жұмыс істейтіндігі баяндалады. Күндердің бір күнінде ресторанды отырғанда қарама-қарсы орында отырған үш сұлу қызға көзі түседі. Соңында қыздардың ақшасы жетпей тұрғанын көріп, Қайырболды оларға ақша беріп тұрады.Содан кейін перінің қызы Бекторымен кездеседі. Бекторы оған қолындағы жүзігін сыйлап кетеді. Уақыт өте келе алған жүзігін сатпақ болады. Әлемдік каталогтан іздестіріп бағалайды. Қайырболды мен Бекторы тағы сол ресторанда жолығады, өткенгідей жағдай қайталанады. Бекторы Қайырболдыны өз үйіне баруға шақырады.Қайырболды зәулім сарайдың ішіне кіріп, жүздеген адамдардың жүректерін көреді.Бекторы өзінің пері екенін айтып, оған қалағанындаай байлық беремін деп айтады. Қайырболды ең бай адам болады, Меркурийге зәулім сарай салдырып, бар байлығын сонда апарады. Банк счеттарында миллиондаған ақшалар жатқан болады. Алайды мұның бәрінің есебі жоқтай көрінеді.Бұл жердегі Меркурийге үй салу деген таза аңыз, яғни миф.Біраз уақыттан соң Қайырболды бәрін түсініп жетеді,өзінің періге алданып жүрегін сатқанына өкініш білдіреді [3].

Міне, қазақтың танымындағы пері, жын деген ұғымдар ешқашан өшкен емес, ата-бабамыз күлді баспа, түнде суға бар ма, шашты тастама, үйге жүгіріп кірме, түнде терезеге қарама деген сияқты көптеген ырым-тыйымдарының астарында адамзат ұмырымен қатар жүрген шайтан, періштелер мен пері әлемі барын айдан анық білген. Шығарма соңында суреткер өзінің көңілін паш етеді. Зұлымдықпен кешкен ұмырына мадақ айтады. Жаратқан мен барша жаратылысқа мол ризашылығын білдіреді. Әзиз жүрек мәңгі сарқылмайтын саф ұмырдың тосып

тұрғанын, жұпарлы ғұмырдың мінсіз үйлесімдігіне көңілі жібіп – түстей ғапыл ғұмырға сансыз шүкірлік айтып, дұға оқиды. Осымен Қайырболды байлыққа ұшпай, ақшасыз таза жүрекпен өмір сүру керектігін түсініп аңғарады да,бірден оянып болған нәрселердің барлығы түсі екенін көреді.

Әдебиеттер

1. https://martebe.kz/talas-bek-sem-lov-ty-miri-turaly-m-limet/
2. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т. 1. Күйшілік туралы романдар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016
3. Әсемқұлов Т. Шығармалары. Т. 2. Проза. Киноромандар. – Алматы, 2016
4. Әсемқұлов Т. «Бекторының қазынасы» // http://www.otuken.kz/

УДК: 821.161.1

РАБЛЕЗИАНСКИЙ ХРОНОТОП В ТВОРЧЕСТВЕ РУССКИХ ПИСАТЕЛЕЙ XIX ВЕКА

[1]Скачкова Ю., студентка 2-го курса

[1]Руководитель: ст. преподаватель Шмакова Е.С.

[1,2]Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати

Тараз, Казахстан

Түйін

Бұл зерттеуде XIX ғасырдағы орыс жазушылары ф.м. Достоевский мен И. А. Гончаровтың шығармашылығындағы раблезиялық хронотоптың қатарын анықтауға тырысады. Раблезиялық хронотопты анықтау үшін "қылмыс пен жаза" және "Обломов" романдарын талдау раблезиялық хронотоп XIX ғасырдағы орыс жазушыларына тән деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Бұл Ф.М. Достоевский мен И. А. Гончаровтың натуралистік мектеп аясында өз туындыларын жасауымен түсіндіріледі, оның негізгі идеясы жалған және жалған идеалдарсыз өмірді бейнелеу болды. Ол шамадан тыс гиперболизацияға қарамастан, Раблені бейнелеуге тырысты.

Summary

In this study, an attempt is made to determine the series of the Rabelaisian chronotope in the works of Russian writers of the XIX century F.M. Dostoevsky and I.A. Goncharov. The analysis of the novels "Crime and Punishment" and "Oblomov" for the identification of the Rabelaisian chronotope allowed us to conclude that the Rabelaisian chronotope is characteristic of Russian writers of the XIX century. This is explained by the fact that both F.M. Dostoevsky and I.A. Goncharov created their works within the framework of the naturalistic school, the main idea of which was to depict life without falseness and false ideals. This is what Rabelais sought to portray, despite excessive hyperbolization.

Под термином «хронотоп» принято понимать связь пространства и времени, которая определяет жанр литературного произведения. Базовые разновидности хронотопа выделил известный русский литературовед и культуролог М. М. Бахтин. Ему принадлежит и труд под названием «Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике» [1], который станет основой для данной исследовательской статьи.

В своем труде Бахтин выделяет рыцарский хронотоп, идиллический и т.д., среди них и раблезианский, которому посвящена отдельная глава. М.М. Бахтин

вводит понятие «раблезианский хронотоп», исследуя творчество Франсуа Рабле – выдающегося представителя эпохи Возрождения.

В своём исследовании М.М. Бахтин выделяет следующие характеристики раблезианского хронотопа:

• Одна из первых — категория реального пространственно-временного роста: хорошее в раблезианском хронотопе растёт, расширяется, увеличивается в размерах, в то время как всё плохое и негативное, наоборот, уменьшается и искореняется вовсе. Бахтин приходит к выводу, что эта закономерность в принципе и входит «в тот пафос пространственных и временных далей и просторов, который так характерен для Рабле и других представителей эпохи Ренессанс» [1, с. 3].

• В исследовании отмечается, что пафос играет в произведении огромную роль - он как бы противопоставляется средневековью и «выступает» против него. Этот пафос в хронотопе выполняет две задачи: первая – очищение мира от навязанных католицизмом правил, стереотипов и антифизиса. Вторая же задача заключается в генерации адекватного мира, противопоставленного тому, который так стремится изменить Рабле.

• Обращается внимание на разрешение второй задачи у Рабле: происходит это путём упора на античность, где вещественная связь соотносилась с природой этих вещей, а фальшивая условность была чуждой, нереальной. А разрешение первой, отрицательной задачи, в частности, происходит за счёт раблезианского смеха, который рушит устоявшиеся идеальные связи и «раскрывает грубое непосредственное соседство того, что люди разъединяют фарисейской ложью» [1, с. 4].

Раблезианский хронотоп по Бахтину состоит из определенных рядов. Представим эти ряды в форме схемы:

Все эти ряды пересекаются друг с другом; их развитие и пересечения позволяют Рабле сближать или разъединять все, что ему нужно (к примеру, псалмы Давида переплетаются с рядами еды, питья и испражнений,

происхождение географической местности стоит в ряде испражнений). На этих рядах и строится практически весь роман Франсуа Рабле «Гаргантюа и Пантагрюэль» [1, с. 5].

В настоящей статье предпринимается попытка определить раблезианский хронотоп в творчестве русских писателей XIX века: И. А. Гончарова и Ф.М. Достоевского. Оба писателя являются представителями русской натуральной школы, которая, в свою очередь, является начальным этапом развития критического реализма. Сами приверженцы этого направления уверяли, что идут вслед за Гоголем и стремятся отражать жизнь такой, какая она есть, без фальши и ложных идеалов. М. Бахтин подчёркивает, что стремление к правдоподобности, натуральности характерно и для Рабле, и его гиперболизация выступает основным приёмом этого стремления [2, с. 101].

В качестве материала для выявления и анализа раблезианского хронотопа выбраны роман И.А. Гончарова «Обломов» и роман Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» [3, 4]. Выявленные в романах ряды раблезианского хронотопа представлены в таблице 1:

Ряды человеческого тела в анатомическом и физиологическом разрезе	«…Желудок почти не варит, под ложечкой тяжесть, изжога замучила, дыханье тяжело… — говорил Обломов с жалкой миной».
Ряды человеческой одежды	«Он с наслаждением, медленно вытянул ноги, отчего панталоны его засучились немного вверх, но он и не замечал этого маленького беспорядка». «Одет он был в покойный фрак, отворявшийся широко и удобно, как ворота, почти от одного прикосновения. Белье на нем так и блистало белизной, как будто под стать лысине. На указательном пальце правой руки надет был большой, массивный перстень с каким-то темным камнем».
Ряды еды	«…– Пищи мясной и вообще животной избегайте, мучнистой и студенистой тоже. Можете кушать легкий бульон, зелень; только берегитесь: теперь холера почти везде бродит, так надо осторожнее…». «Илья Ильич кушал аппетитно и много, как в Обломовке, ходил и работал лениво и мало, тоже как в Обломовке. Он, несмотря на нарастающие лета, беспечно пил вино, смородиновую водку и еще беспечнее и подолгу спал после обеда».
Ряды питья и пьянства	«Слуга старого времени удерживал бывало барина от расточительности и невоздержания, а Захар сам любил выпить с приятелями на барский счет». «Водка, пиво и вино, кофе, с немногими и редкими исключениями, потом все жирное, мясное, пряное было ему запрещено, а вместо этого предписано ежедневное движение и умеренный сон только ночью».
Половые ряды (совокупление)	–
Ряды смерти	«На ближайшем кладбище под скромной урной покоится тело его между кустов, в затишье. Ветви сирени, посаженные дружеской рукой, дремлют над могилой, да безмятежно пахнет полынь».
Ряды испражнений	–

Таким образом, были выявлены ряды раблезианского хронотопа в романе И.А. Гончарова «Обломов». Анализ выявленных рядов позволяет констатировать тот факт, что И.А. Гончаров в их использовании был более интелегентен, нежели Рабле: ряды человеческого тела и смерти выражены в его произведении не так ярко, «мелькают» практически единично (если сравнивать с рядами одежды, например), а половые ряды и ряды испражнений отсутствуют вовсе.

Рассмотрим ещё одного представителя натуральной школы – Ф.М. Достоевского на предмет выявления в его романе «Преступление и наказание» раблезианского хронотопа, сконцентрированных в таблице 2:

Ряды человеческого тела в анатомическом и физиологическом разрезе	«На ее тонкой и длинной шее, похожей на куриную ногу, было наверчено какое-то фланелевое тряпье…». «Это был человек лет уже за пятьдесят, среднего роста и плотного сложения, с проседью и с большою лысиной, с отекшим от постоянного пьянства желтым, даже зеленоватым лицом и с припухшими веками, из-за которых сияли крошечные, как щелочки, но одушевленные красноватые глазки». «Лицо было выбрито, по-чиновничьи, но давно уже, так что уже густо начала выступать сизая щетина»
Ряды человеческой одежды	«Шляпа эта была высокая, круглая, циммермановская, но вся уже изношенная, совсем рыжая, вся в дырах и пятнах, без полей и самым безобразнейшим углом заломившаяся на сторону». «Он был в поддевке и в страшно засаленном чёрном атласном жилете, без галстука, а всё лицо его было как будто смазано маслом, точно железный замок».
Ряды еды	«Стояли крошеные огурцы, черные сухари и резанная кусочками рыба; всё это очень дурно пахло». «Пришел я в первый день поутру со службы, смотрю: Катерина Ивановна два блюда сготовила, суп и солонину под хреном, о чём и понятия до сих пор не имелось»
Ряды питья и пьянства	«Кофеем меня перед службой поят, сливки кипятят!». «Он был хмелен, но говорил речисто и бойко, изредка только местами сбиваясь немного и затягивая речь» «Войдя в харчевню, он выпил рюмку водки и съел с какою-то начинкою пирог».
Половые ряды (совокупление)	–
Ряды смерти	«Несколько парней, тоже красных и пьяных, схватывают что попало — кнуты, палки, оглоблю, и бегут к издыхающей кобыленке. Миколка становится сбоку и начинает бить ломом зря по спине. Кляча протягивает морду, тяжело вздыхает и умирает». «Но бедный мальчик уже не помнит себя. С криком пробивается он сквозь толпу к савраске, обхватывает ее мертвую, окровавленную морду и целует ее, целует ее в глаза, в губы…» «Он отступил, дал упасть и тотчас же нагнулся к ее лицу; она была уже мертвая. Глаза были вытаращены, как будто хотели выпрыгнуть, а лоб и всё лицо были сморщены и искажены судорогой»

Ряды испражнений	–

В романе Ф.М. Достоевского «Преступление и наказание» особенно ярко выделяются ряды одежды, затем анатомические ряды, и, наконец, ряды пьянства. В отличие от романа «Обломов», реалистично и во всех подробностях описывается смерть, что так свойственно раблезианскому хронотопу.

Вывод. Анализ рядов и приведённых к ним примеров (коими ни в коем случае не ограничиваются сами ряды в исследуемых романах) показывает, что русские писатели XIX века, хоть и придерживались канонов натурализма и его концепции, но в своём творчестве (мы говорим о конкретных произведениях) избегали непристойных рядов (рядов полового сношения и испражнений), а ряды человеческого тела в романах не выходят за рамки приличия.

В связи с этим можно отметить, что раблезианский хронотоп характерен для творчества русских писателей XIX века. Между ним и натуральной школой можно провести параллель – Франсуа Рабле по сути является зарубежным писателем-натуралистом. Отсюда следует, что «отец» исследуемого нами хронотопа, оставил предпосылки для зарождения (появления) натуральной школы, хотя, как мы знаем, натурализм как литературное направление возник значительно позже.

Литературы

1. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. — М.: Худож. лит., 1975. — С.234-407.

2. Винокурцева Ю. О. Противоречия и крайности русской реальной критики в оценке литературной позиции И.А. Гончарова //Вестник Костромского государственного университета. – 2020. – Т. 26. – №. 4. – С. 100-106.

3. Гончаров, И. А. Обломов / И. А. Гончаров. — Москва: Издательство Юрайт, 2022. — 397 с. — (Памятники литературы). — ISBN 978-5-534-12177-3.

4. Достоевский, Ф. М. Преступление и наказание / Ф. М. Достоевский. — Москва: Издательство Юрайт, 2022. — 408 с. — (Памятники литературы). — ISBN 978-5-534-12158-2.

5. Проскурина Ю. М. Традиции натуральной школы в литературе 1860—начала 1880-х годов //Дергачевские чтения-2002.—Екатеринбург, 2004. – 2004. – №. 6. – С. 146-151.

УДК 101.1: 101.9

О НАЧАЛАХ ФИЛОСОФСТВОВАНИЯ В СОЗИДАНИИ ЛИЧНОСТИ

Ибрагимова З.З., доцент

Казанский (Приволжский) федеральный университет, Казань, Российская федерация

Лю Сюечжэнь, аспирант

Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Москва, Российская федерация

Ли Юйчун, магистрант

Казанский (Приволжский) федеральный университет, Казань, Российская федерация

Резюме

В статье предпринимается попытка анализа форм философской практики как способов созидания мировоззренческих форм личности студента. Именно органическое соединение в философии как изучаемой дисциплине мировоззренческого (базисного) и научного компонентов открывает возможность трактовать саму методику преподавания философии как устойчивую систему способов, приёмов, создающих уникальную познавательную ситуацию для

обучающихся. Традиционный смысл методики отвечает целям философского познания, поскольку ее логический статус исторически вызван к жизни существованием самой философии.

Summary

The article makes an attempt to analyze the forms of philosophical practice as ways of creating worldview forms of a student's personality. It is the organic connection of worldview (basic) and scientific components in philosophy as a studied discipline that opens up the possibility to treat the very methodology of teaching philosophy as a sustainable system of ways, techniques, creating a unique cognitive situation for students. The traditional sense of methodology meets the goals of philosophical cognition because its logical status is historically caused by the existence of philosophy itself.

Знакомство с философией в пространстве культуры начинается с идущего от Аристотеля объяснения происхождения философии из сомнения и удивления, но оно необходимо дополняется еще одним источником, который «реже узнается и труднее признается как начало философствования» [3, с.277-294]. Это есть страдание, породившее свои основные исторические формы, как буддизм, Ветхозаветная книга Иова, русская философия, марксизм. Словом, высокие, абстрактно-теоретические смыслы, категории рождаются в недрах самой жизни в эмоциональных формах. Искусство мышления, мудрость возникают из обычных человеческих чувствований и лишь на определённом этапе истории трансформируются в абстрактные истины.

Методика обладает не свойственным ей, на первый взгляд, потенциалом: она помогает личности последовательно разрешать мировоззренческие вопросы. В конечном счёте, личность мыслится, прежде всего, в контексте ее жизненных условий, где вечны добро и зло, грех и незнание, судьба и счастье и т.д. Речь идет не о том, какая разновидность источников философии является сегодня определяющей, а о том, что личность возможна лишь при условии и удивления, и сомнения, и страдания. Всё это - составляющая «всегда будущего» человека - «известная задача человеческого предназначения - исполниться в качестве человека» [2] решается человеком на протяжении всей жизни. Но занятие философией, как правило, сопряжено с образовательными усилиями человека, именно это налагает на нее фундаментальный смысл. Вышеизложенное составляет сущность гуманистического аспекта обучения философии. Он проявляется в том, что методика - это инструментарий обучения, но он выводит преподавателя и студентов на качественно новые эвристически-мировоззренческие позиции.

Тенденции в преподавании философии

В процессе преподавания философии эти тенденции являются реальными проблемами, к разрешению которых стремится преподаватель. Кратко обозначив, в дальнейшем мы рассмотрим их подробнее в реальном содержании и опыте учебной деятельности. Мы полагаем, что именно эти противоречивые и даже негативные моменты, встречающиеся в опыте обучения философии, есть реальные источники значительных новаций в философии и, в целом, в системе культуры. Ведь философия и определяется часто как квинтэссенция эпохи.

Предлагаемые ниже некоторые тенденции расположены по степени значимости и отражают последовательность перехода объективного содержания в субъективное.

1. Появление перед начинающим знакомство с дисциплиной дилеммыфилософии: как мировоззренческого компонента (традиции и искусствамышления) и научного компонента. Философия в своей эволюциирождается из первого, но в практике преподавания, реализации учебныхпрограмм у студентов формируется иллюзия философии лишь как науки.Со временем это так называемое противоречие становится преодолимым,поскольку преподаватель методично «разрушая» один миф, предлагаетстудентам другое видение.

2. Эти методологические поиски стихийно формируют другую проблему самоценности философии и её антиутилитарного характера. Но, как замечено: «Философия не помогает. Платон не мог помочь грекам, он не предотвратил их гибель, более того, косвенным образом содействовал этой гибели… Постоянная задача философствования такова: стать подлинным человеком посредством бытия; или что то же самое, стать самим собой» [4, с. 501]. Цели наличного бытия предельно конкретны и прямо не связаны с мышлением, как таковым, возможно за исключением психологического знания. Господство сциентизма, идеализация материальных и чувственных начал, имеющих место в социуме, сформировали две крайние позиции. Одна заключается в частичном признании «права» философии определять судьбы культуры, другая - в негативизме, граничащем на практике с невежеством. Последняя базируется именно на факторе «бесполезности». Но «все отрицания философии исходят из того, что ей чуждо; - либо из твердого содержания веры, для которого философия может быть опасна, либо из целей наличного бытия, для которых философия бесполезна, либо из нигилизма, отвергающего как не имеющее ценности все, в том числе и философию» [4, с. 501].

3. Фактор времени. Осуществление учебных программ неуклонно усложняется из-за последовательного сокращения времени, отпущенного на преподавание. Усвоение фундаментального знания, каковым является в истории культуры философия, приобретает всё более частный, прикладной характер. Увы, это типичная ситуация для современного университета классического типа.

Одной из причин сложности в усвоении философского знания является иллюзия доступности и быстроты подготовки к занятиям. Мировоззренческие и научные аспекты философского знания требуют последовательного и систематического обращения к литературе. Пока преимущества информатизации воспринимаются студентами буквально: как оперативный и механический доступ к литературе. Как показывает практика, в таких случаях реализуются, в первую очередь, лишь потребности в информации, но не в критическом осмыслении, интерпретации и обобщении её.

4. Образовательный уровень студенчества характеризуется неоднородностью. Это устойчивая тенденция в преподавании философии наблюдается с начала XX века. Тому есть объективные исторические причины. Но современная неоднородность познавательных и, вообще, интеллектуальных возможностей

потрясает воображение. Во многом эта тенденция - разрушительна, и связана она с катастрофической ориентацией общества на материальные стимулы жизнедеятельности. К сожалению, мыслящие студенты всегда рискуют остаться в «проигрыше», поскольку рамки занятий ориентированы на понимание большинством сути излагаемых тем.

5. Среди немногих задач, существующих в преподавании, можно указать формирование навыка мышления над вопросами и поиск способов обобщения положений. Это чрезвычайно редкий, уникальный дар, но его можно и взрастить. Если на первых занятиях этот навык почти отсутствует, то завершение учебной проблемы связано с более оптимистическими настроениями. Один из значимых путей обретения дара критического мышления связан с опытом говорения, с «сознания вслух, от которого человек не может отказаться» [2].

6. Личность преподавателя является для студента воплощением персонифицированной философии (экзистенциальный персонализм). Несмотря на общезначимое содержание знаний преподавателя, его личностная позиция - первый реальный стимул для приближения к философии, либо, увы, к отторжению ее. Личность так значима потому, что она - не просто транслятор абстрактно-теоретических знаний, а индивидуальный способ существования философии в её мировоззренческих истинах и интуициях. Ей можно *верить*, но и неверить, но она существует как начало философии в духовной эволюции студента. Во взаимном философствовании преподавателя и студентов прослеживается соединение общезначимого и личностного. Лишь собственная позиция собеседника дает возможность отчасти понять, отчасти поверить в истинность излагаемых положений. Так в диалоге и монологе, некоторой интриге определяется диалектика распредмечивания и опредмечивания философских смыслов.

7. Почти обречена на вечную «злую» судьбу проблема точности в философии. В обыденном сознании студентов живет «фантом неточности» вообще всех гуманитарных дисциплин. Тем самым создаются благоприятные условия для успокоения собственной интеллектуальной деятельности. Всё, что противоречит критериям рациональной (научной, в данном случае) точности, отбрасывается или со скукой на лице, или с негодованием. В то время как сама история философии уже сформировала традиционные критерии точности мышления. В философии это приобретает значение ясности, последовательности и сколько угодно противоречивости, т.е. сомнения, дающего импульс к осмыслению. Бахтин М.М. определяет «предел точности» в естественных науках как идентификация (а=а). В гуманитарных науках точность означает преодоление чуждости чужого без превращения его в чисто свое. Это происходит во многом благодаря специфике слова, направленного в своем смысловом пространстве в безграничное прошлое и безграничное будущее» [1]. В свою очередь, возникает проблема интерпретации слова, которую нельзя свести к отношению тождества а=а (за исключением формальной логики). Нелишне заметить, что эзотерическая природа философии вообще никак не связана с такого рода точностью. Философское мышление и реальность не могут быть полноценно понятыми только в критериях

естественнонаучной рациональности. Преподавание философии на другом языке, в частности на татарском языке, лишь усиливает данную специфику точности, поскольку при переводе одновременно обогащается смысловая картина и нескольконарушается уже известный путь объяснения.

8. По-прежнему практика философских занятий тяготеет к критическому и компилятивному жанрам. Знакомство с философией для многих начинается и заканчивается конспектом лекций и учебным пособием. Возможно, это свидетельствует о разных факторах обучения, но это реальность. Философские тексты как самое очевидное бытие философии должны быть частью курса философии, а не приятным исключением. Их колоссальная сложность может успешно преодолеваться студентами при систематической и последовательной обращённости к источникам («большое видится на расстоянии»).

Литература:

1. Бахтин М.М. К методологии гуманитарных наук / М.М. Бахтин. Эстетика словесного творчества. Изд. 2-е. - М., 1986.[Электронный ресурс]. URL: https://psylib.org.ua/books/_bahtm01.htm (Дата обращения 22.11.22).
2. Мамардашвили М.К. Философия – это сознание вслух // Как я понимаю философию [Электронный ресурс]. URL: https://imwerden.de/pdf/mamardashvili_kak_ya_ponimayu_filosofiyu_1992__ocr.pdf (Дата обращения 22.11.22).
3. Мацейна А. Происхождение философии из страдания// Историко-философский ежегодник. – М.: Наука, 1994. - С. 277-294.
4. Ясперс К. Смысл и назначение истории.- М., 1994. [Электронный ресурс]. URL: https://www.litmir.me/br/?b=592950&p=170 (Дата обращения 22.11.22).

ӘӨЖ

ТАБИҒАТПЕН ҮНДЕСКЕН ҚАДЫР МЫРЗАЛИЕВ

Жорабек Ж.Б - М1701-11 оқу тобының магистранты
Ғылыми жетекшісі: Мыңбаева А. – PhD доктор.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

Данная статья посвящена теме природы в казахской литературе. Наряду с работами Мырзалиева обсуждался вопрос этноэкологии в его работах.

summary

This article is devoted to the theme of nature in Kazakh literature. Along with the works of Myrzaliev, the issue of ethnoecology was discussed in his works.

Ақын саналы ғұмырын туған халқына арнаған, өзінің перзенттік тұрғыдағы адал махаббатымен, халқымыздың келешек ғұмырына ғасырларға жетер қызмет етерлік шығармаларын қалдырған, лирикаларында халқының арын, намысын поэзияның көгінде ту еткен дарабоз ақынның біз үшін алар орны маңызды, теңдессіз құндылық саналады. Ақынның поэзиясының басқалардан ерекше етіп тұратын тұсы - оның тілінің, жазылу шеберлігінің мінсіздігіне деген талабында

ғана емес, сонымен қоса тақырыптың ауқымдылығы және талғамның жоғарлығында, философиялық ойлау деңгейінің асқақтығында. Ақын не жазса да, оны алдымен зерттеп алған, өзі қозғағысы келген тақырыпты жан – жақты зерделеп, барлық мәселенің жай жапсарын анықтай отырып, жазуға кіріскен. Оның жазу тілі тек ұйқас қуалау емес, бұл ақынға жат нәрсе. Міне, осы себептен Қадыр туындыларын басқаның өңдеп жазғанына келмейтіндігі осыдан келіп шығады. Әдебиетке ақын екі мақсатты ұстап келеді: бірі – өзінен бұрын ешкім айтпағанды айту, екіншісі – өзге секілді емес, өз дегенімен айту. Осы екі мақсат жүзеге асқан жағдайда нағыз әдебиет туындысы дүниеге келеді. Яғни, шығармашылықтың екі ұстанар принципі осы, мазмұн тұрғысынан алғаанда жаңалық енгізу, пішін тұрғысынан алғанда жаңа өнер ашу. Соңғы отыз жылда қазақ поэзиясындағы шынайы талант иелері арасындағы бірегейі осы Қадыр Мырзалиев.

Ақынның лирикасымен танысқанда жан- жақты қамтылған ерекшелікті байқаймыз. Өлеңдерін саралап салыстырып отырған адам ақынның шығармаларының қарапайымнан күрделіге қарай дами отыра өзгеретіндігін байқайды. Қадыр Мырзалиевтің алғашқы өлеңдеріне арқау болған тақырып балаларға арналғанын білеміз, дегенмен де көптеген маңызды деген сұрақтарды қамти отырып бағалауымен ерекшеленеді. Осыдан кейінгі маңызды тақырып Отанмен байланысты, туып – өскен жеріне байланысты. Алпысыншы, жетпісінші жылдардағы ақын поэзиясының тақырыбы – «Ана» болды. Өз дәуірінің тынысынан кем қалмай ана тақырыбында жазылған өлеңдері көпшіліктің сүйіспеншілігіне оранып алға жылжыды. Әрине бұл жылдары өзекті саналған бұл тақырып көптеген ақынға тән болды, алайда Қадыр басқалар айтқаннан өзгеше ойлай білді, әр жазған өлеңіне жан бітіре алды.

Жетпісінші жылдары жазған «экология» тақырыбы сол заманның өзекті мәселесіне айналды. Қадырдың осы тақырыпта қалам тартқан туындыларын басқа ақын туындыларымен салыстыра зерттей отырып қарағанда аңғаратын жайт, ол ақын бұл мәселені, бұл тақырыпты толығымен өзіне меншіктеді деуге болады. Ақын табиғат сыр шерткенде оның әрбір детальдарын көркемдеп нақты әрі шынайы жеткізеді. Оны біз мына өлеңдеріне мысал келтіре отырып дәлелдей аламыз: «Екі көктем», « Көктем құдіреті», «Ақша қар», « Жаңбыр жауар алдында», «Ақ әлем», «Дауыл» және осылар секілді. Табиғаттың көріністерін нақышына сала отырып суреттегенде сананы оятар идеялар өріп шығады.

Қандай тақырыпта болсын қалам алмасын ол өлеңдерінде біз қарапайым көркем тілді, анық ойды, шынайы сезімді сеземіз. Ақын таланты ашыла түсіп дараланады.

Табиғаттың перзенті ол – адам. Солардың ішінде әрқайсысы табиғаттың керемет жаратылыстарын көріп, табиғат ананың әсем әуенін таңдана сезіне білмейді. Осындай қасиет ақын бойынан табылады, өйткені ол табиғаттан шабыт алады, өзгеше шабытқа ие болып айналасын мейірім шуаққа бөлейді. Қадыр Мырзалиев табиғаттың әр құбылысына балаша қуанатын, әр сұлулығынан қуат алатын ерекше жаратылған жан.

Кейінге жарық көрген шығармаларында ақын өзін алаңдатқанн жайттар туралы жазады. Бұл жырлар тек ақынды емес, өзгелерді де бей- жай калдырмайды. Десек те, табиғатқа деген көпшіліктің немқұрайлығына ақын қынжылады», - деген Әбіш Кекілбаевтің сөзін келтірсек болады. Шындығына келер болсақ, адам баласының ар – ұжданының тазалығын табиғаттың тазалығымен салғастыра суреттеу, екі ойдың мағынасын бір ұғымға сыйдыруды тек осы Қадыр Мырзалиевтен таба аламыз.

Ақынның «табиғат тазалығы адамның тазалығына себеп» деп келтіргені секілді, біздің ортақ үйімізді таза ұстамасақ ол адамда қандай тазалық болмақ, әрине тегіс халықты қаралау болмайды, дегенмен табиғаттың тазалығына әрбіріміздің жауапты екенімізді ұмытпаған жөн!

Ақын түсінігі бойынша, табиғат пен адам қатар тұрған егіз ұғым. Табиғат адам үшін өмір сүру ортасы ретінде ғана қажет болмауы керек, адам тбиғатқа толығымен тәуелді. Біз айналамызда болып жатқан жағымсыз көріністердің біздің өмірімізге әсерін жоққа шығара алмаймыз. Бұл көріністер көңілде мұң қалдырып, адам жүрегін жаралайды. Сондықтан ақын жүрегіндегі қасіретті сезінген, түсінген жөн. Біз осы әлем бір- бірімен тығыз байланыстан құралады, бірін- бірі толықтырып, жетілдіріп отырады десек тазалықты сақтауымыз керек. Жер бәрімізге тиесілі, сондықтан адамдардың жердің күтімін қолға алуын ақын өз өлеңдерінде жырлап, олардың жауапкершілігін оятуға күш салады.

«Қадыр не жырласа да, жануарлар туралы, құстар, әлемнің әр түкпіріндегі бізге белгісіз жәндіктерді сөз еткенде, оның жеткізбек ойы анық және айқын бола бастайды, бұл ақынның салыстыруды шебер қолдана білуінде деп білеміз», - академик Рабиға Сыздық пікір келтіреді.

Қазақ әдебиетінің бірегей көшбасшыларының бірі Ғабит Мүсірепов Қадырды әр барған сапарларына қосып бірге алып жүрген, ақынның әрбір оқыған өлеңдеріне қайта -қайта қолқа салып оқытуы бұл жай ғана еріккендіктен емес, бұл Қадырдың тұнып тұрған дарын иесі екендігінің айғағы. Ал, сөз өнерінің зергері, сыншысы Зейнолла Қабдолов былай дейді: «Япырмау! Мына ұлы далада расымен де қазақ халқының бір алуан мінез – құлқы осындай – ақ болсын», - деп тамсанғаны сол кезде ақ, Қадырдың өзін әбден мойындатқаны емес пе..

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «Қош, Махаббат» атты кітабында Қадыр Мырзалиевті ақылы терең тапқыр, аз сөйлеп көп ойлайтын, өмірдің сынағына мойымайтын, халқының өнері мен дәстүріне құмарлықтың Қадырдың поэзиясы , оның поэзиясы тұтас бүтін... Ол – найзағайлы ақын!»,- деп келтіреді.

Қазақ халқының шығармалары, әсіресе табиғат сарынында жазылған өлеңдері табиғаттан сөз жүзінде болсын не ой жүзінде болсын ажырай алмайды. Табиғат тақырыбында жазылған көптеген өлеңдерді оқи отырып, біз ақынның лирикалық кейіпкерін жан – жақты танимыз, олардың ортаны қалай қабылдауын оның жан – дүниесін , көңіл – күйін қабылдау арқылы түсінеміз.

Ақынның көңіл – күйі әр кезде оның өзі өмір сүрген ортаның күйіне байланысты. Егер ол қуанса не қобалжыса оның бәрі өзінің лирикасынан көрініс табады. Әрбір лирикалық шығармадан ақынның қалай өмір сүргенін білуге болады. Лирикалық кейіпкер деп отырғанымыз, ол – ақынның өзі. Өз өлеңдерінде

Қадыр ақын адамзаттың санасы өссе деп армандайды, табиғат жайлы жанашырлар көбейсе дейді. Ол табиғаттың азып – тозғаны адамдардың іс – әрекетінің тигізген зардабынан туады деп қайталауды жалықпаған. Өлеңдеріндегі лирикалық кейіпкер бейнесі көбінесе үлкен істе күрескер ретінде бейнеленген.

Қорытындылай келгенде, қазақ поэзиясы – кең жайылған әдебиеттің басқа тектеріне қарағанда бай саласы. Әлем әдебиетінің кез – келген жанр поэзиясын алып қарайтын болсақ, ондағы басты айтылған мәселе – табиғат тақырыбы. Табиғат пен адам көптеген шығарманың басты арқауы саналады десек қате айтқандық емес. Лирикада, құпиялық, жыл мезгілдері, ғажайып сырларға толы табиғаттың сұлулығы осы табиғат лирикасын қалыптастырды. Қазақ әдебиетінде Қадыр Мырзалиев табиғат тақырыбына ерекше көңіл бөлген, оның әрбір детальдарын нысанаға алған. Кез – келген ақын табиғатты тек жырлап қоя салмай, оның сұлулығына тамсанып, сол сұлулықпен сырласып, қуанышын бөлісіп отырған. Жалпы айтып өткенімдей, қазақ халқының шығармалары табиғатпен етене жақын. Табиғаттан сөз жүзінде не ой жүзінде болсын алыстап ажырап кете алмайды. Қадырдың табиғат жайлы өлеңдерін оқығанда оның лирикалық кейіпкерінің мінезі, қабылдауы ақынның көңіл – күйімен, жан – дүниесімен байланысты. Табиғатты жырлау дәстүрі халық ауыз әдебиетінен қол үзбейді. Ол - мәңгілік ажырамас тақырып.

Әдебиеттер

1. Қ. Мырзалиев Алақан. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989 ж.
2. Қ. Мырзалиев Көкейкесті. – Алматы: Атамұра, 2003 ж.
3. Қ. Мырзалиев Қорамсақ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1989 ж.

ОӘЖ:37.013.42

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІНЕ КӨЗҚАРАСТАР

Мырзапеисова М.

- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Әдеуметтік педагогика» мамандығының 1-курс докторанты, Астана қ., Қазақстан.

Атемова Қ.Т.

-п.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының профессоры, Астана қ., Қазақстан

Резюме

В статье, на основе научных данных, разъясняются распространенные в современном обществе понятия буллинг и кибербуллинг среди подростков. Представлены сведения, сформулированные на основе научных исследований о его видах, причинах и факторах ее возникновения и особенностях.

Summary

The article explains the concepts of bullying and cyberbullying among teenagers, which are common in today's society, based on scientific data. Information formulated on the basis of scientific research about its types, causes and factors of its occurrence and features is presented.

Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі әлі күнге шешімін таппаған өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Әсіресе агрессивті мінез-құлық көрінісі ретінде буллинг қазіргі жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құбылыс. Сонымен қатар, әрбір үшінші жасөспірім оның қатысушысы. Бұл мәселе жасөспірімнің тұлға ретінде кемелденуіне кері әсерін тигізетіні сөзсіз. Соған қарамастан буллингтің алдын алуға деген кешенді іс-шараның жоқтығы және жүйелі зерттелмегендігі бұл мәселенің өзектілігін арттыра түспек.

Жасөспірімдік кезең барлық уақытта ең қиын өтпелі кезең болып табылатынын білеміз. Өйткені, бұл кезең тұлға дамуының конфликтті және қарама-қайшылықты кезеңі. Осы кезеңде жасөспірім ағзасында физикалық және психологиялық өзгерістер орын алып, жыныстық жетілу, тұлға ретінде қалыптасуы мектеп қабырғасында өтіп жатады. Жасөспірімнің білім алу кезеңінде кездесетін барлық тәжірибесі мен дүниетанымы оның тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы Қазақстан халқына жасаған кезекті Жолдауында азаматтардың құқықтарын қорғау үшін жаңа шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Онда, Мемлекет басшысы кәмелетке толмағандар арасында қорлаудың, оның ішінде интернет-ресурстар (кибербуллинг) арқылы таралу қаупін атап көрсеткен еді[1]. Өйткені, балалар - қауіпсіз ортада білім алуға, тәрбие алуға, дамуға құқылы. Ал, қазақстан мемлекетінің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі-балалардың білім алуы үшін қолайлы жағдай жасау.

Елімізде мектептерде, отбасында, жергілікті ортада буллинг, зорлық-зомбылық, әлімжеттік көрсету, күш-жұмсау бар және оны жасыруға, балаларға қатысты ешқандай зорлық-зомбылықты ақтауға болмайды және кез-келген зорлық-зомбылық ескерілуі тиіс.

Жасөспірімдер мінез-құлық агрессиясын ауқымды түрде зерттеген және соған сай «Буллинг»-ұғымын алғаш егізген норвегиялық ғалым Д.Олвеус болды. Оның көзқарасы бойынша «Буллинг» - (ағылшын тілінде bully – қорқыту,) физикалық агрессияны, психологиялық қысым, қорқыту, қорлау, зорлық-зомбылық көрсету, айдап салу дегенді білдіреді. Жағымсыз іс-әрекеттер физикалық байланыс, сөздер немесе басқа да түрде болуы мүмкін, мысалы, жағымсыз бет әлпет немесе әдепсіз қимыл, болмаса буллингтің құрбанын топтан, оқшаулау әдейі шығарып тастауға ұмтылу[2,-9].

Қазіргі уақытта буллинг - бүкіл әлем мектептерінде таралған құбылыстардың бірі болып отыр.

Қазіргі таңда буллинг мәселесі Қазақстанда да өзекті мәселе ретінде тіркелген. ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының 2020 жылы зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, 11-15 жастағы әрбір бесінші қазақстандық жасөспірім ай сайын буллингтің құрбаны немесе қатысушысы болып табылады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен кемсітушілікпен 5-10 сынып оқушыларының 66,2%-ы, олардың 63,6% -ы куәгер ретінде, 44,7% - ы зардап шеккен адам ретінде, ал 24,2% - ы зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін жасағанын мойындаған. Көбінесе оқушылар (қатысушылардың 40,0% -ы) мазаққа ұшырап, оларды күлкі нысаны ретінде қабылдаған және заттарын бүлдірген. Оқушылар итеру, тепкілеу, аяқтан шалу, соққы сияқты қауіп-қатерге екі есе аз (21,4%) ұшыраған немесе оларға шабуыл жасалған. Ақша бопсалау жағдайлары туралы оқушылардың 9,8%-ы

хабарлаған. Сауалнамаға қатысқандардың 8,5%-ы өз атына жыныстық сипаттағы сөздер мен қысым көрсету туралы айтылғанын, ал 7,4%-ы басқаларына қатысты осындай әрекеттердің куәгерлері болғанын айтады. Әрбір алтыншы оқушы (15,5%) гендерлік белгісі, ұлттық және діни ұстанымы, нәсіліне қарай, киім немесе тұратын жеріне байланысты, сондай-ақ мүгедектігі бойынша кемсітушілік көзқарас әрекеттерге душар болса, әрбір үшінші оқушы (36,1%) осындай жағдайдың куәгері болған[3].

Білім беру мекемелеріндегі зорлық-зомбылықтың негізгі алғы шарттарының бірі – жасөспірімнің өз жеке басына құрметсіздікпен қарауы.

Білім беру ұйымдарында жасөспірімдер арасындағы буллинг әртүрлі сипатта көрініс береді: қорлау түрінде немесе жүйелі түрде кемсіту және айдап салу түрінде де көрінеді. Қорқыту физикалық және психологиялық, зорлық зомбылық әрекеттері мен жыныстық сипаттағы сөз айтуларда білдірілуі, айқын немесе айқын көрінбейтін гендерлік сипатқа бағытталған, материалдық пайдаға ұмтылу (бопсалау және заттар мен ақшаны тартып алу) сипатта көрінеді және буллингке тартылған жасөпірімге болашақ ересек өміріне де психологиялық өшпес жарақат қалдырады .

Қорқыту– жүйелі түрде жүретін агрессиялық іс-әрекет және ол түрлі формада кездеседі физикалық ашық қудалау, күш көрсету,тартып алу немесе психологиялық қысым, агрессия, түсінбеушіліктің жасырын түрі, қорқытудың жасырын түрлерін елемеу, бойкот жариялау, шеттету, әртүрлі айла-шарғы жасау, қасақана теріс пікір тарату және өсек айту, көре алмау және т.б. Жүйелі зорлық-зомбылық - қудалау немесе қорлау түрі ерекше қауіпті. Ол оқушы мен мұғалім арасында да кездесуі мүмкін.

Ұялы байланыс пен интернеттің таралуы және жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі белсенділігінің артуына байланысты коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қорлаудың жаңа түрі -кибербуллинг пайда болды. Сонымен буллингтің түрлеріне тоқталып сипаттама беріп өтсек:

Вербалды буллинг – бұл сөзбен қорлау, қорқыту және дәлелсіз ауыр сөздер көмегімен қорлау.

Физикалық буллинг - физикалық агрессивті үрей тудыру көмегімен физикалық қорқыту немесе буллинг сипаттамасы бірнеше рет қайталанатын соққылар, тепкі, аяқтан шалу, бұғаттау, итеру және қажетсіз немесе өрескел түрде жанасу.

Әлеуметтік психологиялық буллинг - психологиялық зорлық-зомбылық, адамның қадір-қасиетін кемсітуге, елемеуге, бас тартуға, бақылауға немесе әлеуметтік оқшаулауға бағытталған әдейі вербалдық және мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы. Психологиялық зорлық-зомбылық адамның өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі құрметтеуге нұқсан келтіретін, келемеждеу (лақап аттар беру), оны қоғамдастық тарапынан қабылдамайтынына сендіретін, оның жеке басын құнсыздандыратын, қарым-қатынастан бас тарту, топқа, ойынға, спорттық сабаққа немесе басқа да іс-шараға әдейі қатыстырмау, сондай-ақ қорлау, дөрекі және кемсітетін сөздер арқылы көрінуі мүмкін.

Экономикалық - бопсалау - физикалық күшпен жазалау, қандай да бір мәліметтерді жария ету, ақшаны, заттарды мәжбүрлеумен талап ету. Мұндай әрекеттер жәбірленушіге тек материалдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар физикалық және моральдық зиян келтіреді.

Кибербуллинг- Кибер қорқыту біреуді әлеуметтік желілерде, электрондық пошта немесе хабарламалар арқылы қорлайтын сөздерді, жалған сөздерді және өсек-өтірік сөздерді пайдалана отырып айыптау болып табылады. Секс, нәсілшіл және басқа да ұқсас хабарламалар тікелей балаға бағытталмаған болса да, ол қауіпті атмосфераны туғызады. Кибербуллингтің зорлық-зомбылықтың басқа түрлерінен айырмашылығы, бұл ренжітушіге өзін аноним ретінде сақтауға және сол арқылы өз әрекеттері үшін жауапкершіліктен қашуға мүмкіндік береді[2,-10].

Психолог О.Л.Глазманның пікірінше, қорқытуға қатысушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін жақсы түсіну үшін олардың қандай психологиялық бейнені және қандай рөлдерді атқаратынын түсіну қажет [4].

Буллингке қатысушылардың психологиялық бейнесі туралы ғылымда мынадай деректер бар:

Агрессор /Буллер- өзін-өзі бағалауы төмен жасөспірім, ол басқаларды кемсіту есебінен көтерілуге тырысады; Қандай жолмен болса да көзге түсуге ұмтылады; Агрессивті, қатыгез, үстемдік пен манипуляцияға бейім; Отбасында және балалар мен ата-ана аралық қатынастарындағы қиындықтары бар. Агрессорлар жайсыз және толық емес отбасылардың балалары да, материалдық жағдайы жоғары отбасылардың балалары да болуы мүмкін.

Құрбан - көп жағдайда өзіне сенімсіз, гиперэмоционалдық, ренжігіш, тұйық, шешімін таба алмайтын, үрейлі балалар құрбандар болады. Олар өзін - өзі ақтауға бейім және күш көрсетуге лайықты деп санайды. Мұғалімдердің «жақсы көретін» немесе керісінше (ұнамсыз) қоғамдық топтардан тыс қалған балалар, кез-келген физикалық және психологиялық ерекшеліктері бар, интеллект деңгейі төмен және оқудағы қиындықтары бар балалар да қауіп-қатерге ұшырайды.

Бақылаушылар - қысым жағдайына тартылған жасөспірімдер мен балалар. Олар қорқытудың тағы да немесе жаңа құрбанға айналуына қарамастан зардап шегушіні қорғауға немесе кикілжіңге араласпай пассивті көзқарас ұстанады, сондай-ақ, бақылаушы белсенді түрде агрессорға қолдау көрсетіп соған да қосылуы мүмкін.

Қорғаушы- құрбанның жағында тұрған және оны агрессиядан қорғауға тырысатын қолдаушы жасөспірім[2,-11]

Жасөспірімдік кезең адам өмірінде дамудың ең қиын кезеңі. Дәл осы кезеңде жасөспірім биологиялық, физиологиялық, психикалық, жеке, әлеуметтік дамуының барлық негізгі белгілерінен өтеді. Осы тұста жасөспірім бойында құрбыларымен, мұғалімдерімен және ата-аналарымен тұлғаралық қарым-қатынасы, өзара әрекеттесуі, оқу әрекетіндегі өзгерістер орын алады.

Американдық невролог Л. Брайзендайнның зерттеуі бойынша жасөспірімде ересек өмірге қадам басуда жыныстық жетілу мен әлеуметтік өмірге бейімделу барысында үлкен қиындыққа тап болады. Ұлдар мен қыздар бұл кезеңді әртүрлі қиындықтарды бастан кешіреді.Ұлдарда бәсекелестік рухы дамиды, олар көшбасшылық үшін күресе бастайды, агрессия деңгейі, өзіне сенімділік, өзін-өзі растау және тәуелсіздікке жаны құмар болады.

Қыздар эмоцияға бейім болады және сыртқы түр олар үшін маңызды рөл ойнайды. Құрдастарымен қарым-қатынасы бірінші орынға шығады, қарым-қатынас пен жақын достық, қауесет тарату және бөлісуге деген ұмтылыс, сырлас досын

жоғалту, жанжалдасу т.б жалғыздық сезімін оятып стресске түсіруі мүмкін.Стресстен шығудың жолын іздеп жаңа байланыстар орната бастайды. Жасөспірімдердің бұл көріністері олардың эмоционалдылығын ескере отырып құбылмалылық жанжалды жағдайлардың туындауына және буллингке тартылуына алып келеді.

Ұлдар физикалық және жанама агрессия түріне бейім, ал жасөспірім қыздар ауызша агрессивті болады, күдік, ашуланшақтық, негативизм және дұшпандық орын алады. Олар өздерінің агрессиясын жасырын түрде білдіруге тырысады[5].

Қорытындылай келе білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагогтың, мектеп психологының диагоностикалық-түзетушілік- педагогикалық қолдау арқылы кері байланыс орнату жұмыстарын жүргізу маңыздылығы туындайды. Буллингтің алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс шаралар,буллингке қатысушылардың жоғарыда айтып өткеніміздей агрессор-құрбан рөлдік ерекшеліктеріне қарай жеке және топтық жұмыстар жүргізу керектігін ескеруіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в новой реальности: время действий» (г. Нур-Султан, 1 сентября 2020 года) (zakon.kz)
2. Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингінің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар.Қарағанды: 2020. –Б. 9-11.
3. Оценка насилия в отношении детей в школах Казахстана. Учреждение Уполномоченного по правам человека в Республике Казахстан и Представительство ЮНИСЕФ в Казахстане при поддержке Министерства иностранных дел Норвегии. Астана, 2013. http://unicef.kz/uploads/posts/00000837.pdf (дата обращения: 30.05.2015).
4. Глазман О. Л. Психологические особенности участников буллинга // «Психология» . – 2009. – № – С. 159-165.
5. Макарова Ю.Л. Гендерные особенности поведения участников подростковой буллинг-структуры // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. 2017. Т. 6. № 5А. -С. 181-192

ӘОЖ 838.26

Ш. МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИЯ

Көпбаева М. Р.
Филология ғылымдарының докторы,
Филология және журналистика кафедрасының профессоры,
Нүсупова А.Ж.
Филология ғылымдарының кандидаты,
Филология және журналистика кафедрасының доценті
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет
Тараз, Қазақстан Республикасы
meruert_orleu@mail.ru

Резюме

В научном проекте впервые в экзистенциальном аспекте рассматривается роман народного писателя Казахстана Шерхана Муртаза «Ай мен Айша», художника, внесшего особый вклад в процветание казахской литературы. В работе сформулирована научная концепция духовного логоса и поэтического мира экзистенции в романе Ш.Муртаза «Ай мен Айша».

Summary

This scientific project is considered for the first time from the existential aspect of the novel "Moon and Aisha" by Sherkhan Murtaza, the People's Writer of Kazakhstan, who made a special contribution to the development of Kazakh literature. The scientific concept of the poetic world and spiritual logos of existence in Sherkhan Murtaza's novel "Moon and Aisha" is formulated.

Ұлттың дана тұлғаларының шығармаларын оқып, кемеңгер қайраткерлерінің рухани мұрасын меңгерген XXI ғасыр жастарының мұраты біреу. Ол надандыққа майдан ашу. Қазақ қоғамына молынан ұлы тұлғалардың рухани танымын тарату. Сол кемеңгер тұлғалар шығармаларының арасынан Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романының орын алуында заңдылық бар.

«Ай мен Айша» романы – жазушының балалық шағы туралы, басты тұлғасы – Шерханның өзі. Шығармада келісті көркем тілмен суреттелетін өмір көріністері, әлеуметтік психологиялық мәні бар қайшылықтар автордың көзімен беріліп, көңіл таразысына түседі. Қазақ әдебиетіндегі аузы дуалы сыншылардың бірі Ә. Бөпежанова: «Оқырман мен жазушы арасындағы байланыс, тартылыс, күші әр автормен әрқалай және шығармашылық жолының әр тұсында да әрқалай, яғни автордың адамдық-имани болмысына, кісілігіне тікелей байланысты болары бар. Бұл, әсіресе, жазушысын алақанға салатын және әрбір қарекет-әрекетін алақандағыдай көре алатын қазақ қауымының еншісі. Алақандағыдай көре алады дегенде, әсіресе қазақтың өнердегі және өмірдегі мінездің бірлігін көп іздейтінін айтамыз. Шерхан Мұртазаны исі қазақтың жақсы көретін бір себебі, мүмкін, осында. Мүмкін, қазақ Мұртазадан өзін көрді... Мүмкін, бір кездердегі өзін...» [1.120] – деп атап көрсетеді.

Сыншы айтқандай Шерхан Мұртаза шығармаларының басты ерекшелігі оның ішкі мәнінде яғни оқырманына беретін хикметінде. Жаңа дәуірдің саналы оқырмандары өздері оқыған шығармалардан рухани құндылық іздеп, мазмұнды мән тапқысы келеді. Ол үшін көркем туындыдағы басты кейіпкер мен негізгі идея айрықша экзистенцияға нәрленген болуы тиіс. Аталған ұстаным тұрғысынан келер болсақ, саналы ғұмыры күреске толы болған қайраткер Шерхан Мұртазаның шығармалары тұтастай экзистенцияға құрылғанын көреміз. Және де жазушы экзистанциялизмі толықтай өмірлік шындықтан алынған.

Жалпы экзистенция – экзистенциализмнің негізгі ұғымы. Экзистенция дегеніміз не? Бұл адамның күнделікті өмірде ашылып көріне бермейтін тұлғаның ішкі рухани тіршілігі. Экзистенция – адамдар күнделікті өмірде байқамайтын тек қана қиын кезеңде, қыспаққа түскен кездерде ғана ашылатын қасиеті. Бұл тұлғаның тіпті өзі де білмеуі мүмкін жасырын қасиеті. Экзистенциалист ғалымдардың айтуы бойынша адам болмысын түсіну мүмкін емес және оны ғылыми тілмен, ғылыми ұғымдармен жеткізе де алмайды. Болмысты ғылым тани алмайды, тек оның жеке фрагменттерін ғана тани алады. Мәселен, «Түн ортасы болар, мен Айшаның айқайынан ояндым. Елегізген шынысыз шамның сәулесімен сорайып, сарғайып бөтен біреулер көреді.

– Олар Мұртазаны итеріп-итеріп, алдарына салып алып кетті.

– Айша айқайлап арттарынан шықты. Дірдек қағып мен де шықтым. Серейіп-серейіп 3-4 адам сай жаққа қарай кетіп бара жатыр. Сайдағы көпір сықырлады. Айша сайдың қабағына дейін қалмай барып еді, Мұртазаның даусын анық естідім:

– Қайт, балалар қорқып қалады! – деді.

– Түнгі аяз бұл дауысты қайталап шыққандай болды. Сықыр-сықыр дауыстар алшақтап, Айшаның аяғының астындағы қар ғана қалшылдайды» [2. 114].

Шығармадағы үзіндіден көріп отырғанымыздай бір үйлі жан әп-сәтте жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті. Ешкім ештеңе демесе де Айша мен бала Барсхан мұның жақсы нышан емес екенін жан-тәндерімен сезінеді. Философиялық, аналитикалық суреттеу тәсілі Ш. Мұртазаның сүйіп қолданатын тәсілдері. Қаламгер шығармасының жақсы оқылатыны, біздіңше, өмірлік шындықты күрделі адамдық болмыстан іздейтіндігінде. Автор шығарманың басынан аяғына дейін екі кейіпкер Айша мен Барсханды алмастыра жүздестіріп, ай бейнесімен астастыру арқылы олардың жан сарайларына кең талдау жасайды. Романның алғашқы тарауындағы әкеден айрылғанын іштей сезінген Барсханның «... Айша есігінің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық айға қарап:

– О, жаратқан, басқа-басқа, мына үш үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – деді. Толықсып тұрған ай бір аунап түскендей болды.

Мен лезде есейіп шыға келдім. Енді мен қорғайтын әке жоқ екенін сұңғылалықпен сезіп қойған сияқты едім» [2.214] деген Барсханның алдағы күні қалай боларын да автор бала түсінігіндегі қорқынышпен түрлендіре түседі, келер күндерден белгі береді.

«Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетеді де, жетімдіктің алғашқы дәмін татқандай болдым.

Қорбиып қараңғы түн жан-жақтан қаптап келе жатты...» [2.215].

Бұл автордың кейіпкердің өзін-өзі тануындағы экзистенциялық әсері мен мәндік өлшемі. Осы қайғылы оқиғадағы басты кейіпкер Барысханың экзистенциялық халі оның бойында қорғансыздық, жетімдік, жалғыздық сезімдерін оятады. Бала болса да, нәзік жүрегімен бір жамандықты сезген Барысханның санасы лезде есейіп шыға келеді. Қайғыдан туындаған экзистенциялық сезім Барысханың жігерін жонып, рухын қозғап, азаматтық намысын оятады. Шағын эпизодтың экзистенция логосіне талдау жасайтын болсақ, Барысханың бала күнінде қапылыста әкеден айырлу трагедиясы оның тағдырының мәніне –логосіне айналды. Кейіпкер экзистенциялық вакумге түспеді, тектілігі мен анасының тәрбиесі Барысханның қайратты, жігерлі, қайсар жас болып өсуіне ықпал етті.

Бес жасынан тағдырдың қатал сынын арқалаған Барысхан өмірінде түрлі жазымышқа тап болады.

«...сонда үш жетімін ұйықтату үшін,Айша неше алуан ертегі, қиссаларды айтады. Біз үшін бұл бір қадір түндері-Алланың ақ нұры жауған түндер. Анда-санда Айша осылай өзгереді. Ұзақ түнде бізге әр түрлі әңгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалатын сияқты.

Айша:

Құдай бұйыртса,келер жазда сүтке жаримыз,-деп қоюшы еді.

Енді сол ешкілер аш. Ала жаздай колхоздың жұмысында күндіз-түні жүрген Айшаның анда-санда түнделетіп,арқалап алып келіп,түкпір тамға жинаған шөбі ақыр-тақыр ада болды. Жем жоқ. Жем табылса, өзіміз жемекшіміз. Ұраға ұрлап тыққан екі-үш қап қант қызылшасы бар еді, оны өзіміз шоққа пісіріп, қорек қылып отырмыз. Азынап бақырғын ешкілердің азабына шыдай алмай, Айша әлгі қызылшадан там-тұм талғажау етіп,турап береді. Жұмырларына жұқ болмайды. Тағы да бақырады. О,аш ешкінің бақырғанын Құдай сізге естіртпей-ақ қойсын. Ал ешкі албастыдан айнымайды:сақалдары сапсиып, көздері шақшиып, адамның өзіне шапшиын деп тұрады. Еуропалықтар шайтан суретін ешкі бейнесінде салатыны тегін емес болуы керек» [2.128].

Ешкілердің аштықтан қиналған азабын көрген анасы шыдай алмай колхоздың шөбін ұрлайды. Анасы ұрлығымыз ашылып қалама деп қатты қорқады. Онсызда күн бермейтін ашкөз Тасбет біліп қойса, соттатып жібереме деп те қәуіп бар. Ал бірақ осы сәтте анасы қанша қорықса да он бір жасар Барысханың экзистенциялық әлемі мүлде керісінше «Дәл қазір өз басымда үрей жоқ, жадыраған жаздың бір қап нұрын арқалап келе жатқан адам уайымсыз болады екен. Ал Айша қорқады. Қайта-қайта Айға қарайды» [] дейді. Осы сәттегі экзистенциядан есейіп қалған Барысханың аш ешкілерге деген жанашырлық сезімін және оларды құтқару үшін өзін де аямастан құрбандыққа барып тұрғанын көреміз. Қанша қиындық көрсе де тектілігін жоғалтпаған Барысханың болмысының мәнін автор «Дәл қазір өз басымда үрей жоқ, жадыраған жаздың бір қап нұрын арқалап келе жатқан адам уайымсыз болады екен» деген бір ғана сөйлемен беріп, астарына қайырымдылықтың мәнін сыйғызып тұр. Барысхан бала болса да аш ешкілерге анасы мен өзінен басқа ешкім көмек бере алмайтынын сезіп, олардың аянышты, аш халін көргенде қалайда оларды құтқаруды ойлады. Көріп отырғанымыздай, әрбір қиын сәттерде Барысханның экизстенциялық қасиеті оны ізгілікке, адамгешілікке, мейірімге бастап отырады. Баланы батылдыққа бастайтын ізгілікті экзистенцияның шығу тегіне үнілер болсақ, түпкі мәні анасы Айшаның мінезі мен тәрбиесінде жатқандығына көз жеткіземіз.Оймызды дәлелдеу үшін Барысхан-Шерханның рухани әлеміне зерттеу жасаймыз. Негізінен рухани әлем туралы XX ғасырда нағыз феноменге айналған ғалым Виктор Франкл «Өмірден мән іздеген жан» атты еңбегінде адамның болмысын «Тән (ағза), жан (психология) және рухани» [3.130] деген үш түрлі қабаттан тұады деп дәлелдейді. Және де тұғаның үшінші яғни рухани қабаты мықты болса ол айналасына ізгіліктің сәулесін шашатын, айрықша тұлғаға айналады дейді.

Ғалымның осы ойына «Ай мен Айша» романынан көптеп мысал келтіруге болады. Романның өн бойынан намысы мықты, дәті шыдамды, рухы берік Айша аштыққа да, қорлыққа да, ауыр еңбекке де еті үйреніп, «өлімнен де ұят күшті» деген қазақы түсінікті жарым көңіл жанына жалау еткен, қиындықтан майысса да морт сынбайтын текті жан. Кейде қасқырдың аналығы Аққұртқа мінездес болып келетін Айша ұлы Барсханға да осы қасиеттерді дарытуды өз өнеге-үлгісін өмір

бойына көрсетіп өтеді. Анасынан алған асыл тәрбиені бала да болса Барсхан түйсігінде сақтап, өнегелі болып жүруге тырысады.

Қаламгер тіршіліктің қат-қабат сырларына, жеке адамның бастан кешірер үлкенді-кішілі дауылына өз жүрегінде арпалысқан сезім иірімдері арқылы баға береді. Бұл шығарма – өмірде болған нақтылығымен, әсіресе, шыншылдығымен құнды. Романдағы тәрбие туралы сыр өз мағынасымен оқырманға терең ұғындырылады, бала Барысханның рухани болмысының мәнін ашады. Адамның мінезі мен сенімі бала кезден бастап қалыптасатыны белгілі, өзінің көргені мен естігені негізінде, жұртпен кездесіп қарым-қатынаста болуы мен оқыған кітаптарынан түйген тұжырымдары кішкентай кезінен-ақ қайырымдылық пен зұлымдық туралы ұғымын, өзінің өмір жөніндегі түсінігін қалыптастыра бастайды. Шерхан Мұртаза жас болса да өте намысшыл еді, жазушы балалық шаққа саяхат жасағанда есінен әсте кетпейтін бір оқиғаны баяндайды. Тасбет деген бригадирдің қырман басында жазықсыз анасына тиісіп, боқтағанын көрген қорғансыз бала жылай береді. Анасы діні қатты адам болған екен. Емен ағашы да иілгіш келмей ме?! Анасы сол жолы маяға арқасын сүйеп, отыра қалып жыласа керек. Міне, жас та болса анасын қорғамаққа бекінген бала Тасбетке бесақа айырды ала жүгірген екен. Жазушы осы оқиғаға байланысты толғамын «Намыс» деген тақырыппен толықтырады. «Намыс - адамның жан серігі. Көзге де көрінбейді, жеке де жүрмейді. Тым болмаса көзге көрінетін көлеңкең де сияқты емес. Бірақ, серік. Мықты серік. Бұл серігі жоқ адам- қасиетсіз, әлсіз» [4.88].

Келтірілген мысалдардан «Ай мен Айша» романындағы Барысханың экзистенциясы мықты рух, қайратты намыс, нәзік мейірім, қайсар ерік-жігермен ұштасып, автор-кейіпкердің рухани әлемінің креативті потенциялын тереңнен танытқанына көз жеткіздік. Елу жылдан аса қазақтың ұлттық руханиятының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы поэтикасының экзистенциялық әлемін жан-жақты талдай келе, мынандай ғылыми концепция тұжырымдадық: Барысханды өмірлік күресте жеңіске жеткізіп, қарапайым ауыл баласынан Халық Жазушысы деңгейіне яғни тұлғаға айналдырған намыс экзистенция болып табылады. Барысханың бойындағы намыстың қалыптасуына ең алдымен, әкесі мен анасының тектілігі мен махаббаты әсер етті.

Қорыта айтқанда, Шерхан Мұртазаның тегінен дарыған намыстың жалындай түсуіне және бір айрықша әсер еткен анасынан естіген ертегі, қиссалар, батырлар жыры яғни ұлттық құндылықтар болды. Бала Барысханның басынан кешірген қиын тағдыр да оның намысын қайрап, буыны қатпасы да өмірлік күреске түсіріп азаматтық дүниетанымын қалыптастырды. Романдағы Барысхан намыспен жігерленеді, есейген сайын қатайудың орнына мейірлене түседі. Яғни, көңілі жұмсарып, жүрегі жылып тұрады. Қандай қиындыққа тап келсе де былқ етпестен айналасын бауырына басып, әулеті мен ел – жұртының бағына туған АЗАМАТ болып қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөпежанова Ә. Өнер-жеке тәжірибе. І кітап. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 328 б.
2. Мұртаза Ш. Ай мен Айша. – Алматы: Қазақстан, 2008 ж. – 455 бет.
3.Франкл В. Өмірден мән іздеген жан. – Алматы: Самғау, 2017. – 288 б.

4. Мұртаза Ш. Бір кем дүние. – Тараз: Тараз университеті, 2020 ж. – 88 бет.

ҒТАМА 377.031.4

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОТАНСҮЙГІШ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚАЗАҚ МУЛЬТФИЛЬМДЕРІНІҢ РӨЛІ

Ибашова Алмира Байдабековна п.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

Мультипликационные фильмы неслучайно любимы детьми самого разного возраста. Мультфильмы для детей – это увлекательное погружение в волшебный мир, яркие краски и впечатления. Мультфильмы по своим развивающим и воспитательным возможностям близки сказке, игре, живому человеческому общению, они формируют у ребенка представление об окружающем мире, о добре и зле, о дружбе и любви, о том, что хорошо, а что плохо. События, происходящие в мультфильме, позволяют повышать осведомленность ребенка, развивать его мышление и воображение.

В настоящее время мы занимаемся над проектом по разработке мультфильмов для детей. Эта работа ведется при финансовой поддержке гранта ЮКГПУ (грант ВФ0003 "Производство казахских мультфильмов для формирования патриотических способностей учащихся начальной школы ").

Summary

It is no coincidence that animated films are loved by children of all ages. Cartoons for children are a fascinating immersion into the magical world, bright colors and impressions. Cartoons in their developing and educational capabilities are close to a fairy tale, a game, live human communication, they form a child's idea of the world around them, about good and evil, about friendship and love, about what is good and what is bad. The events taking place in the cartoon make it possible to raise the awareness of the child, develop his thinking and imagination.

We are currently working on a project to develop cartoons for children. This work is being carried out with the financial support of the KSPU grant (grant VF0003 "Production of Kazakh cartoons for the formation of patriotic abilities of primary school students").

«Ел болам десең, бесігіңді түзе!» деген екен Мұхтар Әуезов. Бүгінде сондай бесіктің бірі, яғни таным мен тәрбие қайнары – мультфильмдер екендігі даусыз.

Мультфильмдер – балаларды қызықтырып уақытын өткізетін һәм танымдық тұрғыда жетілдіретін тәрбиелік құрал ғана емес, нарыққа шығатын көркем тауар сынды. Елімізде қазақ әдебиетіндегі авторлық және фольклорлық туындылардың желісі бойынша жасалған мультфильмдер қазіргі күні едәуір мөлшерде бар-шылық. Дегенмен бүгінгі балдырғандар отандық мультфильмдерге қызыға ма? Кейінгі уақытта оқтын-оқтын аударылып жатқан шетелдік анимациялық фильмдердің тақырыбы қандай? Жалпы, қазіргі мультфильмдердің сапасы сын көтере ме? Осындай толғамды мәселені қозғауды жөн көрдік.

Анимациялық мультфильмдер – ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүр мен тарихты көрсететін, жас баланың санасына сіңіретін бірден-бір идеологиялық құрал. Яғни бұл құрал арқылы кез келген тақырыпты, кез келген образды

насихаттауға болады. Өмірді енді танып жатқан балаларға анимациялық фильм ұсынудың қауіпті жағы да осы. Әлқисса.

Қазақ мультфильмінің классикасы – «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» күні бүгінге дейін көрерменнің жүрегінде сақталған жып-жылы естеліктей ностальгиялық әсер береді. 1967 жылы түсірілген Әмен Қайдаровтың бұл туындысы қазақ анимациясының бастауы болды [1]. Қарлығаштың символдық мәнін асқақтатқан фильм келесі жылы-ақ Ленинградта өткен Бүкілодақтық фестивальда екінші жүлдеге ие болып, әлем елдерінің экрандарында көрсетілді. Автордың одан кейін түсірген «Ақсақ құлан», «Құйыршық», «Қожанасыр – құрылысшы» атты анимациялық фильмдері де қазақ мультипликациясына олжа болып қосылды. Осы кезеңде отандық мультипликаторлар түсірген графикалық және қуыршақ фильмдердің саны жүзден асты. Режиссер-суретшілер Ж.Дәненов пен Ұ.Қыстауовтың «Алпамыс батыр», «Айдаһар аралы», Е.Әбдірахмановтың «Тапқыштар», «Бозторғай», Б.Омаровтың «Үш шебер», «Қаңбақ шал», Т.Мұқановаңың «Жібек шашақ», «Қайшы», Қ.Сейденовтің «Тігінші мен ай», «Қадырдың бақыты» атты мультфильмдері алтын қорға қосылды.

Соңғы он жылда бұл сала жанрлық ерекшелік пен жас көрсеткішіне қарай контент өндіру, түрлі тақырыптық бағыт пен стильдерді игеруде айтарлықтай алға басты. Ал кейінгі жылдары отандық аниматорлар көпшілікке «Қошқар мен теке», «Ер Төстік және Айдаһар», «Мұзбалақ», «Қазақ елі» сияқты т.б. көптеген туынды ұсынды [2].

Бүгінде бұл мультфильмдердің «Balapan» телеарнасынан көрсетіліп жүр. Десек те балаларға ұсынылып жатқан бұл жобалар белгілі бір деңгейде нәтиже көрсеткенімен, елімізде толыққанды қазақтілді контент қалыптастыра алмай келеді. Әрине, бұған әсер етуші факторлар көп.

Қазақ балаларының қазақ мультфильмдерінен гөрі шетел мультфильмдерін көреді. Сол себепті біз қазақ мультфильмдерінің қазіргі жағдайын зерттеуге,әрі өзіміздің еліміздің тарихын, мәдениетін, тілін баяндайтын қызықты оқиғаларға толы мультсериал жасау жоспарлап отырмыз. Себебі осы мультфильм арқылы Қазақстанның ерекше бай тарихы мен мәдениетімен таныстыруға болады. Қазақстан балалары осы мультфильмдерді көріп, одан үлгі алатын еді[3].

Тақырыптың көкейкестілігі: мультфильмдер балалар өмірінің алғашқы жылдарында**,** өте маңызды кезеңде серік болады. Көрініс қаншалықты қызық, шытырман оқиғаларға толы болса, балалар үшін ол соншалықты қызықты болып, олардың көңілін баурап алады. Ол балалардың өмірінде кішкентай проблемаларды жеңудің жолын үйретеді. Логикалық ойлауын дамытады. Ізденімпаздық, тапқырлық және тағы басқа қабілеттерді қалыптастырады. Баланың қоршаған ортасына қызығушылық пайда болады. Мультфильм біздің ой өрісіміз бен тілімізді дамытады.Сондай-ақ басқа ұлттың балаларымен араласуда маңызды орын алады.

Бірақ бүгінгі таңдағы көптеген мультфильмдер кері әсерлерін тигізуде. Осы мәселелер көптеген мамандармен нақтырақ айтқанда, психологтар, тарихшылар, журналисттер, мультипликаторлар, саясаткерлер, тіл және мәдениет мамандарымен көтеріліп келеді.

Көптеген психологтар балаларға арналған сүйікті мультфильмдерінің кейіпкерлері жеткілікті тиімді тәрбие құралы деп санайды. Олар балаға сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасаудың және өзара әрекеттесудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді, жақсы және жаман мінез-құлық стандарттарын қалыптастырады. Балалар ересектердің мінез-құлқын көшіргендей, мультфильм кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен сөйлеу үлгілерін жиі көшіреді.

Өкінішке орай, бүгінде көрсетіліп жатқан көптеген мультфильмдер, әсіресе шетелдіктер (американдық, жапондық) психологиялық-педагогикалық сауатсыз салынған және балаға қауіпті салдары болуы мүмкін. Енді біреуді ренжіту қызық, зұлымдық құдіретті болады және жақсылықты жеңеді, басқаларға көмектесу және жанашырлық сезімін сезіну пайдалы емес. Қазіргі мультфильмдер қатыгездікті мақсатты түрде қалыптастырып, баланың психикасын бұзатын сияқты.

Ғалымдар мен балалар психологтарының пікірлеріне сүйене отырып біз «зиянды мультфильмнің» бірнеше белгілерін тізіп береміз, оны көруден бастап баланы қорғауға тұрарлық [4].

Біздің ойымша, анимация баланың өміріндегі жарқын әсерлер мен оқиғаларды оның шығармашылық әрекетіне тарту үшін адам өмірінің мақсаты мен мәнін қалыптастыру үшін қажет; өнімді қарым-қатынас және жеке тұлғаны әлеуметтендіру дағдыларын қалыптастыру – оқушының анимацияны қабылдауы мен жасауына топтық және ұжымдық жұмыс түрлерін қосу; өмір сценарийін басқару қабілетін дамыту – авторлық көркем шығармаларыңызды жасау тәжірибесін байыту.

Саналы, өскелең ұрпақ тәрбелеу-әрбір мұғәлімнің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына бастауыш мұғалімдің сіңірер еңбегі орасан зор. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі бастауыш сыныптан басталып, жан –жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе бастауыштағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады. Халық ойының аса бай құнарынан жаратылғандықтан да ертегі әрбір оқушы үшін ерекше маңызға ие. Әр алуан ертегілермен танысу оқушыны қиялдай білуге үйретеді. Халықтық тәрбиенің қасиетті бұлағынан сусындауға мүмкіндік жасайды. Ертегіні ауызша оқып немесе балаларға әңгімелеп беріп ғана қоймай оның кейіпкерлерін өз оймен, идеялармен сипаттап мультифилм жасап көрсетүгеде болады Өйткені балаларда көрү арқылы есте сақтау қәбілеті күшті дамыған Мұғалімге осындай ертегілер үшін мультифильм, мультисабақтар дайындауға Scratch платформасының пайдасы орасан зор [5].

Scratch – анимацияланған ертегілер, мультфильмдер, ойындар мен модельдерді құрастыруға арналған жаңа программалау ортасы. Программада объектілермен бірнеше әрекеттер жасауға болады: жылжыту, түрін өзгерту, басқа объектілермен байланыстыру және т.б. Объектілі-бағдарлы программалау ортасына негізделген сценарий түрлі-түсті және әртүрлі пішіндегі блоктардан құралған командалардан құрастырылады [6].

Scratch платформасы көмегінде бастауыш сыныпқа арнап «Тапқыр қоян» (1-сурет), қазақ халық ертегісі «Түлкі, түйе, қасқыр, арыстан және бөдене» (2- сурет) ертегілерін дайындап шықтық.

Ертегіні дайындау барысындағы қолданылатын операциялар.

Scratch пайдаланушы интерфейсінде кем дегенде келесі үш панельден: Сахналар (сол жақ жоғары бетте), Спрайттар тізімі (сол жақ төменгі бетте) мен өз кезегінде блоктар бағаны мен скрипттер жолағынан тұратын Скрипттер белгісінен тұратын бір терезе көре аласыз. Оң жақ панельде де Костюмдер мен Дыбыстар деген екі қосымша белгі бар, олар туралы кейінірек айтамыз. Егер аккаунт жасап, сол арқылы Scratch сайтына кірсеңіз, Рюкзакты да көруіңіз керек (төменгі оң жақта), оның жобаңызбен бөлісуге және бар жобалардағы спрайттар мен скрипттерді пайдалануға мүмкіндік беретін батырмалары бар.

- Сахна – спрайттарыңыз қозғалатын, сурет салатын және өзара әрекет ететін орын.
- Спрайттар тізімі
- Блоктар панелі

Scratch-та блоктар 10 санатқа бөлінген: Қозғалыс, Келбет, Дыбыс, Қалам, Деректер, Оқиғалар, Басқару, Сенсорлар, Операторлар және Басқа блоктар. Туысқан блоктарды табу үшін сізге оңай болу үшін, олардың әрқайсысына өз түсі берілген. Scratch-та 100-ден астам блок бар, алайда олардың кейбіреулері тек белгілі бір жағдайларда ғана пайда болады.

- Скрипттер қойындысы

Спрайтыңыз қызықты нәрселерді орындауы үшін скрипттер қойындысындағы блок панелінен блоктарды тарта отырып, оларды өзара біріктіру керек. Скрипттер қойындысында блоктарды тартқанда басқа блокпен жұмыс істейтін байланыс пайда болу үшін, оны қайда бекіту керек екенін сізге ақ бөлектеу көрсетеді

- Костюмдер қойындысы

Спрайттың костюмін ауыстыра отырып, оның сырт бейнесін өзгерте аласыз. Костюмдер қойындысында спрайт костюмдерін жасау үшін қажетті бүкіл нәрсе бар; ол көйлек шкафына ұқсайды. Онда көп костюм болуы мүмкін, бірақ әрбір нақты мезетте спрайт тек біреуін ғана кие алады

- Дыбыс қойындысы

Спрайттар дыбыс шығара алады. Дыбыс қойындысындағы батырмалар спрайттар шығаратын түрлі дыбыстарды жасауға көмектеседі.сондай-ақ дыбыстық файлдарды редакциялауға мүмкіндік береді

- Құралдар панелі

Файлды сақтауға, жүктеуге немесе көшіріп алуға болатын стандартты құралдар панелі. Сондай-ақ Көшіру, Жою, Азайту, Үлкейту, Турбо (блоктар

жылдамдығын ұлғайтуға арналған) батырмаларын орналастыруға болады



1-сурет



2-сурет

Алдағы жасап шығаратын мультфильмдер бүгінгі таңдағы көп өзекті мәселелердің шешуге септігін тигізеді, дәлірек айтқанда:

- тарихымызды баяндауға;
- тіл мәселесінің шешілуіне;
- бала санасына қазақ мәдениетін сіңіруге;
- тазалықты сақтауға;
- салауатты өмір салтына баулуға;
- отан сүйгіштіі қалыптастыруға;
- тәрбиелеуге

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында кімнің кім екені.Екі томдық анықтамалық. Алматы, 2011 жыл.
2. Акбарова Ж. Жанұядағы тәрбиенің ерекшеліктері //Бастауыш мектеп. – 2005. - №4. – Б.44-46
3. Қазақ ертегілері (Қиял-ғажайып және тұрмыс-салт ертегілері).- Алматы: «Балауса», 2001.- 262 б.
4. Әубакірова А. Отбасындағы сыйластық //Бастауыш мектеп. – 2005. -№4. – Б.22-237
5. Ибашова А.Б., Сулейменова Л.А.Ақпараттық білім беру ортасында анимациялық бейнелерді қолданудың тиімділігі // Ясауи Университетінің Хабаршысы, №2 (124), 2022. С.-289-299.
6. А.Б. Ибашова, Д.Т. Белесова, Н.С. Каратаев. Состояние и перспектива развития информатики в начальных классах Республики Казахстан //МНПК. Актуальные проблемы методики обучения информатике и математике в современной школе» 18–24 апреля 2022 года.

УДК 130.2 + 78.01

ПРОЯВЛЕНИЕ ГЕНДЕРА В КАЗАХСКОЙ МУЗЫКАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ

Куленова И.М.,к.филос.н., и.о.доцента
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада қазақтың музыкалық мәдениетіндегі номадизм контекстінде гендерлік шығармашылықтың бастаулары қарастырылады. Қазақтардың мифологиялық санасының, бақсы институтының, әйелдердің музыкалық шығармашылығының ерекшеліктерінің талдауына көңіл бөлінеді.

Summary

In the article author consider the origins of gender creativity in the Kazakh musical culture in the context of nomadism. Particular attention is paid to the analysis of the specifics of the mythological consciousness of the Kazakhs, the institution of bakhsy, women's musical creativity.

С древнейших времен музыка сопровождает почти все виды художественного творчества казахов. Путешественники, этнографы, исследователи, побывавшие в казахской степи в конце XIX - начале XX веков, отмечают необычайную музыкальность казахского народа. Уникальная музыкальная духовность казахской культуры нашла свое яркое воплощение в песенном и инструментальном творчестве. Огромную роль в становлении музыкального искусства казахского народа сыграли женщины.

Когда речь заходит о современном состоянии музыкальной культуры Казахстана, мы, в первую очередь, вспоминаем имена выдающихся наших современниц, представляющих инструментальное музыкально-исполнительское искусство Казахстана за рубежом. Для выяснения причин этого феномена считаем целесообразным обратиться к истокам культуры казахского этноса.

Необходимо отметить тот факт, что для казахского мифологического сознания не характерно жесткое противопоставление неба и земли, порядка и хаоса, мужского и женского. Мировой порядок возник из гармонического слияния неба и земли, мужского и женского начал. «Космос для казахов организовался не как борьба противоположностей (характерная для европейской культуры), а как единство хаоса и гармонии» [1]. Единство и равноценность мужского и женского связывалось с животворящим порождающим началом, а человек рассматривался как «живое воплощение Неба и Земли» [2]. Тенгрианство, распространенное в казахской степи, не замыкалось на поклонении только мужскому божеству (Небо – Тенгри - Отец), но и равным женским божествам Жер-Су (богине Земли), Умай (богине домашнего очага и покровительнице искусств). До настоящего времени дошли археологические памятники с изображением семейной четы Тенгри и Умай [3].

Поздней стадией развития тенгрианства является шаманизм. Шаманы по верованию древних являлись «медиаторами, то есть передатчиками обществу космического и природного плодородия» [4]. В контексте тематики нашего исследования шаманизм играл исключительную роль в реализации женской креативности. Поскольку, во-первых, творческие потенции человека

рассматривались в рамках ее трансцендентности, в качестве божественного наития, как результат действия вошедших в него духов. Человек только проводник, медиатор, посланного ему свыше. И здесь ярким представителем креативной личности выступал шаман – «человек, одаренный волшебством и знаниями выше других, он поэт, музыкант, прорицатель и вместе с тем врач» [5].

Полифункциональность института шамана-бахсы стала плодотворной почвой для дальнейшего размежевания специализаций репрезентов традиционной культуры. Можно сказать, что музыкальное искусство выросло из недр «синкретического шаманского действа, с распадом последнего оказалось связанной с различными сферами жизни кочевого общества» [6].

Ритуальным инструментом шаманов был кылкобыз, в современной модификации кылкобыз носит название кобыз. До настоящего времени сохранились поверья о чудодейственных свойствах кобызовой музыки. Во время обрядового действа в руках шаманов кобыз рассматривался как посредник между мирским – людьми и высшим – миром духов, окружающих людей и влияющих на их физическое состояние. Бахсы (шаманы) всячески охраняли доступ к использованию кылкобыза в обиходе, да и вера в магические свойства кобыза практически исключила его из бытовой сферы употребления. Только в XIX веке кобыз начинают использовать народные музыканты жырау. Инструмент бахсы отличался наличием колокольчиков и других металлических и блестящих предметов.

Кобызовая музыка составляла существенную часть шаманского ритуала: призыв священных духов и организация обрядового действия. Бахсы широко использовали в своих ритуальных действиях низкие и высокие регистры кобыза. Сопровождаемые металлическим аккомпанементом мрачные и пронзительные звуки, издаваемые этим инструментом, как нельзя лучше способствовали усилению внушаемости обрядового действа. Для ритуальной кобызовой музыки были характерны повторность кратких мотивов. Каждый бахсы имел свой мотив или сарын. Повторяемость мотивов имело функциональное значение, и соотносилось с магическими заклинаниями и заговорами. Семантическое значение этих мотивов требовало сохранение их в неизменном состоянии. «Ритуальная регламентированность исполнительских средств, переходящих по традиции от одного поколения к другому, - причина того, что мотивы, - знаки кобызовых кюев – это одни из наиболее ранних образцов инструментальной музыки казахов» [7].

Во-вторых, в тюркских и других древних обществах шаманство на первоначальной стадии характеризовалось преобладанием женщин-шаманов. За сильное влияние женского шаманства говорит и этимологические сравнения казахских слов *абыз* - самый старший в роду, а также и шаман в древности, абысын – старшая по возрасту женщина. С развитием института шамана влияние женского значительно уменьшилось, но не исчезло совсем. Женщины-бахсы существовали в казахском обществе вплоть до XX века. Б.Г. Ерзакович приводит два свидетельства присутствия женщин среди бахсы. Первое опубликовано в 1899 году в статье исследователя А.Е. Алекторова «Бахсы (из мира казахских

суеверий». «…бахсы были и женщинами. Впрочем, я полагаю, что женщины занимались лечением средствами народной медицины без особых колдовских манипуляций». Второе - в статье К. Байбосынова «Бахсы Байбике» приводится рассказ героини о том, как старушка передала ей кобыз, и каким образом она стала бахсы, как она совершает камлание. Время действия первая половина XX столетия [8]. Таким образом, женское шаманство подготовило основу для творческой самореализации казахских женщин в будущем, и в частности в музыке.

Параллельно необходимо заметить, что постепенное вытеснение женщин из института шамана сказалось и на ритуальном использовании музыкального инструмента кылкобыза. Если во время расцвета шаманизма в казахской степи мужчины-бахсы, и все реже женщины-бахсы переносились в иные миры на этом священном инструменте, то с развитием общественных отношений в Казахстане, зарождением социальных и культурных институтов, институт бахсы исчезает. Инструмент теряет свои магические свойства, в последующем становится инструментом бытового обслуживания и профессионального мастерства. Как результат усовершенствованная модель кылкобыза (с двумя струнами) в виде кобыза (три-четыре струны) становится в настоящее время преимущественно женским инструментом. Модернизация кылкобыза была вызвана необходимостью расширения диапазона инструмента – с двух с половиной октав до трех с половиной – для использования его в народных симфонических оркестрах.

Существенным социокультурным фактором будущих достижений женщин являлось то, что музыка как вид искусства еще не отделилась от устно-поэтического творчества и не представляла высшую сферу искусств, которую она заняла в западноевропейской культуре.

Номадический социальный строй, качественно отличный от бытия других оседлых народов, породил особое отношение к различным видам искусства. Музыкальное искусство, как и все искусство в древнем и феодальном Казахстане было синкретично. Синкретический характер всего художественного творчества, и музыкального в частности, обуславливался специфическими условиями социально-исторической обстановки жизни казахского общества. «Кочевой уклад жизни оказал двоякое влияние на развитие художественного творчества казахского народа: многим видам искусства он не позволил даже возникнуть. Зато способствовал интенсивному развитию устно-поэтического творчества, народной музыки и прикладного искусства» [9].

Специфика отбора заключалась в дифференциации видов искусства по принципу рациональности и приемлемости для кочевого образа жизни. Постоянное движение по огромным пространствам, преодоление всевозможных трудностей и препятствий на своем пути – все особенности мира кочевья, условия жизни казахского общества определили особое положение, которое занимали музыка и поэзия. Уникальная музыкальная духовность казахской культуры нашла свое яркое воплощение в песенном и инструментальном творчестве. Омузыкаленная ментальность казахского народа предопределяла то, что казахская

женщина могла и должна была проявлять свою музыкальную креативность в быту, исполняя социальные функции дочери, жены, матери.

Необходимо отметить, что специфика номадического строя обусловила слияние деятельности музыкантов с бытом. В отличие от западной культуры, где соприкосновение музыканта и слушателя проходило в специально оборудованном помещении – концертном зале, тем самым была созданы наилучшие условия для максимального включения в процесс «исполнение – слушание», в казахской культуре музыкальное действо проходило в атмосфере включенности в ритуализированный обычай гостеприимства. Прослушивание музыкального исполнения проходило в полифункциональном помещении кочевников – юрте и чередовалось с трапезой и разговорами. Поэтому в казахской культуре музыка как искусство сохранила свою целостность, не подразделяясь на «высшую» музыку и музыку для развлечения. И если в западной культуре существовало недопущение и вытеснение женщин их сферы высокого искусства и поощрения ее самореализации в сфере бытового обслуживания, то в казахской степи синкретизм музыкального творчества позволил наиболее ярко проявить свою творческую одаренность женщине.

Этому способствовало и установившаяся гармоничная состязательность мужчин и женщин, обусловленная трудными условиями выживаемости в кочевом образе жизни. Факт участия женщин в культурной жизни казахского народа в рамках музыкально-поэтического (айтыс) и инструментального (тартыс) соревнований мы можем встретить во многих источниках [10]. Следует заметить уникальность этого феномена активного женского участия в рамках социокультурного распределения власти в странах Востока.

Таким образом, специфика номадической культуры казахского этноса предопределила неотделимость творческой деятельности музыканта с бытом, в связи, с чем музыкальное и устно-поэтическое творчество относилось к сфере народно-прикладного искусства и исполняло скорее функции духовно-социально-бытового обслуживания. Поэтому здесь женщины, долевое участие которых в экономике семьи была высока, играли большую роль в становлении и развитии музыкального искусства. Это выразилось как в народно-песенном творчестве, так и инструментальном.

Литература:

1. Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-ата и философим музыки казахов. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и полотологии МОиН РК. – С.111.
2. Кодар А. Мировозрение кочевников в свете Степного Знания // Культурные контексты Казахстана: история и современность / Материалы международного семинара, посвященного 100-летию М.О. Ауезова / Сост. А.Кодар, З.Кодар. – Алматы: Ниса, 1998. – С.59.
3. Орынбеков М.Е. Предфилософия протоказахов. – Алматы: Изд-во «Олке», 1994. – С.194.
4. Мухамбетова А.И., Гамарник М. Генезис и функции салов и сере в казахском обществе // Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С.99

5. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Сочинения: в 5-ти т. – Алматы: Главная ред. Казахской советской энциклопедии, 1985. – С. 52.
6. Мухамбетова А. Генезис и эволюция казахского кюя (типы программности // Аманов Б.Ж., Мухамбетова А.И. Казахская традиционная музыка и XX век. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – С .119.
7. Аманов С. Древние кюи «Акку» // Инструментальная музыка казахского народа. – Алма-Ата: «Онер», 1985. – С.21.
8. Ерзакович Б.Г. У истоков казахского музыкознания. – Алма-Ата: «Наука», 1987. – 176 с.
9. Казыханова Б.Р. Эстетическая культура казахского народа. – Алма-Ата: «Казахстан», 1973.– С.31
10. Куленова И.М. Специфика реализации гендерной креативности в музыкальной культуре Казахстана // Материалы Международной научно-практической конференции КазНАИ им. Г.Жургенова.- Т.2 – Алматы, 2004 – С.170-184.

УДК 74.01/.09
ББК-85.12

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕНІМ ЖӘНЕ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ БАРЫСЫНДА ПОДКАСТТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Д.Б.Калибаева, А.Б. Қадырқұл – магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Английский, как глобальный язык, изучается в веб-среде, обеспечивающей удобное и быстрое обучение среди обучающихся. Современные условия обучения в изучении английского языка предоставляют не только такие возможности, но и обеспечивают самый высокий уровень навыков прослушивания, речи и презентации среди обучающихся. В статье рассматриваются эти аспекты современного подхода к обучению английскому языку как второму языку и многие преимущества аудио программ в интернете и подкастов на английском языке, которые обновляются за определенный промежуток времени. Будут проанализированы преимущества новых методов обучения «целевому языку». Таким образом, медиа подкасты можно использовать как один из альтернативных методов обучения английскому языку, особенно в развитии навыков речи и прослушивания.

Summary

English, as a global language, is studied in a web-based environment that provides feasible and prompt teaching among learners. Modern learning setting in English language learning provide not only such opportunities, but also the highest level of listening, speaking and presentation skills among the learners. This article will discuss these aspects of the modern approach to learning English as a second language and the various advantages of online audio programmes and podcasts in English, which are updated at regular intervals. The virtues of new methods of teaching "target language" will be examined. Thus, media podcasts can be used as one of the alternative methods of teaching English, especially in developing speaking and listening skills.

2000 жылдардың басында бүкіл әлем кез келген уақытта портативті құрылғылар арқылы тыңдауға болатын жаңа құбылыс аудиофайлдар туралы сөз ете бастады. 2004 жылы Б.Хаммерсли The Guardian басылымына жариялаған мақаласында бұл феноменді «podcasting» деп атады (Hammersly, 2004), ал 2005 жылғы Оксфорд сөздігі бойынша «подкаст» сөзі жыл сөзі болып жарияланды. Жалпы білім беру саласында аудиальды форматты – ағылшын тілін оқыту радиохабарлардан бастап аудио-кассеталардағы шет тілі курстарын қолдану дәстүрлі әдістердің бірі ретінде қабылданады. Алайда, подкасттарды қолдану жаңа мүмкіндіктерді ашып, білім алушылардың қызығушылығын арттыратын бірден-бір әдіс.

Подкасттар – белгілі бір уақыт аралығында жаңартылып отыратын ғаламтор желісіндегі аудио-бағдарламалар. Бұл тәсіл ауқымды тақырыптарға арналып, әуен мен бейне жазбаларды қамтуы мүмкін және аудио жазбалардың ұзақтығы бірнеше минуттан бір сағатқа немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Жалпы оқыту процесінде подкастингтің келесідей мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: білім алушыларға оқу материалын жеткізудің балама форматы, шынайы ақпарат алу құралы, өтілген материалды қайталау және бекіту тәсілі, жаңа ауқымды білім блогына дайындық әдісі.

Зерттеуші Елена Хохлушина «Оқытудағы подкастинг: дидактикалық қасиеттері мен қызметі» («Подкастинг в обучении: дидактические свойства и

функции») атты мақаласында подкасттардың білім беру құндылығы тұрғысынан келесідей мүмкіндіктерін жіктеп көрсетеді:

1. Дыбыстық табиғат (дауыс интонациясы мен тембрі, музыкалық сүйемелдеу, дыбыс деңгейі және т.б.);
2. Мультимедиялық (аудио және бейне подкасттар, интерактивті элементтер);
3. Ұтқырлық (ақпараттық кеңістік пен уақытты ұйымдастырудың тиімділігі);
4. Интерактивтілік (коммуникация үрдісі, қарым-қатынас жасау және кері байланыс беру мүмкіндігі);
5. Қарапайымдылық және қол жетімділік (подкаст мазмұнына тегін қол жеткізу, еркін тарату және сақтау мүмкіндігі).

Ағылшын тілін оқытуда подкасттарды ауқымды және қарқынды тыңдалым үшін пайдалануға болады. Алайда, оқыту барысында білім алушылардың ағылшын тілін тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және аталған тілді ана тілі ретінде сөйлеушілердің сөздеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ауқымды тыңдалым үшін өте қолайлы (Rost, 1991). Кеннет Бирдің айтуынша, подкастинг, әсіресе, ағылшын тілін үйренушілерге қызықты, себебі ол білім алушыларға өздерін қызықтыратын кез келген пән бойынша шынайы тыңдалымдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді (Kenneth Beare, 2005). Сонымен қатар, оқытушылар білім алушыларға тыңдатып қана қоймай, өз подкасттарын жазу тапсырмаларын да береді (Leach & Monahan, 2006). Компьютер мен басқа да ақпараттық технологиялардың қарқынды өсуінің нәтижесінде білім алушылардың өз подкасттарын жазуына кедергілер жоқтың қасы. Оқытушылар білім алушыларына өз подкасттарын жазу үшін төмендегі рәсімді ұстана алады:

- Аудитория үшін подкасттарды жүктейтін блог жасау керек (http://wordpress.com/); немесе
- Бүкіл аудитория үшін тегін подкастинг сайтына тіркеліңіз (http://podomatic.com/);
- Тіркелген пайдаланушы аты және құпия сөзімен бөлісіңіз;
- Білім алушылар MP3 файлдарын аудитория подкастына өздері жүктейді;
- Білім алушылардың бірбіріне сұрақтар қойып, жауап беру шараларын ұйымдастырыңыз.

Подкасттарды жазу білім алушылардың сөйленім және тыңдалым дағдыларын жетілдіру мен ынталандыру әдісі болып табылады.

Мотивация. Желіге жүктелген подкасттар бүкіл әлем бойынша кез келген адамға қол жетімді, себебі үнемі жүктеп отыратын білім алушылар үшін өз аудиториясы, яғни тыңдармандары бар. Бұл үлкен ынталандырушы фактор.

Тәжірибе мен дайындық арқылы жетілдіру. Подкаст жазатын білім алушылар алдымен өз жұмыстарына дайындық шараларын жүргізіп және жаттығулар жасайды. Яғни, көптеген тәжірибелерден өтіп, қайталау арқылы дыбыстар мен сөздердің айтылымдарын жақсарта алады.

Топтық подкасттар ынтымақтастығы. Ынтымақтастық Гонконгтағы мектеп бағдарламасындағы негізгі дағдыларының біріне айналды (Curriculum Development Council, 2001). Білім алушыларға топтасып подкаст жазуын ұсына отырып, бұл процесте олар бір-бірімен ынтымақтастықты үйренеді.

Дәлдікке назар аударыңыз. Подкасттар ауызша сөйлеудің тұрақты жазбасы екендігін біле отырып, білім алушылар дыбыстар мен сөздердің оқылуының дәлме-дәл келуіне баса назар аударады.

Үлкен аудиторияны оқыту. Әдетте аудиторияда білім алушылар саны көп болса, барлығына дерлік сөйленім дағдыларын үйрету қиындық туғызып жатады. Мұндай жағдайды подкасттар көмегімен: білім алушыларға топтасып, бағдарлама шығару немесе үй тапсырмасына өз бетінше орындау арқылы түзетуге болады.

Сенімсіз білім алушылар. Әңгімелесу екі жақты процесс және олардың бетпе-бет өзара әрекеттесуін талап етеді. Өзіне сенімсіз білім алушылар аудитория алдында, тіпті аудиториядағы адамдар саны аз болса да, сөз сөйлеуге шыққан кезде белгілі бір қауіпті сезінуі мүмкін. Ал подкасттарды жазу кезінде білім алушылар өздерін «сахна сыртында» сезініп, өз қорқыныштарын жеңе алады.

Қорытындылай келе, сабағын қызықты өткізу мақсатында ағылшын тілі оқытушысы подкасттарды қолдана отырып, білім алушының жақсы спикер болуына, подкасттарға негізделген әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы тіл үйренуге, технологияларды пайдалану құзыреттілігін арттыруға, білім алушыларды бір қарқында ұстаудың ынталандыру және тіл үйренудің жеңіл және қарапайым әдісі ретінде қолданады. Сондай-ақ подкасттар ағылшын тілін тез әрі тиімді үйренуге мүмкіндік бере отырып, бірлесіп оқуға, ынталандыруға және жақсы қарым-қатынас жасау мен ағылшын тілін үйренушілер арасында оқу үлгерімін арттыруға септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Beare, Kenneth (2006). Introduction to English learning Podcasts. Available at http://esl.about.com
2. Rost, M. (1991). Listening in action: Activities for developing listening in language teaching. Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall.
3. Leach, J., & Monahan, J. (2006, March 1). Why iPods are refreshing parts teachers can't reach. Retrieved January 17, 2007, from http://education.guardian.co.uk/appleeducation/story/0,,1720747,00.html
4. Curriculum Development Council. (2001). Learning to learn: Life-long learning and whole-person development. Hong Kong: Author. https://cyberleninka.ru/article/n/podkasting-v-obuchenii-didakticheskie-svoystva-i-funktsii
5. Hammersley, B. (2004, February 12). Audible Revolution: Why Online Radio is Booming. The Guardian. Retrieved November 11, 2021, from https://www.theguardian.com/media/2004/feb/12/broadcasting.digitalmedia

УДК 371.3

BLENDED LEARNING AS THE MAIN TRAINING SYSTEM IN FUTURE

Абдуллаева А.П. – студентка группы М 1703-81

Научный руководитель: Сманова Г.И. - к.п.н., доцент

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Резюме

Современный образовательный процесс на всех уголках планеты переживает и пережил несколько экономических кризисов, в том числе и пандемию коронавирусной инфекции. Геополитическая обстановка в мире на данный момент вызывает некоторые опасения. И смешанное обучение не сдает своих позиций и остается в образовательном пространстве

надолго, если не навсегда, окоторой пойдет речь в данной работе. Новизна ее выражается в том, что данная тема актуальна и популярна для нынешнего поколения обучающихся в общеобразовательных школах, вузах, колледжах.

Как показала практика проведения таких уроков, разные категории участников нашли для себя большое количество положительных сторон. Считаем гипотетически, что и в XXI веке этот формат обучения будет стремительно развиваться и даст хорошие результаты в успеваемости учащихся, а также будет повышать мотивацию и желание учиться, стремиться к саморазвитию и самообразованию.

Түйін

Планетаның барлық бұрыштарындағы заманауи білім беру процесі бірнеше экономикалық дағдарыстарды, соның ішінде коронавирустық инфекция пандемиясын бастан кешуде. Қазіргі уақытта әлемдегі геосаяси жағдай біраз алаңдаушылық туғызуда. Аралас оқыту өз позицияларынан бастартпайды және осы жұмыста талқыланатын білім беру кеңістігінде ұзақ уақыт қалады. Оның жаңалығы бұл тақырып жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында,колледждерде білім алушылардың қазіргі буыны үшін өзект іжәне танымал екендігінде көрінеді. Мұндай сабақтарды өткізу тәжірибе көрсеткендей, қатысушылардың әртүрлі санаттары өздері үшін көптеген жағымды жақтарын тапты. XXI ғасырда оқытудың бұл форматы тез дамып, оқушылардың үлгерімінде жақсы нәтиже береді, сонымен қатар оқуға дегенында ықыласын арттырады, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылады деп болжаймыз.

According to the Message of the President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev, special attention is now paid to the problem of improving the quality of education, including the digitalization of educational institutions. "Today, the trend towards digitalization is one of the key vectors of development in almost all spheres of activity. Everywhere – in the country and in the world, new approaches with a focus on the "figure" have begun to be introduced [1].

In the modern education system, information technology and the Internet come out on top. One of the ways to use Internet technologies is the implementation and further rapid development of mixed education. Thanks to such technologies, the learning process becomes more interesting and informative for students. The degree of independence increases. It allows you to quickly and easily give knowledge to a large number of students who are in remote mode. Online learning is growing very fast. Of course, quarantine played a special role in the emergence of a new training format. However, this format did not appear yesterday and will definitely not disappear in the coming years.

In March 2020, Kazakhstan decided to transfer all educational institutions to distance learning in order to save people's lives and prevent the spread of coronavirus infection. This period brought great difficulties to both teachers and students. A special burden was transferred to teachers, as it was difficult for them to enter all the information into the online environment in a short time. There were also material problems: the lack of necessary technical means for children and teachers, unstable Internet signal, overload of the service of various educational platforms. All this has had a bad effect on the students' academic performance.

During the quarantine, when the whole world was in a tailspin, a new concept of "blended learning" appeared in the educational space. On the globe, people have

overcome economic crises, but the coronavirus pandemic has made its own adjustments. Teachers, teachers of higher education faced each other less often, as well as schoolchildren.

Today, the concept of "blended learning" is an integral part of the educational space. If we were asked: how do you assess the learning process during the Covid period, was it really that bad? Many students don't think so. On the contrary, they find such an online environment more convenient and comfortable for obtaining knowledge. There are many advantages that are worth listing in order to form a good opinion about this form of training. The most important advantage that students highlight is the opportunity to work with the teacher individually. Technology helps to find your own approach to the student. It happens that a shy student is afraid to answer in class, because of his classmates, who may laugh at the wrong answer, but at a distance such a quiet person feels comfortable and more confident

Blended learning is a great chance to get to know your students and support them in completing difficult tasks. The second equally important advantage is the automation of routine processes. New technologies can do the teachers' work for them. For example, a good program Skysmart Class, which has ready-made tests on the right topics for all classes. Therefore, the teacher can only send a link to the website and give access to the tests. Isn't that a great solution? Well, the third important advantage is a large amount of time. It is mixed learning that gives students time to comprehend the question and accept the correct answer. You are in peace, in understanding that you are alone at the computer and no one will call you to the blackboard and scold you in front of the whole class. This is what comfort in obtaining knowledge is expressed in.

In the modern world, education comes to the fore. With the advent of the latest technologies, a new training system is being introduced, which is aimed at developing self-education and realizing one's capabilities and abilities. Information technologies and the Internet make it possible to significantly diversify and make the educational process interesting, as well as to better assimilate new, acquired knowledge. One of the options for using Internet technology is the rapid development of distance learning.

Blended learning is an independent form of learning, where the use of information technology is the leading means. Such training allows you to get knowledge and qualified education at a distance from the teacher. The main stages of such training are: 1) the design stage (development of goals, content) and 2) the training stage (mutual commitment between the teacher and his students at a distance) [2]. In another way, it is an educational process built on the basis of a combination of traditional (lectures, seminars) and electronic (online training, video, audio materials) learning technologies.

In the modern field of education, a special role is assigned to blended learning as one of the promising forms of work with students. According to its methodology, blended learning is a contender for a separate form of education and occupies an increasing part in the modernization of education. The term "blended learning" is used every time it comes to the lack of constant eye contact with the teacher. Under such circumstances, it would be unwise to even use the term online learning in connection with the use of massive open online courses. This is due to the fact that an emergency transfer of students in the middle of the semester without preliminary organizational

measures and adequate support from the author of the online course will not allow students to fully experience the benefits of online learning.In this regard, it is now very important to understand and distinguish between the concepts of blended learning and educational technologies used in the context of emergency transfer to distance learning at universities and technical schools. One of the key features of mixed education is flexibility. Blended learning allows the student to study at a convenient time, in a convenient place and at a convenient pace, allowing everyone to study as much as he needs to master the subject and pass the necessary exams in the chosen subject.

The following functions assigned are modularity, i.e. each course creates a holistic picture of a specific subject area, which allows you to form a curriculum for individual and group needs, and the teacher is the coordinator of cognitive activity and the manager of the student's educational process. In addition, one of the main features of mixed education is the possibility of professional quality management of training. That is, in this format of education, remotely conducted exams, interviews, practical classes, term papers, project work, external studies, computer intelligence testing systems, etc. are used.

The fundamental difference between such education and the form of education we are familiar with is that it is based on teaching, that is, independent cognitive activity of the student. A person reflects on a particular topic with his own brain, sets goals and tasks for himself, which he performs in the future. Thus, he becomes motivated and wants to learn and self-develop. The main characteristics of mixed education are experience and learning tools, i.e. a set of methods, forms and means of human interaction in the process of independent but controlled acquisition of a certain set of knowledge stored in data, knowledge banks, video libraries, etc. The effectiveness of the learning process can be increased only on the basis of individualized educational and cognitive activity. Such individualized training in conditions of mass demand is possible only with the use of advanced teaching methods based on computer tools and technologies, as well as teacher control. Thus, the structure of the mixed education system should include all elements that can meet the educational needs of the individual in a particular subject and contribute to the development of creative activity of the student. Psychological and pedagogical support of the individual's learning trajectory in the distance education system is provided by adaptive algorithms and comments of the system to the behavior of the student.The system allows the teacher to provide feedback at any time with the help of the test construction system, as well as plan the decision-making situation for the learner at the moment and give appropriate feedback. The technology in this class is focused on working with small groups of students. Combining communication methods made it possible to create a multifunctional shared virtual learning environment with different levels of interactivity and different types of transmitted information. In this virtual environment, students interact collectively under the guidance of a teacher. Training tasks are designed in such a way that all members of the group can interact with each other, while acquiring sufficient independence in studying the material and solving problems.

A technology platform should be understood as a set of hardware and software tools for providing distance education services, including the management of training

procedures and the provision of distance education processes. Blended learning today is one of the simplest and most effective methods of obtaining high–quality professional knowledge, as well as increasing your level of independence. This form of training is synonymous with the word comfort. You are simultaneously studying with a teacher, and also explain to yourself a topic that you do not understand. These relationships between the teacher and self-education provide more lasting and memorable knowledge. Students being in such classes constantly learn something new for themselves and do what they have not done before. Theoretical knowledge is assimilated without any difficulties, since such a system allows students to master new material better and faster. The formation of theoretical and practical skills and abilities are achieved in the process of systematic study of the material, its analysis and the ability to tell your own words. The main thing is to understand, not to memorize. Further development of blended learning involves ensuring maximum interactivity.

All our experiments have shown that blended learning has a great future ahead. The development of such a training format will bring great achievements and a high level of student achievement. In fact, it's no secret that full–fledged training is an imitation of communication with a teacher. Therefore, it is necessary to strive for this. It is necessary to use a combination of different types of information technologies in order to achieve full-fledged learning, intelligent intelligence and sound thinking.

Литература:

1. Послание Президента К.Ж.Токаева народу Казахстана 01.09.2021 г. «ЕДИНСТВО НАРОДА И СИСТЕМНЫЕ РЕФОРМЫ – ПРОЧНАЯ ОСНОВА ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ» [электронный сайт]: Официальный сайт Президента Республики Казахстан – режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048 (дата обращения 19.09.2022).
2. Соломонова Д.А. Исследовательская работа «Проблемы и особенности перехода на дистанционное обучение в условиях пандемии» [Электронный сайт]: исследовательская работа – режим доступа: https://eee-science.ru/item-work/2021-2726/ (дата обращения 14.09.2022).
3. Словарь [Электронный сайт]: «Смешанное обучение» – режим доступа: https://sberuniversity.ru › glossary (дата обращения: 12.09.2022).
4. Долгова Т.В «Смешанное обучение – инновации XXI века» [Электронный ресурс]: сайт документарного хранения документов – режим доступа: https://interactiv.su/2017/12/31/ (дата обращения: 14.09.2022).
5. Мишота И.Ю. Развитие смешанного обучения в условиях цифровизации образовательного процесса [Статья]: УДК 37.016:811
DOI: 10.28995/2073-6398-2018-3-97-106 – режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/razvitie-smeshannogo-obucheniya-v-usloviyah-tsifrovizatsii-obrazovatelnogo-protsessa/viewer (дата обращения 15.09.2022).
6. «Сейте разумное, доброе, вечное» [Стих]: Дата создания: 1876, опубл.: 1877. Источник: Некрасов Н. А. Полное собрание сочинений и писем в 15 томах. — Л.: «Наука», Ленинградское отделение, 1982. — Т. 3. Стихотворения 1866—1877 гг. — С. 180. — 300000 экз. (дата обращения 15.09.2022).

ӘӨЖ

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Насипбекова Ж.А – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау мамандығының II курс магистранты
Есназар А.Ж. - PhD доктор, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье изначально затрагиваются предпосылки необходимости использования средств и технологий общего образования, способствующих самостоятельному поиску информации, развитию умений и способностей к обучению. В условиях современной действительности, сформировавшейся в последней трети XX века, эта проблема обусловлена влиянием острых информационных технологий.

Summary

This article initially touches on the prerequisites of the need to use tools and technologies for general education, promoting independent search for information, developing skills and learning abilities. In the conditions of modern reality formed in the last third of the XX century, this problem is due to the influence of sharp information technology.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауына сәйкес қазіргі білім берудің мақсаты – мобильді, жаңаны қабылдайтын, шығармашыл, сыни тұрғыдан ойлайтын, поликоммуникативті, кәсіби маманның әлемдік талаптарына сай құзыретті тұлғаны қалыптастыру[1].

Қазіргі заманғы мектепті жаңа ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін еместігін көрсетеді. Бұл жақын арада дербес компьютерлерді енгізу керектігі анық және сәйкес. Бұл бастауыш сынып оқушыларының компьютерлік сауаттылығына қойылатын талаптардың артатыны сөзсіз.

Бастауыш сынып оқушыларын білім беру дәстүрлі түрде оқушыны белгілі бір көлемде қаруландыруды басты мақсат етіп қойды білім, білік және дағды. Бірақ қазіргі кезде мектептің басты міндеті – тек білім беру емес біліммен мектеп оқушылары, оларды өз бетінше білім алуға үйрету және өзіндік ой қалыптастыруға үйрету.Қазіргі әлемде өзгерістердің жеткілікті түрде орын алуына байланысты оқу қабілеті ерекше маңызды себебі кәсіби іс-әрекеттің барлық салаларында қарқынды адам үйренуге және өз біліктілігін арттыруға өмір бойы өз қызмет саласында сұранысқа ие болу болып табылады . Яғни, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілетінің (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қиял) арттыру болып отыр . XX ғасырдың соңғы үштен бірі ықпалымен қалыптасуымен сипатталды ақпараттық қоғам деп аталатын түбегейлі жаңа әлеуметтік-мәдени ортаның ақпараттық технологияға аяқ бастық.Ақпараттық қоғамның ерекшелігі компьютерлендіру адамдарға кең қол жетімділікті қамтамасыз ету. Д.Белл анықтамасы бойынша ақпараттық қоғамды сипаттайды адам дамуының постиндустриалдық кезеңінің ерекшеліктері, онда ақпарат және атап айтқанда, оған қол жеткізу әлеуметтік құрылымды анықтауға негіз болады.

Ақпараттық қоғамның қалыптасуы жаңа ұрпақтардың әлеуметтенуіне айтарлықтай әсер етті. Кеңістік-уақыт шекараларын жою, цифрлық ортада болуы бастауыш сынып оқушыларының қалыптасуының сипатты белгісіне айналды. Ғаламдық компьютерлік желі – жаңа виртуалды әлемді құрды. Қазіргі уақытта Әдебиеттерде виртуалды шындық құбылысын сипаттау үшін жаңа термин қолданылады, ол кеңірек интерпретация – цифрлық кеңістік (цифрлық технологиялардың барлық жерде таралуына байланысты әлеуметтік орта ретінде). Белсенді әлеуметтенуі осы шындық жағдайында өтетін ұрпақтар сипатталады «цифрлық ұрпақ», «веб-генерация» және тіпті «цифрлық жергілікті тұрғындар» сияқты әртүрлі авторлар. атап өткендей Дж.Палфри мен К.Гассер, «цифрлық дәуірдің балалары (цифрлық жергілікті тұрғындар) өмірінің көп бөлігін интернет және онлайн және офлайн өмірді ажыратпаңыз. Интернетті шолу қалыпты жағдай жас ұрпақтың өмір салты. Білім беру жүйесінің өкілдері ретінде біздің міндетіміз – оқушыларды соған бағыттау желілік ресурстарды жемісті пайдалану және ақпараттық технологияны дамыту.[2,4]

Бастауыш сынып сабақтарында ақпараттық технологияны қолданудың пайдасы?

* Оқу материалын неғұрлым қолжетімді және түсінікті түрде ұсынуға мүмкіндік беріңіз.
* Дамыта оқытуды, проблемалық-диалогтік тәсілді жүзеге асыруға ықпал ету, мүмкіндік беру сабақта зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
* Оқытуда сараланған тәсілге мүмкіндік беріңіз.
* Сабақта компьютерлік тесттер мен тесттік ойын жұмыстарын қолдану мұғалімге алуға мүмкіндік береді оқылатын материалды қысқа мерзімде игеру деңгейінің объективті көрінісі және оны дер кезінде түзету жол.

Бастауыш сынып оқушыларының эмоционалдылығының жоғары дәрежесі қатаңдықпен айтарлықтай тежеледі оқу процесі аясында. Сабақтар жоғары эмоционалды күйзелістен арылуға және жандануға мүмкіндік береді оқу процесі.

Бастауыш мектепте ақпараттық технология сабақтың барлық кезеңдерінде қолданылады. Түсіндірген кезде жаңа материал, бекіту, қайталау, бақылау және сыныптан тыс жұмыстар кезінде т.б [3,5].

Оқу процесінде ақпараттық технологияны қолдану мыналарға мүмкіндік береді:

* тәрбиелік әсерді күшейту;
* материалды игеру сапасын арттыру;
* оқушылардың жеке оқу траекториясын құру;
* оқуға дайындығы әртүрлі деңгейдегі оқушыларға сараланған тәсілді жүзеге асыру;
* қабілетті және қабілеті әртүрлі балаларды бір уақытта ұйымдастыру.

Бастауыш сыныпта заманауи ақпараттық технологияларды қолданудың келесі аспектілерін бөліп көрсетуге болады:

1) компьютер зерттеу объектісі ретінде;
2) компьютер оқу құралы ретінде;
3) компьютер құрал ретінде.

Бірінші аспект – компьютер зерттеу объектісі ретінде.
Тапсырмаларды құрастыру принциптері.

Компьютерлік тапсырмаларды орындау барысында білім игеріліп, бекітіліп қана қоймайды, сонымен бірге компьютерлік дағдылар қалыптасады және компьютерге объект ретінде ақпаратпен жұмыс істеудің заманауи құралы және білім көзі, дереккөз болып есептеледі. Қажетті операцияларды (шерту, сүйреу және т.б.) орындау дағдыларын алу процесте орын алады мағыналы тапсырмаларды орындау, яғни баланың барлық зейінін өзіне аударатындықтан жанама түрде, тапсырманың мағынасымен, мазмұнымен жұмыс жасау [4,5].

Бастауыш сынып оқушыларында зейін жақсы дамыған, ол ерекше болады, оқу материалы айқындылығымен, жарықтығымен ерекшеленеді. Сондықтан оқытуда медиа сабақтарды пайдаланудың жоғары тиімділігі айқын (және компьютерге негізделген PowerPoint бағдарламасымен презентацияларын көрсету үшін компьютер мен мультимедиялық проектор пайдаланылады). Бұл медиа сабақтың әдістемелік мүмкіндіктері мен артықшылықтарын атап өтуге болады:

* Оқу үрдісінің тиімділігін арттыру;
* Кез - келген объектілер мен құбылыстарды модельдеу мүмкіндігі;
*Мультимедиялық эффектілер арқылы оқуға деген мотивацияның артуы;
* Көрнекілік-бейнелі арқылы ойлауды дамыту [2,3].

Қорытынды: Оқушыларды жағдайдан шыға білуге, қиындықтан жол таба білуге, төзімділікке тәрбиелеу керек. Қызықты тақырыпты тауып, оны шеше білуге үйрету керек. Оқушылардың ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне баулу олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, танымдық процестің барлық кезеңдерінде: зерттеу мақсаты мен міндеттерін қоюдан алған білімдерін практикада қолдануға дейін өз бетінше жұмыс істеуге ықпал етеді. Ал ғылыми-зерттеу іс-әрекеті барысында бақылауға, ақпаратты іздеуге қызығатын балалар орта мектепте оқуға тез бейімделеді. Зерттеу әдісі тәжірибеге бағытталған, студенттің өздік жұмысын топпен және топтық жұмысымен ұштастыруға мүмкіндік береді, студенттерді қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуге ынталандырады, табылған ақпаратты дұрыс жүйелеу үшін шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Республикасы 2050 Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана: Ақорда, 2012. – .www.edu.gov
2. Вендина А.А. Применение технологии критического мышления при изучении математических диссиплин студентами педагогического образования // Универсум: психология и образование. 2016. № 9 (27). С. 24-27.
3. Киричек К.А. Медиаурок в современной школе // НоваИнфо.Ру (Электронный журнал.) – 2017 г. – № 58; URL: http://novainfo.ru/article/10527 (дата обращения: 19.01.2017).
4. Математика 3 класс. Учебник для общеобразовательных организаций, в 2 ч. // Г.В. Дорофеев, Т.Н. Миракова, Т.Б. Бука – 6-е изд. – М.: Просвещение, 2015. - 123с.
5. Нечитайлова Е.В. Медиа-урок на основе технологии развития критического мышления // Химия в школе. 2012. № 4. С. 17-2

ӘОЖ: (32.001+323 (574)

САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТҰЖЫРЫМЫН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тажитаева Р.С. - с.ғ.к., доцент
Қуандық Н.Ж. - саясаттану магистрі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается понятие политические ценности в политологии. Статья рассматривает методы исследования политических ценностей граждан и предлагает рекомендации по исследованиям ценностей, так как понятие ценность является частью системы убеждений индивидов, эмпирическое исследования требуют междисциплинарных подходов.

Summary

This article examines the concept of political values in political science. The article examines methods for studying the political values of citizens and offers recommendations for researching values, since the concept of value is part of the belief system of individuals, empirical research requires interdisciplinary approaches.

Азаматтардың саяси құндылықтары Қазақстан секілді салыстырмалы түрде жас, әрі этникалық алуандылығы еліміз үшін зерттелуі қажет өзекті тақырып. Бұл мақала саясаттану ғылымының шеңберіндегі еңбектерге жүгінеді. Қазақстандықтардың саяси құндылықтарын осы саладағы теорияларға сәйкес қалай өлшеуге болады? Қазақстандықтардың саяси құндылықтары қандай? Саяси құндылықтарға қандай ұғымдарды жатқызуға болады, олардың азаматтың мінез-құлқына және елдегі саяси жүйеге әсері қандай? Сонымен қатар азаматтардың саяси құндылықтарын зерттеудегі ескеретін әдістемелік мәселелерге осы мақалада тоқталамыз.

Ғалымдар саяси құндылықтарды зерттеуде негізгі екі әдістің бірін ұстанады [1]. Біріншісі, «саяси құндылықтар» ұғымын концепттік және аналитикалық тұрғыдан талдау. Бұл әдіс арқылы тарихи-философиялық дәстүрдің шеңберінде осы ұғымның мағынасы ашылады және толықтырылады. Екінші әдіс әр түрлі қоғамдық институттар мен іс-шараларды тікелей бақылау жолымен саяси құндылықтарға анықтама беру және оларды талдау. Концепттік талдаусыз, ұғымның теориялық тұжырымдамасын пысықтамай эмпирикалық зерттеулер жасау мүмкін емес.

Саяси құндылықтар ұғымы саяси мінез-құлық (political behaviour) туралы зерттеулер шеңберінде қарастырылады. Ең алғаш азаматтардың саяси құндылықтарын зерттеудің маңызды екенін Г.Алмонд және С.Верба атты ғалымдар көрсетті [2]. Олар өз еңбегін әр түрлі саяси жүйелерді зерттеуге арнады. Саяси жүйелерді түсіну үшін олардың институционалдық және конституциялық сипаттарына назар аудару жеткіліксіз дейді ғалымдар, сол жүйені жасайтын жеке тұлғалардың саяси көзқарастарын да есепке алу маңызды екендігін айтады. Бұған дейін әр түрлі саяси шешімдерді түсіндіру кезінде тек қана мемлекеттік институттарға және заң шығарушы ұйымдарға назар аударылып келді. Азаматтардың саяси мәдениеті мен көзқарастарының саяси жүйеге әсері ескерілген жоқ. Бұл көзқарас елдегі саяси жүйені зерттеуге бір жақты қарайды,

және елдегі саяси жүйенің табиғатына азаматтардың қатысы жоқ секілді көрсетеді. Осы еңбек жарияланған уақыттан бастап, саяси жүйені зерттеу кезінде азаматтардың саяси мәдениетіне назар аударыла бастады.

Азаматтардың саяси мәдениетіне саясаттану ғылымында қандай анықтама мен теориялық өлшемдер жасалғанына тоқталып өтсек. Себебі саяси құндылықтар саяси мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Саяси мәдениет тұжырымы 1950-1960 жылдары кеңінен зерттелетін тақырыпқа айналды. Себебі осы уақытта, қоғамды түсіндіру үшін оның мәдениетін тұжырымдау үрдісі орын алды. Ғалымдар қоғамдағы экономикалық және саяси өзгерістерді түсіну үшін алдымен сол қоғамды жасайтын адамдардың мәдениетін зерттеу қажет деген ойға жаппай келісті. Саяси мәдениет осы жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретінде саясаттанушы ғалымдардың басты фокусына айналды. Сонымен, саясаттануда саяси мәдениет деп «саяси іс-әрекеттерді белгілі бір қайталанбалы жолмен жасауды» айтады. Азаматтардың мұндай әдеттері мен бейімділіктері саяси жүйенің қызметіне, оның тұрақтылығы мен тиімділігіне ықпал етеді. Мысалы үшін, сайлау кезінде дауыс беру, өзіне ұнамайтын, немесе құқығын шектейтін саяси шешімдерге ашық пікір білдіру секілді әрекеттер сол қоғамның саяси мәдениетін көрсете алады. Яғни, саяси жағынан алғанда қоғамда қандай әрекеттер қалыпты болса, сол әрекеттердің жиынтығын сол қоғамның саяси мәдениеті деп атауға болады. Саясаттанушылар елдегі саяси процесстер саяси мәдениетті қалыптастырады ма, әлде саяси мәдениет сол саяси процесстерге ықпал етеді ме деген сұрақ бойынша көп пікірталасқа келеді. Бұл дилемманы мысалмен көрсететін болсақ, азаматтар өз дауысының ықпалды екеніне көзі жеткенде қоғамда дауыс беру мәдениеті қалыптасады ма, әлде азаматтар дауыс беруін тоқтатпай, өз дауысының ықпалын талап еткенде саяси жүйе өзгереді ме деген сұрақ. Мысалы үшін, Қазақстанда 2021 жылдың 10 қаңтарында өткен парламент сайлауына азаматтардың 63,3 %-ы қатысты [3]. Осы құбылысты жоғарыда келтірілген дилемма тұрғысынан талқылауға болады. Азаматтардың осындай іс-әрекетіне саяси жүйенің ықпалы бар болса, азаматтардың құндылықтарына да саяси жүйе ықпал ете ме деген сұрақ туындайды.

Оксфорд саяси мінез-құлық бойынша анықтамалар жинағы саяси құндылықтарға [4] анықтама беруден бұрын алдымен құндылықтар ұғымына тоқталады. Ал құндылықтарға нақты теориялық анықтама беру қиын. Құндылықтарды анықтаудың қиын екеніне бір себеп ол абстрактілі ұғым, сіз бір кісінің құндылығын көзбен көре алмайсыз, тек қана оның бар екенін еш дәлелсіз қабылдауға тура келеді. Әрине ғалымдар адамдардың кейбір әрекеттерін ол адамның құндылықтары деп түсіндіруге тырысады. Көптеген ғалымдар құндылықтарға адам санасына терең сіңген белгілі бір сенімдер мен бейімділіктер деп анықтама берді, осы сенімдер адамдардың іс-әрекеттеріне бағдар береді, және қоғамда белгілі бір нормаларды орнатады деген тұжырымға келді. Құндылықтарды зерттеу үшін, ол ұғымның анықтамасына емес, сол құндылықтардың іс жүзіндегі көрінісіне назар аударған осы тақырыпты зерттеуді жеңілдетеді. Құндылықтардың анықтамасына тоқталған соң, енді саяси

құндылықтардың анықтамасын жасауға болады. Құндылықтарды әдетте әлеуметтанушы ғалымдар әр түрлі салаға бөліп қарастырады.

Саяси құндылықтар – азаматтардың саяси салаға қатысты құндылықтары мен әдеттері деп көрсетеді Оксфорд саяси мінез-құлық бойынша анықтамалар жинағы [4]. Яғни, саяси құндылықтарды қарастыру кезінде ғалымдар азаматтардың дауыс беру, саяси шешімдерге қарсылық таныту секілді дағдыларын қарастырады. Азаматтар өзінің саяси құндылықтарына байланысты саяси ой-пікірін қалыптастырады және елдегі саяси жүйеге ықпал жасайды.

Азаматтардың саяси құндылықтарын зерттеу қоғам үшін маңызды. Себебі ол адамдардың нені қалайтынын, қандай қоғамда өмір сүргісі келетінін түсінуге мүмкіндік береді. Социалистік жүйе құлағаннан кейін елдердегі жаңа биліктің орнығу кезінде азаматтардың саяси мәдениеті мен құндылықтарын анықтаудың маңызды екенін саясаттанушы ғалымдар жазды. Себебі, азаматтардың саяси құндылықтарын ескермесе жаңа билік келіп жаңадан саяси режимді орнату кезінде көптеген конфликттер орын алуы мүмкін. Бұған Югославия және кейбір посткеңестік елдер мысал бола алады. Яғни, қоғамда адамдардың саяси құндылықтары әр түрлі болған жағдайда және билік оны ескермесе осындай қақтығыстар орын алуы мүмкін деп жазады Хальман Лоек [4].

Саяси құндылықтарға жасалған шолу көрсетіп отырғандай, саяси құндылықтар мемлекеттік жүйеге қатысты ұғым. Яғни, барлық еңбектер саяси құндылықтардың мемлекеттік институттардың, билік режимінің табиғатына ықпалын қарастырады. Саяси құндылықтарды мемлекет ұғымынсыз да қарастыруға болады, алайда бұл саясаттану ғылымының зерттеу шеңберіне кірмейді. Саясаттанушы ғалымдар әр түрлі елдердегі саяси жүйелерді салыстырмалы түсіндіру кезінде азаматтардың саяси құндылықтарына тоқталады. Сондықтан да көп жағдайда саяси құндылықтарды жеке тұлғаның емес, азаматтың (яғни мемлекет тұрғысынан қарастырғандағы тұлға) құндылықтары деп қарастырады.

Осы тұрғыдан қарағанда саяси құндылықтар азаматтық құндылықтармен синоним ретінде де қолданылады. Қазақстандықтардың құндылықтары туралы жазылған ұжымдық монографияда [5] кітаптың авторлары азаматтық және саяси құндылықтар ретінде келесі ұғымдарды қарастырды: жеке бас тәуелсіздігі; қоғамдық плюрализм; демократиялық құқықты түсіну; теңдік; қауіпсіздік; әділеттілік.

Бұл зерттеуде авторлар алдымен өздері саяси құндылық деп таныған аспектілерді бөліп алады да, азаматтардың сол құндылықтарды ұстануын зерттейді. Яғни, бұл зерттеу азаматтардың көзқарасымен алғанда саяси құндылықтар не екеніне тоқталмайды. Зерттеудің жасаған кейбір қорытындыларына тоқталып өтсек. Зерттеу бойынша азаматтардың экономикалық жағдайы мен олардың елдегі демократияға баға беруінің арасында байланыс жоқ. Себебі, экономикалық жағдайы жоғары және төмен болуына қарамастан екі топтың ішінде де елдегі демократиялық жағдайға көңілі толатындар көпшілік. Сонда да, «экономикалық жағдайы өте жоғары адамдар елдегі демократияға әсіресе көңілі толады» дейді зерттеу. Осы зерттеуде

көрсетілген тағы бір аспект ол саяси институттарға сенім. Елімізде президент, қазақстандық армия және парламент азаматтар үшін сенім оятатын институттарға кіреді, және бір атап өтетіні ол діни институттарға деген сенімнің жоғарылығы. Әрине бұл жерде этносаралық ерекшеліктердің болуы анық. Осы зерттеу қазақстандықтардың саяси құндылықтары тақырыбында халықтың ой-пікірін көрсетті, осы ой-пікірлерге себеп болып отырған әлеуметтік және мәдени, психологиялық ерекшеліктер тереңірек зерттеуді қажет етеді. Ол жағдайда құндылық деп көрсетілген әр тақырып жеке бір ауқымды зерттеуді қажет етеді.

Қазақстандықтардың саяси құндылықтарына, олардың саяси мінез-құлқына ықпал ететін когнитивті және эмоционалды факторлар туралы зерттеулер жоқ елімізде. Богдан И.В. ресейлік қоғамның саяси құндылықтарын зерттеуде осы әдісті ұсынады [6]. Осы арқылы қоғамның саяси жүйе туралы танымы қандай, адамдар саяси құндылықты қалай түсінеді деген сұрақтарға жауап табуға болады. Қазақстанның жағдайында этностардың арасындағы саяси құндылықтардың айырмашылығын анықтау қажет. Жоғарыда аталған ұжымдық монографияда қазақтар елдегі демократияға орыстармен салыстырғанда көбірек қанағаттанады деп көрсетіледі [5]. Алайда, ол халықтың жалпы демократия деп нені түсінетіні, демократия немесе басқа да саяси жүйеге қатысты ұғымдарға халықтың мәдениеті, көзқарастары қалай ықпал ететіні бұл еңбектің зерттеу мақсатына кірмеген.

Сонымен қазақстандықтардың саяси құндылықтарына нені жатқызуға болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, қазақстандықтар деп жалпылау зерттеудің нәтижелеріне теріс ықпал етуі мүмкін. Себебі қазақстандық деген топтың ішіне кіретін этностық, аймақтық, қалалық немесе ауылдық, экономикалық, гендерлік және білім деңгейі бойынша топтардың көзқарасында айырмашылықтар болуы мүмкін.

Медиада және еліміздегі белсенді қоғамдық ортада көрініс тауып жүрген саяси құндылықтарға назар аударатын болсақ. Біздің бақылауымызша, қазіргі қазақстандық қоғамды елдегі саяси шешімдерге белсенді араласушы және мен ешқандай өзгеріс жасай алмаймын деп, саяси мәселелерге араласпайтын екі топқа бөлуге болады. Белсенді араласып жүргендер өздерінің саясатқа пікірі мен көзқарасын әлеуметтік желілер арқылы көрсетеді. Осы екі топтың құндылықтары олардың іс-әрекеттеріне қалай ықпал ететініне назар аудару керек. Құндылық деген адамның сенімдері болуы мүмкін, алайда адамдар сол сенімдерінің жетегінде әрекет етпеуі де мүмкін. Сайлауға қатысуды құндылық деп санап, алайда іс жүзінде өзі сайлауға қатыспауы, оның дауыс беруді құндылық деп санамайды деп болжауға болмайтынын көрсетеді. Бұл ретте елдегі саяси режим мен процестер де адамдардың іс-әрекетіне ықпал ететінін ескерген жөн. Мысалы үшін, азаматқа демократиялық елде тұру құндылық болып саналса да, ол тікелей барып дауыс бермеуі оны жасаған протестінің көрінісі болуы мүмкін.

Халықтың сайлауға бару бойынша статистикасына қарап олардың құндылықтары туралы қорытынды жасау дәлсіз әдіс. Сайлауға бармауды азаматтардың саяси құндылықтары тұрақталмаған деп санауға болады ма, мұны зерттеу керек. Сондықтан осы мақала құндылықтарды зерттеуге ауқымды және

пән аралық зерттеу әдістерін қолдануды ұсынады. Оған әлеуметтік, психологиялық, мәдениеттанулық, антропологиялық әдістерді біріктіріп зерттеу жоспарын құру керек. Демократия ұғымына қарапайым ауыл тұрғыны мен, қалада тұратын жоғары білімді, көп тілдерді білетін жас қандай мағына беретінін зерттеу үшін «Демократия дегенде менің ойыма ....» секілді когнитивті әдісті қолданғанның өзінде адамдардың жауаптарының ішінде жоғарыдағы қандай топқа жататынына байланысты өзгешеліктердің болу болмауын анықтауға болады. Осы мақалада біз қазақстандықтардың құндылықтарын зерттеудегі осындай ескерілмеген аспектілерге назар аударуды ұсынамыз. Халықтың өз саяси құндылықтарын білуі, қоғамның өзі үшін де маңызды.

Саяси құндылықтар тек қана саясат немесе мемлекет үшін маңызы бар тақырып емес. Оның әлеуметтік те қызметі бар. Э.Коннорс ғалымдарды саяси құндылықтардың әлеуметтік тұсына назар аударуға шақырады [7]. Автордың айтуынша саяси құндылықтар ең алдымен адамдардың өздеріне пайдалы. Себебі, белгілі бір саяси құндылықтары қалыптасқан қоғам әлемдегі толып жатқан саясиланған ақпаратты фильтрден өткізіп, сыртқы ықпалдың күшін азайта алады. Адамдар саяси жүйеден нақты не күтетінін білдірмесе, өздерінің саяси құндылықтарын нақты қалыптастырмаса көпшіліктің көзқарасын есепке алатын үкімет құру мүмкін емес. Егер қоғамның саяси көзқарасы тұрақсыз болса, олар оңайлықпен медиа және саяси элитаның ықпалына түсіп өздерінің түпкілікті қажеттіліктерінен ауытқып кетеді.

Елде саяси режімді орнататын, идеяны дәріптейтін адамдардың ықпалы үлкен болған сайын құндылықтары тұрақсыз халық харизмасы жоғары адамның сөздері мен көзқарасына оңай еріп кетуі мүмкін. Сондықтан да саяси құндылықтарды ұстанатын және оны дәріптейтін ашылық топқа да назар аударылу ұсынылады. Мұны әсіресе Американың мысалында көруге болады. Америкада демократтар мен республикандықтардың арасындағы бөлініс ең ауқымды. Халық осы екі саяси идеяның және оның басында тұрған көшбасшылардың ұсынатын саяси шешімдеріне байланысты таңдау жасайды. Қай биліктің басшылыққа келуіне байланысты сол елдегі саяси жүйенің алдағы бірнеше жылдық сипаты да өзгереді. Саяси жүйенің сипатына байланысты қоғамның өмірінде де әр түрлі өзгерістер орын алады. Оны осы партиялардың біріне дауыс беріп отырған халық жақсы түсінуі тиіс. Алайда, халықтың өзі саяси құндылықтарын елдегі жағдайға байланысты өзгертіп отыруы мүмкін. Сонымен қатар, қоғамның әсерімен, қоғамда қабылдану үшін, маңыздылығын арттыру үшін өзінің саяси мінез-құлқын өзгертетін жағдайларға назар аудару қажет болады. Яғни, саяси мәдениет қоғамды өзгертіп қана қоймай, ол қоғамнан да ықпал алады, қоғамның мақұлдауы да жеке тұлғалардың саяси мінез-құлқына ықпал етеді. Сондықтан саяси мәдениет орын алып отырған қоғам саясаттанушылардың назарынан тыс қалмауы тиіс.

Қорыта келе, саяси құндылықтарды зерттеуде сапалық, және пәнаралық әдістерді қолдану маңызды. Себебі саяси құндылық ұғымы мәдениетпен және жеке тұлғалардың психологиялық, және мүдделік күйіне қарай өзгеріп тұратын ұғым екені айтылды. Құндылықтарға, оның ішінде саяси құндылықтарға сол

қоғамның мәдени ерекшеліктерін зерттемей баға беру қате болатындығы айтылды. Қазақстандықтардың саяси құндылықтары елдің қазіргі трансформациялық жағдайында әр түрлі өзгеріске ұшырап, елдегі түрлі саяси институттар мен қоғамның ықпалына оңай түседі. Сондықтан бұл тақырыптағы зерттеулер ауқымды пәнаралық әдістемені талап етеді.

Әдебиеттер

1. Eugene J. Meehan. The Study of Political Values. International Political Science Review. 1982. – Vol.3. – No 2. – Norms and Values (1982).
2. Almond Gabriel A., and Sidney Verbas. The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Princeton. – N. J. : Princeton Univ. Press, 1972.
3. https://ru.sputnik.kz/society/ 20210110/15986462/ vybory-kazakhstanyavka.html [Электронный ресурс].
4. Halman Loek. Political Values. Oxford University Press, 2007. https:// doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199270125.003.0016.
5. Исмуханова Г., Шарипова, Д., Тureханова, Б., Ракишева, Б., Насимова, Г., Ермаханова, С., Килыбаева, Ш., Умбеталиева, Т., Гуревич, Л. Ценности казахстанского общества в социологическом измерении//Фонд им. Фридриха Эберта. Представительство в Казахстане, Алматы: Издательство ТОО DELUXE Printery, 2019. – 140 с.
6. Богдан И. В. Политические ценности в современной России: когнитивные, эмоциональные и поведенческие аспекты. Выпуск 3, 2014
7. Connors Elizabeth C. «The Social Dimension of Political Values». Political Behavior 42, no. 3 (September 2020): 961–82. https://doi.org/10.1007/ s11109-019-09530-3.

МРНТИ 14.35.09, 31.01.45, 16.41.21

ХИМИЯ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Б.Б. Шағраева х.ғ.к., доцент
Д.Н. Турғунбаева 7М01504-Химия мамандығының 1курс магистрі
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы
e-mail: dariyanurjankyzy@gmail.com

Резюме

Предлагаемая статья посвящена изучению возможностей развития критического мышления школьников в образовательном процессе современной школы. В работе рассмотрены основные правила данной методики, ее основные приемы и подходы, приведены примеры ее использования на занятиях по химии.

Summary

Annotation. *The proposed article is devoted to the study of the possibilities for the development of critical thinking of schoolchildren in the educational process of a modern school. The paper discusses the basic rules of this technique, its main techniques and approaches, examples of its use in chemistry classes are given.*

Бұрын-соңды отандық білім беру жүйесі оқушыларды мұндай қарқынды өзгермелі жағдайда өмірге дайындаған емес. Заманауи ақпараттық қоғам өзінің үздіксіз дамуымен адам тұлғасына жаңа талаптар қояды. Өмірдің үдеу ырғағы, орасан зор ақпарат ағындары, шұғыл шешімдерді қажет ететін мәселелер, барған

сайын күрделі кәсіби міндеттер қазіргі заманғы маманның ұтқырлық, шығармашылық және өзін-өзі бақылау, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі реттеу дағдылары сияқты тұлғалық қасиеттерін белсенді түрде дамытуды талап етеді. Сондықтан қазіргі мұғалімнің міндеті – тек білімді беру емес, қазіргі заманда табысты, жаңа ақпаратты адекватты түрде қабылдай алатын, оның көзі мен мақсатын зерттей алатын; әртүрлі көзқарастарды талдап, өз көзқарасын тұжырымдай алатын жеке тұлғаны дамыту [1].

Біздің елімізде балалардың дарындылығы мәселесі мемлекеттік маңызға ие, сондықтан бүгінгі таңда балалардың қабілеттерін дамытуға, мектепке дейінгі, мектепте, жалпы орта білім беру ұйымдарында дарындылықты дамытуға жағдай жасауға бағытталған түрлі бағдарламаларға ерекше көңіл бөлінуі кездейсоқ емес. Жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру – бүгінгі күннің, заманымыздың қоғамдық тәртібінің өзекті талабы.

Осы құзыреттерді дамытуға мүмкіндік беретін білім беру саласындағы ең қызықты заманауи технологиялардың бірі – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы. Сыни тұрғыдан ойлау, яғни шығармашылық адамға жеке және кәсіптік өмірдегі өзінің басымдықтарын анықтауға көмектеседі, жасаған таңдауы үшін жеке жауапкершілікті көздейді, ақпаратпен жұмыс істеудің жеке мәдениетінің деңгейін арттырады, талдау және өз бетінше қорытынды жасау қабілетін қалыптастырады, өз шешімдерінің салдарын болжау және оларға жауап беру, бірлескен іс-әрекетте диалог мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді [2].

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту қазіргі дидактиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Заманауи жағдайда салыстыру, талдау, алынған білім мен дағдыларды жаңа жағдайға беру, мәселелерді шешудің балама әдістерін іздеу, қорытынды жасау қабілеті жоғары бағаланады.

Осы қасиеттердің қалыптасуына ықпал ететін ғылымдардың бірі – химия. Химия ғылымының бастауы ерте заманда жоғалғанымен, бұл ғылым қартаймайды және біздің заманда өмірдің барлық саласына еніп, қарқынды дамып келеді. Оқушы химияның кең және қызықты әлеміне неғұрлым тезірек енсе, соғұрлым ол тезірек тәуелсіз, белсенді жұмысшы бола алады [3].

Есептерді шығару, жаттығуларды орындау, проблемалық сипаттағы теориялық сұрақтарға жауап беру арқылы оқушы қазіргі таңда қажетті дағдыларды меңгереді.

Тапсырмалар. Оларды шешу шығармашылық ойлауды дамытуға тікелей әкеледі. Есептерді шешу қабілетін дамыту балалар үшін қызықты түрде жүруі керек. Қиын нәрселерді түсінуге деген қызығушылық балаларды нағыз шығармашылық тұлға етеді, олардың интеллектуалдық ізденістерінен қанағаттану мүмкіндігін береді және қиын материалды игеруді жеңілдетеді. Стандартты емес мазмұндағы тапсырмалар (элемент немесе қосылыс іздеу, белгілі бір заттың қолданылуын дәлелдеу, шарттарды құрастыруда белгілі кейіпкерлерді пайдалану) тек ойлауды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар пәнге деген сүйіспеншілікті ояту.

Жаттығулар. Оқушылардың ой-өрісін дамыту үшін максималды мүмкін болатын шешімдерді табуға арналған жаттығулар ұсынылады (мысалы,

формулаға сәйкес келетін барлық мүмкін заттарды белгілеу). Химия пәнінің танымдық құндылығын арттыру үшін оның өмірмен байланысын күшейту қажет [4].

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту қағидаларына құрылған сабақ үш кезеңнен тұрады: шақыру, идеяны жүзеге асыру, ой толғау. Әр кезеңде оқушы өз тәжірибесі тұрғысынан жұмыс жасайды, өз сұрақтарын қояды. Бастапқыда ол мақсат қоюдан өтеді, содан кейін ол жүйеге жаңа білімді қалыптастырады. Соңғы кезеңде коммуникация бірінші орынға шығады, өйткені рефлексия қарым-қатынаста орын алады [5].

Шақыру.

- Бұрыннан бар білімді белсендіру, жаңа ақпарат алуға қызығушылығын ояту, оқушының өзіндік оқу мақсатын қою;
- «Белгілі ақпарат» тізімін құрастыру;
- Кілт сөзді болжау әңгімесі;
- Материалды жүйелеу (графикалық: кластерлер, кестелер);
- Дұрыс және жалған мәлімдемелер;
- Шатастырушы логикалық тізбектер;
- «Жуан» және «жіңішке» сұрақтар;

Идеяның жүзеге асуы.

- Жаңа ақпарат алу, тақырыпқа деген қызығушылықты сақтау, оқушының оқу мақсаттарын түзету.
- «+», «-», «?» белгішелері арқылы белгілеу (материалды оқи отырып, оларды оң жақтағы шеттерге орналастырылады).
- Қосарлы күнделік немесе журналдар түрінде есеп жүргізу, кестелерді толтыру.
- Сабақтың бірінші бөлімінде қойылған сұрақтарға жауап іздеу.
- «Блум таксономиясы»

Рефлексия.

- Түсіну, жаңа білімнің тууы, оқушының жаңа оқу мақсаттарын қоюы, болашаққа жоспар құруы.
- Кластерлер мен кестелерді толтыру.
- Ақпарат блоктары арасындағы себепті байланыстарды орнату.
- Түйінді сөздерге, ақиқат және жалған мәлімдемелерге оралу.
- Қойылған сұрақтарға жауаптар.
- Ауызша және жазбаша дөңгелек үстелдер ұйымдастыру.
- Әртүрлі пікірталастарды ұйымдастыру.
- Шығармашылық жұмыстарды жазу.
- Тақырыптың жеке мәселелері бойынша зерттеу.

«Ассоциация» әдісі

Оқушыларға сабақтың тақырыбын оқып, сұраққа жауап беру ұсынылады:

- Сабақта нені талқылауға болады?
- «----» деген сөзді естігенде қандай ассоциация туады?

Оқушылар барлық пайда болған ассоциацияларды тізеді, оны мұғалім де қағазға немесе тақтаға жазады.

2 кезең – Жаңа ақпаратты түсіну.

Мұғалім оқушыларға жұмыс істеуі керек жаңа ақпаратты ұсынады.

Бұл оқушының жаңа ақпаратпен байланысқа түсетін кезеңі. Бұл байланыс келесі формада болуы мүмкін:

- абзацты оқу,
- кино көру,
- баяндамаларды тыңдау және т.б

Оқушылар абзацты оқиды, мұғалім белсенді әдістерді ұсынады, жаңа ақпаратты түсіну кезінде ескертпелер жүргізеді, оқылатын материалмен жұмыс істеу кезінде түсінуді қадағалайды.

«Жазбаларды белгілеу» әдісі

Оқушылар мәтінді қабылдап, оған тиісті ескертулер жасайды:

«+» - егер оқығаныңыз сіз білетін нәрсеге сәйкес келсе, белгілеңіз;

«-» - егер оқып жатқандарыңыз сіз білетін немесе сіз білетін нәрсеге қайшы келсе, белгілеңіз;

«V» - егер оқып жатқаныңыз жаңа болса, белгілеңіз;

«?» - егер оқып жатқаныңыз түсініксіз болса немесе тақырып бойынша қосымша ақпарат алғыңыз келсе, белгілеңіз.

Сонымен, мәтінді оқу барысында оқушылар өз білімдері мен түсінігіне сәйкес шеттерге төрт түрлі конспект жасайды. Жұмыс уақыты мәтіннің көлеміне қарай бөлінеді

Оқушы жұмысқа өз бетімен және белсенді қатысуы керек.

Тұжырымдама кестесі. Әдістеме бірнеше нысанды бірнеше позицияда салыстыру қажет болғанда қолданылады. Мысалы, 10-сыныпта құрамында оттегі бар органикалық заттарды оқып болған соң, сабақтағы жігіттер блок-схеманы толтырады, ал үйде оларға жүріп жатқан реакциялардың 6 теңдеуін құрастыру тапсырмасы беріледі.

Реакция мүмкін болатын жерге + белгісін қойыңыз

Зат	Натрий	Натрий гидроксиді	Лакмус	Қышқылдану +(O)	Сутегі	Эфирдің түзілуі
Этанол						
Этаналь						
Этан қышқылы						

9-сыныпта тестілеуге дайындалу барысында «Металдар» бөлімін оқығаннан кейін оқушылар келесі кестені толтырады:

Реакция мүмкін болатын жерге + белгісін қойыңыз

Зат	H_2SO_4	CO_2	$CuSO_4$	KOH	Фенолф-талеин	t^0 ыдырау
NaOH						

Mg(OH)2						
Al(OH)3						

«Жіңішке» және «жуан» сұрақтар әдісі

«Жіңішке» сұрақтар:

Бейметалдар периодтық жүйеде қай жерде орналасқан?

Оксидтер класының қосылыстары біздің өміріміз үшін маңызды деп ойлайсыз ба?

Спирттердің құрамын ата.

«Жуан» сұрақтар:

Бейметалдардың химиялық белсенділігінің айырмашылығын қалай түсіндіруге болады?

Бірқатар оксидтердің физикалық және химиялық қасиеттерін білу төтенше жағдайда өміріңізді сақтап қала ала ма?

Суды спирттердің гомологтық қатарының бірінші өкілі деп санауға бола ма?

Осы және басқа да тапсырмалар сыни тұрғыдан ойлау технологиясын сабақта жүзеге асыруға, шығармашылық іс-әрекет процесінде материалды бекітуге, білімді жүйелеуге және жоспарланған оқу нәтижелеріне жетуге көмектеседі [6].

Сыни тұрғыдан ойлау технологияларын сабақта қолдана отырып, мұндай жан-жақты жұмыс оқушылардың берілген ақпаратты жан-жақты түсінуін қалыптастырады, балалардың алған білімдерін бекітуге, одан да маңыздысы белсендіруге көмектеседі деген қорытындыға келдім. Жадтан жұмыс істегенде, әдетте айтылған нәрсе алынады: «Мен мұны білетінімді білмедім». Жұмыстың бұл түрі бұрыннан бар ақпаратты қайта қарауға, мәселеге екінші жағынан қарауға, білімдегі олқылықтарды толтыруға мүмкіндік береді. Өйткені, әдетте жігіттерден талдау, негізгі нәрсені таңдау, қорытынды жасау талап етіледі және мұның бәрі шығармашылық қабілеттерді дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Шығармашылық белсенділік пәнге қызығушылық болған кезде пайда болады.

ӘДЕБИТТЕР:

1. Программа курсов повышения квалификации педагогических работников РК, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012 г.
2. Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения, А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова, Алматы, 2012 г.
3. Зиновкина М. М. Многоуровневое непрерывное креативное образование в школе // Концепт. – 2012. – № 9
4. Бахольская Н.А., Хасенова А.А. Использование некоторых приемов технологии развития критического мышления (кластер, синквейн) на уроках химии // Наука 21 века: теория, практика, перспективы. Сборник статей Международной научно-практической конференции. 2014. С. 144-145.
5. Спицына И.А. Критическое мышление как способ решения противоречий современного образования // Педагогика и современность. 2013. №6. С. 17-19.
6. Шакирова К.Н. Сын тұрғысынан ойлау жобасын химия пәнінде қолдану. Оқу-әдістемелік құрал, 2017

ӘОЖ 372.8:745/749

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Сарыбаев Ғалымжан Мырзасейтұлы- педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Жолдасбекова Гүлнар Дауренбекқызы - педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
Құлыншақ Ақжол Қазыбекұлы - 4-курс студенті
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье расматривается развитии учебной деятельности учащеися средствами художественно-прикладного искусства при прведении уроков художественного искусства.Пробуждение интереса учашихся к творческой деятельности.

Summary

This article deals with the development of the student´s educationa activity by means of arts and crafts in the course jf art lessons.Awakening student´s interest in creative activitits.

Біздің елімізде қазіргі кезде білім беру, ағарту жүйесінде оқушыларды жалпы көркем өнерді, шығармашылыққа оқытуда, жеке тұлғаны дамытуда көркем тәрбиені және эстетикалық тәрбиенің заманауи мәселелерін табысты шеше алатын жаңа тәсілдер қажет болады.

Әр баланың жалпы жеке бас жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі болады. Бір балаларда эмоцианалдығы жоғары болып, ал екіншісінде баяулау болуы мүмкін. Балалардағы есте сақтау ерекшелігі, ойлауы, зейіні әрқалай болуы мүмкін.

И.Красильников: Балалардың шығармашылыққа деген қабілетін дұрыс басқару үшін балалардың шығармашылық өнерге іс-әрекетінің ерекшеліктерін білу қажет. Сәндік қолданбалы өнер арқылы баланың жүрегінің кілтін табуға, онымен қарым-қатынас орнатуға, оның көркемдік қабілеттері мен эстетикалық сезімдерін дамытуға, оның көрнекі қабылдауы, елестету, кеңістікті бейнелеуі, есте сақтауы т.б қабілеттерін дамытуға келіп тіреледі.

Оқушылардын қызығушылықтарын ояту үшін, барлық мүмкіншіліктің бәрін жасау қажет. Оқушылардың сәндік қолданбалы өнерге бейімділігінің артуы, олардың шығармашылыққа деген қабілеттерінің, қызығушылығының көрсеткіші болып табылады. Оқушының шығармашылыққа деген қызығушылығын дамыту үшін жеке қабілеттерін ескере отырып жасаған дұрыс. Сонымен, көркем еңбек сабағында оқыту мен тәрбиелеудегі жетекші бағыт- оқушының жеке тұлғасын сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

И. Красильниковтың пікірінше: Жетекші педагогикалық идеялардың бірін оқушыға бағытталған – көзқарас идеясы, деп атауға болады деген[1].

Бұл идеяның мақсаты: Жеке тұлғаның жеке (субъективті) тәжірибесін барынша көрсету, бастау, пайдалану, дамыту жағы қарастырылады. Жеке тұлғаның өзін танып, жеке қаиеттерін, өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі қалыптасуына жәрдем беру.

Г.К. Селевконың оқу процесі «оқушы-ұстаз» диалогына негізделіп жасалған. Бұл жағдайда оқушының жеке пікірі міндетті түрде ескеріледі.

Педогогикалық жетекші идеяда коркем еңбек сабақтары балалардың ерекшеліктерінің зерттеуге және әр баланың жеке көзқарасын жүзеге асыруға көп мүмкіншіліктер береді. Сондай-ақ, оқушылардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, зейінін, бақылауын, табандылық пен ерік-жігерін қарастырады. Сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылық қасиеттерді қалыптастыру баланы дайындаудың және оқуы мен жан-жақты дамуының маңызды шарты болып есептеледі.

Көркем еңбек сабағының негізгі мақсаты – балалардың көркемдік және шығармашылық қабілеттерін дамыта оқытуды ұйымдастыру.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың шығармашылық әрекет дағдыларын дамыта отырып, сәндік қолданбалы өнер арқылы оқушыларды кескіндеме, мүсін, графика, тоқыма, кесте тігу, зергерлік, ағаш, металл өңдеу т.б. кәсіби өнер туралы түсініктермен қаруландырады.

Сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылығын әлсіретпеу үшін дамыту жұмыстары қызықты әрі сапалы болуы керек. Барлық мамандықта, барлық жұмыста болмасын шығармашылық – алға ұмтылудың негізі болып саналады. Көркем еңбек сабақтары үлкен шығармашылық байлыққа толы. Бұл пән өзін-өзі көрсетуге және қабілеттерін дамытуға көптеген мүмкіндіктер ашады.

Көркем еңбек сабақтары пәнаралық байланыстармен ұштаса отырып, олар баланың дамуына айтарлықтай әсер етеді. Шығармашылық – өнердегі әсемдікті қабылдап сезіну, түсіну, сұлулықты да өз бетінше жасап, айналадағы сұлулықты бағалау болып табылады. Оқу іс-әрекетін сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту сабақтардың, сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік міндеттерін сәтті шешуге де ықпал етеді [2].

Дәркембай Шоқпарұлының еңбектерінде, сәндік қолданбалы өнер арқылы қабілеттерді дамыту үшін көркем еңбек сабақтарының маңызы ерекше, өйткені оның көптеген құнды қасиеттері бар. Сәндік қолданбалы өнер арқылы тығыз ұштасып жатқан қызметтің бұл түрі мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде өте жоғары дәрежеде ықпал етеді. Оқушылар сәндік қолданбалы өнерге ерекше қызығады, өйткені, мұнда олар шығармашылық элементтерін көбірек көрсете алады. Мұнда, оларға: ағаш, металл бұйымдардың бөлшектерін өз қалауынша таңдай білу, түс комбинацияларында олардың түсін дербес анықтау мүмкіндігі көмектеседі [3].

Қ.Әмірғазинның зерттеуінде, сәндік қолданбалы өнерде оқушылар әсем заттар жасауға ұмтылады, оларға эстетикалық қасиеттерін қалыптастыратын жағдайлар әсер етеді: пішін, сызық, материал, түс сезімі сияқты. Мұның бәрі эстетикалық талғамды дамытады; біліктілігін арттыруға деген ұмтылысын күшейтеді.

Негізгі міндеттер мыналар:

• Оқушыларды шынайылықтан әсемдікті іздеуге және олардың өміріне сұлулықты, әсемдікті ендіруге үйрету.

• Оқушыларды мейірімділік және бақыт жолымен жүргізу.

• Оқушылардың шығармашылық жағынан өсуіне қолайлы жағдай жасау.

• Оқушыларды жұмыс жасауға мәжбүрлемеу, тек қана еңбекпен баурап алу.

• Оқушыларды тиісті деңгейде қолдау, баланың ерік-жігерін дамытуға көмектесу.

Сәндік қолданбалы өнер арқылы шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылығын арттыру үшін дамыту стратегиясы қажет:

• Мұны барынша пайдаланыңыз – ол, қызығушылық.

• Оқушылармен жұмыс жасауда бұрыннан көрсетілген қабілеттерге (тігін тігу, тоқыма тоқу, кесте тігу, ағаш, металл өңдеу, кескіндеме, графика, модельдеу, сәндік қолданбалы өнер) сүйеніңіз.

• Мотивация жасау - табысқа жету үшін маңызды қадам.

• Адамның жұмысының әлеуметтік мәніне тоқталып өту.

• Қабілетіңізді әрекет ретінде ұйымдастырып бағыттаңыз.

Білім алушылар еңбекқор және көп нәрсе жасап, үлкен нәрсе жасай алады. Көркем еңбек сабағын өткізу әдістемесіне шығармашылықпен қараңыз, жұмыстың жеке, топтық, ұжымдық, ойын түрлерін ұйымдастырып өтіңіз.

Оқушылармен жұмыс жасағанда өзіндік ойлап, өз қолдарымен көп бұйымды жасауға, стандартты емес шешімдерді білетіндей, жұмыста еркін, жаңа және күтпеген жерден қорықпайтындай сабақтар жүйесін құруды қолдану қажет.

Көркем еңбек сабақтарында оқушылар әр түрлі көркемдік материалдарды (ағаш, метал, пластмасс, бояулар, гуашь және акварель, қарындаштар, маталар, терілер, былғары, пластилин, қағаз, картондар және т.б.) игереді. Қазіргі таңда шығармашылық процесті өркендету үшін көптеген жаңа көркем материалдар пайда болды, олар: сурет салу үшін алуан түрлі фломастер, гелий қарындаштар. Біз қылқалам, стек, қайшы, ара, балға, балта т.б құрал-жабдықтарды игереміз.

Әр түрлі құрал-жабдықтар шығармашылық жұмыс түрлерінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Көркем еңбек сабақтарында келесі көркемдік әдістерді қолдануға болады:

- Сурет (әр қилы пішінде және жанрда)
- Жапсырмалау жіне коллаж
- Модельдеу, макеттеу
- Қағаз бен пластик
- Өздігінен жасаған бұйымдарды бояу
- Саусақпен сурет салу түрі; сызу
- Муар кескіндемесі, квилинг және т.б.
- Ағашпен, металмен жұмыс
- Тері және былғары илеу

Көркем еңбек сабақтарында жүргізілетін іс-әрекеттер мен жұмыс түрлерінің алуан түрлілігі оқушының пәнге, сәндік қолданбалы өнерді меңгеруге деген

танымдық қызығушылығын оятады және баланың жеке тұлғасын қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады[4].

Оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңызды шарты, ол оқу процесінде оған жеке көзқарас болып табылады.

Оқушының шығармашылық қабілеттерінің дамуы олардың жеке ерекшеліктеріне байланысты, барлық жеке тұлға үшін бірдей болуы мүмкін емес, бірақ та, біз әр балаға белсенді, шығармашылық жұмыстың қуанышын сезінуге мүмкіндік беруге тырысамыз.

Біз, көркем еңбек сабақтарында жеке шығармашылық жұмыстармен қатар ұжымдық, топтық жұмыс әдісін жиі қолданамыз.

Біздің ойымызша, көркем еңбек сабақтарында балаларға «дұрыс» немесе «дұрыс емес» жұмыстарына баға қоюға болмайды. Бағалау критерилері көрсеткендей – ойлана білу, жқмысты жасау қабілеттер. Дәстүрлі баға қою – балалардың жетістіктерін мадақтау үшін жетілген құрал. Белсенділік үшінең тиімді ынталандыру түрі - бұл сыныпта жасалуы керек сәттілік кезеңі.

Әрбір оқушының өз сезімдері мен ойлары бар, әлемді өзінше түсінетін тұлға ретінде сабақта қызықты таңдайды. Көркем еңбек сабақтарында балалар саяхатшы, жаңалық ашушы, жасаушы бола алады, олар ойлана алады, пайымдай алады, фантазер, әсемдік пен қуаныш жасай алады және осы жаратылыстан бақыт та таба алатыны белгілі.

Көркем еңбек сабағы, әр оқушының өз ойынша шығармашылыққа баулитын өмірдегі жарқын оқиғасы болуы қажет. Бұл әрине, ерекше сабақ. Бұл сабақта әр кез, әр түрлі, ерекше эмоционалды ынта атмосферасымен, әр уақытта жаңа идеялар, шығармашылық жаңа дүниелер жасауларымен ерекше болуы керек.

Әдебиеттер:

1. Красильников И. Творческое задание на уроках искусства.// Искусство в школе. 2001, №3. –С.13-14.

2. Слевка Г.К. Современные образавателные технологии. –М.:Народное образование. 1998-134 с.

3. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. - Алматы:Алматыкітап, 2007. -12 б.

4. Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. Алматы:ТОО «Дайк-Пресс» 1996-160 бет

МҰХТАР ШАХАНОВ – АҚЫН, ҚАЙРАТКЕР, ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАНЫМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ РУХ

Исабек Б.Қ.-т.ғ.к., доцент, профессор м.а.,
ОҚМПУ Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор

Қазақстан Республикасының Халық жазушысы, ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, 1969 жылғы ОҚМПУ түлегі, Мұхтар Шаханов биыл 80 жасқа толып отыр.

Көрнекті қазақ ақыны М.Шахановтың шығармалары дүние жүзінің 30-дан астам тілдеріне аударылған. Ақынның поэзия кештері Мәскеуде, Стокгольмде (Швеция), Глазгода, Эдинбургте (Шотландия), Ренеде (Франция), Кобэде (Жапония), Берлинде, Дрезденде, Кельнде (Германия), Исламабадта (Пакистан) т.б. елдерде өткен.

Мұхтар Шахановтың шығармаларында тарихи таным мен ұлттық рух мәселелері кеңінен қозғалады. Ол өз шығармаларында туған жер құдіреті, ата-баба дәстүрі, ел басқару үрдістері, түркі жұртының тарихы, ұлы ғұламалар жайлы, ғаламдық мәселелер жайлы ой толғап, тарихи танымдық терең түйіндеулер жасайды/1/.

Тарих – өткеннің өкінішін де, мақтанышын да бойына сіңірген ұлы мектеп. Тарихты білмей бүгінгіні құру, болашақты болжау мүмкін емес. Яғни, тарихы жоқ елдің болашағы бұлыңғыр. Мұхтар Шаханов сөзімен айтсақ: "Тарихты білмеу - тамырсыздық. Дүниені мекен еткен, ұлы халық па, кіші халық па, бәрібір, жер жарылып су аққаннан бері жасалып келе жатқан төл тарихы бар. Ол қағаз бетіне түсіп, қатталып қалды ма, әлде уақыт атты құдіреттің табанында тапталып, құмға сіңіп, жоғалды ма, міне гәп осында жатыр"

Ақын шығармасында тамырсыздық індетінен сақтану үшін мынадай өлең жолдары бар:

Тағдырды тамырсыздық індетіне қалқала!
Әр адамда өз анасынан басқа
Жебеп жүрер, демеп жүрер арқада
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері - түп қазығы, айбыны,
Туған тілі - сатылмайтын байлығы
Туған дәстүр - салт-санасы-тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.
Және туған тарихы, еске алуға қаншама
Ауыр әрі қасіретті болса да.

Төрт анаға әнін жалғай алмаған
Пенделердің басы қайда қалмаған?
Төрт анасын қорғамаған халықтың
Ешқашанда бақ-жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана-тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес-күрестердің ұлысы!

Құдіретті төрт анамыздың барын бағамдатып, төрт тірек тағанымызды түгендеп берген тұңғыш ақын осы Мұхтар Шаханов болатын.

Мұхтар Шахановты әлемдік биік шыңға көтерген қазақтың ұлттық рухы еді. Рух деген не? Рух- туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт менталитеті ұғымдарымен, түйіндеп айтқанда, Отанмен тағдырлас. Ұлың рухты болса сүйікті, қызың қылықты болса бақытты. Рухты Жан-Азамат-Адам, рухсызы-тұғырсызы-надан, не есалаң. Бір сөзбен айтсақ; Рух адам баласының жан дүниесінің арқауы. Рух, Ахмет Байтұрсынов көрсеткендей, "Ұлы мақсат, ұлы мұрат үстінде керек. Ендеше, рух - Отан сүйгіш патриоттың жаны мен қаны"/2/.

1999 жылы Мұхтар Шахановтың "Өркениеттің адасуы" деген кең тынысты философиялық толғанысқа құрылған шығармасы жарық көрді. Бұл сага-поэмада ақын ғаламдық мәселелерді көтеріп өркениеттің Адамзатқа, Адамзаттың Өркениетке қатысы жайында кең толғанып, кемел жырлайды. Бұл шығарма өте күрделі танымдық терең ойларға құрылғандықтан санаға сілкініс, ойға өріс береді.

Терең толғаныстан туған тегеурінді шығарма әлемнің озық ойлы ақын, жазушы, философ, қоғам қайраткерлерін бейтарап қалдырмады.

"Өркениеттің адасуы" поэмасы туралы "Адамзаттың Айтматовы" атанған заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов, ЮНЕСКО ұйымының бас директоры Федерико Майор, Нобель сыйлығының лауреаты Ханс Петер Дюрр, неміс жазушы - философы Фридрих Хитсер, Евгений Евтушенко, Олжас Сүлейменов, Азербайжан халық ақыны Бахтияр Вагабадзе, Калифорния Академиясының академигі, тарих және әлеуметтану ғылымдарының докторы Рустан Рахманалиев, Түрік ғалымы Самир Тагизаде т.б. азаматтар өз пікірлерінде жоғары баға берді. Неміс жазушысы Фридрих Хитцер поэманы "Еуропа үшін найзағай отындай болды", - деп бағалады.

"Өркениеттің адасуы" поэмасында ақын кейінгі жастар шет елдің мағынасыз даңғырасына неліктен үйір дей келіп, өркениетке барар жолдағы осынау топтың дәл осылай кете берсе шулы музыканың құлына айналып, ғылым, білімнен жұрдай болып, елінің тағдырын батыстың жабайы мәдениетіне айырбастап мәңгілік мәңгүрт әрі мимырт тіршіліктің құшағына еніп кететінін, бұл "өркениеттің адасуына" әкеліп соғатынын ескертіп өтті.

Сондай - ақ "жаңа қазақ" деген терминмен пайда болған ана тілін бойына сіңірмеген, ата - бабаның шежіре - дарағына тамырларымен байланбаған, рухани байлық туралы түсінігі қалыптаспаған, байлықты "бақыт " деп түсінген, өткен тарихты білмейтін "рухсыз жарты адамдар" туралы толғанды:

…Қайда барсаң, көз алдыңда өнеге болып жарқылдар,
Жарты ұстаздар, жарты бастық,
Жарты қыздар, жарты ұлдар.

Қазір неге рухсыздық секілді зор батырлық

Неге нәрсіз қалталыдан зардап шегіп жатыр жүрт?,-деп ақын орташа ойлайтын, тек қарынмен ойлайтын топтан қоғамды сақтандырады. Денедегі жара жазылады. Ал қоғамдағы жара дерт. "Өркениеттің адасуында" Мұхтар Шаханов осы қоғамдағы ауыр жараның емін іздейді. Оның емі - елінің ұлттық рухы, жан байлығы атойлап тұрған жерде ғана өмір сүреді.

"Өркениеттің адасуы" поэмасы туралы Дайсаку Икэда: "Мұхтар Шаханов өзіне тән көрегендікпен, гуманистік, ар намыстық сезім алғырлығымен бүгінгі жаппай еркіндікке елтіген рухани құлдырау мүйісінен, ғаламат ақындық сөз қуаты арқылы әлемдік үлкен қауіп алдында тұрғанымызды ескертеді.

Рухани байлықты мойындамай, тек жалаң білімге ден қойған қазіргі "компьютер басты" жарты адамдардың пайда болуы жайлы Шаханов концепциясы бізді жапондықтарды қайран қалдырды, Мен оның халқын осындай тегеурінді перзент тудыра алғандығымен құттықтағым келеді" - деп жазды.

Мұхтар Шахановтың "Жазагер жады космоформуласы" (Шыңғысханның пенделік құпиясы) атты шығармасы поэмалардан құралған роман. Роман үш бөлімнен тұрады: "Таным трагедиясы", "Шыңғысханның пенделік құпиясы", "Рухсыздар ерлігі" немесе "Билік синдромы". Шығарма "Романға кіріспе немесе еліктіргіш әсіре қызыл иірімдер" атты кіріспе толғаулардан басталады.

Шығармада автор адамзаттың 97 пайызы еліктеумен күн кешетінін, қалған 3 пайызы ғана өзінше ойлап, өзінше бағыт ұстанатынын дәлелдеуге тырысады. Романның көтеріп отырған проблемасы осы еліктегіш көпшілікпен "тарихты жасаушылар" төңірегінде /3/.

М.Шахановтың "Жазагер жады космоформуласы" (Шыңғысханның пенделік құпиясы) Қазақстан баспасөзінде бұрын - соңды болмаған мүдделілік пен айтыс тудырды. Бірнеше газеттерде Шыңғыс хан тұлғасы туралы мақалалар жарияланып, олардың авторлары моңғол қағанының түрік тектестерден шыққандығын жазды, тіпті оны алғашқы қазақ мемлекетін құрған қазақ деушілер де болды. Ал, Шаханов дейді олар, өз романында қатыгез, қатал дұшпанның образын жасаған, сөйтіп оның тарихи ролін төмендеткен.

Ал, аты әлемге әйгілі жазушылар, ғалымдар, филологтар мен философтар, өзге де ой еңбегінің білгірлері бұл шығарманы әлем әдебиетіндегі айрықша құбылыс деп бағалайды.

"Жазагер жады космоформуласы" туралы заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов: "Адам табиғатын бейнелеуде түбегейлі көзқарастар енгізіп жүрген ақындардың бірі, менің ойымша, біздің заманымыздың ақыны Мұхтар Шаханов. Ол жаңаша ойлауды жеткізуші. Менің ойымша біздің Азия әдебиетінде оған дейін мұндай көрнекті ақын болған емес.

Бұған көз жеткізу үшін оның поэма түрінде жазылған "Жазагер жады космоформуласы" (Шыңғысханның пенделік құпиясы) атты ауқымды романын оқыңыздар. Мұндай қасиетке ие ақын XX ғасырда дүниеге келіп, XXI ғасырға қадам басуы керек еді. Ол Мұхтар Шаханов болып шықты.

Осы жағдайды пайдалана отырып, мынаны да қосқым келеді: биік өнер арқылы барлық замандардағы адамзат тарихында оның мәңгілік трагедиялық

мәні-барлық уақытта болып келген зұлымдық пен жеке басқа табынушылық, онымен қатар жүретін Шыңғысханнан Гитлерге және Сталинге дейінгі жаппай мейірімсіз билеушілер туындатқан зорлық зомбылықтар қаупі әлі қалмай келе жатқандығын соншалықты сенімді және стратегиялық күшпен ашып көрсететіні үшін мен Мұхтар Шахановқа шын жүректен алғыс айтамын…

Ол мұны еш уақытта да ұмытылмайтындай етіп айтқан", деп жазды. Ал, жапон түрколог ғалымы, профессор Хиронари Ито былай дейді: "Қазақ халқының аса көрнекті ұлы Мұхтар Шахановтың "Жазагер жады космоформуласы" атты жаңа романын асқан қызығушылықпен және толғаныс үстінде оқып шықтым. Бұл шығарманың айрықшалығы сонда, онда қайырымдылық пен жауыздықтың жан алып, жан беріскен күресін тарихи тұрғыдан көрсетеді. Бізді рухсыздықтың төніп келе жатқан апаты, адамзатты жойып жіберуге бейім, немесе оның бей - берекет өмір сүруіне, сөйтіп өзінен - өзі құрып кетуіне алып келетін апат жайлы ойлануға итермелейді".

Шыңғыс ханның қазақ жерінде бірнеше қаланы қиратып, жермен-жексен еткені тарихтан белгілі. Олар: Дүние жүзіндегі Александриядан кейінгі ең бай кітап қорын иеленген Отырар қаласы, Сығанақ, Сауран, Жент, Баршынкент, Жетісу бойындағы қалалар.

Өкінішке орай, М.Мағауин, Қ. Әдібаев, Ә. Балқыбек т.б. өз еңбектерінде қала мен елді - мекендерді талқандап, өртеп, қиратушы Шыңғыс ханның басқыншылық әрекетін ақтап алуға тырысады. Ал, Отырар қорғанысы кезінде жан қиярлықпен күрескен, туған Отанын сүйген Қайыр ханды ел мүддесіне сатқындық жасаған адам ретінде суреттейді. Оларға Отырар қаһармандығын жоққа шығару үшін Шыңғыс хан әскеріне қарсы алты ай бойғы күрестің бас дем берушісі Қайырханды қаралау қажет. Сонда Шыңғысханның Отырарға жасаған басқыншылық шабуылы ақталады. Бұл тарихи шындықтан алшақ. Қайырханның ерлігі бүкіл қазақ елінің мақтанышы. Сондықтан Мұхтар Шаханов шығармасындағы Қайырхан - ерліктің, Отан сүйгіштіктің символы болып табылады. Ал Шыңғысханның дүние жүзінің біраз бөлігінде жүргізген жауыздығы мен зұлымдығын ақтауды тарих кешірмейді.

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы ұлттың ұлт ретінде сақталып қалуы жолында шешуші фактор болғаны белгілі. Мұхтар Шаханов саясат аренасына дәл осы сәтте көтерілді. Бұл - рухтың сынға түскен уақыты болатын! Мәскеуде, сьездер сарайында Мұхтар Шаханов желтоқсан шындығын бүкіл дүние жүзіне таратып жіберді.

Ақын ретінде қамыққан қазақ жастарының жанарындағы моншақ жасты жалынды жырларымен кептіріп жүрді. Дәл сол күндері ұлт жастарының жалғыз жанашыры Мұхтар Шаханов ғана болып қалғанын бүгінде ешкім де жоққа шығара алмайды/4/.

Мұхтар Шахановтың әлем таныған Шыңғыс Айтматовпен бірлесіп диалог түрінде жазған "Құз басындағы аңшының зары"(Ғасыр айрығындағы сырласу) кітабында тарихи танымдық мәні зор ойлар айтылып өркениет өзегі болып табылатын қайырымдылықты сақтау, зұлымдықтан, жауыздықтан аулақ болу мәселелері көтеріледі. Шығарманы оқу барысында ақынның тарихи білімінің

молдығына Ежелгі Шығыс, Антика, Орта ғасырлар тарихы мен Жаңа заман дәуірінен сыр тарта отырып, оны бүгінгі күнмен байланыстырған білімпаздығына риза боласың. Екі қайраткер азамат шығарманың өн бойында "қоғам қайтсе ізгіленеді?" деген сұраққа жауап іздейді. Нәтижеде қоғам ізгіленуі үшін - адам жаны ізгіленуі тиіс деген тұжырым жасайды.

Қорытылай келгенде,

Өзім қанша мықтыны мойындадым

Енді өзімді соларға мойындатам,- деп жырлаған қасиетті Отырардың жеті жарым ғасырдан соң үн қатқан ұрпағы, Мұхтар Шаханов, қазақ поэзиясын Қазақстан ғана емес әлемге танытты. Қазақстанның халық жазушысы , Қырғызстан Республикасының халық ақыны, Түркияның халықаралық "Түрік дүниесіне қызметі үшін" сыйлықтарының лауреаты, Қазақстан меценаттар клубының "Тарлан"- Платин сыйлығының жүлдегері, Халықаралық Ақпараттық Нобель орталығының Альфред Нобель атындағы және Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер Академиясының Альберт Эйнштейн атындағы Алтын медальдарының иегері, XXI ғасырдың рухани реформаторы Мұхтар Шаханов қазақ әдебиеті ғана емес, әлемдік әдебиетте тарихи танымдық мәні бар шығармалар жазған дарынды ақын.

Әдебиеттер

1. Мұхтар Шаханов. "Тілсіздендіру анатомиясы" "Рух-дария" баспасы. Алматы-2006; Мұхтар Шаханов "Мәңгүрттенбеу Марсельезасы» "Рух-дария" баспасы. Алматы, 2008; Мұхтар Шаханов. "Ұлт анасы - тіл" Алматы, 2010; Мұхтар Шаханов "Қонаевпен сырласу"Алматы, 2011; Шыңғыс Айтматов, Мұхтар Шаханов "Құз басындағы аңшының зары" Алматы "Рауан" 1997.
2. Қозыбаев.М. "Өркениет және ұлт". Алматы, 2001,-230 бет.
3. Мұхтар Шаханов "Жазагер жады космоформуласы" (Шыңғысханның пенделік құпиясы);
4. Исабеков З. Ақындардың арасында батыры … // Оңтүстік Қазақстан 4 шілде 2002 жыл.

ӘОЖ

МҰХТАР ШАХАНОВ – АҚЫН, ҚАЙРАТКЕР, ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ

Арынбаева Д.Ж. – магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Қай қоғамның болса да дара туған тұлғалары, асқақ үнді, айбынды болмысты перзенттері болатыны даусыз. Ел басына сын туған, халық тағдыры талқыға түскен аласапыран тұстарда осындай нар тұлғалы азаматтар туған халқының мүддесін қорғау, мақсатын жүзеге асыру жолында тартыс майданынан бой көрсетіп, жанкештілік табандылықпен туған топырағының, тамыры терең дәстүрі мен танымының қорғаны болғаны тарихтан талай орын алған құбылыс. Тым әріге тереңдемегеннің өзінде, Тәуке ханның заманы да, хан Абылай тұсы да қазақ халқының қатты қысылтаяң күйге түскен, бір жағынан алып аюдай азуын басқан патшалық Ресейдің сардалаға сұғынған сұғанақ саясаты алқымынан алса, екінші

жағынан қазақ елінің қолқа етін жұлмалаған жыртқыштай жоңғарлардың, өңешінен от шашқан аждаһадай Цин патшалығының қазақ даласын жалмап жұтуға бағытталған жалмауыз саясаты сансыратқан кезеңдері екені тарихтан белгілі. Дей тұрғанмен, осындай аласапыран заманда қазақтың даңқты тұлғалары Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Наурызбай, Жәнібек секілді батырлары, Бұхар жыраудай ақылы асқан даналары, Төле, Қазыбек, Әйтекедей көк төріндегі жарық жұлдыздай мен мұндалап тарих сахнасына шаққан еді.

Елді ертіп, жұртты жұмылдыруға, ұлтты ұйытуға сеп те, себеп те бола білген тұлғалардың жанкештілік дәстүрі жалғаса, сабақтаса келіп кешегі Алаш арыстарының тағдырында көрініс тапқандай болды. Қазақ халқының өз таңы өзінде атуын, өз күні өз даласында батуын көксеген күрескер азаматтар қайтадан дүркірей бой көтеріп, елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтады, сөзін сөйледі. Әлихандар, Ахметтер, Міржақыптар, Мағжандар, Бейімбеттер бір замандағы бабалары сарп еткен қуат пен күштен артық болмаса, кем күш жұмсамады, қазақ халқы өткен тарихында қаншама біртуар ұлдарынан айырылса, бұл кезеңде де одан кем қайғы тартпады. Кеңестік құрсау саясат қазақтың дарынды, қарымды перзенттерін ұлт қамын түгендергендері үшін кінәлап, жайқалған егінге орақ салғандай баудай түсірді. Білегі мықты боп тұрған биліктен соқталы соққы жеген қазақ халқы тағы бір есеңгіреп, ентігіп қалғандай хәлде болды. Әйтсе де, қырауы қақыраған аяздан соңғы бой көтерген бәйшешектей ұлттық мұратты ұран еткен, кешегі өткен Алашшыл ардақтардың ізін жоғалтпай жалғаған буын қайта бой көтеріп, еңсе түзей бастады. Мұхтар Әуезов, Бейсенбай Кенжебаев, Манаш Қозыбаев, Мәмбет Қойгелді, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Рымғали Нұрғали, Кеңес, Нұрпейіс секілді зерттеуші ғалымдар Алаш тақырыбын қаузай қазып, жан-жақты қарастыруымен қазақ халқының өткенін айта отырып, бүгіні мен ертеңінің де көкжиегіне көз жіберіп, келелі ойларды ортаға салды.

Осындай ұлтқа ұстын болатын ұлы тұлғалар шоғырының арасында шоқтығы биік, шабысы бөлек жүйрігі, арыны адуын, қарымы қуатты қайраттысы, әлбетте, Мұхтар Шаханов болмысы болатын. Қазақ халқының нағыз жанашыр, қайраткер, біртуар дарынды да қарымды перзенттерінің бірі және бірегейі Мұхтар Шаханов екені даусыз./1/

М.Шаханов туралы сөз қозғағанда оның ақындық арынымен, шығармашылық шалқыған шабытымен қатар қоғамдық белсенділігі, ұлт қамын қорғаған қайраткерлігі, қысылтаяң тұстарда бұғып қалмастан керісінше бас көтеріп шындықты айтып шыққан батылдығы мен туған халқының мүддесін түгелдеу тұрғысындағы қайтпайтын, қайыспайтын табанды қайсарлығы біртұтас қарастырылып, айтылуы ләзім. Ақынның тұлғалық тұтастығы, ұлттық мүддені жеке бас пайдасынан биік қойған өрелі парасаттылығы бүгінгі буынға да, келешек жастарға да айқын үлгі, айшықты өнеге болғаны анық.

Қайраткер қаламгердің бойында мұндай асыл қасиеттер мен қабілеттер қорының қордалануына туған топырағын, өз ұлтының құндылықтарын қасиеттей, қастерлей білуі, шетсіз де шексіз сүйіспеншілікпен, махаббатпен қадірлеуі бірден-бір себеп болса керек. Даңқты Отырар өлкесінде 1942 жылдың 2 шілдесінде өмірге келген қаламгер ұлылар басқан топырақтан нәр алып өсті. Балғын бала

күндері Төле би ауданына қарасты Қасқасу ауылында өткен М.Шаханов шығармашылығына тұмадай таза, бұлақтай мөлдір, періштедей пәк сезімдер мен асқар таудай өрлік, жарық күндей оттылық пен нұрлылылықтың даруына өскен өлкесінің табиғаты да әсер еткені сөзсіз.

«Туған елім, арман, мұңым,
Енді сені жетелейді жол қалай?
Менің бассыз қалғандығым,
Сенің бассыз қалғандығың болмағай!

Мына дәурен бұрқан-тарқан
Ертең қайта өзгерер.
Ақындарын сұлтандардан
Артық сыйлар кез келер.
Қадір тұтам қиялдауды,
Ертең талғам өзгерер.
Шындап құлап сүйе алмауды
Қылмыс санар кез келер.

Туған елім, құдіретімсің аңсаған,
Алдан жарқын күн шыққанша,
Кескінің көрмейінші шаршаған.
Пасық ойлар тұншыққанша,
Дулығаны қақ жарып гүл шыққанша,
Жер астынан қарап жатам мен саған!»/2/ - деп «Нарынқұм зауалы» поэмасында кейіпкер сөзімен орайын келтіріп білдіргеніндей, қаламгер туған өлкесін шексіз сүйе білген үлкен махаббат иесі.

Тау баурайының саф таза ауасымен тыныстап, сылдырай аққан бұлақ суынан сусындаған қаламгердың туындылары да асқан сезімталдығымен, шынайылығымен, оттылығымен ерекшеленіп, арындылығымен айырмаланды. М.Шахановтың әкесі ауылында молдалық еткен, қарылығы бар сауатты жан болған. Мұхтар 9 жасқа толғанында әкесі өмірден озып, келешек ақын жетімдіктің ауыр қамытын арқалауға мәжбүр болады. Ары қарай нағашысы Ысқақтың тәрбиесіне өтеді./3/ Нағашысы Мұхтарға мол тәлім-тәрбие сіңіреді, ішкіліктен алыс жүруді, арақ-шарап дегендерді татып алмауды насихаттайды. «Мұның өмірде көп пайдасы тиді маған», - деп еске алады қаламгер өзінің кездесулерінде, сұхбаттарында, - «Өмірімде масаятындай деңгейде арақ-шарап дегенді ауызыма татып алған емеспін». Рас, Кеңестік керікеткен саясат дәуірінде ішкіліктің көл-көсір болып, М. Шахановпен замандас көптеген талант иелері сол зәһар судың кесірінен арынан да, абыройынан да, саулығынан да, жұмысынан да айрылып зардап шегіп, отбасы ойран болып, талабы тапал тартқаны жасырын емес. Жанашыр жақынының өсиетіне адал болған М.Шаханов мұндай зауалдан аман болып, қоғамды жайлаған сауықшылдық дертіне шалдықпады, шығармашылығын шыңдап, көп белестерді бағындырды.

Ақынның өмірінде, шығармашылығында ықпалы мол, орны бөлек қазақтың қос дарынды тұлғасы болды. Оның бірі қазақтың маңдайына біткен мақтанышы, сазгер Шәмші Қалдаяқов болса, екіншісі отты жырларымен оқырмандарының көңілін өртеген маздаған ақын Төлеген Айбергенов еді. М.Шаханов бұл екі талантпен жақын аралас-құралас болды, бір туған бауырлардай сырласып-мұңдасып, аға-іні болып тағдырлары жымдасып өрілді. Мұхтар шығармашылығына қазақтың аяулы қос перзентінің нәрі таралып, дарын даралығы дарып, ақындық-сазгерлік миуасының сөлі тамғаны сөзсіз. Ақын жырларының будақ-будақ бунақты, ұйқастары араласаң ашылғысыз, балталасаң берілгісіз, қоладан құйғандай шымыр болып келуі, шумақтары қос алақанның саусақтары салаланғандай біріккен, кіріккен бекемдігі ұлт ұясындағы ұстынды ұстаздардан ұлағат ұққанын айғақтайтындай.

«Уа, адамдар, айналайын туғандар,
Жалғыз минут тыңдаңдар!
Мен сендерге көп болды сыр шертпедім,
Сан тарапқа жүргеніммен жүз аттап,
Дәл осылай көрмеп едім ұзақтап,
Қазір түгел көкірегім өрт менің!» - деп өрілетін Төлеген Айбергенов өлеңінің өрнектері М.Шаханов туындылары арқылы жалғасын тауып, кешелек ұрпаққа, келер заманға, келермен дәуірге жол тартты.

М.Шахановтың сан қырлы талантының бір ұшқыны оның сазгерлігінде. «Жұбайлар жыры», «Гүл дәурен», «Мен саған ғашық едім», «Жұбайлар жыры» секілді сөзі де, сазы да қаламгердің жүрегін жарып шыққан әндері тыңдармандардың жүрегінен жайлы орын тауып, көңілдерінен шыққаны белгілі./4/

Қайраткерлік қасиет, қабілет адам бойында ұлтына деген жанашырлықтан, мейірімнен, сүйіспеншіліктен туындайды. «Ұлтқа қызмет ету – мінезден», - деп Әлихан Бөкейханов айтып кеткеніндей, ақындық адуын мінезі, адами даралық болмысы М.Шахановты ұлтжанды, елшіл қайраткер, халықшыл азамат етіп құрыштай қалыптастырды./5/ Әсіресе, М.Шахановтың қайраткерлік сипаты 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты шындықты қалыптастыру үдерісінде айқын аңғарылды. Бұл мәселені М.Шаханов әуелі Қазақстан Жазушылар Одағында көтеріп, күн тәртібінде мәселе етті. Сонан кейін КСРО-ның халық депутаттары бас қосқан І-ші сиезінде тағы да назарға алып, Кремльдің төрінде шындық туын көтерді. Осылайша Кеңестік биліктің Желтоқсан оқиғасына көзқарасын туралап, оны зерттеуге және бағалауға байланысты комиссияның жұмысын бастатуға бейімдеді. Ол дәуірде мұндай батыл сөздер мен әрекеттер көзсіз батырлық, ұлты үшін жасалған жанкештілік амал болғаны рас. Бүгін де шындық үшін, ұлт мүддесі, халық қамы үшін ақиқатты айту, мәселені ортаға салу ісі маңызды азаматтық позиция болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда М.Шаханов кейінгі жастарға, өскелең буынға батырлықтың, батылдықтың, шындық үшін күресудің айқын үлгісі бола білді.

М.Шахановтың қазақ халқы үшін жасаған келесі бір қайраткерлігі Наурыз мерекесін қайта ортаға оралтуға байланысты болды. «Ескіліктің қалдығы» деп

есептеліп, Кеңес билігі тарапынан 1926 жылдан бастап тойлауға тыйым салынған көктемнің ерке мерекесі әз-Наурызды халықтық мереке ретінде танытып, 1988 жылы елмен қайта қауыштырған М.Шаханов болатын. Алпыс жылдан астам уақыт тыйымда болып келген ұлттық мереке осылайша халықтың қазынасының қатарына қосылып, қоғамға қайта ұсынылды.

Жоғарыда айтылғандармен қоса М.Шаханов Арал теңізінің тағдырына да белсене араласты. 1988 жылы Қазақстанда алғаш ашылған экологиялық қозғалыстың төрағасы болып сайланып Арал теңізінің жағдайын оңалту жөнінде көп шаруалар атқарды. Қазақстанның Қырғыз еліндегі елшісі қызметінде жүргенде (1993-2003) екі бауырлас халықтың ынтамағы артып, татулығы тамырлануына халықаралық деңгейде көп еңбек сіңірді. Осы жылдары қырғыздың даңқты жазушысы Ш.Айтматовпен етене жақын араласты, дос-бауыр, аға-іні болып табысты. Қос халықтың дарынды перзенттерінің жақындығы шығармашылық тұрғыда мол өнім берді, екі елдің де рухани берекесін кіргізіп, нәрін арттырды, әлемдік әдебиет айдынын қайталанбас соны дүниелерімен толықтырды. М.Шаханов және Ш.Айтматов екеуі авторласып дүниеге келтірген «Құз басындағы аңшының зары» эсселер кітабы, «Сократты еске алу түні» драмалық туындысы бірнеше елдің тілдеріне аударылып, таралды, театр төрлерінде қойылды.

М.Шаханов өнімді еңбек еткен, жемісті шығармашылық мұра қалыптастырған үлкен қаламгер, ірі ақын, сом тұлға, қазақ халқының біртуар перзенті. 60-тан астам елден 120-дан астам алған халықаралық деңгейдегі қаншалаған сый-сияпаттары, атақ-даңқтары, медальдары болса да, ақынның өзі айтатындай, М.Шахановтың ең үлкен бақыты, ең басты байлығы – өз ұлтының ұлы, өз халқының перзенті болып қала білгенінде. «Шаханов шыңы» биіктеп, өрлеген сайын оны тудырған, өсірген халық та бірге өрлеп, өсе бермек, биіктей бермек. М.Шахановтай даңқты, дарынды, дара перзентті дүниеге келтірген ұлт әлемдік қауымдастықта өзіне тиелісі мәртебелі, мақтанды орнын иемденуге әбден хұқылы.

Әдебиеттер:

1. М.Шаханов. «Эверестке шығу», Атамұра 2003 ж.
2. https://bilim-all.kz/olen/6219-Narynqum-zaualy?ysclid=laq9vc57c6428571364
3. https://sputnik.kz/20200702/Mukhtar-Shakhanov-78-zhas-derekter-14376444.html?ysclid=laq9ltzpig415744292
4. Мұхтар Шаханов | Әдебиет порталы (adebiportal.kz)
5. М.Шаханов. «Өркениеттің адасуы», Астана 2003.

ӘӨЖ

МҰХТАР ШАХАНОВ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы
Филология ғылымдарының кандидаты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.
Шымкент. Қазақстан.

Резюме

Данная исследовательская статья станет предметом всестороннего анализа творческого исскуства талантливого выпускника сакрального учебного заведения Южно-Казахстанского государственного педагогического университета Мухтара Шаханова, имеющего 85-летнюю историю. Тема национального духа, национального патриотизма в поэмах широко анализируется и представляется молодому поколению образцом для подражания.

Summary

This research article will be the subject of analysis of talented Tulegen Mukhtar Shakhanov Jean-Jacques, a talented specialist of the North Kazakhstan State Pedagogical University, which has an 85-year history. The Akyn psalms analyze the Ultyk spirit, Ultyk patriotism, and the young ugli-us lesson.

Қаймағы бұзылмаған қазақ елінің, белгілі жазушы Мархаббат Байғұт мақамымен айтқанда «Ұлысымның ұйытқысы саналатын Оңтүстік өлкесіндегі» қасиетті оқу ордасы, ұстаздар ұстаханасының қарашаңырағы – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Шырайлы Шымкент, киелі Түркістан, Тұран өлкесіндегі ұстаздық өнердің алтын ордасы болып табылатын шежірелі шаңырағымыздың дүниеге келгеніне де мерейлі 85 жыл толды.

Өткен ғасырдың ең бір аласапыранға толы нәубетті жылдары мұғалімдер институты болып есік ашқан, сан алуан тарихты бастан кешірген, білімі мен ғылымы, тәрбиесі мен тағылымы арқылы жетістіктер мен жеңіске жеткен, бұл күндері кемеліне келіп университет биігіне шыққан тарихымыздың жүріп өткен жолы ұзақ әрі мағыналы екені көпшілікке аян. Тарихы терең, білімі ерен оқу ордасының өткені мен бүгіні жайлы айтқанда осы тарихты түзудегі ізі қалған тұлғаларды ұдайы құрметпен еске аламыз. Мұғалімдер институтының алғашқы директоры С.Г.Шейноссон, оқу орнының әр жылдары ректоры болған М.Сәбденов, И.М.Туманов, Ә.Ермеков, Ә.Омаров, Б.Ермекбаев, М.Сәрсембаев, О.Аяшев, т.б. жемісті еңбек етті.

Университетіміздің өнегелі де өміршең 85 жылдық тарихында аты алтын әріппен жазылатын аса қымбатты ұстаздар қауымы аз емес. Оңтүстік өлкесіндегі бірден-бір ғылым докторы болған, профессор Ә.Байтанаев, ғалым, профессор қызметін атқарған Ә.Ермеков, Қ.Бектаев, О.Жұмашов, Ә.Оспанұлы, М.Алтынбекова, Г.Смағұлова, т.б. бар ғұмырларын осы институтқа арнады.

Ақыл ойдың алыбы, хакімдік қасиеттің биігінде тұрған ұлы ақын, данышпан Абайдың 37-қарасөзінде айтылған «Шәкіртсіз ғалым - тұл» [1.267.] дейтін даналық ойының философиялық мәні тым тереңде жатқаны ақиқат. Біздің бәрімізге сондай ыстық ұя, өткен тарихы тағылымды оқу орнының ғалым ұстаздары әркез өз шәкірттерін мақтан тұтады. Ұстаздар еңбегінің шынайы жемісі, жеткен жеңісі – дарынды шәкірттерінің молдығы. Біздің қарашаңырақ - бұл қатардағы шәкірттерінің де аз емес екенін мақтан тұтады. Оңтүстік

өлкесіндегі педагогикалық оқу ордасының алтын тұғырынан түлеп ұшқан тас түлектерден Дүйсенкүл Бопова, Клара Әліпова, Рая Ахметова, Сайлаукүл Барахова сынды қайраткер қыздарды құрметпен айта аламыз. Бар даусымызбен атын айтып, мақтан тұтатын шәкірттер қатарында түркі әлеміне танымал қоғам қайраткері, ақиық ақын Мұхтар Шаханов, ғажайып лирик ақын Исрайыл Сапарбаев, жазушы М.Қаназов, арабтанушы ғалым, ҚР бас муфтиі қызметін абыроймен атқарған Ә.Дербісәлиев, белгілі ақындар Х.Есенқараева, Н.Бегалиев, Ә.Ысқақ, айтыскер ақындар М.Есжанова, А.Леубаева, А.Жаппарқұлова, т.б. есімдерін мақтанышпен айтады.

Бүгінгі әңгіме ұстаздар ұстаханасының алтын ордасы саналатың біздің оқу орнымыздың талантты түлектері жайында, дәлірек айтқанда Шымкент педагогикалық институтының 1969 жылғы түлегі, бұл күндері мерейлі 80 жасқа толып отырған Мұхтар Шаханов жайында.

Мұхтар Шаханов – Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түркі Республикасының «Түрік дүниесіне сіңірген еңбегі үшін» халықаралық сыйлығының және тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері. Атақты ақынның алған марапаттарының бәрін санамалап көрсетуді мақсат тұтпадық, қажет дегендерін ғана атап өттік. Көрнекті қазақ ақыны М.Шахановтың шығармалары дүние жүзінің 30-дан астам тілдеріне аударылған. 2022 жылы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың барысында құрылтай мүшесі, биылғы жылы 80 жасқа толып отырған ақын Мұхтар Шахановты «Қазақстанның Еңбек ері» атағымен марапаттады. Халық қуанышында шек жоқ.

1959 жылы «Сырдария» атты өлеңі, 1966 жылы «Бақыт» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарияланып әдебиет әлеміне келген ақынның әр жылдар мұғдарында «Балладалар» (1968), «Ай туып келеді» (1970), «Қырандар төбеге қонбайды» (1974), «Сенім патшалығы» (1976), «Құз басындағы аңшының зары» (Ш.Айтматовпен бірге), «Өркениеттің адасуы», «Мәңгүрттенбеу марсельезасы» (2008), «Желтоқсан эпопеясы» (Деректі роман. 2006), т.б. кітаптары жарияланып отырған.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің талантты түлегі Мұхтар Шаханов - шын мәніндегі дарын иесі. Ақын поэзиясы сан ғасырлық тарихымыздың ғажайып нәрін бойына сіңіріп, бүгінгі таңдағы жан толқытар сан алуан күрделі әрі ділгір мәселелерге ұлттық рух көзқарасымен келіп, кілт таба білуінде. Ақын Мұхтар шығармаларының негізгі тақырыбы – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті адамзат баласына паш ете отырып; ездікті, зұлымдықты, мәңгүрттікті жеріне жеткізе әшкерелеу. XXI ғасырға қадам басқан, тәуелсіздікке қол жеткізіп, азаттық айдынының ақ кемесіне мінген қазақ халқының ғасырлар бойы басынан кешкен бодандық қамытының кейбір қасіретін әлі де болса сілкіп тастауға мұршасы болмай жатыр. Осы жердегі әлқисаны ақиық ақын Шахановтың «Төрт анасымен» бастасақ. Ақын толғанысы былай басталады:

Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.

Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана:
Туған жері - түп қазығы, айбыны,
Туған тілі - мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, салт-дәстүрі - тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі. Және туған тарихы.
Жыр жолдарының түйіні төмендегідей:
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.
Қасиетті бұл төрт ана - тағдырыңның тынысы,
Төрт ана үшін болған күрес - күрестердің ұлысы. [2.177.]

Тәуелсіздіктің 31 жылына қадам бақан қазақ елі жыр жолдарында айтылған қасиетті төрт ананың тағдырымен тыныстап жүр ме? Сұрақ көп, жауап әртүрлі. Төрт ана тағдырының ішіндегі ең бастысының бірі де бірегейі - туған тіліміз екені ақиқат құбылыс. Өз ұлтымыздың ішінен шыққан кейбір аға буын өкілдері, соның ішінде билік басында жүргендері де аз емес, тіпті енді жетіліп келе жатқан тәуелсіздік дәуірінің жас ұрпақтары бойынан туған тіліне қатысты сүйіспеншілікті, ұлттық рухты жоғалтып алғандары аз болмай тұр. Олардың дені орыс және батыс мәдениетімен, тіпті қытай, кәріс, жапон тілдерімен жете сусындаса да, өз ана тілінде екі ауыз сөйлем құрай алмайтыны жанға батады. Жарты әлемнің тілі мен мәдениетін, технологиясын игергендер өз халқының тіліне, яғни ана тіліне келгенде күнделікті тіршілік ауқымындағы жүрдім-бардым әңгімеден алыс ұзай қоймайтын және онысын кемшілік деп есептей бермейтін үлкен топ – ақын тілімен айтқанда «Космополит қазақтар» тобы пайда болды. Елімізде қалыптасып келе жатқан бұл жағдайға сын көзбен қарайтын мезгіл де жетті. Өз тілінен жеріп жүрген олардың мемлекеттік тілге бұрылуына, рухани құндылықтарды мойындауына және ұлтты рухты игеруіне мүмкіндігінше ат салысып келе жатқан белгілі ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов өзінің «Космополит қазақтар» атты өлеңінде тереңінен ой қозғайды:

Безбүйрек нарықтың бәсейтіп даңғырын,
Зарланған, қорланған туған тіл тағдырын.
Космополит басшылар шешпей ме, шеше ме?
Тіліміз қала бере ме панасыз адамдай көшеде?
Ұлт үшін қазір бұл – Нөмірі бірінші мәселе.

Әр қазақтың жүрегінде, тілегінде белгілі қазақ ақыны Қадыр Мырзалиевтің «Ана тілің, арың бұл, Ұятың боп тұр бетте» деген аманаты мен мұндалап тұратын уақыт жетті. Туған тілімізді безбүйрек нарық пен безбүйрек әлдекімдердің зарлатуына, қорлауына жол бермеуіміз керек. Ақын айтқандай «Ұлт үшін номірі бірінші мәселе» екенін жадыда ұстап, қадір қасиетін арттыратын біз екенімізді ұмытуға морольдық хақымыз жоқ.

Мұхтар Шаханов туралы, соның ішінде ақын шығармашылығындағы ұлттық рух, өрлік пен ерлік, қазіргі тілмен айтқанда патриоттық сезім туралы

айтқанда ерікті ерксіз «Желтоқсан оқиғасы» есімізге түседі. Қайсар рухты ақын дәл осы кезеңде азаматтық пен парасаттылықтың биік үлгісін көрсетті. Ақын былай деп жырлайды:

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,
Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қоры жоқ.
Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп,
Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегінде жанып от,
Тұрған олар аяз сорған қызыл беттің ары боп,
Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп. [3.478.]

Ұлт намысы аяққа тапталып, «мұз үстіне алау жаққан жастардың» жігерін жермен жексен етпекші болғандарға, бір сөзбен айтқанда сын сағатта көкірегінде оты өшпеген жастарға ақын ара түсті. Шын мәніндегі халық ақыны екенін ісімен де, жырымен де паш етті, жарты әлемге ұран салды.

Тәуелсіз еліміздің, Жаңа Қазақстан құру жолына бет бұрған мемлекетіміздің 16 желтоқсан күні «Тәуелсіздік күні» мерекесі болып тойланады. Біз осы мерекені атап өту кезінде ақынның «Желтоқсан алаңы» жырындағы ұлттық рухқа тағзым етіп, жадыда жаңғыртқанымыз абзал. Тағы да ақын жырына назар аударсақ:

Сәл аялдап, тағзым етпей бұл алаңнан өтпеңдер...
Желтоқсанда ызғырықтан тітіркеніп көк пен бел,
Бұл жер, қалқам, асқақ рух жарылысы өткен жер,
Қайта оянған ұлт намысы қызыл қанға бөккен жер.

Мұхтар Шаханов өз жырлары арқылы рухы күшті рухани қазына жасады. Оның жырлары қарапайымдылығымен қасиетті, дәлдігімен дәмді, ой-ырғақ еркіндігімен ерекше, ұлы Абай айтқандай «тілге жеңіл, жүрекке жылылығымен» де құдіретті. Азаттық алған кезімізде ел ішінде аласапыран көп болды, соның ішінде рухани әлемде де арпалыс жүріп жатты. Қоғам тынысы мен тіршілігін жіті бақылап отыратын ақын өзінің «Жаңа қазақтар» өлеңінде осы бір жағымсыз құбылыс сипатын былай суреттеп бастайды:

Жаңа қазақ, шала қазақ жас інім,
Алшысынан тұрды бүгін асығың.
Саған қарап ойландым да жасыдым.
Айырмаған азғыны мен асылын
Мына ғасыр, бәлкім, сенің ғасырың.

Бабаларымның бабасы армандаған азаттыққа жеттік. Ғасырлар тоғысында өтпелі кезеңді бастан кешірдік. Жаңа қоғам құрдық, жаңа дәуір басталды, егемендікке қол жеткіздік. Осы жылдары өтпелі кезеңнің отына жылынған «жаңа қазақтар» пайда болды. Дәл осы кезеңде ұлт болашағына қатты алаңдайтын ақын Шаханов «Жаңа қазақтар немесе рухани байлықсыз мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат» жазды, салмағы атан түйеге ауыр жүк болатын сұрақ қойды? Өлең жалғасы:

Ұлтымыздың әр мұңының басында,
Салт пен сана, тіл мен дәстүр қасында,
Арал зары шапқан кезде насырға,
Қорғаушы боп тағы да біз жүргенбіз.

Мейірім қосып мейірімсіздеу ғасырға,
Сан ғасырлық ұлтымыздың шайқасы,
Сендейлерді тайраңдату үшін бе?

Жыр жолдары әр қазақ баласына, әсіресе өздерін «жаңа қазақпыз» деп ойлайтындарға ой салады. Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болу үшін біз ақын жырына өзек болған салт пен сананы, тіл мен дәстүрді, дін мен имандылықты қастер тұтуымыз керек. Тәуелсіздікке әлдекімдерді тайраңдату үшін, немесе келімсектерді төрге шығару үшін жеткен жоқпыз. Ақын жырларындағы атойлап тұрған тақырыптың дені тілге байланысты екенін жоғарыда айттық. Дәл осы бір аса күрделі, күрмеуін шешу қиын болып тұрған мәселеге арналған «Өз ана тіліңде сөйлемеу мен ойламаудың залалы және космополиттік ағым» атты рухани-проблемалық трактатында да дүниенің тілдік бейнесі әр тілде әрқалай екендігін нақтылай түседі.

Рухсыздың, қайырсыздың баюы,
Бәлкім, ертең ұлтымызға зор қайғы.
Жинасаң да әлемнің бар алтынын,
Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.
Адамдығың көрсетпесе жарқылын,
Ешкім рух байлығынан бөлініп,
Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным!

Қорытынды ойымызды айтар тұста тағы да ақын жырына үңілейікші. Ақын жүректің жан қайғысы сұрақ қояды, ащы да аяусыз айыптайды. Мысалы:

Өз тіліңді жерсінбеудің, Өз анаңды менсінбеудің
Арсыздығы қай дәуірде болып еді тапқырлық?
Ол – рухи мүгедектік әрі ұлттық сатқындық!
Мәңгүрттенген құлдық сезім неге қолдау табады,
Мұны бізге кешіре ме келер ұрпақ саналы?

Айтып, айтпай келетін қасіреттер аз емес, соның ішінде тіл тағдырының тамыры тереңде. Тілін ұмыту - ананы ұмытуға, ұлтын, жерін сатуға, дінін қорлауға алып келеді. Алдымызда тұрған ұлы аманаттар бар, жас ұрпақ санасына «мен қазақпын» деген ұлттық рухтың дәнін себу. Бұл жолда ақиық ақын Мұхтар Шаханов жырларындағы ұлттық рух қасиеті - мәңгілік мұра, рухани қазына, өрлік пен ерліктің қайнар көзі.

Әдебиеттер:

1. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1995 ж.
2. Шаханов М. Мәңгүрттенбеу марсельезасы: Өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер. Алматы: Рұх-Дари», 2008. – 288 бет.
3. Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман. I том. – Алматы: ЖШС Жедел басу баспаханасы, 2006. – 624 бет.

ӘОЖ 821.512.122

М.ШАХАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ТАҚЫРЫБЫ

Мамыт А.А.- ф.ғ.к. доцент
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматривается тема дружбы в поэзии известного поэта Мухтара Шаханова. Научно анализируется особенность поэтического изображения дружбы.

Summary

The article deals with the theme of friendship in the poetry of the famous poet Mukhtar Shakhanov. The peculiarity of the poetic image of friendship is scientifically analyzed.

Адам баласы үшін ең қастерлі ұғым – достық. Дұшпандық пен қаскөйліктің зардабын көп тартқан адамзат атаулы заман өте келе достықты бағалап, ерекше қадірілей білген. Дана бабаларымыз «Досы көпті жау алмайды» деп ұрпағына ұлағат қалдырды. Сондықтан бұл қасиетті түсінік халқымыздың рухани мұралары, оның ішінде сөз өнерінде айрықша мәнге ие. Достықтың жалауын тік ұстаған елдің бірлігі нығайып, әрдайым жеңіс тұғырынан түспеген. Ақыл мен парасат иесі қашанда хас жауынан қорғанудың құралы мен дұшпанының жебесінен сақтанудағы сенімді қалқан достық екенін түсінеді. Риясыз шын достық – адам жанына қуат беретін рухани азық. Достық пен қастықты ажыратып, тани білу биік азаматтықты қалыптастыратын парасат-пайыммен келетіні анық. Фольклорлық мұраларда да, ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінде де достық туралы жан толқытатын туындылар жетерлік. Өмірдің мәнін терең ұғынған Шалкиіз жырау былайша толғайды:

«Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлік етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күллі әлемге күлкі етер»[1,48].

Жырау ойының түп қазығы халықымыздың «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», - дегеніне саяды.

Сөз өнері – өмірдің айнасы. Адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттің парқын айыру – көркем әдебиеттің әлімсақтан басты тақырыбы, негізгі нысанасы. Әлемге аты мәшһүр ақын, мемлекет пен қоғам қайраткері, 85 жылдық тарихы бар Оңтүстіктегі білім мен ғылымның қарашаңырағы ОҚМПУ-дің мақтан тұтар түлегі Мұхтар Шахановтың поэзиясындағы ең өзекті мәселе – достық. Кеңестік дәуірде балдәурен балалығы мен жалынды жастық шағы өткен менің замандастарым ақынның «Танакөз» поэмасындағы достықты ту етіп өсті. Ақынның:

«Ізгілік пен ізеттің байлауында,
Мама қаздар самғайтын қойнауында,
Достық атты қазына аралы бар
Сонау мақсат тауының жайлауында.

Жұрттың бәрі баруға құштар оған,
Құштар бол деп тіпті ешкім қыстамаған,
Өзін мәңгі бақытты санайды екен
Сол аралдан от алып ұшқан адам.

Нар талабын салса да қандай жолға,
Тілектес дос пейілдер самғайды алға.
Жүрмейді онда сатқындар, саудагерлер,
Опасыздар, отсыздар болмайды онда» [2,141],

-деген жыр жолдарына күмәнсіз сендік. Шахановтың «Достық аралына» баруға асықтық. Ақын жүрегін жарып шыққан достықтың шынайы бейнесі мың сан оқырманын тебірентті. «Танакөз» поэмасындағы іңкәрлік пен тазалық аралына ұмтылдырды. Себебі онда сатқындық пен опасыздыққа орын жоқ.

Арқалы ақын адам баласының жүрегінен орын алып, жанына қуат беретін достық деген қасиетті сезімді кіршікіз ұстауды жүрек сөзімен ұғындырады. Өзі бейнелеген «Достық аралына» сезім тазалығымен бармасаң жете алмайтыныңды ескертеді. Ақын – дерексіз ұғым-түсінікті заттандырудың хас шебері. Айшықты сөзбен сурет салады. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы: «Тілді қолдана білу деп ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді орын-орнына дәл қоя білуді айтамыз»,- деп жазады [3,149]. Поэмадағы «достық аралы» осының дәлелі. Оқырман аралдың ақындық қиялдан туған көркем бейне екенін біле тұра, мұның бар екеніне имандай сенеді. Өйткені Мұхтар Шаханов санамалап берген пенделік (сатқын, саудагер, опасыз, отсыз) жүрген жерде шынайы достықтың ауылы алыс екенін көзі қарақты оқырман ойша аңғарады.

Поэмадағы бас кейіпкер – Мұрат. Оның өмір өткелдеріндегі тағдыры Танакөзбен ұқсас екені шығармада баяндалады. Екеуінің де әкесі қан майданда қаза тапқан. Олар әкесіз өскенімен ана мейіріміне қанып жетіледі. Қатал тағдыр әкелерін көруді бұйыртпаса да, сол аяулы жандар достық атты ұлы сезімді ұрпағына ұлағат етіп қалдырғаны поэмада былай жырланады:

«Бір-бірінен жан аямас дос болыпты оларда,
Дос болыпты. Біздің достық сонан өнген болар ма?
Менің әкем жау шебінде жаралы боп қалғанда,
Жан досымды қалай қиып қалдырам деп арманда,
Көкірегін қарша жауған от пен оққа қалқалап,
Сенің әкең үш күн бойы алып жүрген арқалап.
Айналасы қалың өлік, қалың орман, өрт толған,
Сол орманда екеуі де жау оғынан мерт болған.
Не жетеді келер күнге деген кәусәр сенімге,
Екі досты ажырата алмапты ғой өлімде.
Екеуі де көз жұмыпты құшақтасқан қалпында,
Екі өмірдің жалғасы боп, біз қалыппыз артында.
Ал, анамыз бізді, сірә, көрген емес бөлектеп,
Ауыр күндер өтіп жатты, соғып жатты, жел өкпек» [1,143].

Жан тебірентер оқиға. Әрине, қайғылы көрініс. Алайда достық деген өмірге нәр

беретін, көңілге ән егетін қастерлі ұғым бар. Екі жастың әкелері бір-бірімен жан аямас дос болуы арқылы ұрпағына ізгілік дәнін қалдырды. Мұны тебіренбей оқу мүмкін емес.

Ақын қандай тақырыпты өлеңіне өзек етсе де тереңнен қозғап, жүрекпен жырлайды. Өзінен бұрын айтылып кеткен, таптауырын болған ойларға айналсоқтамай, тыңнан түрен салады. Сезім тереңіне бойлап, толғақты ойын отты жырға орап жеткізеді. Бұл – Мұхтар Шахановтың өзіне ғана тән ақындық болмыс.

М.Шаханов поэзиясындағы тақырыптардың ең арналысы – достық. Ақын өлеңдерінің өрнегі мен көркемдігі туралы көп айта беруге болады. Басты ерекшелігі бір тақырыпты өзек еткен өлеңдерінің бейнелу құралдарын, әсерлі жеткізу жолдарын әр шығармасында тыңнан тудырады. Соны сүрлеу жасайды.

Мысалы, орыстың демократ жазушысы Федор Достаевский мен қазақ ғалымы Шоқан Уәлихановтың ұлы достығын жазылған хат арқылы өрнектейді. Өлеңнің аты – «Құлпытас кепиеті немесе Кері табу заңы». Туынды мынадай жыр жолдарымен басталады:

«Досым Федор,
Мына хат – соңғы хатым.
Соңғы тыныс,
Соңғы дем қалды жақын.
Жайшылықта айырмас ақ, қараны,
Сыпсың сөздер бір сәтке тоқталады.
Тоз-тоз болған ағайын басын қосып,
Ертең мені жерлеуге ап барады» [1,51].

Осылай оқырманына ерекше сезім ұялату үшін ақын ақтық сапарға аттанар алдындағы ғалымның қолына қалам алдырып, алыста жатқан орыс досына соңғы хатын жаздыртады. Адал достықта шекара жоқ екенін сездіреді. Әрі қарай Шоқан бейітінің басына қойылған көктасты қолды етіп, содан зардап шеккен бейшараны суреттейді. Бұл оқиға досы Ф.Достаевскийдің құлағына жетеді. Ол былайша мұңаяды:

«- Шапағатқа суарылған сүйегі
Дос сезімде қасиет бар киелі.
Киеліге қол көтерген жолығады бөгетке,
Сауап бопты ойсыз, арсыз төбетке, -
депті ұлы адам бойын дүлей ыза буып, қасарып,
Досын аңсап, жанарына жас алып...» [1,52].

Мұхтар Шахановтың «Сенім патшалығы» поэмасы да достықты жырлауға құрылған. Ақын шығарманың кіріспесінен негізгі тақырыпты аңғартады:

«...Жаны мөлдір, діні мықты,
Ардақ тұтқан ұлылықты,
Менің іңкәр, жан аяспас досым бар!»[1,192].

Ақын өлеңдері өткен ғасырдың 70-80 жылдары өте көп оқылды. Әсіресе, достық пен махабатқа ынтызар жастар Мұхтар Шаханов поэзиясын іздеп жүріп оқыды. Бұл туралы сол кездегі аға буын жазушы Ғабиден Мұстафин: «Өз дәуірінің

көкейтесті проблемаларын дөп басып, кең тыныспен толғай білетін, оқырманына таңдай қақтыра отырып, кейде пікір таласын тудыратын, аз уақыт ішінде өз соңына қаншама қалың жанкүйер ерткен М.Шаханов секілді ақын бұрын бізде кездеспеген еді»,- деп таңданды [4,153]. Ал, қазақ әдебиетінің алыбы Ғабит Мүсірепов М.Шахановтың ақындық талантын өз уақытында бағалап, былайша ой қорытады: «Дарын танылды. Ар-намыс танылды. Бұл ақынымыздың әрбір шығармасын оқығаннан кейін азды-көпті ойланбай қала алмайсың. Ой мен сезімге едәуір күш түседі... Тек автобуста келе жатып оқыма, шай ішіп отырып оқыма, басыңды жастыққа сала беріп оқыма! Өйткені оның әрбір жолы қадағалап оқуды керек етеді» [5,79]. Шыныда да Шахановты ат үсті оқуға болмайды. Ақын өлеңінде көлгірсу, мұңәйімсу жоқ. Іздейтіні – ізгілік, аңсағаны – ақ адал сезім. Оқырманына да осы жолдан айнымауды талап етеді. Достықтың жалауын биік ұстауға шақырады. Сондықтан ақын:

«Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай шөлдердің,
Биіктер мен алыптардың,
Жылулар мен жарықтардың арасын
Жалғап келген бір ән бар.
Парасатты мұңданудан,
Жерді қирап күл болудан,
Таңды қара дүрсіндіктен,
Адамдарды күншілдіктен
Қорғап келген бір ән бар.
Ол ән – ұлы достық әні, негізгі әні ғаламның,
Ол ән – ұлы махаббаты менің сайын даламның,
Дала көңіл бабамның.
Сол екі әнмен гүлденер жер,
Салмақ тауып саналы,
Сол екі әнді білмегендер
Өмір сүрдім демесе де болады»[1,188],

-деп жырлайды.

Адалдық пен ізгілікке жаны құмар, шынайы достыққа аңсары ауғандар біздің жастық шағымызда Шаханов поэзиясын оқитын. Бірақ ол кездегі Мұхтар ақын саясаттан алыс, айқай шудан ада еді. Қаншама жылдардан соң отты өлеңдерін қайта оқып, өткен шаққа ойша оралдым. Мынау қым-қуыт заманда жаныңа жақын, жүрек тебірентер жыр оқығанға не жетсін?! Ал, Сен поэзияда кімді, нені оқып жүрсің, бүгінгі жас өрен?

Әдебиеттер:

1.Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық. // Құраст. М.Мағауин, Б.Байділдаев// Т. 1, - Алматы: Жазушы, 1989.

2.Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. -Алматы: Жазушы, 1988.-301 б.

3.Байтұрсынов А. Шығармалар. - Алматы; Жазушы, 1989. - 320 б.

4.Мүсірепов.Ғ. Заман және әдебиет. -Алматы: Жазушы, 1982. -350 б.

5.Мұстафин.Ғ. Ой әуендері. - Алматы: Жазушы, 1978. - 287 б.

ӘОЖ 37.00

ТҰЛҒАНЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Маханов Тұрсынхан Шалабаевич п.ғ.к., аға оқытушы
Ахилбеков Үсен Учтемирович - магистрант
Жаңбыршиев Сұлтанбек Наханұлы п.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются пути формирования личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, опыта и научных достижений, которые являются основой целью системы образования Республики Казахстана. Кроме того, показаны образовательно-воспитательные процессы в сфере образования на основе национальных ценностей

Summary

This article discusses the ways of personality formation on the basis of national and universal values, experience and scientific achievements, which are the main goal of the education system of the Republic of Kazakhstan. In addition, educational processes in the field of education based on national values are shown.

XX ғасырдың 90-жылдары Кеңес одағының құрамындағы Республикаларда, соның ішінде біздің елде өмірдің батыстық формаларын асығыс көшірумен кеңестік идеологияның тез «бөлшектенуі» болды. Сәйкесінше, бұл үдерістер тәрбие жүйесінде ұжымшылдық» үлгімен тәрбиені индивидуалистік үлгіге қайта бағдарлау» арқылы көрініс тапты. [1]

Ұлттық құндылықтар дегеніміз елдің нақты анықталған идеологиялық, тарихи, мәдени, әлеуметтік-экономикалық, географиялық және демографиялық ерекшеліктерімен сипатталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы. Әрбір тарихи нақты әлеуметтік форма құндылықтардың белгілі бір жиынтығымен, сондай-ақ иерархиясымен сипатталады, оның жүйесі әлеуметтік реттеудің ең жоғарғы деңгейі ретінде әрекет етеді.

Ұлттық құндылықтар еліміздің геосаяси жағдайына сай қоғамның рухани мәдениетінің тарихи дамуы барысында жетілдіріледі. Бұл жағдай негізінде көп ұлтты Қазақстан халқының өзіндік түпнұсқасы, мінез-құлық ерекшіліктері, әдет-ғұрыптары, дәстүрлері мен өмір салты шоғыландырылған тұрғыда білдіретін іргелі моральдық-этикалық идеялар мен нормалар. Бейнелеп айтқанда, олар оның рухани өмірінің өзегін, ең жақсы қасиеттердің мінезін білдіреді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, тәжірибе мен ғылыми жетістіктер негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, сапалы білім алуға жағдай жасау және тұлғаны дамыту, сана сезімі мен өзіндік санасын байыту арқылы жеке тұлғаның рухани, физикалық және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, салауатты өмір салты мен адамгершіліктің берік негіздерін қалыптастыру үшін білім беру, жеке тұлғаның дамуына жағдай жасау арқылы ой-өрісін байытады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін білім беру жүйесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу және тиімді пайдалану сияқты проблемаларды анықтау, әрбір адамға қоғамда барынша өзінің жеке білім беру әлеуетін іске

асыруға көмектесетін білім беру жүйесінің дамуын қамтамасыз ету негізгі ереже ретінде қарастырылады. [2]

Демек, білім алу құқығында әрбір азаматтың білім алу құқығын негізге алу арқылы, білім алушыда дидактикалық шарттарды, яғни білім беру, тәрбиелеу, дамыту және қалыптастыру үдерістерін, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен құрметтеуде жан-жақты қамту қажет.

Ұлттық тәрбие деп, ана тілін, ата-баба тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін меңгеру негізінде жеке тұлғаның ұлттық өзіндік санасы мен мінез-құлқын қалыптастыруды түсінеміз.

Адамдарда қалыптасқан адамгершілік құндылықтарды рухани құндылықтар, ал тұтынушылық тауарлар мен адам қолымен жасалған іс-әрекеттер материалдық құндылықтар болып табылады.

Өзімізді бағалай білу – ұлттық байлығымызды игеріп, ұлттық болмысымызды дамыту деген сөз. Ұлттық құндылықтарды таңдап, оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, біз ел басқаратын ұрпақтардың бойына ұлттың баға жетпес рухани байлығын сіңіріп, отбасында да, білім ошақтарында да ұлтшылдық пен отансүйгіштікке баулитын, жеке тұлғаны тәрбиелейтін, адамдарды және өз мемлекетін қорғайтын ұрпақтар екендігін саналарына сіңіруіміз керек. Өз еңбектерінде қазақтың білім ағартушысы М.Жұмабаев: «Тәрбиеші баланы осы бала қай ұлтқа жататын, өзі өмір сүретін, сол үшін өмір сүретін ұлттың рухында тәрбиелеуге міндетті» десе, қазақ ғалымы Ж.Аймаутов былай деді: «Мектеп түлегі әлемге, өзгеге, өз өміріне білімді адамның саналы көзқарасымен қараса, білім берудің басты, ең басты мақсаты айқын болмақ.[3,4]

Мектеп болашақта жас тұлғаның дамуы үшін осы бағытта берік іргетас құруы керек». И.Г. Песталоцци: «Оқытудың әдістемесін дұрыс ұйымдастыру және ұлттық тілдегі оқу құралдары мен оқулықтардың мазмұны адамның санасы мен ойлануының қалыптасуына, оның дұрыс дамуына ықпал етеді» деп атап көрсеткен. [5]

Қазақ халқының ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы осындай дәріптеуге, қастерлеуге және дамытуға лайық ұлы да құнды ойларды неге халықтың, келешек ұрпақтың игілігіне, елге пайда әкелуге жарайтын азаматтардың біліміне жұмсамасқа?

Адамдардың қоғамда жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтармен алмасуы тәрбие процесі арқылы жүзеге асады. Солардың ішінде сын тұрғысынан ойлау жобасы арқылы оқыту саналы процесс екенін атап өткен дұрыс үрдіс болады. Интеллектуалдық деңгейі жоғары тұлғаны қалыптстыру үшін оны тәрбиелеу жеткіліксіз. Оның тұлға ретінде жан-жақты дамуына қолайлы оқытудың шығармашылық түрін жасау керек, яғни шығармашылық оқу әрекетін жасау қажет. Бұл жасөспірімді тек осы оқу материалын есте сақтауға ғана емес, сонымен қатар өз бетінше білім іздеуге де үйретеді деп есептеуге болады.

Қоғамдық тәрбие арқылы тұлғаны дамыту, нақты іс-әрекет арқылы тәрбиелеу мынадай құндылықтарға ие болуы қажет:

-белсенді қарым-қатынас: білім алушы мен мұғалім әрбір мәселе бойынша өз ойындағы пікірін білдіреді;

-даралық, мұғалімнің әрбір жеке білім алушы ерекшелігін, қоғам алдындағы жауапкершілігін дамыту;
-өзін-өзі тәрбиелеу: өзін-өзі бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрету және дамыту;
-шыдамдылық: әртүрлі пікірлерді қабылдай білу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеп, қабылдай білу.

Философ М.М.Бахтин: «Адамның адамдығы өзі үшін де, басқалар үшін де адамның адам арасындағы өзара іс-әрекеті мен қарым-қатынасында ғана ашылады» дейді. Ғалым философтың ойынша, диалог адамды қалыптастыру құралы ғана емес, оның адамдық болмысын танытады. Адамның іс-әрекеті, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы басқалардан оқшауланып емес, басқа адамдармен диалогтық қарым-қатынасқа түскенде жүзеге асады. Қарым-қатынас негізінде оқушы-оқушы, ұстаз-мұғалім және оқушы-мұғалім арасында өзара сыйластық, тану, түсіну туындайды, толеранттылық пен мейірімділік қарым-қатынастары қалыптасады. [6]

Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау арқылы адам бойында рефлексиялық қасиеттер қалыптасады. Рефлексиялық сапа – адамның өзін-өзі тануы, рухани дамуы, ғылыми ақпаратты меңгеруі арқылы білім мен тәрбие алынады.

Оқушы бойында рефлекциялық қасиеттердің қалыптасуы – білім беруді ізгілендірудің нәтижесі.. білім алушының өзін-өзі тану және өмірлік мәселелерін шешудің бірден-бір жолы – рефлексивті басқаруды жүргізе білу болып саналады. Оны зерттеу үшін мынадай негізгі қасиеттерді әдетке айналдыру маңызды болады:
-заманауи білім беру арқылы әлем туралы өзіндік түсінігі мен білімін қалыптастыру үшін өз тәжірибесін пайдалану;
-өзге адамдар ұсынған идеяларға конструктивті қатынас жасау қабілеті;
-түсінуге ұмтылу, өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруға емес, өзі үшін қорытынды жасау;
-өз білілімндегі олқылықтарды көре білу және оны жою жолдарын таба білу.

Рефлексиялық әрекет кезінде оқыту әдістері талданады, өздігінен шешім қабылдауға жағдай жасалады. Осылайша, жасөспірім өз қызметінің деңгейін дамытуға, оқуға, ұйымдастыруға мүмкіндік алады. Өзінің ерекшеліктері мен деңгейін таниды.

Білім мен тәрбиенің мақсатын анықтау үшін қазақ ұстазы Жүсіпбек Аймаутовтың мына бір сөзін еске түсірген жөн болады: «Мектептен шыққаннан кейін бала бүкіл әлемге, басқа адамдардың өміріне және өз өміріне саналы ақыл көзімен, білімге ашық қарай алатын болса, бұл тәрбиенің түпкі мақсаты. Осы бағытта мектеп болашақта баланың дамуына берік негіз қалауы тиіс».

Осы орайда білім ошағында жүргізілетін оқу-тәрбие іс-әрекеттер білім алушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыруға бірден-бір негіз болып саналады. Адамның бойында ізгі адамгершілік қасиеттердің қалыптасуы, өнер-білімді меңгеруі білімге, өскен жеріне, үлгі тұтатын ұстазына байланысты. Осыны жете түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының – мінезі жақсы», «Тәрбие басы – тал бесік» деп, ұстаз еңбегі зая кетпесін деп өсиет еткен.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде ең алдымен төменде көрсетілген мақсаттарды қою қажет:

-Халқы мәдениетімен, салт-дәстүрімен мақтанатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.

-Жалпы адамзаттың негіздері мен құндылықтарын құрайтын саналы көзқарастар мен принципті ұстанымдарды тәрбиелеу.

-Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу моделі бойынша зтопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

-Білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен білімге деген құштарлығын дамыту арқылы, оларды табысты іс-әрекетке бағыттау.

Ақын Мағжан Жұмабаев өз толғаулары арқылы білім беруді болашақтың талабымен байланыстырады: «Тәрбиеші баланы өзіне ұқсатпай, болашаққа лайықты ету керек». Қазақ халқында қалыптасқан тәрбиелік дәстүр басқа да ұлттардың тәрбие саласынан кем болмаған. Демек, тәрбие беріп отырған ұрпақтарымызды халқымыздың ежелгіден келе жатқан баға жетпес бай дәстүрлері негізінде тәрбиелеп, ата-бабамыздың өсиет еткен озық дәстүрлерін бойына сіңіруіміз қажет.

Білім алушыларды «Көркем еңбек» пәніне оқыту барысында қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарына түрлі конструкциялық материалдарды пайдалана отырып, түрлі сәнді қолданбалы өнер бұйымдарын жасауға баулу қажет. Қазақ халқының қол өнері ұлттың жан-тәні, ой-өрісі, сондай-ақ болашақ ұрпағының кәсібінің негізі болып саналады.

Тұлғаны ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеуде халықтық сәндік-қолданбалы өнерге негізделген әр түрлі көркемдік іс-әрекеттермен айналысу арқылы ең алдымен әдептілікке мән бердім.Әдептілік халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі болғандықтан, ғасырлар бойы қалыптасқан «әдептілік» ұғымы төңірегінде ұйымдастырылған қазақтың ұлттық қол өнері жақсы нәтиже берді. Өйткені, «Көркем еңбек» сабағында түрлі бұйымдар дайындау (мысалы, домбыра, сыбызғы, бесік және т.б.), адам бойына баға жетпес шеберлік інжу-маржандарын жинайды.

Қазақ халқының еңбекке тәрбиелеуі, білім алушылардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда ықпалы зор. Балалардың сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің алатын орны ерекше. «Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған».

Ұлы ақынның өзі айтқандай, ақын өлеңдерінде туған жердің әсем табиғаты, қазақ ауылының көріністері, аққөңіл ауыл адамдарының бейнесі сан алуан сезіммен ұштасып, отансүйгіштік қасиеттері қалыптасады. [7]

Сонымен, білім алушылардың ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие мен оқыту – бұл, жеке тұлғаның ұлттық құндылықтарды бойына сіңіретін, өз өмірінің бағытын анықтайтын, этникалық мүдделер призмасы арқылы объективті

шындықты бағалаудың өзіндік критерийлерін қалыптастыратын және ұлтшылық байланыстар мен қатынастарды кеңейтетін процесс.

Әдебиеттер

1 Комарова И.И. Трансформация традиционных ценностей у русских социально-педагогический анализ: дис.. кан.пед.наук ./И.И. Камарова – Самара, 2007. – С. 34-67.

2 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жарлығы, 2007 ж, №20. 151 құжат,2008ж.

3 Сабирова Ж.Н: Мағжан Жұмабаевтың психологиялық көзқарастары. – Атырау, 2008.

4 Аймаутов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Мәтін. /Ж.Аймаутов, М.Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин-ты, ред.алқасы: С.Қирабаев (жауап.ред), У.Қалижанов, Д.Қамзабекұлы т.б. –Алматы. Ел-шежіре, 2013.

5 Филосовские основы «элементарного образования» И.Г.Песталецци /В.А.Рыбин// Вопр.философии. -2006. -№7. – с. 74-83. –Библиогр.:с.83.

6 Михаил Михайлович Бахтин. Серия «Философия России второй половины XX века». М., 2010

7 Абай Құнанбаев Қара сөз/ Абай Құнанбаев-Семей: халықаралық Абай клубы, 2001ж.-259б.

ӘОЖ 376.2

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ МЕН ҰЛТТЫҚ КОД

Байбатшаева А.Е. – п.ғ.к., доцент м/а
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Қазақстан, Шымкент
Исмаилова Г.Ж. - зерттеуші
«Қосалқы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент, Қазақстан
Әзімхан А. - 2-курс магистранты
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассмотрены вопросы этнокультурного образования и национального кодекса развития творческих способностей обучающихся, доказывания путем проведения опытно-экспериментальной работы с детьми с особыми образовательными потребностями в Коммунальном государственном учреждении «дополнительная школа-интернат».

Summary

The article deals with the issues of ethno-cultural education and the national code for the development of creative abilities of students, proving by conducting experimental work with children with special educational needs in the Municipal state Institution "additional boarding school".

Қазіргі білім беру жүйесі білім алушылардың толыққанды жеке қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз етуге арналған. Оқыту процестерін құру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталуы керек. Бұл топқа мүмкіндігі шектеулі балалар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі іс-әрекеттерге ерекше қабілеті бар, дүниені

стандартты емес қабылдауы, өзіндік ерекшелігі бар, ойлау қабілеті бар балалар да болуы мүмкін. Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері қазіргі заманғы мектептерден өзін-өзі тануға және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін қосымша немесе арнайы бағдарламалар мен материалдарды ұсынуды талап етеді [1].

Этномәдени білімнің сипаттамасы және оның негізгі категориялары: этномәдени даму, этномәдени білім. Оларға берілген анықтамалардан бөлек этномәдени даму – бұл баланың мәдени ортаға ену процесі, онда жаңа тұлға құрылымы бірнеше рет жаңартылып, бекітіліп, оның негізінде тұрақты этникалық құрылым қалыптасады және өзіміз де солай болады деп ойлаймыз. Сонда ғана адам жеткілікті дәрежеде қалыптасады [2].

Сонда ғана білім алушыларға этномәдени білім беру арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндігі артады. Себебі, этномәдени білім ғана емес, сонымен қатар біздің еліміздің бай мәдениетінің арқасында ұлттық бірегейлік, тарих, тіл және ұлттық дәстүрлер ғасырлар бойы ата-бабаларымызды тәрбиелеумен және ғасырлар қойнауынан сараланып жеткен іс-тәжірибе жиынтығы, біраз уақыттан кейін тат баспайтын адалдықпен жинақталады. Қазақстанда этномәдени білім берудің жаңа түрін жаңғыртудың басты шарты ұлттық кодқа сәйкес келу болып табылады.

Ұлттық код - бұл ең алдымен тіл, содан кейін біздің дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды, елдің табиғаты мен мәдениетін анықтайтын тіл болғандықтан, қазақ баласының бай тарихында оның мәдени және рухани іс-әрекеттері ізгілікке, кішіпейілділік пен даналыққа бағытталғаны жөн деп санаймыз. Құрмет пен ізгілік, қадір-қасиет пен адамгершілік әдептілікке айналғандықтан, біз елімізде балаларды жаялықтан тәрбиелейтін, ұятқа үйретететін және балалардың мінезін қалыптастыратын ата-аналардың нормаларын дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуды көркем өнер саласының шығармашылық бағытында саралауды басты мақсат етіп отырмыз.

Шығармашылық – білім алушының қабілеттік қызметің белгілі бір түрін сәтті өнер арқылы жүзеге асыру және оның жеке қасиеттер жиынтығын басшылыққа алатын іс-әрекет. Шығармашылық қамқорлықты, ұмтылыс пен эмоционалды қарым-қатынасты, білім сапасын, ойлаудың, қиялдың, дербестіктің және шығармашылық ізденістегі табандылықтың даму деңгейін сипаттайтындықтан оны білім беру мекемесінің қай саласында болса да жүзеге асыруға болады [3].

Зерттеу жұмысымызды толықтыра түсу мақсатында біз Шымкент қалалық білім бөліміне қарасты «Қосымша мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын жүргізіп көрдік.

Негізгі мақсат: сол мекемеде білім алушылардың еңбек сабақтарындағы ұлттық код және этномәдени білімдерін шығармашылықпен жүзеге асыру деңгейлерін анықтау болды.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда этномәдени білім мен ұлттық кодтың алатын орны мен рөлін толық анықтау үшін алдымен

сауалнамалық сауалдар құрастырылып, таратылды. Жоғарыда айтылғандай еліміздің бай мәдениетінің бірі ұлттық бұйымдардың тәрбиелік мәніне, олардың эстетикалық құндылығы мен ғылыми негіздерін қалай меңгеріліп жатқандығы жайлы мәліметтерді жинақтау зерттеу жұмысымыздың процессуальдық – шығармашылық компонентін анықтауға үлкен мүмкіндік берді.

Мысал ретінде бүгінгі таңда қазақ қыздарының тәрбиесінде сұлулыққа әсері бар бірі шолпы мен шашбау жөнінде айтуға болады. Зерттеу барысында шолпы қыздардың сәндік бұйымы ғана емес, сонымен қатар бірқатар физиологиялық, хореографиялық, психологиялық қызметтерді атқаруы жөніндегі білімі тексерістен өткізілді.

Физиологиялық тұрғыдан – қыз баланың бойын тік ұстауға дағдыланса, хореографиялық тұрғыдан әдемі жүріс таңдауды үйренеді, ал психологиялық тұрғыдан – омыртқа жүйесінде орналасқан жүйке талшықтары түзу болған кезде оның жұмыс істеу қабілеті жоғарылайтыны да сауалнама мазмұнында енгізілді.

Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балаларға ұлттық мәдениетте тәрбиелеу – толерантты тәрбие беру, әртүрлі мәдениеттер арасындағы ұлттық бірегейлік пен балалардың ұлттық мәдени болмысын қалыптастыру, ана тілін, ел мен ұлттық мәдениетті меңгертудің өзектілігін байқауға болады.

Жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталған білім беру жүйесі, мәдени мұраға, дәстүрлі көркем еңбек арқылы халқымыздың сұлулық сезімін, сезімін қалыптастырған этникалық мәдениеттің қайнар көзі жинақталады.

Сауалнаманың енді біріне шолпыны жасаудың техникасы мен технологиясы, бірінші кезекте жұқартылған күмістен жасалатыны, күмістің химиялық қасиеттері басым болған жағдайды, адам бойындағы зиянды зат молекуларын жоятындығы жайлы білімдерін тексеріс сұрақтары қойылды.

Шолпы денені түзу ұстау үшін қыз әдемі қадамдармен шолпының үні мен дауысын (әуенін) реттейді және желді күнде шашты көтеріп кетпес үшін де тағылатындығы, неғұрлым қадам басылса, соғұрлым шолпының сыңғырлаған дыбысы денеге (киімге) сіңімді болатындығы физика заңдары бойынша дәлелденгені де ескерілді.

Естеріңізде болар, «Алпамыс батыр» дастанында:

Заманында тағыпсың,, Тіләә шашбау жар-жар-деп жырланатыны.

Сурет 1. Шолпы бейнелері

Шолпыдағы ою-өрнектер тек әшекейлеу үшін ғана емес, қыздың жүріс қимылдары шолпы мен ортадағы доп арқылы өткенде ырғақты әуенді ойнайды

(сәндік өрнектер де бар), (мысалы: Қорқыт ата кесенесінің қобыз үлгісіне ұқсайды) бұл әуенді қыздар мен балалар әдемі қадамдарымен күйге келтіреді [4].

Шығармашылық жұмысты құруда жас жеткіншектердің ізденіс әрекеттерін, проблемалық жағдаяттарды, теориялық және практикалық тапсырмаларды және проблемалық мазмұнды қамтитын тапсырмаларды талдап, шешуін басшылыққа алады.

Тапсырмаларды тиімді қолдану жүргізіліп жатқан тәжірибелі-эксперименттік жұмыстарымыздың нәтижесін шығаруға оң ықпалын тигізді.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы университетіміздің «Кәсіпке оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасында ұйымдастырылған «Ұстаз һәм шәкірті» атты көрмеге қойылған заттар мен бұйымдардың этностық ерекшеліктерімен шектелді.

Шын мәнінде, қазақ мәдениетінің ұлттық сипатын ұлттық код деп атауға болады. Осы кодекстердің бірі біздің отбасылық қарым-қатынасымызға негізделген. Туыстық көрінетін жер біздің дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызда. Қазақтың салт-дәстүрлері ұлттық мәдениеттің биік тірегі болып табылады. Осы рәсімнің, дәстүрдің арқасында біз ғасырлар бойы халқымыздың саналы, мағыналы, қызықты, философиялық мәні бар «талдың бесігінен жердің бесігіне дейін» өмір сүргенін білеміз.

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту барысын «Визуалды өнер» бағыты бойынша жалғастырдық. Негізгі мақсатымыз: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сурет салу арқылы шығармашылықпен таныстыру, эстетикалық сезімталдықты дамыту, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру болды.

Бұл тұста визуалды өнер саласы бойынша көзделген барлық тақырыптардың оқу материалын білім алушыларға үйрету әдістемесінің ортақ оқыту мазмұнын бірдей тұрғызуға болады. Сондықтан сауалнамада біз барлық тақырыпқа ортақ әдістемелік жүйе құрдық. Жүйеде тақырып бойынша өтілетін сабақ визуалды өнер немесе жанр түрі бойынша әлемдік және Отандық суретшілердің шығарма жұмыстарының үлгісін көрсетуден бастау қисынды болады. Сол көркемдік шығармалардың көркемдік идеясы мен мәнін, орындау техникасы мен тәсілдерін білім алушының өзбетімен анықтауға жетелеу көзделеді.

Сауалнамаларда визуалды өнер элементтерінің мәнерлі құралдары ерекшеліктері арқылы фотосуреттің әр түрлі типтері мен жанрларын тану мәселесіне көңіл бөлінді. Мысалы,

Сурет 2. Натюрморт және аппликация

Сонымен қатар абстракционизм, поп-арт, инсталляция; көркем техникалар мен технологиялар пирография, көркем күйдіру т.с.с. заманауи өнердің бағыттары да ескерілді. Осылайша, этникалық мәдениеттің қалыптасуы мемлекеттік кодтың - басқа елдерден айырмашылықтарды көрсететін ерекше сипаттамалардың, әр елде және одан тыс жерлерде пайда болуының, сондай-ақ осындай адамдардың ниеттерін ашатын және сенім құшағына еркін енетін функционалды құлыпты ашатын жеке кілт (код) сияқты пайда болу факторларының арасында байқалады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы келесі тұжырымдарға әкеледі:

○ «Қосымша мектеп-интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде этно мәдени бағытының элементтерін енгізуге болады;

○ Қазақтардың этномәдени элементтерін және басқа ұлт өкілдерін енгізуді дамыту үшін қолайлы ортаны қалыптастыруға болады;

○ Бұл жоғарыда аталған мекемелерде білім беру процесін тиімді етуге мүмкіндік береді, жаңа материалдарды жақсы игеруге ықпал етеді және жас ерекшеліктерін ескеруге жағдай жасайды;

○ Этномәдени элементтері бар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің түлектері жоғары деңгейдегі білімге, іскерлікке және бизнес жүргізу дағдыларына ие, бұл әсіресе эмоционалды, эстетикалық және когнитивті дамуда көрінеді.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасындағы этномәдени білім беру тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Хейсей дәуірінің 15-ші жылы (1996) № 3058.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Бастауыш, базалық және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары 2018 жылғы 31 Қазанда №604 болып жарияланды.

3. Гершунский Б. Философия образования для XXI века // Мир образования.- 1996.-№4.-С. 49-54.

4. Мұхтарова Ш.М. Болашақ мұғалімдерге этномәдени білім беру. - Қарағанды: Санат, 2008. - 418

ӘӨЖ 1.255

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АДАМ МЕН ТАБИҒАТ АРАҚАТЫНАСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ КӨРКЕМ КӨРІНІСІ

Халикова Н.С. ф.ғ.к., Бейсенбаева Р.Х.ф.ғ.к.,
Айдарова А.А. магистр-оқытушы
Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается взаимоотношение человека и природы в казахской прозе. В статье анализируется произведения Т. Алимкулова, А.Кекилбаева, М.Мағауина.

Summary

This article discusses the relationship between man and nature in Kazakh prose. The article analyzes the works of T. Alimkulov, A. Kekilbaev, M. Magauin.

60-80 жылдардан бастап адам мен табиғат, арасындағы қарым-қатынас тақырыбы дәстүрлі әдеби ағым ретінде қалыптаса бастыды. Әдеби шығармада өмір құбылыстарын адам мен табиғат, аң-жануар тіршілігі арқалы көркем жинақтау қазақ әдебиетінде бұрынан келе жалғасып келе жатқан дәстүр. Ертеде халық жақсылық пен жамандықты көрсетуде, өз арманын бейнелі түрде жеткізуде ауыз әдебиетінің кейіпкерлері аң-құс, жан-жануар болған. Бүгінгі әдебиетте адам мен табиғат арақатынасын өмір шындығын ашуға, көркем бейне жасауға, кейіпкер характерін даралауға негіздейді. Адам мен табиғат арақатынасы арқылы адам жанының небір нәзік сырлары ашылып, көңіл-күйі көрініп жатады. Сондай-ақ бүгінгі әдебиеттегі адам мен табиғат мәселесі адам мен табиғат арасындағы қарама-қайшылықты, адамгершілік сана, ауыл өмірі, адам тағдыры сияқты көптеген мәселелерді қозғай бастады. Кейібір қаламгерлардің шығармаларында адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселелері қоғамдық өмірмен де тығыз байланысып жатты.

Қазақ әдебиетінде адам мен табиғат мәселесіне әр қаламгер әрқалай келіп жатты. Бірі табиғат суреттері арқылы кейіпкерінің көңіл-күйінен хабар берсе, бірі табиғат арқылы қоғамдық өмірден сыр шертіп жатты. 60-80 жылдар қазақ қаламгерлерінің проза жанрындағы жаңалықтың бірі – жан-жануарладың ішкі сезімін, ішкі күйзелісін тебірене отырып суреттеулері. 60-80 жылдары қазақ прозасында жан-жануарлар бейнесін қалыптастырып, олардың ішкі сезімін, ой-түйсіктерін терең толғаныспен суреттеген қаламгерлер аз болмады. Қазақ прозасында Т. Әлімқұловтың «Текті қасқыр» [1], Ә. Кекілбаевтің «Бәйгеторысы» [2], М. Мағауиннің «Тазының өлімі» [3] т. б. көркемдік болмысы бөлек, бітімі ерекше көркем дүниелер. Әр қаламгердің өзіндік жазу мәнері, қолтаңбасы бар. Әр шығарманың өзіндік сюжеттік желісі, оқиғаларды баяндау жолдары мен тәсілдері болады. Қазақ әдебиетінде адам мен жануар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты оқиға сюжетін баяндауда ерекшелік танытқан қаламгер Ә. Кекілбаев болатын. Ол өзінің «Бәйгеторы» повесінде оқиға жүйесін жүйрік жануар Бәйгеторының түйсік-түсінуі арқылы баяндайды. Бәйгеторыдай тұлпардың жалпы жағдайын сипаттай келе, жазушы бірте-бірте оның өмір тарихына ауысады. Бәйгеторының туғаннан осы күнге дейінгі тағдырын, өмір-тарихын жазушы жылқы түйсігінде қайта жаңғыртады. Бұл тәсіл бұрын қазақ әдебиетінде болмаған. Шығармада жылқы ойы мен авторлық баяндау астасып жатады. Қаламгер жылқының ішкі сезім-күйлеріне терең мән береді. Тұлпардың ішкі күйініші, жалғыздықтан жалығып, кәрілікке мойынұсынып қиналған сәттерде өзіне сүйеніш, тірек іздейтін тұстарына келгенде жазушы шеберлік танытады.

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, табиғаттың адамға бағынбайтын қатал мінезін суреттеген Тәкен әңгімесі «Текті қасқыр» деп аталады. Тәкен «Текті қасқыр» әңгімесінде оқырманды жан-жануармен сырластырады. Жалпы әдебиет әлемінде дала суретін, ұшқан құс, жүгірген аңның жұмбағын білуге талпынған жазушылар аз болған жоқ. М.Әуезовтің «Көксерек» повесі, Ш.Айтматовтың бұғылары мен бөрілері, текті тұлпары, Джек Лондонның «Ақ ауызы», Тургеневтің күшік туралы жазған классикалық

туындылары осыған дәлел. Аң мен құс, жан-жануар тағдырын толғаған қай қаламгерді алып қарасаңыз да, олардың адам тағдырынан айналып өтпейтініне көз жеткізесіз.

Көксеректің табиғат қалыптастырған жыртқыштық мінезін адамның өзгерте алмайтынын көрсеткісі келген Әуезов өз туындысы арқылы сол заманның өмірлік шындығын алға тартады. Сонымен қатар, Әуезов Көксерек характері арқылы табиғаттың өзіне ғана тән қатал мінезін көрсетуді мақсат етсе, Тәкен де өз әңгімесіндегі аңшы баласын іліп әкеткен қасқырдың кегі арқылы тылсым табиғаттың өз тәртібі, өз заңы бар екендігін дәлелдейді. Бөлек сілемдерін суреттеумен басталатын әңгімеде жалғыз қалған қасқырдың адамнан өш алу әрекетін баяндалады. Тіршіліктің бар қызығын аңшылық деп ұғатын Бұғыбай әңгімеде көкжал қасқырды таспен төмпештеп өлтіргенде, сол қақпанның күндердің күнінде өзіне қырсық боп жабысатынын білген жоқ. Көкпарға тартылған көкжал қасқыр үшін, көзі ойылған күшіктері мен аңшының еншісінде кетіп, адамның асырауына, жылы алақанына үйреніп келе жатқан бөлтірігі үшін алынған кек әңгімеде әсерлі суреттеледі.

Т.Әлімқұловтың «Текті қасқыр» әңгімесінде жазушы психологиялық талдау жасаған. Осы оқиға арқылы жазушы адам өміріндегі дағдарысқа толы өмірлік шындықты ашып көрсетеді.

Қасқыр – жыртқыш аң. Адам баласы оған хайуан деп қана қарайды, оның ішкі жан сезіміне үңіле бермейді. Қасқырдың өз айла-амалы бар, өзіндік ойлау қабілеті қалыптасқан. Қасқырдың табиғат тудырған жыртқыштық мінезін, оның тектілік қасиетін әңгіме еткен Тәкен жалғыз қалған ақ қасқырдың сағынышқа толы ішкі қиналысын дәл бейнелеп бере алған. Әсіресе қолға үйреніп бара жатқан бөлтірігін көргендегі қасқырдың бойын жайлаған ыза, кекті Тәкен терең тебіреніспен суреттейді. «Күздің ызыңдаған желі ызғарлы қара суыққа ұласты. Көл жағасының өңі қашып бұталар бүрсиіп, ағаштар сидамдана бастады. Үйірінен айырылған, адасқан қаншық елегізіп, бөлтірігін қайта жоқтауды шығарды. Бұның жанына көзі ойылған бөлтіріктері батпайды. Оның есесі қайтқан! Бұны жегідей жейтін аңшыға тұтқын болған, адамның қолынан сүт ішетін маймағы! Баяғыда бытырап кеткен бөрілермен де ісі жоқ. Тек бір төлін ғана сағынады. Жат жұртқа кеткен бөлтірігін ойлағанда, **емшегі сыздап, ыңырси қыңсылап, шиыршық атып** өзінің тірсегін өзі шайнайды. Тұла бойын **өкініш, ыза, кек** қайта жайлайды. Кейбір тіктенген қаны еріп, қандым-қызыл тартады. Жойқын күшпен **әупілдеп, арсылдап, әрлі-бері жүгірістеп, шер тарқатады.**» Мәтіндегі *лепті сөйлемдер , қос сөз, көсемше жұрнақты етістіктердің бірінен кейін бірінің қолданысы, бірыңғай мүшелі сөздер*, табиғат көрінісі көркемдік жүк көтеріп, қасқырдың жан күйінішін, ішкі толғанысын терең жеткізуде үлкен роль атқарып тұр. М.Әуезовтің «Көксерек» повесінде қасқырдың ішкі қиналысы былай суреттеледі: «Түні бойы **көп-көп** ұлыды, таң атқанша жер тартып, **шаң боратты, ыңырсыды, аунады**. Ай астында **әрлі-берлі** сенделіп, көп аяңдап жүрді. Қасында көлеңкесі ғана жүрді» [1, 18б.]. Осылайша жазушы шығармасында қасқырдың жыртқыштық қасиеті, мінезі айқындалып, ішкі

қиналысы *қос сөз, етістіктің бірінен кейін бірінің тізбектеліп қолдануы* арқылы дара суреттеледі.

Тәкен әңгімеде *«тұкті жүрек, асау қан»* текті бөлтіріктердің төркінін ұмытпайтынын баяндайды. «Түкті жүрек, асау қан» дей келе қасқырды көркем бейнелейді. Ал Маймақ болса іннен шыққалы қап ішінде тұншығып, жарық дүниені ауыл қотанында көрді. Сондықтан оның адам асырауына үйреніп, шыққан тегін ұмытып, күшік боп кетуі кетуі де мүмкін. Бөлтіріктің итше шәуілдеп, адамға бауыр басып бара жатқанын көргенде енесінің бойын ыза кернеп, адамға қатты кектенеді. «Айдың өліарасы еді. Қылаңдаған қараңғылықта сұқтанып тың тыңдағанда, жел тұрды. Жайпауыт жел кезеңнен бел алып, уілдей бастады. Құлаққа бөлтіріктің қыңсылағын даусы шалынды. Адуын қаншық «күшігім, күнің не болды?!» дегендей тұншыға ұлыды. Денесі **тітіркеніп, басы жаңғырығып, көзі ұшқындады.** Шырқ айналып, шаншыла көтеріледі де, қыңсылай жүгірді» Қасқырдың жүрегін жылатқан шерді жеткізуде автор суреткерлік шеберліктің биігінен көрінеді.

Адам мен табиғат егіз десек те, табиғаттың адамға бағынбайтын өз заңдылықтары бар. Табиғаттың құдіретті тепе-теңдігі бұзылмауы тиіс. Тәкен шығармасында осы тепе-теңдік бұзылады, соның нәтижесінде туындаған адам мен табиғат арасындағы қайшылық күрес шығармада шебер көркемдік шешімін тапқан. Ызаға булыққан қасқыр адамның өзіне жасаған зұлымдығы үшін өш алып, кек қайтармақ болады. Кекті қасқыр бейбіт жатқан елге әлек салып, малына тыныштық бермейді. Ашынған қасқыр ешнәрседен тайынбайды. Бір ғана ауылды айналшықтап, қойларына тиіп, малшылардың мазасын алған қасқыр сыры ауыл адамдарына жұмбақ боп қала берді. Оның сыры адам қолына үйреніп келе жатқан бөлтірігі мен жалғыздықтың күйігі еді. Қасқыр өз бөлтірігінің адамнан ет жеп, сүт ішкенін көргенде қаны қайнап, басы айналып, көзі қарауытып кетеді. Түзде отырған Бұғыбайдың баласын қас қағым сәтте іліп әкеткен қасқыр сыры жан түршігерлік жағдайдан кейін ғана көпшілікке мәлім болады. Жазушы стилін даралайтын психологиялық сырға толы мынандай сөйлемдер Тәкеннің суреткерлік шеберлігін дәлдей түседі. «...**Жүрегі дүрсілдеп, басы жаңғырығып, көзі қанталаған қасқыр** оқтай атылады. Баланың шар етуге ғана шамасы келді. Жүрегі жарылып кеткен баланы қозыша арқалап, жанұшыра жүгірді.» Баласын іздеген Бұғыбайдың үміті Бөлек сілемдеріндегі қақпанға келгенде үзіледі. Көзі ойылған перзентін көргенде текті қасқырдың кек алғанын түсінеді.

Шығарманың көркемдігін арттыру мақсатында әңгіме сюжетіне аңыздық желіні пайдалану Тәкен қолтаңбасының ерекше бір тұсы. Яғни аңыз-әңгімелерді өз шығармасына қолдану жазушының стильдік ерекшелігін танытады. Қасқырдың күшіктері жатқан үңгір туралы аңыздық желіні әңгімеге енгізу арқылы жазушы шығарманың әсерлілігін күшейтеді. «Осы апан туралы ел аузындағы аңызды бала кезінде естігенді. Апанның түбінде байлаулы айдаһар бар-мыс.Үңгірдің уілі айдаһардың демінен пайда болады-мыс. Бағы заманда қазақтардан қашқан басқыншы қытайлар қазына тығып кеткен деген лақапқа иланушылардың үңгірге шырақ алып түсе алмағанын да Бұғыбай еміс-еміс біледі»

Тәкен қасқырдың жан иірімін, ішкі қиналысын шебер бере алған. Бұл ретте де Тәкеннің Әуезов дәстүріне сүйенгенін, одан үлгі алғанын байқаймыз. Тәкен де Әуезов сияқты адам қолына үйреніп, күшік болып келе жатқан қасқыр бөлтірігі туралы жазады. Қос қаламгер де қасқырдың қиналысын, ішкі психологиясын терең суреттейді. Адам мен табиғаттың қарым-қатынасы туралы мәселе заман шындығына сәйкес келеді.

Әңгіменің беташары болып есептелетін Бөлек сілемдерінің суреті авторлық баяндауда әдемі үйлесімін тапқан. Тәкеннің өзге шығармаларындағы пейзаждың орны да ерекше.

Әдеби шығармаларда өмір құбылыстарын адам мен табиғат, аң-жануар тіршілігі арқылы көркем жинақтау қазақ әдебиетінде бұрыннан жалғасып келе жатқан дәстүр. Бүгінгі әдебиетте жазушы адам мен табиғат арақатынасын өмір шындықтарын ашуға, көркем бейне жасауға, кейіпкер характерін даралауға негіздейді. Адам мен табиғат арақатынасы арқылы адам жанының небір нәзік сырлары ашылады, көңіл-күйі, сезімі көрініп жатады.

Әдеби шығармалардың қай-қайсысы болмасын адам тағдырына келіп жатады. Адам тағдыры арқылы тарихи шындықтың, өмірдің шынайы беттерінің көрінуі – көркем шығарманың негізгі бағыты. Адам өмірінің сырын ашып, әртүрлі кезең шындығын бейнелеуге жазушы көп шығырмашылық зерттеушілік дайындықпен келген 60-80 жылдар қазақ қаламгерлері шығармаларынан дәстүрлі мәдениет пен халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ұлттық өрнек, салт-дәстүр көріністерін жиі кездестіре аламыз. Осы кезең қазақ қаламгерлері адам мен табиғат арақатынасын суреттеп жазған шығармалары да қазақ әдебиетінен өзіндік орнын алады. Бұл үрдіс әлем әдебиетінде де көрініс табады. Адам табиғаттың бір бөлшегі бола тұра кейде сол табиғаттың заңдылықтарын бұзып жатады. Осының салдарынан адам мен табиғат арасында қарама-қайшылықтар туындайды. Осы арқылы жазушы айтар ойын терең жеткізіп, кейіпкер бейнесін жан жақты ашуда шеберлік танытып жатады. Жан жануарлардың ішкі психологиясына үңіліп, прозадағы психологизмнің жақсы үлгісін көрсетіп жатады.

Әдебиеттер

1. Әлімқұлов Т. Кертолғау. – Алматы: Өнер, 1988. – 365 б.
2. Кекілбаев Ә. Қазақ классикасы; Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. – 1999. – 400б.
3. Мағауин. М. Тазының өлімі. Хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004.- 256 б.
4. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979. – Т.2. Повестер мен әңгімелер. – 436 б.

УДК 372. 8:39

ФИЛОСОФИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Кемешев Д.А. д.п.н., профессор,
Небесаева Ж.О. доктор философии PhD, и.о. доцент,
Жанбыршиев С.Н. к.п.н., и.о. доцент
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет,
факультет Искусства и образования,
Кафедра Профессионального обучения и изобразительного искусства,
Шымкент, Республика Казахстан

Резюме

В статье рассматриваются вопросы философии о воспитании личности. Научные труды и о жизни ученых Средней Азии и Казахстана. Развитие культуры и наследие древних цивилизации Великой степи.

Summary

The article deals with the questions of philosophy about the education of the individual. Scientific works and about the life of scientists in Central Asia and Kazakhstan. The development of culture and heritage of the ancient civilizations of the Great Steppe.

Модернизация историко-культурных памятников и объектов на территории Казахстана. В 2013 году по программе «Народ - в потоке истории» была собрана и изучена история из самых ярких архивов мира. Главное условие модернизации нового типа -это умение сохранять свой национальный код [1]. Вместе с тем, духовная модернизация важна всемогуществом, способным объединить и объединить различные полюса национального сознания. Созидание казахского народа-это платформа нации, гармонично соединяющая горизонты сегодняшнего дня и светлого будущего. В настоящее время не только индивид, но и население в целом имеют возможность добиться успеха, только если повысить свою конкурентоспособность. Казахстан веками сохранил природу родного края.

Национальные традиции должны навсегда оставаться в нашем языке, литературе и искусстве, национальном духе. Мы должны возрождать те добродетели, которые были заложены в наших сердцах, которые сегодня в наших жилах процветают. В современном обществе символ подлинной культуры-это не неуместная роскошь [3]. Напротив, сдержанность, бережливость и разумное использование показывают увиденное. В современном обществе символ подлинной культуры-это не неуместная роскошь. Напротив, сдержанность, бережливость и разумное использование показывают увиденное. Само понятие национальной модернизации означает совершенствование национального сознания.

Во-первых, расширение горизонтов национального сознания.

Во-вторых, показать миру наши традиции сохраняя ядро национального самосознания.

Быть конкурентоспособной страной, не отставая от современных тенденций, наравне с передовыми развитыми странами. "Новое гуманитарное образование. 100 новых учебников на казахском языке". Мы должны создать все условия, необходимые для полноценного образования студентов.

Популяризация казахской культуры в мире занимает огромное место в философии, психологии и этнопедагогике. Популяризация казахской культуры в мире занимает огромное место в философии, психологии и этнопедагогике. Это подготовка специалистов, наиболее адаптированных к глобальной конкуренции в сфере образования. Человечество и Вселенная - подчинены времени и пространству[2]. Культура-это таинственный мир, в котором сочетаются человеческие качества. В казахской культуре поэты и жырау, ханы и полководцы, бии в которой они жили и упорно трудились на пути истинного знания к свободному мышлению и добродетели. В казахской культуре народ проявляли подлинный патриотизм, готовность бороться за его счастье, интересы и будущее и определяли пути его достижения. В настоящее время культура Казахстана оказывает непосредственное влияние на мировую культуру. Развитие казахской культуры несмотря на исторические периоды, упорно идем к выходу на мировой уровень, всесторонне глубоко философски рассматривая нашу национальную культуру [4].

Актуальной частью культуры является искусство. Человечество не можем почувствовать дух культуры через творческую красоту, рожденную творческим духом народа, который берет свое начало от символов на камне и продолжает вечные творения. Действительно, искусство-это золотое сокровище культуры, одно из самых удивительных проявлений величия человека-его стремление к красоте. Культура - это мир человека, мир человеческого разума, разума, добра и красоты. Философские труды Аль Фараби, ставшего вторым учителем мира, создали прекрасную научно-теоретическую основу цивилизации Великой степи в период Средневековья. Ученый Великой степи Аль-Фараби сумел раскрыть тайну красоты человеческой души и гармонии природы в глубокой философской мысли искусства и поэзии тюркоязычных народов.

С художественной самобытностью древней цивилизации сравнивали, беря истоки культуры на основе почве Великой степи. Эстетические взгляды Аль Фараби (поэзия, музыка, живопись, архитектура и искусство танца и др.) развивали красоту и искусство. Развитие традиционной культуры в регионе Средней Азии и Казахстана свидетельствует о неразрывной связи древних цивилизаций. Это произведения поэтов мирового уровня, ученых музыки и устной литературы. Одним из основателей этики и эстетики в эти времена был Аль-Фараби. Научно-теоретические трактаты науки доказали философское восприятие мира красотой и искусством в виде целостной истины. "Искусство-зеркальная модель", - говорит гений в глубокой задумчивости. Восприятие истины как целого. Человек с самого начала стремится к счастью. Хотя красота-это существо, которое живет в природе, человек рождает его. Красота вечна в мире[5]. Первое – природа, второе-красота создается человеком. Говорят, что человеческое счастье и человеческие качества-это только человек. Ученый, ставший вторым учителем средневековья, философски сформулировал Генезис красоты. Эстетическая концепция природы искусство-это мир, требующий широкого глубокого осмысления, поэтому нельзя не учитывать логику, эстетику, поэзию, музыку, педагогику, анатомию, акустику и т.д. Аль-Фараби глубоко

исследовал труды древних ученых Аристотеля, Евклида, которые оказали большое влияние на развитие Востока и Европы. Аль Фараби-многогранный ученый, поэт, музыкант, музыкальный исследователь, хорошо владеет геометрией, математикой, физикой, астрономией, философией, психологией, педагогикой и др. Как говорят, великие люди приходят через тысячу лет, между мыслителем-гением казахской земли Абаем и Аль-Фараби-около тысячи лет. Мы обязаны донести до наших поколений великодушный характер и духовную преемственность этих двух великих личностей. Духовным источником мыслителя времени М. Ауэзова является древняя культура и искусство казахского народа. Философ-Гуманист Аль Фараби рассматривает искусство как проявление исторического эволюционного развития.

Великий ученый Великой степи Аль-Фараби развил древнегреческую эстетику. Главный оригинал эстетического понятия дал отрицательную оценку идейному подходу, доказав истинность природы. Об окружающей действительности свидетельствуют научные труды» трактат канона поэзии искусства«,» о поэзии искусства". Мысленное восприятие окружающих предметов с художественной точки зрения говорит о том, что творческие способности художника-искры. Прекрасный художественный мир создается самим человеком, не приходит с другой стороны. Человек стремится быть счастливым всем своим существом в своей жизни, стремиться к красоте. Несмотря на красоту в природе, она создается неустанным трудом великих людей. Красота вечна и первична по своей природе, а добро и красоту создает человек [6].

Основной проблемой является всестороннее развитие молодежи наряду с образованием, формирование философских игровых, познавательных и творческих способностей. Для развития мировоззрения молодежи им необходимо овладеть системой знаний, умений и навыков, накопленных человечеством. Содержание образования определяется текущими и будущими целями, которые ставит перед собой Высшая школа. Следует отметить, что содержание обучения-это всегда сцена политической, идеологической борьбы. Политические силы пытаются распространить свое влияние на все общество через школу. Содержание обучения формируется в соответствии с социально-экономическими и научно-техническими потребностями общества. Независимость страны, социально-экономические и политические изменения в республике требуют, чтобы выпускники школ были готовы к построению нового общества, культурному и духовному росту. На содержание образования влияет и уровень социальных и научных достижений. В связи с развитием и обновлением общества, ростом научных открытий, учебные программы пересматриваются.

Своеобразие, отражающее действительность в искусстве, отражает собственное содержание в художественном искусстве, его форме и целостности. Это характеризует понятие целостности и индивидуализма, рациональности и эмоциональности, чувственно - реальности, художественных образов. Искусство - это реальность, воплощающая реальность жизни, которая становится художественной реальностью. В этой связи представители отечественного

искусства стремились показать свое одновременное влияние, постоянно меняя окружающий мир и повседневную жизнь.

Искусство-вестник новаторства, прямой контроль над жизнью, сформировалась система отражения исторических событий. Он чувствовал неповторимую связь между природой и человеком, создавал бесконечные красочные богатства природы, исчезновение объемной формы в среде, создавал световые и воздушные вибрации. На это повлияла колористическая реформа-нанесение сложных тонов на цвет чистого солнечного спектра, что создавало яркую, завораживающую картину с отражениями цветового оттенка.

Отношения с обществом, человеком и окружающей средой, эстетическое восприятие действительности. Поэтому художественная мысль не полностью перешла на язык крайних понятий, а лишь в художественно-творческом анализе выделяется как основная мысль, жизненная, нравственная, философская. По мере углубления художественной идеи возрастает общественная значимость произведений искусства. Философское восприятие искусства зрителем, глубокое, целостное созерцательное великолепие, тонкость, непосредственность наблюдения за жизнью, мастерство исполнения, восхищение исполнением истинных мотивов и сюжетов.

Литература:

1. Назарбаев Н. А.Стратегическое направление развития Казахстана-2050: процветание казахстанцев, Нұрлы жол, путь в будущее. -А. Суверенный Казахстан, 17 апреля 2017.
2. Аль Фараби «Трактат о музыке и поэзии».-Алматы, 2012
3. Ж. Алтаев, т. Габитов, А. Касабеков Философия и культурология Алматы. Семь уставов 2018.
4. Муканов С. Народное наследие (на каз. яз.). Алма-Ата, 2018.
5. Ж.Алтаев, Т.Ғабитов, А.Қасабеков Философия және мәдениеттану Алматы, Жеті жарғы 1999
6. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. -Алматы: Жазушы.2018. Б. 465. - 492 б.

ӘОЖ: 94(574):37.035

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТАНСҮЙГІШТІК МӘСЕЛЕ

Қожабеков Нұржігіт Абубакирович
Ж.Ташенов атындағы университет

Резюме

Проблема казахского патриотизма. Формирование казахского потриотизма-тенденция,которая продолжает быть актуальной каждый день даже после обретения независимости от Казахстана.

Summary

Kazakh patriotism is a problem. Even after the independence of Kazakhstan, is one of formation of Kazhakh patriotism is one of the most pressing issues.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін де күнделікті өзекті мәселенің бірі болып келе жатқан үрдіс-қазақстандық потриотизмді қалыптастыру мәселесі.

Ол қазақ халқының ел болып қалыптасқан уақыттан бері алға қойған басты ұстанымы десек те болады.Өйткені елдіктісақтауда ұлт ретінде жойылып кеткен, ішкі-сыртқы жауларға қарсы күресті.Бұл мәселе өзекті бола отырып,қанға сіңген қасиет тұрғысында,бүгінгі XXI- ғасырға да осы санада кетті.

Патриотизмді «отансүйгіштік» деп нақтылап, тұтастығы,осы қасиеттің ел дамуының барлық келе асырылуына жұмыла іс жүргізілуде.Ол үшін қоғамдағы мәдениет пен өнер саласы үлкен үлес қосуымен ерекшеленеді.Философиялық тұрғыдан алғанда мәдениет-адаммен табиғаттың өзара қарым-қатынасының тарихи түрде дамып отыратын өлшемі.Осыдан да мәдениет әлемі-адамның шынайы өзіндік әлемі болып табылады.Өйткені ол адамның шығармашылық ,жасампаздық қасиеттерінің жемісі.Сондықтан да бүкіл адамзаттың тарихи мәдениеттің таритхы ретінде көрініс береді.Адамдар өмір сүріп отырған табиғи және әлеуметтік ортаны өзгертеді, ол тарихи нақты үдеріс ретінде орын алады.Нәтижесінде мәдениет адамның өзіндік дамуымен барабар үдеріс болып шығады.

Қоғамды өзгертуде,соның ішінде отансүйгіштік мәселесін дамытуда оның рухани саласы-мәдениет пен өнер де ерекше орын алады.Мәдениет табиғаттан өзгеше, одан тыс,адамның қолымен жасалатын құбылыстар және басқаша пайымдасақ -өндірісте,ғылымда, өнерде адамның қолжеткізген жетістіктері.Оның кейде технологиялық мәдениет, көркем өнер мәдениеті,адамгершілік мәдениеті деп санамайды.

Мәдениеттің отансүйгіштік қасиеттерді дамытудағы өзіндік тұжырымдамалық мәні оның адамның өзін қоршаған ортаны жетілдіріп көркейтуге.көрінгекнде де айқындалды.Мұны Н.Г.Чернышевскидің пікірімен айтсақ: «Әрбір адамның тарихи маңызы-оның Отанға еткен еңбегімен, оның адамгершілік адамзаттығы-оның патриоттық күшімен өлшенеді.»[1]

Бұдан шығатыны- отансүйгіштік (потриотизм) адам рухының өзге көріністеріне қарағанда тәрбие мен дағдыға,яғни мәдениетіне байланысты болатыны.

Өзі өмір сүрген уақыттан бері адамның қоғамдық прогресс жанындағы әрбір қадамы оның мәдениет жанындағы қадамы болып табылады.

Отанға деген сүйіспеншілігін өзгертудегі адамның рухани мәдениеті -оның айналасындағы адамдрмен қарым-қатынасында көрініс табатын қадір-қасиетінен, адамгершілігінен, ар-ождандылығынан, тәрбиелілігінен,зиялылығынан, қарапайымдылығымен туындайды.Осы ізгіліктік сана түсінігі мен адамгершіліктік қасиеттер адамның руханилылығының негізін құрайды.

Отанын қорғап,Отанын жан-тәнімен жақсы көретін нағыз отансүйгіш (патриот)адам нағыз гумандық бастамалардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптаса алады. Мұнда мәдениеттің рухани саласы мен оның жиынтығы - өркениет бір-бірімен қашанда сай немесе бірлесуі де нақтылы құбылыс бола алады. Сондықтан да «Әрбір адам ұлттық, әлеуметтік топтың, ортаның белгілі өкілі, яғни мәдениеттің өкілі. Мәдениет дегеніміз-адамның іс-әрекеті, оның даму формасы» [2].

Қазіргі ақпараттың қоғам жүйесіндегі ұлттық мәдениет-ұлттың өзіндік қауым сапасында сақталуының, әлеуметтік түрде ұйымдасқан этникаланудың айтарлықтай күшею мәселесі. Ғылым мен техника жетістіктері адамға ізгілік ғана емес, сонымен бірге қасіретте әкелуі әбден мүмкін. Бұған атыс қуатын бейбіт және соғыс жағдайында қолданылу мәселесі мысал бола алады. Сондықтан да адамгершіліктен, яғни гуманизмнен, адамның рухани мәдениетінен тыс қоғам дамуында шынайы прогресс болуы мүмкін емес. Жас ұрпақты, өскелең жеткіншекті үнемі мәдениетке, өнерге, рухани байлыққа баулу-адамды отансүйгіштік гуманизм рухында, иенерлік рухта тәрбиелеуге жол ашады. Отансүйгіштікті дамыту саласындағы мәдениет пен бір қатарда жүретін өнер-қоғамдық сананың ең көне формаларының бірі және де, ол шындықтың көркем бейнесі болып табылады. Өмірдің өзі өнер, қоғамдық өмір қажеттілігінен туындағанын көрсетеді. Мәдени дамудың төменгі дәрежесінде тұрған халықтардың тұрпайы өнері-билері, суреттері, жасаған мүсіндері т.б. олардың еңбек әрекетінің бейнесі болып табылып, нәтижесінде өнер-адамдардың материалдық тұрмыс қажетілігінен туындайтыны келіп шығады. Өнер рухани саналарды тәрбиелеудің маңызды бір құралы ретінде пайда болды. Өйткені, өнерді тудырған қоғамдық өмір қажеттіліктері, дүниетану және адамды тәрбиелеу.

Отансүйгіштікті қалыптастыруда мәдениеттілік пен қатар өнер де, дүниені адамның нақты сезімдік формада бейнелендіру қабілетіне негізделеді. Мұны М.И.Калининнің сөзімен айтсақ: «Өнердің ең жоғарғы түрі, ең саңлағы, ең сәулетілігі де-халықтың өнері, яғни жүздеген жылдар өтсе де өзгермей, сыны қашпай, сол күйінде сақталып келе жатқан халықтың ең асыл мүлкі» [3].

Философиялық мағынада өнердің үш негізгі ерекшелігі бар: біріншіден, өнер нақтылықты бейнелендіру формасы, яғни дүниетану формасы: екіншіден, өнер қоғамдық сананың идеологиялық формасы; үшіншіден, өнер қоғамдық сананың адамда эстетикалық сезім тудыратын, яғни көркемдік сезімін тудыратын формасы. Өнердің ерекшелігі-оның ең алдымен нені және қалай бейнелендіретінімен анықталады.

Отансүйгіштік мәселесін қалыптастыруда өнер көркем бейне болып табылады.Нағыз өнердің шығармашылығындағы көркем бейнелер нақтылықтың маңызды жақтарын бейнелейді. Мысалы, «Абай» романындағы ақынның халықтық шынайы бейнесі елі үшін өмір сүрген,Отанына шын берілген адамның шынайы бейнесі болып табылады.Өнердің шыншылдығы объективтік талап қана емес,сонымен бірге ол оның дүниетану формасы ретінде табиғатынан туатын объективтік талап. Ол шынайылықты, нақтылықты дұрыс бейнелеуі тиіс. Сондықтан да өнер ең алдымен реалистік болуы қажет.

Философия өнерді қоғамдық сананың идеологиялық формасы ретінде қарастырады. Өнер идеологиясымен екі тұрғыда байланысты. Біріншіден, ол белгілі бір топтың мүддесіне қызмет етіп, оның саяси, моральдық, философиялық, эстетикалық т.б. көзқарастарының насихатшысы; екіншіден, ол адамдардың қоғамдық қатынастарымен тығыз байланысты, ол қоғамның алдында тұрған әлеуметтік мәселелерді шешуге қызмет етеді. Өнердің өзіндік ерекшелігі туралы

айта кетсек, 1929 жылы тәуелсіздікке ұмтылған қазақ халқының азаттық күресін шынайы түрде М.Шоқай былайша сипаттайды: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолынжағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде әлсіретпей, «Яш Түркістан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» [4].

Отансүйгіштік мәселесіндегі өнердің әлеуметтік мәні, ұстайтын идеялық бағыты-оның идеологиялық ерекшелігінің көрсеткіші болып табылады.

Отансүйгіштікті қалыптастыруда өнер қайраткерлері мойындасын немесе мойындамасын, ол өз шығармасы арқылы белгілі бір идеяларды уағыздайды. Өнер сонымен қатар қоғамдық сананың эстетикалық сезім тудыратын формасы болып табылады. Өз отанының қасиеттілігін бейнелеуде көркем шығармаларда өмір белгілі бір эстетикалық идеяларға сәйкес түрде бейнеленеді, яғни өнер шындық бейнелерімен құндылықтарын көрікті неемесе көріксіз, көңілді немесе көңілсіз, қайғылы немесе күлкілі сияяқтыкатегориялар формасында бейнелеп, баға береді.

Өнер қоғамдық сананың идеялогияның формасы болғандықтан ол қатынас бүкіл қоғамдық қатынастарға, тап күресіне, саяси, моральдық, философиялық және т.б. идеяларғада байланысты болып келеді. Мұны эстетикалық мұраттан, яғни әдемілік жөніндегі ұғымнан көруге де болады. Эстетикалық мұрат болмаса әдемілік жөніндегі ұғым әлеуметтік қатынастарға байланысты тарихи дүние. Өйткені ол экономикалық-әлеуметтік жағдайларға, саяси көзқарастарға т.б. байланысты нақтыланып отырады және соның өзгеруіне байланысты түрде өзгереді.

Өнердің отансүйгіштікті қалыптастырудағы бірденн-бір ерекшелігі оның білімдік және идеологиялық мезеттері эстетикалық негізде жүзеге асады, яғни адамда эстетикалық сезім тудыра алмаса, оның маңызы төмен болады.

Қоғамның рухани дамуында өнердің өзі үлкен роль атқарады. Ол адамды отансүйгіштік рухында тәрбиелеудің құралы болып табылады. Өнер адамдарды саяси-идеялық тұрғыда тәрбиелеп, жаңа қоғам құрылысшысының қажетті адамгершілік салаларын қалыптастыруға көмектеседі.

Өнердің шын мәніндегі ең басты белгісі-оның халықтығында екені белгілі. Ол халықтың мінез-құлқын, психикалық кейпін бейнелейді. Ол халықтың өмірі мен тұрмысын, мақсат-мүддесін, күресін шынайы нақтылық тұрғысында көрсетеді.

Осы міндеттерге сәйкес келгенде ғана өнер сипатындағы көркем шығармалар адам тәрбиелеудің мықты құралы бола алады, сонда ғана мәдениет пен өнер қайраткерлері халық пен елдің алдындағы өз борышын ойдағыдай орындай алады. Ғылымның жоғары мақсаты адамдарға білім беру. Мәдениет пен өнердің жоғары мақсаты-жеке тұлғаның жан-жақты түрде, соның ішінде отансүйгіштік тұрғыда да дамуы болып табылады.

Бұл туралы Н.А.Добролюбов былайша пайымдайды: «санды іскер патриотизмнің бір айырмашылығы-қандайда болмасын халықтар арасындағы араздыққа жол бермейді және ондай отаншыл адам, егер пайдасы тиетін болса, барлық адам баласы үшін қызмет етуге дайын тұрады...» [5].

Қандай жағдайда болмасын отансүйгіштік адамгершіліктің бір шыңы болса, өз елі үшін де, басқа ел үшін де пайдасы зор батырларды үлгі тұтып, олардың үлгілі іс-әрекетін бүкіл халықтық мәселеге-ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейді.

Отансүйгіштік қасиетінің арқасында қазақ халқы өзінің қаһармандық ерлік күресімен қазіргі ұлан-байтақ жерін қорғап қалды.

Оның тарихи тамырын құрайтын ертедегі ғұн, сақ, қыпшақ және т.б. тайпаларынан шыққан батырлардың ерліктері мен елі мен жерін қорғаудағы батырлық күресі бүгінгі ұрпаққа үлкен патриоттық тұрғыда үлгі мен мақтаныш бола алады. Ерлер мен қатар бүкіл халықтың отан қорғау, отансүйгіштік, бейбітшілік мақсаттарындағы тәрбие үдерістері қазіргі күндеде құнды дүние болып табылады. «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу-сатқындық бейнесі», - деп Б.Момышұлы жас ұрпақты Отанды қорғау мен Отанды сүйу мәселесінде немқұрайлы болмауға шақырады [6].

Қорыта айтқанда Қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыру мәселесінде оған мәдениет пен өнер және оның туындылары, халық шығармашылығы басты орын ала бермек. Ел болып қалыптасқан кезден бастау алған отансүйгіштік үрдісі қазіргі XXI-ғасырда да өз маңызын жоғалтпауы тиіс. Халық өзінің кемеңгер де ұлы өкілдері арқылы отансүйгіштік мәселесін қашанда басты орынға қойып келді және де ол бүгінде де өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1.Қ.Жарықбаев «Ақылдың кені». Алматы 1991.117 б.

2. И.К. Межуев «Культура и история»Москва 1977. С.60

3. Қ.Жарықбаев «Ақылдың кені». Алматы 1991 ж 193 б.

4. Қазақстан журналы Ұлттықэнциклопедия. 3т. Алматы 2004. 620-621 б

5. Б.Момышұлы. «Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген»./ Ақиқат. №4. 1998ж

6. Ә.Нұршайықов. «Патриотизм қанға сіңген қасиет пе?» /Ақиқат. №10.2000ж

ӘОЖ: 37. 035. 6(574)

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Өтегенов Б.Д.

Еркінбекова Ә.С.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы

Қожабеков Н.А.

Жұмабек Ташенев атындағы университеті

Резюме

В статье рассматривается основные и актуальные проблемы деятельности казахской интелигенции в просвещении казахского народа во времия советской власти.

Summary

The article discusses some of the scientific issues of the Kazakh intelligentsia in prosveshenii.

Кеңестік кезеңнің орнығуы нәтижесінде Қазақстанда ұлттық зиялы қауым өкілдерінің ұлттық өзекті мәселені алға қойған көзқарастары, ой-пікірлері қазақ

халқының ұлттық тәуелсіздік мүддесін көздеген нақты жағдайлардан кейін туындап отырды.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Кеңес Одағында күшейген әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы кезеңінде олар қазақ ұлтының ұлттық мүддесін көздеп, оны жаңа қоғамдық жағдайға лайықтап отыруды көздеді.

Кеңестік жүйе қуғынға ұшыратқан қазақ ұлттық зиялыларының есімдері мен еңбектері еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қоғамға таныла бастады. Қазақ ұлтының зиялылары шығармашылық жағынан табысты еңбек етіп, жаңа қоғам барысына өз үлестерін де қосты. Көпшілігі қазақ тілінде оқулықтар да жазды. Олар А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, С.Сейфуллин т.б. болды. Қазақ тіліндегі алгебрадан бірінші оқулықты-Қ. Сәтбаев, географиядан-Ә.Бөкейханов, Қазақстан тарихынан-профессор С.Асфендияров жазды.

Олар кеңес билігі кезінде қазақ тілінің сақталуына баса назар аударды. Мысалы, С.Қожанов 1923 жылы «Қырғыз-қазақтар арасындағы ағартушылық жұмыстар туралы» мақаласында ең алдымен халық ағарту ісінде ана тілінде бастауыш ұлттық мектептерді қалыптастырудың қажеттілігін атап көрсетті [1: 400-б].

Осы кезеңде қазақ ұлттық тіл құрылымында қазақ жазбасын реформалау да басты мәселе болды. Кеңес билігі араб жазбасынан латын әліпбиіне ауысу мәселесін-сауатсыздықтың жойылуы, баспахана технологиясының одан әрі дамуы мен арзандауы, жазу баспа машиналарының ана тілінде және шығыс халықтарының батыстық біліммен байланысын жақсартуға мүмкіндік береді деп түсіндірді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің саясатына халықтың ана тілі мен діні де басты атеистік мәселелердің бірі болды.

Зиялылар арасындағы айтыс-тартыстың ішінде А.Байтұрсынұлының латын әліпбиіне қарсы болғанын кейбір жазған еңбектерінен көруге болады. Ол мұны қазақ мәдениеті мен ұлттық рухы тілімен бірге жоғалып кететінімен түсіндіріп, арап тілі негізіндегі «төте жазуға» қолдау көрсетілуінің қажеттілігіне көңіл бөлді.

А.Байтұрсынұлы және оның серіктері кеңестік биліктің мұндай талаптарын амалсыз мойындады. Ол қазақ халқының рухын көтеру мен қазақ елін ұлттық тұрғыда дербес ету идеясынан бас тартпады. Ол 1930 жылы В.И.Ленинніің атына «Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер өте аз, оның үстіне олар шет аймақтарда өте аз немесе мүлддем жоқ»-деп хат жазып, қазақ жерінің билігін қазақ коммунистерінің қолына беруін сұрайды [1].

Ол 1924 жылы қазақ тілінің дыбысталуын арап тілінің графикасына салу жолымен жаңа мәселені қалыптастырды. Кеңес кезеңінде ол әртүрлі жиналыстарда және кездесулер барысында білім беруде араб жазбасының, яғни төте жазудың сақталуы барысында өзінің ағартушылық ойларын білдіріп, үнемі сол ұстанымды қолдап, жақтап жүруін тоқтатпады.

А.Байтұрсынұлы қазақ ана тілінің қорғаушысы және реформаторы бола отырып, өз халқының этнонимі туралы өзекті мәселені де алға қойып, көтермелеп жүрді.1925 жылы А.Байтұрсынұлы кеңестердің V-съезінде тарихи және мәдени негізге сүйене отырып қазақ халқының өзінің ежелгі шынайы да дұрыс тарихи атауын қайтару мәселесі туралы да сөз сөйлейді. Осыған дейін қазақтарды патша

үкіметі «қырғыз» атап келген болатын. Осы съезд делегаттары осы мәселені бір ауыздан мақұлдайды және «Қырғыз АКСР-ін» «Қазақ АКСР» деп атауға шешім қабылдайды. Кейіннен Қазақ АКСР ОАК президиумы 1936 жылы 9-ақпанда қазақ халқына тарихи өз атауын нақтылы түрде қайтарып, «Қазақстан», «қазақтар» атауын орнықтырды. [3; 384 б].

Осы айтылған кезеңде қазақ зиялы қауымы ғылым мен білімге, ағартушылыққа баса назар аударып, халық арасында олардың сауаттылығын көтеруге тырысты. 1923 жылы ол алғаш рет «Сана» ғылыми журналы басылып шыға бастады. Оның ағартушылық жұмысында Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, М.Әуезов, А.Диваев, О.Жандосов, С.Қожанов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев және т.б. өз үлестерін қосты.

Өздерінің ағартушылық қызметтерімен қатар қазақ зиялылары ұлт мәселесін ұдайы түрде көтеріп отырды. Мәселен, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин қазақ бастауыш мектептерінде қазақ тілі мен қазақ тарихын оқытуды талап ете отырып, өздері де қазақ тілінде басылып шыққан біршама кітаптардың авторлары да бола білді.

Қазақ ұлт зиялыларының басты мәселелерінің бірі-ұлт мәселесіде басты назарда болды. Қазақ зиялылары ұлт мәселесінде оқу ағарту, тіл, сауат ашу мәселелеріне де баса назар аударды. Одақ көлеміндегі, республика аумағындағы съездер мен конференцияларда қазақ зиялылары осы мәселелер көлемінде өз ой-пікірлерін айтып, пікір-таластарға барып, өз идеяларын қорғау үшін аянбай күресе де білді.

Мәселен С.Қожанов өзінің «Оқытушыларды ескеру керек» деген мақаласында бұрынғы өткір мәселелерді қайта қарап, соның ішінде мұғалімдердің қадір-қасиетін түсіне білуге, оларды құрметтеуге шақырады. Олай болуы үшін мұғалімдердің айлық жалақысын өсіру қажеттілігін, осылайша беделін көтеретін іс-шараларды қарастыру керектілігіне тоқталды.

Қазақ зиялыларының есімімен қазақ өлкесіндегі құқықтық білім беру мәселесі және осы кезеңдегі Қазақ АКСР-інде маманданған кадрлардың өзі де тапшы болды. Қазақ өлкесінде білім беру курстары ашылып, оған дайындық 1923 жылдың наурызынан басталғандықтан да оның басшылығымен және С.Қадырбаевтың, Г.Бахаеваның мүшелік етуімен осы мәселенің арнайы комиссиясы құрылған болатын. Құрылған комиссияның міндеті-білім беру курсының бағдарламасы, оған қатысушы тыңдаушылардың саны және оған жұмсалатын шығындық сметасы қосылды. Мұнда күтпеген мәселелер де кездесіп отырды. Атап айтқанда, осы курсты оқытатын маман кадрлардың және де оқыту құралдары мен өткізу орталықтарының жетіспеушілігі мәселесі орын алды. Осыған қарамастан курс сабағы 1923 жылдың мамырында басталып кетеді. Сонымен бірге құқықтық білім курстарының тыңдаушыларына бірнеше қажетті талаптар да қойылады. [4; 152 б].

Олардың бірі ана тілімен қатар орыс тілінде де өз ойларын еркін айта білу, қағазға өз пікірін толық жаза алатындай деңгейде болу сияқты шарттар да қойылды.

Ұлт зиялыларының бірі-С.Сейфуллин Қазақ АКСР-інің ХКК төрағасы қызметін атқарып жүрген кезінде-ақ Қазақстанның сол кездегі білімі мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. 1924 жылы, 12-18 маусым аралығында Орынбор

қаласында ағартушылық ісінің одан әрі дамуында республиканың Халық ағарту жұмысшыларының І-ші съезіне сәйкес қаулы қабылданады. Осы съезде танымал ғалым-лингвист А.Байтұрсынұлы қазақ әліпбиінен басқа, қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жазу мәселесін көтереді. Ал О.Жандосов Қазақ АКСР-інің жоғары оқу орындары мен орта білім беретін білім орындарына бұрынғы Алаш қайраткерлерін жұмысқа шақыру туралы өз ұсынысын білдіреді. [5; 528 б].

1922 жылы 6 желтоқсанда С.Сейфуллин республикалық ХКК төрағасы қызметіне тағайындалған кезеңінде «Ғылыми қоғамдар мен олардың жанындағы ғылыми-көмекші мекемелер туралы жағдай» құжатына қол қойған. Ғылыми зерттеу жұмыстары мен ағарту ісінде Қазақ АКСР Академиялық орталығы мен қазақ өлкесін зерттейтін тарихи-географиялық қоғам сияқты ғылыми ұйымдардың жұмысы үлкен рөл атқарды.

Осы мәселелерге, қазақ қоғамының біртұтастығы, ағартушылық, ұлттық мемлекет құрылымдарына М.Қойгелдиев; «Алаш зиялыларының капиталистік қоғам немесе таза ұлттық мемлекет орнату сияқты мүдделерді өздеріне мұрат етіп қоймағандығын, олар үшін бірінші орында ұлттық саяси дербестік пен экономикалық-әлеуметтік даму жолына түсу тұрғандығын көрсетсе керек»,-деп тұжырымдайды. [6; 312 б].

Орталықтан келген коммунистер С.Сейфуллин сияқты шыққан тегі кедей, заманына сай білімді ұлттық кадрларды компартияның тура жолынан ауытқушылар деген айыптаулар мен республикалық басшылық қызметінен кетіруді мақсат етті. С.Сейфуллин Қазақ АКСР ХКК төрағасы қызметінен кетсе де оны жақтаушылар да қуғынға ұшырады.

1932-жылдың 26-29 ақпанында Қазақ АПП І-съезі қазақ зиялыларының өсіп-өркендеуіне әсер ете алмады.

Әдебиеттер:

1. М.Қойгелдиев «Ұлттық саяси элита» Алматы 2004 400 бб.
2. Т.Омарбеков Ленин бе, жоқ әлде қазақ зиялылары ма? Егемен Қазақстан 1991 жыл 26 қараша.
3. К.Бейсенбиев «Победа марксистко-ленинской идеалис в казахстане» Алматы 1970 жыл 384 б.
4. В.М.Устинов Запред совнаркома РФАлматы 1988 жыл 152 б.
5. Т.Елеуов «Установление к упрочнение Советской власть в Казахстане» Алматы 1961 жыл 528 б.
6. М.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» Алматы 1995 жыл 312 б.

ӘӨЖ 82.091.16

КӨРКЕМ ОЙДЫҢ КҮМБЕЗІ

Сапарбаева Қ.Ж., ф.ғ.к., аға оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В данной статье пойдет речь о творчестве известного писателя Еркинбека Турусова, его очерке о Мухтаре Ауэзове, описании образа писателя в нем.

Summary

This article will focus on the work of the famous writer Erkinbek Turusov, his essay on Mukhtar Auezov, description of the writer's image in it.

Көрнекті сөзбен өткен мен бүгіннің һәм болашақтың арасына үзілмес, көзге көрінбес жол салып берген көркемсөз бен көсемсөздің шебері Еркінбек Тұрысовтың туғанына биыл 95 жыл толып отыр.

Елінің сый-құрметі мен ыстық ықыласына бөленген, алғашқы мақаласы 10-12 жасында қазіргі «Ұлан» газетінде жарияланып, 8 жыл ел тыныштығы үшін қызмет еткен, қаламгер болсам деген бала күнгі арманына қол жеткізген жазушының арамыздан кеткеніне де үш жылға жуықтапты. Шығармашылық ғұмырының мәңгілік кезеңіне көшкен қаламгер бейнесі күн өткен сайын биіктеп барады.

Қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар, «Әуезовтің шәкірті», «Шаянның Шолоховы», «Қаратаудың қарт құлжасы», «Қаратау тарланы» атанған Еркінбек аға Тұрысов туған жеріне ту тіккен, оның өсіп-өркендеуі жолында аянбай қызмет еткен бірегей тұлға.

Оқуға, білімге деген құштарлығын өмірдің сан алуан қиыншылығы кері шегерсе де арманынан бас тарпаған қаламгер оңтүстіктегі білімнің қарашаңырағы саналатын сол кездегі Шымкент педагогика институтының, қазіргі Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің түлегі екенін мақтанышпен атап өткім келеді. Университтетің 80 жылдық мерейтойына келген қарт қаламгер өз қолымен институт қабырғасында курстас достарымен, ұстаздарымен түскен фотосуретті сыйға тартқаны тарихи сәт болатын.

Қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде білім алып, сол кездегі Қазақ мемлекеттік университетінде өткен ұлы Мұхтар Омарханұлының әуезді дәрісін тыңдаған Еркінбек аға жылдар өте келе әйгілі Әуезовпен бірнеше рет сапарлас, сырлас болып, шәкірті атанған. Бұл жайлы жазушының «Мәңгілік сарын» кітабындағы осы сапарлардың хатқа түскен үлгісінен оқып білуге болады.

Жазушы бұдан да өзге «Келіншектау», «Ақбақай», «Қыран тауы», «Құралай жолы», «Түндер сазы» атты басқа да кітаптардың, «Темірлан» романы, «Бәйдібек», «Қош, көгілдір керуен», «Қайран Сәкен», «Кемеңгерлердің керуені», «Нұржаудың нұрлы түндері», «Алыста қалған», «Досовтың соңғы күндері» атты эссе, хикаяттардың, «Ұлы көш» бастап, «Әуезовтің ақ таңы» қостаған бірнеше драмалық шығармалардың, қысқасы, 20 томдай еңбектің авторы. Нақтырақ айтсақ, «Өмір барда мақсат бар» деген сөзді жиі тілге тиек ететін тарихшы,

жазушы, драматург Еркінбек Тұрысов шығармашылыққа арнаған 68 жылында 500-ден астам тарихи-көркем шығарма, 4 роман, 20-дан астам повесть жазған екен. Мұның барлығы да біздің рухани қазынамыз.

Жазушының қаламгерлік жолды таңдап, сөз өнерін серік етуі, бәлкім, сонау соғыс жылдарында Иса Байзақов жырлаған «Арқалық батырды» тыңдаған күндерден басталған шығар, кім біледі?!

Суреткерге тән қасиеттердің бірі ретінде аталатын өмірбаян молдығына кеңінен кенелген біздің бүгінгі кейіпкеріміз өмір жолында кездескен әр жолаушыдан өзіне керегін ала білген, ұстаздан жолы болған жан. Әуезов дәрісін тыңдаған бір тоқсан минут өміріне үлкен өзгеріс сыйлаған қаламгердің заңғар жазушы бейнесін беруі де ерекше. *«Сәл шалқақтау біткен кең кеуде, мол тұлғасына үйлескен баяу, байсалды, мінсіз де маңғаз қозғалыс. Аз-кем шайқала, теңселе басып арнаулы қойылған стол жанына келіп тоқтады. Бар тұлғасымен залға бұрылып, сол қолын жай көтере бірер желпіп, отыруға белгі етті де, қолтықтай келген қоңыр папкесін стол үстіне қойып, өзі жанындағы орындыққа баппен жайғасты. Сілтідей тынған зал толы тыңдаушысын барлай бір шолып:*

– Бүгінгі Абайтанудан етер әңгімеміз: Абай, оның философиялық өлеңдері. Абай барша әлем жұртының, бірінші кезекте қазақ елінің Абайы. Абайды бүгінде барша жұртымыз, кәрі-жас, халқымыз оқиды. Ендеше, алдымен сендерден сөз тыңдайық. Кәне, кімнің айтары бар, кім дайын? – деп зал ішіне барлай көз жіберді.

...Ғұлама ғалым сөз тізгінін алған соң, бірбеткей шешендікпен көсілте сілтіп кетпейді екен. Абай сырын, Абай жұмбағын ашуда әрбір күрделі, астарлы сөзге арнайы тоқтап, залға сауал салып, тыңдаушысымен тілдесе, кеңесе отырады екен»[1,10].

Оқырманға бейнебір сол дәрісте отырғандай күй кештіретін сұлу сөздің сиқырын сезіндірген жазушының шеберлігі еді бұл!

«– Құдайға шүкір, қанағат! Көрдік қой, кездестік қой деймін, қаншама жылдар қол жетпей, қиялдан кетпей санада жүрген бұл адамға, – деймін іштей көңіл-күйімді жұбатып». Осылай деген Еркінбек Тұрысов келесі кезекте Әуезовпен өткізген әрбір сәтті өмір сыйға тартқан ең қымбат тарту-таралғы ретінде бағалап, қаламұшын сол тәтті шақтар сыйлаған әсерге малып отырып, баяндайды.

Содан да болса керек, жазушының суреттеуіндегі әрбір оқиға, образ шынайы. Тарихи шындықтың көркемдік шешім табуы қаламгердің талант табиғаты мен шеберлігін айқындайтынын ескерсек, Еркінбек Тұрысов көзбен көріп, көңіліне тоқыған жайттарды бейнелеуде осы талап үдесінен шыға білуімен айрықшаланады.

Сөзіміз жалаң болмас үшін үзінді келтірейік: «Бұдан бұрын да көп айтылып, көп жазылған, көп бейнеленген жылы жүз. Өр жағы дөңестеу келген айқара қасқа маңдай. Сөз мәнері, әңгіме ағысына қарай тынымсыз түйісіп-жазылып тұратын қас-қабағының астында, ұясы кең, сырт қияғы қысыңқы, мейір мен махаббат жылуына толы ойлы да мұңды сияқтанған, жанары жарық қоңырқай көздер». Бұл - Әуезовтің риясыз жайдары бейнесі. Ал үлгілі мектеп деп алып барған білім

ошағының сын көтермес сиқын көріп, кітапхананың мүшкіл хәліне куә болған Мұхтар Омарханұлының бейнесі - «Дауылдың бұлтындай қарауытып, сұрланған өң жүзі түнере түтігіп, барша ашу-ызасы ана жарқыраған маңдай астына, қас-қабағының арасына түйіліп, үйіліп қалған. Әлгіндегі жаз дидарлы қос жанар енді жасыннан ұшқын шашып тұрғандай».

«Қайда, қашан болмасын, ел ішінде жүргенде бар еркін өзі келген орта, сапарлас серіктеріне бағындырып қоятын» Мұхтар Омарханұлының қарапайым болмысы Тұрысов жазбаларында боямасыз шынайы суреттеледі. Қаратаудың ең биік шоқысы саналатын Мыңжылқы биігінен алысқа көз тіккен Әуезовпен қатар Бауыржан Момышұлы, Тәкен Әлімқұлов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин бейнесі де назардан тыс қалмаған бұл эссе аталған қаламгерлердің шығармашылық шеберханасын зерттеушілер үшін де құнды туынды.

Абайға, «Абай жолына» қаймықпай араша түскен «төрт кластық білімі бар» кеншілер қаласынан келген «қарыс қабақты, мығым денелі, тұнжыр тұнық жанарлы қарасұр қазақ жігіті» Тәкен Әлімқұловтың анасымен табысар сәті де тұнып тұрған эмоция.

Құралайға мылтығын кезеген шопырға «Жөн білетін кісі пышағын да қайрамайтын сәуір бұл» деп, қабағын түйе ескерту айтқан, Абай әндерін шырқаған Мұхлиса Шәкірованы тыңдап, айрықша әсерленген Әуезов Еркінбек Тұрысов суреттеуінде өзгеше өрнектелетініне бұдан да көп мысалдар келтіруге болады.

Жүзге жақындап өмірден өткен қаламгердің «өмір барда адамның мақсаты таусылмайды. Мынау көзіміз көріп, жүрегіміз соғып тұрғанда қолымыз қалам ұстауға жараса мен жазудан жалықпаймын. Сондықтан болашақта еліме өзге де тың туындылар сыйлаймын деген мақсат жоқ емес» деген сөзі бүгінгі ұрпаққа оның артында қалған мол мұрасын аманаттап тұрғандай[2].

Ұлы жазушыға жер мен ел тарихын мазмұнды баяндап қана қоймай, оны хатқа түсіріп, жолдап отырған Еркінбек Тұрысовтың әдеби мұрасы жыл өткен сайын жан-жақты зерттеліп, көптеген ғылыми-әдеби туындыларға тақырып болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Тұрысов Е. Мәңгілік сарын. -Алматы: «Айғаным», 2016. -342б.
2. Ахмет Ж. Әуезов академиясының абызы. «Ақжол» газеті, 2017 жыл, 12 қазан.

ӘОЖ 94(574)

ТАРИХ КӨЛЕҢКЕСІНДЕГІ КЕМЕҢГЕР

Есенбек Д.С.- 1 курс магистранты, **Динашева Л.С.** – т.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қаласы.

Резюме

